




тырар

іманханасы

Сәкен Иманасов

# ҚАЛАМ МЕН ЗАМАН



күнделіктің кейбір  
беттері



---

Сәкен Иманасов

# ҚАЛАМ МЕН ЗАМАН



Алматы «Жазушы»  
2001

ББК 84 (5Каз)  
И48

**Иманасов С**  
**И 48 Калам мен заман:** Естеліктер, эсселер.— Алматы: Жазушы, 2001 - 168 бет

ISBN 5-605-01814-0

Қазактың көрнекті ақыны Сокен Иманасовтың жаңа туындысы бұдан сол ілгеріде жарық көрген «Каламдастарым мен замандастарым» атты кітабының заңды жалғасы існетті. Қаламгер бірқанша уақыт тікелей істес, кызметтес болған адамдармен арақатынасындағы шынайы оқиғаларды баяндай отырып, өзі ғұмыр кешкен бір кезеңнің көлгірсіз суретін көз алдымызға тартады. Қуашыны мен реніші, өкпесі мен назы, қызығы мен шыжығы қоса кабат ерілген өзекжарды сөз оқырмандарын да бейтарап калдырмайды.

**И 4702250202-83 құлақтандырусыз- 2001**      **ББК 84 (5 Каз)**  
**402 (05)-01**

ISBN 5-605-01814-0

© «Жазушы», 2001

# ӨЗІМ ТУРАЛЫ

---

*«Өзге емес өзім айтам өз жайымда».*

Қасым Аманжолов.

Осыдан көп бұрын маған жақын жүретін, жана шыр дерлік жақсы қөкелерімнің бірі телефон соғып: «Оу, Сәкен, сен де алпысқа келіп қапсын ғой. Газет, журналдарға өзін жайлышам дегендер бар ма? Сенін кейбір алпысқа келген ағаларың да, елуге енді ілінген інілерін де Қазақстандағы газет біткеннің бетінде өздерін өздері айдай әлемге әйгілеп, айналасын дуылдатып, ағайынын шуылдатып жатады ғой, тырп етпей ғана бұға бермей, карекет жаса!» — деп аяマイ-ак «ақылын» айтып еді.

«Мен де алпысқа, яки жігіт ағасы жасына келіп қалған екем-ау!» — дегем сонда. Мұндайда, әйтеуір, кошамет-колпаш қөбейіп, жоқ жерден саған әулігে көпшік, даурыға тепшік қойып жататындардың біршамасы табылып қалатыны бар. Өз жазғанынан да әркім-әркімге колка сала жүріп жаздырған колпашты жарапазан айтушыларының қебіктей көпірткен көпірме сезі көп замандастарымның біразына кезінде өзімнің де құлген жайым бар еді. «Күлме досқа — келер басқа», мактағанды кім жек көрсін, сыртымыз сыр бермегенімен, ішіміз жылы сөзді үнатып отыратынын құдайдан да, пендеден де жасырып не қыламыз. Эйтсе де...

Эйтсе де, мен былай ойладым: осы өзім туралы менің өзімнен жақсы білетін кім бар? Қаншама жігін жатқыза жылы сөйлегенімен, «ішіне құлық сактап» түрмасын кім біліпті қебінің. Одан да өзім туралы өзім неге айтпаймын? Кім екенімді, не бітіріп, не қойғанымды ел-жұртқа өзім әнгімелеп берсем, оның несі ерсі болышты! «Кой, сөйтейін», — дедім де, осы сөздерді қағазға түсіруге табан тіредім. Бала жасымында әлдебір ойыннан жеңіліп бара жатқанда: «Жоқ, бұл ойын жолы болсын, кәне, енді шындал, кайтадан басынан бастайык!» — деп ерегесе кететініміз болушы еді. Менің де осы жасыма дейін істегенімнің бәрі сол ойын жолына ұқсап, ең негізгі шаруаға, бұйырса, бүгін-ертен шындалп бір кірісетін сияқтанамын да тұрамын. Өмір бойғым осы ма деп ойлаймын. «Әй, енді ме, әй, осы жолы ма!» — деп, колыма түкіріп алып, тас қопарып, тау бұзып тастайтындей-ак күпініп алам да, «ертен де күн бар ғой, қайда қашып барады, қайда асығам соншама»

деп, тағы да арқаны кенге сала, жайылып шыға келетін кездерім жиі, тіпті жи қайталанумен келеді. Бір ісіме көнілім толмаса оншалық өкінбеймін де, оның есесіне ендігісін ондырып-ак тастайтындаі көрінем де тұрамын.

Алғашқы кітабым мені әбден есейтіп барып, 1966 жылы 28 жасымда жарық көрді... «Тұнғыш кітап» сериясымен шықкан бар болғаны бір баспа табак, пышақ қырындаі ғана “Тұған ауылдың» сүйінші данасы колға тиген күні төбем қекке жеткендей болып куанып, қасымда бала күннен ілесіп келе жаткан Серік досым бар, сүйінші сұрайын деп салып ұрып әкеме барып едік. Жарыктық күндегі дағдысынша Ұшаралдағы меншік үйдің алма ағашы арасындағы сәкіде сәскелік шәйін ішіп отыр екен. Шешемнін жанында беймарал күйде мандайы жіпсіп отырған әкеме қарап Серік: «Аға, – деді алқына сөйлеп, тап бір мен емес, кітап шығарған өзі сияқтанып, – Сәкеннің кітабы шығыпты. Сізге көрсетуге әкелдік!!!»

Әкем ешқашан асығып-аптыгууды білмейтін, аса сабырлы кісі еді. Серік екеуімізге ұқсан алғып ұша, абыржи қойған жок, кесесін әрірек ысырып қойып, жанағы бір жапырақ кітапты жайлап қана қолына алды. Оқыған жок, әрі-бері аударып төнкеріп қана қарап өтті. «Сендер осыны кітап деп атайсындар ма? – деді содан соң сабырмен бізге бұрылып. – Мен кітап деген анау төр үйде тұрған Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әузөвтердікі сияқты болады екен деп жүрсем. Жарайды, жақсы екен, құтты болсын!».

Әкемнің оны-мұныға еллідей қоймайтын бұл сияқты қылышына бұрыннан қанықпын, етім үйреніп те болған. 1959 жылдың акырғы қундерінің бірінде жаңадан ғана “Коғоз туы” аталатын аудандық газет редакциясына орналасқан менін басыма ойламаған жерден «бақыт құсы» кона қалғандай болып еді. Ол кезде ізденуден де, жазудан да жалығып, шаршамайтын кезіміз. Соның алдында ғана республикалық жастар газеті «Лениншіл жаста» менің «Отардан жазылған хаттар» деп аталатын топтама очеркім бірнеше нөмірге жарияланған болатын. Соған да әлдекандай маркайып жүргенімде «Лениншіл жастың» сол кездегі редакторы Эбсаттар Бөлдекбаевтан жеделхат алайын. «Біз сізді қызметке шакырамыз, келіссеніз – жедел хабарласыңыз» деген. «Согласен!» – деген жалғыз сөзден тұратын жеделхатты редакция адресіне жібере салдым да, Ә. Бөлдекбаевтың қағазын қолыма ала, 10 шакырымдай жердегі ауылда тұратын әкеме қарай құстай ұшайын. О кісі тымауратып қалып, төсекте жатыр екен. Қасымда менен он жас үлкен туған ағам Нұсіп бар.

Алдына келіп сәлем бердім де, әкеме жеделхатты ұстата койдым. Көз жүгірте қарап шықты да, бас жағына қоя салып:

–Жақсы екен. Бірак, қарағым, жұмыстан жұмыстың жорғасы жок, істеп жүрсің ғой, кайтесін сол алыска қарай беріп, – дегені.

Желпініп, жерге сыймай келген көнілім су сепкендей басылып, не дерімді білмей тілімді тістей берсем керек, соны аңғарған Нұсіп ағам әкеме қарап:

— Аға, — деді, әкемізді бәріміз «аға» деп атайдынбыз, — осы Алакөлде кімнің баласын астанадағы «Лениншіл жас» газеті шақырып жатыр. Етегінен тартпалық, барсын — рүқсат етініз.

Әкем ләм-мим демей үнсіз жата берді. Үндемегені келіскені деп үғынды-ау деймін Нұсекен енді маған бұрылып:

— Жолға ақшан бар ма? — деп сұрады.

— Бар, — дедім лып етіп.

— Ендеше, самолетке билет ал да, тартып кет, калғанын тағы көре жатарсын, — деп сәт-сапар тілеп, шығарып салған. Сөйтсем, бізді мезгілінен бұрын асып-тасып кетпесін, өз балаларын әйтеуір көзінен таса қылмай, кай-қашан алдында жүрсінші деген әкелік ізгі ниетінен туған сезімі екен ғой... Соның тереңіне бойламай, корсанғап, торсанғап та қалып жүрдік-ау, қайтейік!

Бұл жолы да сол. Жаңағы сөзін қысқа қайырды да, қайтадан еселеп шығарылған қызылқүрен шәйіне бұрылды. «Туған ауыл» аталатын әлгі кітабымды да қайыра бізге ұсынбай, өзінің алдына таман алыш қойды.

Мұншалық салқын, самарқаулық менен ғөрі Серік досымның көніліне келіп қалды-ау деймін, ренішін жасыра алмай: «Е, әлі Сәкен де жазады ғой ондай том-том кітапты!» — деп жатты шырпыры шығып.

Мен де: “Иә, жазамын!” — дегендей оны құптай бас шұлғып қоямын. Әкем бізben бұдан әрі сөз таластырып жатпады, әнгіме аяқталды дегенді ұқтырып, шақшасына қол созған күйі он жағындағы жастыққа қарай жантая берді.

... Міне, содан бері де 32 жыл өткен екен. Әкем де әлдекашан дүние салды. Мен болсам сол баяғы “әлі жазамынмен», «ертең бәрін қатырамынмен» сиырқұйымшактата сөзбүйдалап келе жатқан жайым бар.

Сөз арасында әдейі айта кетейін, обалы не, әкем біз кеткеннен кейін ініме екі аякты ат арбасын (о кісі орта білімді мал дәрігері, фельдшер еді) жектіріп, ауылға барып қайтпак болады. «Сәкеннің мына кітабын ала сал», — деп тапсырады ініме.

Жолшыбай арба селкіліне қарамай: «Дауыстап оқып көрші, өзі не жазады екен, тыңдайын», — дейді. Інім шамасы келгенше дұрыстап оқып беруге тырысады. Ауылға барған соң әкем өзі тұрғылас үлкен-кішіге сол менің бір жапырақ шағын кітабымды жағалай көрсетіп: «Біздін Сәкеннің мына бір кітабы шықкан екен», — деп елеусіздеу тұрғыдаған болса да, бәріне бір-бір ұстасып шығыпты. «Сыртқа шығармаса да, іштей мақтанышын жасыра алмай жүрді», — деп әнгіме айтады інім де бүгіндері марқайып, маған жасаған сол қызметін әлі күнге мәртебе тұтқандай.

Бірақ жазмыштан озмыш жоқ, не керек, тасқа басылған басқа шығармаларымды көре алмай, не жазып, не қойғанымның бағасын өзіме айтып бере алмай, кайран әкем ертерек көз жұмды. Биыл 90 жасқа келетін еді тірі жүргенде. «Ораза-намаз токтықта, иман қашар жоктықта» дейтін сөз бар, бұл сананы тұрмыс билейтінін бұлтартпас дәлелі. Сол алғашкы пышак қырындай кітабымнан кейін әдебиеттен біршама жыл алшактап кеткенім бар. Арадарына жыл салып туған ағам Нұсіп, іле-шала асқар таудай аяулы әкем Құсайын бірінен кейін бірі дүниеден өтіп жүре берді де, бұрын еш жерде жұмыс істемей үй баққан, бала тәрбиелеп, от басына ғана ие болған шешем мен женгемді қосқанда ұзын-ырғасы он бес шамалы адамы бар ошарылған отбасының бар ауыртпалығы менін мойныма қамыт болып киілді де қалды. Ең үлкені – өзімнен кейінгі інім – Секен 19 жаста еді, әскер катарына кетті, қалғандары үпір де шүпір шиеттей жас үл мен қыз, іні-қарындастарым. Соларды ішіндіруім, киіндіруім өз алдына, қыл-аяғы, күнделікті отын-суы да маған қарап қалып еді. Обалы не, аудан азаматтарының үлкен-кішісі қол көмегін, сөз жәрдемін бермей қалған жоқ. Бірі көмір түсіріп берсе, бірі отын жеткізуге көлік қарастырып, қарайласып тұрды. Эйтсе де, «байтал түгіл бас қайғы», өлеңнен біржола ажырап кала бердім. Тәуліктің жиырма төрт сағаты бойына от басы тірлігін ойласан, көніліннен алан арылмай, байыз тауып бір отыра алмасан, өлең кайда, біреу кайда! Шығармашылық адамына артық күй таңдал жатудың қажеті шамалы, жағдай талғамай-ақ жаза беруге болады, тіпті тұрмыс тапшылығы адамды ашындырып, талант-дарының аша түседі деген қағиданың шыли өтірік екеніне өз басым, өз тәжірибем арқылы көз жеткізген адаммын мен. Іні-қарындастарым азырак қарақанаттанып, өз қолдары өзіне жете бастаған бір шакта қайтадан құрылып жатқан Талдықорған облыстық газетіне ауыстым. Газеттің екінші редакторы болып Ұзак Бағаев келді. Маркұм аса сыпайы, оқығаны да, тоқығаны да көп, дүнияуи тірліктің біразынан хабары бар, зиялдың кісі еді. Менін бір кез өлеңнен бастағанымнан хабардар болса керек: «Сәкен, сен неге газетке өлең бермейсін? Өзім істеп жүрмін демей, ара-тұра газетіміздің бетінде көрініп тұрғанының ешбір сөкеттігі жоқ», – дейтін болды.

Мен облыстық газеттің әдебиет және мәдениет бөлімін басқарам, содан мені сыпайылық сактап жүр деп ойласа керек Ұзекен. Сол сөзін әлденеше рет қайталап айтты. «Өлең жазбай кетіп ем» деуге үялдым да, кинала жүріп, қыстыға жүріп, бір күні жазу үстеліме отырдым-ау. Араға біраз уақыт салып барып, әжептәуір өлең жазатын болдым. «Сырымды айтам» деген атпен комакты бір топтаманы газет бетінде жарияладап та жібердім. Ұзекен де, сол кезде катар қызмет жасаған журналистер Жанайдар Мусин, Мырзабай Кенбейіловтер редакциялық лездемеде көтере мактап та жүрді.

Сол мадақ едәуір жеміс беріп, желпіндіріп, септігін тигізді-ау деймін, алғашкы карқынмен көлемі екі мың жолдай өлең жазып таstadtым да, енді Талдықорған тарлық етіп, ақылдастып, пікір алысар адам іздел Алматыға аттандым. Алдымен Қастекті тауып, екеуіміз жалдамалы пәтердегі Құдаш Мұқашевті төсегінен тұрғызып алдық та, қойшы, сол түні мен оларға өлеңімді окумен болдым. Олар тамсана мактаған сайын көнілім көктіреп, кеудем көтеріліп, колжазбам түгел оқылып біткенде басында қымсына ізdegен әлгі екі тындаушымды бірте-бірте қомсына бастадым. Ертелетіп Қазақстан Жазушылар одағына жетіп, сонда кенесшілік қызмет атқаратын Жұмекен Нәжімеденовке: «Бар жұмысынды жиып қойып, тұске дейін осы колжазбамды оқып шығып, кесімді бағасын айт!»— деп қолка салдым. Жұмекен де жөпшендіге желіге қоймайтын сабырлы мінезіне бағып, әрі «осы не тындыра қойды дейсің» деген сенімсіз самарқаулығы да бар, өлең салған пәпкемді немкеттілеу алыш қалды. Осының алдында Алматыда бір кездескен мені Тоқаш ағам Бердияров, өзбек жазушысы Нәсір Фазыловка «Кезінде талантты бастаған, бірақ пенсияға ертерек шығып кеткен ақын» деп шакпа тілмен таныстырғанының қуәсі осы Жұмекен болып еді.

Қойшы, араға екі-үш сағат салып оралсам, бастапқыдай емес, Жұмекенім мені өзгеше бір жылы шыраймен қарсы алғаны ғой. Колыма бір жапырак қағазды үстата берді. Жазған рецензиясы еken. Қазір ұзын сұлбасы толық есімде жок.

«Сәкен, сен кайта тұлеудің үстінде екенсін. Мына жазғандарында поэзияға керектің бәрі бар. Шын мәнінде катты разы болдым. Колжазбанды Ғафекене тапсырдым. Бұйырса баспа жоспарына кіріп қаларсын», — деп тұр. Сол күннің екінші жартысын Жұмекен, Ғафекен, бізге қайдан келіп қосылғаны белгісіз Сейфолла Оспанов бәріміз әлгі өлендерді жууға арнаған едік-ау.

Ол өлендерім 1973 жылы «Ақдариға» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді.

Содан кейін жалындаған жастықтын, табаны күректей тағы бір-екі жылы Мәскеудегі жоғары партия мектебінің қабырғасында өтті.

Жуырда Мамадияр Жақып досым: «Сәкен сол мектепте де Маркс пен Ленин енбектерін жылы жауып қойып, өлеңмен айналысты» деген жазды. Онысы мені көтере мактап, көпшік койғандағысы ғой, әйтпесе жүрдім-бардым қараған кісіге оку қонған ба, қаншама кітап оқыдық, көз майын тауысып конспекті тіздік, емтихан тапсырдық. Мәскеуде одан басқа да бізге тансық қызықтар аз болмаушы еді. Серілікпен, перілікпен көптеген күндер мен түндер өткен-ді. Әйтеуір ол жылдар ішінде де өлең шіркін өз ұясына әлі орала қоймай жүрген болатын.

Әдебиетке жетпісінші жылдардың ортасына таман қайта оралым да, енді өзімді өзім бұл ортада өгейсітпей, кездескі бір себеппен келіп қалған жолбикелердің бірі емес, осы жолда айтарлықтай шаруа тындыра алатын кісі екеніме біржола мойынсұнып, бой алдыра бастадым.

Мен өзім қырық бес жасыма дейін әлдебіреумен таныса қалғанда «акынмын» деп айтуға қысылып жүруші едім. Бұл тұста менің шығармашылық жолым, деңгейім жайында үлкенді-кішілі мақалалар, кітаптарыма жағымды рецензиялар жиі жариялана бастады. Көнілімді өсіресе қатты толқытып, көзіме жас алғыза тебіренткен ең алғашкы тұжырымды пікір «Қазак әдебиеті» газетінің бетінде 1979 жылы жарық көрген Фариза Онғарсынованың «Адалдық атты талант бар» деп аталатын көлемді мақаласы еді. Осыдан кейін: «Әй, бұл жұрт бекер айтып жүрген жок болар, сірә, мен ақын шығармын-ау!» деген ойға тіреліп, сол байлады көніліме бекіте бастаған болатынмын. Тірліктің өзі толып жаткан кездескістықтардан тұрады ғой.

«Бел-белес» дейтін жыр кітабым 1985 жылы жарық көрді.

Бұл кітаптың баспа жоспарына кіруі де қызық бір хикая. Ол жайлы осы кітап ішіндегі «Жазушы» баспасындағы жиырма жыл» хикаятында айтылған. Тек кана ескерте кетейін дегенім, сол кезгі «Жалын» баспасының басшылары Қалдарбек Найманбаев пен Бексұлтан Нұржекеевтер болмаса бұл кітап жазылmas та еді. Өйткені менің өтінішіммен солар әлі дайын емес кітабымды тақырыптың жоспарына кіргізіп, содан кейін күн сайын «әкел де әкел» деп дігірлей берген. Сондай қамшылаудың аркасында ғана қауырт жазылышы еді.

Маған аздап та болса ақшаның бітуі де, атаққұмарлық, данқ-құмарлығымның ояна бастауына әсер ету де осы кітаптан басталғандай еді...

Әрине, атақты болғысы, данкка бөленгісі келмейтін адам жоғы белгілі. «Атың шықпаса – жер өрте» деген сүйкімсіздеу сөз де бекерден-бекер айтыла салмаған шығар деп ойлаймын. Менің де атақты болғым келген. Алдыма жан салмасам деген астамшыл ниеттін де кезінде қылан беріп қалғанын қалай ғана жасырайын. Сөйте тұра бұл жолға өзеуреп, өлермендік көрсетіп, битімді сала, бұліне кіріскең жерім және жок. «Құдай өзі беретінін береді, пешенеме бұйырғаны бар шығар, ырыздығынан құралақан қалдыра коймас», «нысап сайып береке» деймін де, жүре беремін. Әлі де сол.

Менің шығармашылық жолым, өзім тапқан азды-көпті табысым жайлы шынайы да шын сөзді ең алдымен айткан Фариза Онғарсынова болды дегенді айттым.

Содан кейінгі бір арнайы да адал сөзді Тұманбай Молдағалиев мен елуге толғанда айтып еді. Бірте-бірте мұнданың мадаққа, мақтауға

да етін үйреніп, көнтері болып кетеді екенсін. Оның үстіне кім шынын айтып отыр, кім кекетіп отыр — оны да анғарар жасқа жеттік. «Ұлысын» деп те, «кеменгерсін, кемелсін» деп те жатулары мүмкін. Бірақ құдай көрмей отырған жок, кімнін кім екені осы жүрттың алақанында ғой, сондықтан шамам келгенше дарақы да даңғаза мактаннын қашық жүргүгө тырысамын. «Адырна», “Жебе” деп аталатын кітаптарымды да жаңағыдай әдіспен, яғни алдымен баспа жоспарына кіргізіп алып барып жазып жүрдім. Құдайға шүкір, ол кітаптарым да жұрт назарына ілікті. Жаксы бағаланды. Енді “Жак” деп аталатын жыр кітабын жазып, сонынан ұшеуінің басып косып “Садак” деген ортақ ат қоймақ едім, кенес өкіметімен бірге баспалар да біржола құрдымға кетіп, бұрынғыдай тақырыптық жоспарына енгізіп койып, тықақтап маза бермейтін ешкім бола коймады да, ол кітаптың жазылуы ұзакқа созылып кетті. Әлі күнге ойда ғана жүр. Мен өзі, көбік те болса — көп болсын деп күні-түні төпеп ұрып жаза беретіндер санатына косылмайтын адаммын. Айтарым болғанда ғана, осыны мен ғана айта алармын, айтып отырмын дегенге біржола байлам жасағанда ғана барып қолыма калам алатыным бар. Кейде ондай сәтке жеткенше араға әлденеше айлар, тіпті жылдар түсіп кетіп жататыны да болады. Пәлендей үлгі тұтар, өнеге етіп ұсынар ғадет емес, бірақ, амалын қанша, шынын сол.

Әр өленді көз майын тауыса қиналып отырып, кейде шын мәнінде мұрнымнан қан ағып, қызылтанау болғанша зорығып барып жазамын. Бастаған күні бітірмесем, қайта оралып жаза алмаймын. Бастапқы ойымнан адасып, өлең арқауын босаңсытып алатыным бар. Бұл күшеншектік пе, кіділік пе, жұрт айта беретін жыр алдындағы жауапкершілік пе, о жағын анық кесіп өзім де айта алмаймын.

Бұл күнде қарап отырсам, үлкен-кішісі бар, өзіме ұнағаны, ұнамаганы бар, бас-аяғы 10 кітап (көлемі де, әй, сірә, отыз баспа табактан аспас) шығарған екенмін. Ең алғашқы кітабын шығарысуға өзім кол ұшын беріп, ат салысқан талантты інім Байботалар да бұл күнде онның үстінде кітап шығардым деп жүр. Бірақ, мәселе көлемде емес, өленде ғой деп өзімді өзім жұбата салатыным бар. Оның үстіне бір жерден оқыған (кайдан екенін ұмытып отырмын) дерегім бойынша, Михаил Юрьевич Лермонтовтың өзі бар болғаны 30 мын жол өлең жазыпты, ал кеңестік дәуірдің бастапқы кезінде аты дүрілдеп шыққан Демьян Бедныйдың жазған өлендерінің жол саны 300 мыңнан асып жығылады екен. Орыс тарихында, әлем әдебиеті тарихында бұл екеуінің иеленетін орындары жайлы айтпай-ак та қоялық, ендігісін оқырман өзі анғара жатар.

Ақыры сөз болып қалған соң айта кетейін, кенес кезінде біреу міндеттеп қойғандай жыл сайын қалындығы төрт елі кітап шығарып отыруды дағдыға айналдырып алған аса атакты ақындарды да

білемін, тек амал нешік, жиырма баспа табақ кітап ішінде бас-аяғы бүтін шыққан дастан тұгіл, дені дұрыс жиырма жол кезіктіре алмай, қиналып дал болатыным бар. “Айтатыны болмаса, осынша кім зорлады екен кітап шығар деп», — деген ой ғана мазалайды ғой, әйтпесе менің шығыным шығып жатқаны шамалы емес пе. Осы уақытқа дейін екі рет республикалық Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған болатынын. Оның алғашкысында қоярда-қоймай Жазушылар одағының сол кездегі хатшыларының бірі Тұманбай Молдағалиев пен сондағы поэзия секциясының төрағасы Кадыр Мырзалиевтер ұсынды. Секция мәжілісі болатын күні (сыйлыққа ұсынылатын шығармаларды жасырын дауыспен алдымен солар іріктейтін) кос классиктің қолқалап шакыруымен одакка бардым ғой. Сол кезде әдеби кенесші болып қызмет істеп жүрген Несілбек Айтов түзген алқа мүшелері Тұмаған кабинетіне жиналышты. «Коянның түрін көр де, қалжасынан тұніл» дегендей, сәлем алып тұрып көздерімен жер сұзген өлгілердің пішінін көріп, шешінген бойда кайта киіндім де, сыртқа беттедім. Кейде тындырған ісінен гөрі ісінуі қөбірек, бергенінен кердені басым пенделер болады. Олар өздері озып ұшпакқа шықпасын жаксы біледі де, қайткен күнде ретін тауып жүргаузына іліккен адамдардың аяғынан шалып калуға құмар жүреді. Жаңағы комиссия мүшелері ішіндегі інілерімнің біразынан сол ниетті бұрын да анық байқайтынын. «Оу, мұның не, дауыс беру корытындысын естімей кайда баrasын?» — деді сонынан куып шыққан Тұмаған маған ылғи да камкорсып жүретін әдетіне басып. «Әй, Тұмаға, көр де тұр, осылар маған дауыс бермейді», — дедім мен. “Әй, койшы, сен тұрғанда... » — деп сенбей ренжіп Тұмекен қалды. Сол алқа мүшелерінің ішінде «Жазушы» баспасында менімен бірге қызмет істейтін ақын інілерім Исраил Сапарбаев пен Аскар Егеубаевтар да бар еді. Екеуі де менің ақындығымды жоғары бағалап жүрген сияқты болатын. Койшы, сонымен жасырын дауыс нәтижесінде мені жақтар бір адам болмай, сымпиып шыға келдік. Исраил мен Аскарға: «Қап-ай, ә, бір дауыс болғанда екеуіннің бірің «менікі» деп жүрер едіндер, ол да болмады-ау», — деп күлдім де койдым.

Екінші ретте дауыска тұсіп, бұл кезде комиссия құрамы өзгерген еді, алты дауыс алып, Қабдеш Жұмаділов, Рожициң дейтін орыс жазушысы үшеуіміз келесі кезеңге қарай жылжыдық.

Келесі шешуші турда бұрын аз дауыс алып, жолдан шығып қалған Сейдахмет пен Сағи көкелерім жарыска өкпе тұстан кайта косылды да, ешқайсымыздың үпайымыз арта қоймады. Қабдеш сол баяғы каркынымен қара үзіп, ілгері шықты, мен сол 6 дауыспен бәйге шартына іліге алмай қала бердім. Қызығы бірак ол емес. Үкімет комиссиясының құрамында, ұмытпасам, он жеті адам болады гой деймін. Тұмекем: “Сәкен, сен сөзді кой да, әрқайсысына жағдайынды айтып, бір-бір кіріп шық, бет көрсе жүз үялады,

әйтпесе іштерінде сәuletші, суретші, сазгер бар, сені қайдан біледі?» – деп ақыл айтты.

Ешкімнің алдына қішірейіп барып көрмеген кірпияз басым, бул жолы да: «Өзі өтініп келген сон даусымды бере салып едім, ененді ұрайын, өтпепті ғой» дегізгенше, ешкімге жалынбаған бәзбаяғы өз абыройыммен қала бергенім жән шығар!» – деп тұжырдым да, бекерге табан тоздыра қоймадым.

Сонымен қойшы, дәмегөйлердің бәрі мықты, лауреат болуға бәрі лайық, ақыры дауыс көпке бөлінді, әркайсымыз алғашкы деңгейден көтеріле алмай қала бердік. Маған жаны ашып жүрген Тұмекенің айтуынша енді бір дауыс алғанда мен лауреат болып кеткелі тұр екем...

«Алаш» сыйлығын алдым. Ол да өзінше бір қызық хикая. Жолаушылап келіп «Қазақ әдебиеті» газетін актарып отырсаң бір топ адам «Алаш» сыйлығына ұсынылып, тізімі беріліпті. «Иттің ұлы итақай» деуге болмас, әйтсе де құрішлен бірге құрмек те үміткер болып жүргені байқалып қалды. «Кім бұларды ұсынған?» деп сұрасам, Жазушылар Одағында ешкім мардымды жауап қайтара алмайды. Ақыры сыйлық беру комиссиясының төрағасы (бұларды кім сайлап жүргені де түсініксіз) Рымғали Нұргалиев екенін сұрап біліп алдым да, соған телефон соктым. Менің де «Жебе» деп аталатын кітабым шыққанын, жақсы кітап екенін айтамын ғой баяғы. «Тізімде жоксың, әрі кешігіп те калдың ғой», – дейді Рымғали. «Кешіккені калай, мұнда газетте шығармаларды қырқүйек айына дейін ұсынуға болады» делініпті, әлі уақыт бар сияқты. Кім ұсынады өзі?» деймін ғой күйініп. Ақыры Рымғали: «Кітабынды комиссия хатшысы Сұлтанәлі Балғабаевқа әкеліп өткізші, содан кейінгісін көрейік», – деді. Сөйтсем, сыйлыққа да әркім өзін-өзі ұсынады екен ғой, мен оны қайдан білейін.

Қойшы, әйтеуір, әупіріммен өзер деп дауыска түскенде, жолын болғыр жігіттер бұл жолы ұяттан аттап кете алмаған болулары керек, жеткілікті дауыс алған төрт-бес адам ішінде ақыр сонына дейін мен де калмай еріп отыра беріппін.

1993 жылдың сонын ала шығармаларымның екі томдығы жарық көрді. Нәрін қайдам, «қарын» жағынан қалындығы баяғы әкеме берген уәдемнің үдесінен шыққан сияқты болды. Сол жылы «Жетісу» мөлтек ауданынан кооперативке тиісті пәтер сатып алдым. Тиесілі қалам ақым сол пәтердің екі лоджасына әйнек салдыруға жетті де койды.

Кызмет жағына келсем, арадағы бір төрт жылды коспағанда, соңғы жиырма жылым «Жазушы» баспасында өтіп келген екен. Бір кезде баспаларда кіші редактор, директор деген де қызмет тұрларі болған. Мен кіші редактор болмадым, директор бола кой деп ешкім «колқаламады», қалған қызметтің бар баспалдағынан түгел өткен екенмін. Оған да шүкір, өсіреле, бала жасынан

ешкімнін айтқанына жүріп, айтағына үрмеймін деп берік ұстанған кағида-байламым бар, мансап дегенге аса құштарлығым болмады ма, қолдаушым, демеуші-жебеушімнің аздығынан ба, бірқатар жерде қызмет ете жүріп, «Әй, осы болсыншы» деген емеурін анғара коймаған адаммын. Аудандық, облыстық, республикалық газеттер редакцияларында, партияның арнаулы жоғары оқу орнын бітіріп келіп, облыстық партия комитетінде қызмет істедім. Редактордың орынбасары, редактор, обкомның бөлім менгерушісі сиякты орындарға білімім, кіслігім, іскерлігім жете тұра, реті келе тұра мені ұсынбай, менен қабілеті де, қадірі де әлдекайда шамалы біреулерді, тіпті кейде сырттан шакырып, кездесік әлдекімдерді әкеліп қойып жататын еді. «Бұл қалай болды?» дегенді іштей ғана айтқансып, үнсіз келісіп жүре бердік бәріне, басқадай лажын да, дәрменіңде жоқ еді.

Менің кітаптарым жайлы, өзім туралы жекелеген макалалар жазылғанын жоғарыда айттым. Бірақ мен ғана тапқан тақырып, маған ғана тән ой мен жетілдірген түр, содан туған мазмұн төнірегінде сөз қозғаған, қыскартып айтқанда, Сәкен Иманасов поэзиясына ғана тән дара қасиетті баса көрсетіп, дәл тауып айтқан ешкім өзірге болған жоқ. Әлі де сол қалпы. Бұл да өз алдына бір бөлек жеке әнгіме.

Оның үстіне ғұмыр бойы баспана таршылығын тартып келе жатқандардың бірі, сірә, осы мен ғана болармын. Жас кезімде ас үйде отырып-ақ жазып жүрдім жазатынымды. Кейін көбіне жазушылардың таудағы шығармашылық үйінде айлап жатып жұмыс жасадық. Құжырадай үш бөлмелі пәтерде маған әлі жазу үстелі сиятындай тұракты бір бұрыш та бұйырмай жүр. Үстелдегі қағазым жиналып қалса ол маңға көпке дейін қайта жолай алмай жүрем. Содан да болар, басқаларға қарағанда анағұрлым сирек жазатыным.

Казір де әмісе бір сілкініп, ылғи бір жазғым келіп жүретін кездерім болады. Бірақ сөзінді кім оқып, өзінді кім тындал жатыр? Бұл күнде өзің де, сөзің де кімге дәрісің деген бір күдік көсіле сілтеуге жібермейді. Бұл мен ғана емес, қалам ұстап жүрген бір қауым талантты адамдардың басындағы жағдай ма деп ойлаймын. Нағыз талантты дейтін, шығармашылық бабындағы бірқатар қарымды қаламгерлер дағдарыс үстінде. Бұрынғы ықылас, бұрынғы ынта жоқ. Егемен ел аталғаннан бергі он шакты жыл ішінде ауызға аларлық бір ірі шығарма тумай жатуы да содан болар. Көптеген талант иелері көне тарихты қопарыстырып, болмаса естелік қана жазуға ойысқан.

Оның есесіне, мәңгі көгеріп тұрғаннан басқа пайдасы шамалы шырша ағашына үқсайтын да акын әріптестерім бар. Олар үшін әлеуметтік сілкініс, қоғамдағы өзгеріс дегендерін түк емес. Қыста қалтырап тоңбайды, күзде жапырағы солмайды. Не қүйінбейді, не сүйінбейді. Өлендері макалаға, макаласы мадакқа үксап, баяғы

әуен, ескі ырғағынан жаңылмай жортып, ілгері тарта береді. Корықпайды да, торықпайды да. Әлде сол дұрыс па екен?... Ең алғаш тосын тарап кететін Парламент тұсында Қазақстан Республикасының халық депутаты болып сайланғаным бар. Сайлау алдындағы ұлы сүргін айтыс-тартысқа толы кездесулердің бірінде: «Сіз ақын екенсіз, өлең жазасыз, кітап шығарасыз. Ал осы Алакөл өніріне өте кеткен неніз бар, не жаксылық жасадыңыз?»— деп сұрады бір жас жігіт тұтқылдан тиісіп.

Әу баста тосылып қалдым да, сәл кідірістен сон: «Әлемде Пушкин, Абай, Жамбыл деген кісілер болған. Сен оқысын, мен оқысын, әрбір үрпақ оқып, өнеге алсын деп, солар да, таланттарына орай шығармашылықпен айналысыпты. Әйтпесе, өздері туған жеріне сол адамдар орнатыпты дейтін көк тіреген күмбездерді көрген де емеспіз, ешкімнің калтасына акша да салып беріпті деп естіген де емеспіз»,— деп әзер құтылып едім.

Кейде осындай тұтқылдан тап болған келенсіз сұракта адамды тұқырта тежеп тастайтыны бар. Академик Серік Кирабаев: «Мұзағанды (Мұзафар Әлімбаев) 60 жасқа толуымен құттықтайын десем екі колын ала қашып: «Здесь моей заслуги нет никакой!»— деп жолатпай қойды»,— деген бір әнгіме айтып еді. Сол сиякты «60 жасқа келдім» деп мактанудың да, кеуде қағып, шалқаудың да ешбір жөні жоқ. Ол өзі сенің калауына, саған байланысты емес, аман жүрген адамның бәрі әйтеуір бір жететін өмірдің үлкен бір белесі ғана. Мәселе, тек сол жасында не бітіріп, не койғанында ғана болуы керек. Сондыктан жұрт біле жүрсін деп өзім жайлы, өмірім жайлы өзім айтып бермек болғандағы түрім әзірге осылар болды. Аман жүрсек, тәнірі мұрша берсе, тағысын тағы көре жатармыз деп түйдім.

1998 жыл.

# «ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫНДАҒЫ ЖИҮРМА ЖЫЛ

---

«Тірліктін бір жыртығы жамалғанша,  
барады-ау өмір өтіп, амал қанша!»—

деп акын достарымның бірі жазғандай, бүгін қарап отырсам, менің өмірімнің тұтас бір үлкен кезеңі «Жазушы» баспасының қабырғасында өтіп келеді екен. Кеше ғана сиякты болып көрінгенімен, мен бұл баспаға келgelі де, міне, жиырма жылдай уакыт өтіпті, көп-көп су ағыпты, әртүрлі тағдырлы адамдармен дәмдес, тұздас болыппын. Осы жиырма жылда «Жазушының» кара жұмысын істедім деп арланбаппын, басшылығына араласқанымды малданбаппын. Бұл күнге дейін осы баспаның бес бірдей директорымен қызметтес те болып көрген екенмін. Солардың бірі менің ескі досым Қалдарбек Найманбаев 1991 жылдан бастап екі кеменің күйрығын ұстады да (баспа директоры, Жазушылар одағының бірінші хатшысы), бір күндері аяқ асты бүлініп, бас редактордың орынбасары қызметінде жүрген маған жөн-жосықсыз соқтығып, орынсыз киліге берді. «Даудың басы — Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, ол ең алдымен мен отырған шағын ғана жеке кабинетті көпсінгендей сыңай байқатты. «Қасына біреуді отырғызысаншы», — дейтін болды кіріп-шықкан сайын сүйкеніп, тиіспіп. Бұл орынсыз тұртпектеулердің бекер емесін, артында әзірге маған жұмбақ салқын бір сырдың жатқанын алыстан аңғардым да, бұрыннан сөз болып жүрген, такырыптық жоспарға кіріп тұрған екі томдық таңдамалы шығармаларымның шартын жасатып, сол шартқа сай тиісті каламақсын алған бойда «есім барда елімді табайын» деп, он бес жыл қызметінде болған баспадан еріксіз кетіп тынғанмын. Орыста «насильно мил не будешь» деген сөз бар, отырсан опак, тұрсан сопақ болғанша, дер кезінде шегіне тұрғаным жөн шығар-ау деп те түйіп едім біржагынан.

Сол баспаға акыры араға тағы да табандатқан тұра төрт жыл салып қайта оралып едім, келе сала сол баяғы Қалдарбек жеке өзіме қимай көпсінген, жалғыз отырсын деп көзтүрткі еткен шағын кабинетті қайта босаттырып алғып, жуып-тазартқызып, өзімнің үйреншікті орныма келіп жайғасқан болатынмын.

Әркім-әркімдер осы төңіректе де алып қашты әңгіме өрбіткісі келіп, бұл баспадан неге кетіп, неге келгенімді сұрай беретінді шығарды. Сұрағандарына орай дұрыстап жауап та берген болам.

Әйтсе де «мені қуған елімнен хан Жәнгірдің тепкісі» дегендей, бір-бірімізben дүрдараз салқын қабақпен ажырасқан Қалдарбекпен де біржола дос болып бекісіп, жау болып кетісе алмағанымды білетін жора-жолдастар үшін де бұл жәйт жұмбак болып кала беретін сияқтанды. «Сонда бұның өзі неден болып еді?» – деп те қайталап сұрай беретіндер азаймады, қайта көбейе түсті.

Осының бәрін ой елегімен сұзе келе, өмірімнің үштен біріне жуығын өткізген «Жазушы» баспасындағы бастан өткен хикаяларды неге ғана шып-шырғасыз қағазға түсірмеймін, жаман-жаксы бес бірдей директормен қызметтес болыппын, солар жөнінде, басқа да ұжымдас, әріптес азаматтар жайында алып-коспасыз өзім неге баяндап бермеймін деп ойладым. Қалдарбек пе, басқа ма, ешкімге жала жаппай, жаксысын асырып, жаманын жасырмай, болған шындықты айтып берсем, әй, тіпті есек миын жеген біреуі болмаса, ешкім ерін бауырына ала тулагай коймас-ау деп шештім. Шындықты айтқаным үшін ренжімек болса, оны да көріп алармын, әрі кетсе «тойға берген тайын алар» деп ойладым.

Сонымен, «Жазушы» баспасындағы өткен жиырма жыл...

... 1976 жылдың мамыр айы еді. Жазушылар одағының екінші қабатындағы бәріміз күнде бас қосып жүретін кен фойеде төрт-бес жігіт қайдағы бір қысыр әңгімеге ерік беріп, дауыға құлісіп тұрған болатынбыз, қасымызға ақсары келген әдеміше қыз биязы жымиып келіп:

– Сіз Сәкен аға боларсыз, – деп жөн сұрады екі көзі құлмен қаттып.

– Иә, – деп мен де әзілдесе кетуге онтайланған берген едім:

– Сізді біздін директор келіп кетсін деп еді, соны айтқалы іздел жүрмін, – деді.

Ол кезде калам ұстар қауымның жалғыз жарылқаушысы «Жазушы» баспасының директоры деп ойлайтынбыз. Бұл жолы да солай болды.

Мен келісіп, бас изегенше болмады:

– О-о, директордың өзі іздел жатса, кітабың шығатын болды ғой! – деп дүр ете калды қасымдағы қаламдас достарым дуылдаса костап.

Баспа директоры Әбілмәжін Жұмабаевты бұрыннан бірсынан дырығы білетін едім. Алғаш рет алпысыншы жылдардың басында «Лениншіл жас» газетінде бірге қызмет істеген Амантай Сағындыков деген жігіт таныстырылған болатын. Онда Әбекен, ұмытпасам, «Қазак әдебиеті» газетінде жауапты хатшы еді.

Араға тағы он жыл салып жетпісінші жылдардың басында «Жазушы» баспасына директор болып келген Әбекеннің алдына кітап шығару шаруасымен бір рет кіріп шыққаным бар. «Әбеке, мені бұрыннан білесіз...» деп көпшік коя көпіртіп бара жатқан

көнілімді: «Ептең, Сәкен, ептең білем», — деп су сепкендей басып койғаны да бар болатын ағамның.

Енді сол Әбекеннің өзі шақыртып отыр. Жасы да үлкен, жөні де, жосығы да бөлек азамат. «Кой, болмас», — дедім де дүр-дүр құлісіп түрған қызық әнгімені ортан белінен үзіп тастап, жүгіре басып төменгі қабатка түсейін.

Әбекен деген қашан көрсөн де қыздай сыйылып тұратын, даусы да бәсен шығатын, жүріс-тұрысы әрдайым бірқалыпты орныкты, кісі көнілін қалдырмауға жаралғандай иманжүзді адам. Кабинетіне кіре берген мені көріп, үлкен ұзын үстелінен бері шығып келіп амандасты да, жатағандау кішірек үстелді нұскады. Екеуіміз екі жағынан келіп қарама-қарсы жайғастық.

Үйреншікті дағдымен оны-мұны сұрасып, хал-күй біліскең болып дегендей, көр-жер әнгімен біраз отырып уакыт алдык.

— Сәкен, сен бізге қызметке келсөн қайтеді? — деді Әбекен арамыздағы әрненің басын шалған әнгіме тамамдалуға таянғанда.

— Келуге болады,— деп келісе кеттім мен бірден.

— Онда принципінде келістік деп біл, хабар өзімнен болсын, бірер күнде шақыртып қалармын, — деп келді де Әбекен,— сені сыртынан жаман атамайды. Кім біледі, жүре келе бір-бірімізben дос, туыс та болып кетуіміз мүмкін, — дегенді косып қойды.

Мен де құптаап, қуана бас шұлғап қоям.

Сөйткенше араға екі-үш апта түсіп кетті де, «бірер күнде» деген Әбекеннен қайтып хабар бола қоймады. «Ұмытып кетті ме екен» — деп ойлады да, енді шақыртып жатпай-ақ оны өзім іздең бардым.

Бұл жолы ағам сәл салқындау қарсы алғандай болды.

Әлде маған солай көрінді ме, кім білсін. Секемшіл-ақ адаммын ғой өзім де.

— Әбеке, іздең өзіңіз едіңіз, бірер күннің о жақ, бұ жағы дегендей болғансыз. Уакыт өтіп барады, анадағы айтқаныныздың акыры не болды? — деп сұрады мен. — Аузыма сөз тұра коймайтын адаммын, осында ауысқалы жатырмын деп жігітерге айтып та қойып едім.

Әбекен күмілжінкіреп барып, сөйтсе де сыпайы ғана:

— Сәкен, осы сен Талдықорған обкомынан неге кеттін? — деп сұрады.

Ішім қылп ете қалды. «Е, бұ кісі мені, сірә, бірденені бұлдіріп келді деп ойлаған екен-ау, әлде біреулер арамызға ши жүгіртті ме екен», — деп түйдім де:

— Әбеке, обкомға жылына ондаған адам келеді, соншама адам кетіп жатады, ол жерге жабысып қалған ешкімді көрген емеспін. Жұрт ЦК-дан да (партияның Орталық Комитеті дегенім, Әбекеннің өзі де бірер жыл бұрын сол жактан ауысып келгенін билетін едім) кетіп жатады ғой, — деп құлдім. — Ал, әгәрәкім мені бірдемені бұлдіріп келген жоқ па екен дейтін күдігініз болса, осы өзіміздің

Баспа комитетінде, Шерияздан Елеуkenовтың орынбасары болып сол мен істеген обкомның бұрынғы хатшысы отыр, маған тікелей бастық болған адам, сол кісіден сұрауынызға болады.

Әбекен менің сөзімді аяқтапастан алдындағы телефонға жармасты.

— Кәке, — деп амандасты аржағындағы адаммен (ол Кәмаш Тегінұлы Бегімов еді) бізге Сәкен Иманасов деген азамат қызметке орналаспак еді, сол Сізбен бірге істеген көрінеді,— деп алғып, аз үнсіз тыңдал отырды да: — Иә, невезущий деніз, невезущий деніз, — деп барып телефонды койды да, енді маған қарап: «Әй, Сәкен, сен жайлы мына кісі хорошо отзывается», — деп бітірді сөзін Әбекем.

— Бірер айдан кейін сіздің өзініз де «хорошо отзываться» ететін боласыз, Әбеке, — дедім мен де тыныш отырмай әзілдеген болып.

Тағы да бір аптадай созып барып, акыры мені баспаға катаңдағы редактор етіп алу жөніндегі директордың бүйрығы да шыкты. Алдымен поэзия редакциясы деп еді, менің қолым да сол, басшылары көнбеді ме, кім білсін, одан проза, сөйтіп жылжыта келе, койшы әйтеуір, аударма редакциясына жіберетін болып шешті. Ол редакцияның менгерушісі болып істейтін Мұхаммед Нұртазин ақсақалмен аз-кем таныстырым бар, кей-кейде Қабдеш Жұмаділов, Тұтқабай Иманбековтер болып, қол босап калғанда преферанс ойнап қоятынымыз да болушы еді. Әбекен сол кісіні шакырып:

— Мұқа, мына Сәкенді білетін шығарсыз? — деп сыпайы сұрак койды.

— Жок, білмеймін, — деді Мұқан жұлып алғандай бірден кесіп.

Мен не дерімді білмей дағдарға Мұқан ақсақалдың бетіне жалтақтай беріппін.

Ол маған тіктеп карай қоймады. Кейін білдім ғой, көленкесінен корқатын аса сақ адам екен жарықтық. «Білем» десем бір пәлесі тиіп кете ме деп, «көрдім» деген көп сөз, «көрмедім» деген бір сөзben күтылғысы келген түрі екен.

— Білмесеніз — танысып койыныз — Сәкен Иманасов, ақын. Сіздің редакцияға қызметке барады. Кейінгісін тағы көре жатармыз, — деді директор. Сөйтті де маған қарап:

— Сәкен, әзірге поэзия редакциясында бір үстел бос, тұракты орын табылғанша сонда отыра тұрарсын. Мұқан көрсетеді, — деп бітірді сөзін.

Таяуда болған бір бас қосуда дәл осы оқиғаны Шерияздан Елеуkenовтың көзінше Әбекеннің өзіне әңгімелеп бердім. «Апырай, жалпы, сұлбасы болмаса, көп деталі есімде жок екен, сірә, арамызға бір сөз жүгіріп кеткен болды-ау! Ол кезде ондай-ондай болып тұратын еді», — деді ол кісі.

Поэзияны Сағи Жиенбаев, прозаны Мағзом Сұндетов басқаратын. Кейін білдім, олар да менен қаймығып, қашқактап, Әбекене сөзін өткізіпті.

Поэзия редакциясы орналасқан бөлменің ең шеткі, есік көзіне таяу тұрған үстеліне барып отырдым да, аударма саласының әлі ысыла қоймаған болашақ маманы ретінде жұмысқа кірісп кеттім.

Мұнда да бір қызық болғаны бар. Мен отырған үстел – Адам Мекебаевтікі еken. Ол қазір демалыста жүрген болып шыкты. Жиырма шақты күннен кейін Адам да оралды. Өз үстелінде алдына қағаздарын қобыратып отырған мені көріп, сәл состиып тұрып қалды. Соны байқай қойған Дүйсенбек Қанатбаев:

– Оу, қайда барасын, кимелеп? Мына кісіні құттықтап қойыныз, сіздің орнынызға отырды, – деді күлмей де дәнене етпей.

Адам абыржып, үндей алмай қалды.

– Басшыларға барып біл, бұл жерде енді Сәкен отырады, – дейді Дүйсенбек әнгімені одан әрі көпіртіп.

– Сәке, тартпада бір қағаздарым бар еді, соларды алайыншы, – дейді Адам.

– Иә, қағаздарын болса, түгелдей алып кет те, Сәкене үстелді бүтіндей босатып бер, – деп такымдайды Дүйсенбек.

Адам шығып кетті. Дүйсенбек мәз болып күледі кеп. «Ыңғайсыз болмай ма?» – деген маған, «Түк етпейді, қайтер дейсін», – деді де койды.

Араға әудем уакыт салып барып Адам кірді бөлмеге. «Ой, сен де!», – деп Дүйсенбекке жақтырмай бір қарады. «Не болды?» – дейді Дүйсенбек.

– Қойшы! – деп колын сілтейді Адам.

Сөйтсек: «Орныма Сәкенді алған екенсіздер, енді мен не істейін?» – деп директорға барады ғой. Директор бәрін жайлап түсіндірсе керек. «Әу, орнына отырды дедім ғой мен, «қызметінді алыш қойды» деген жокпын ғой», – деп күледі келіп Дүйсенбек.

... Сонымен, аударма редакциясында істеп жаттым мен. Бесалты адам бармыз-ау деймін. Бастығымыз манағы айтқан Мұқан, оған қарама карсы Атығаев Әбітай аксақал отырады. Бір жаксы кісі еді марқұм. Оң жағында Төлеупов Нұрахмет, сол жағында Нәбиден Әбуталиев бар. Редакцияның негізгі діні осылар сиякты болғанымен, бастыққа жақынырақ жүретіні – Нұрахмет екені байқалды. Екеуара үстел астымен бір қағаздарды көрсетісп, жұрт көзін ала бере әлденені ымдасып отырғандарын талай рет көріп жүрдім.

Мен бұдан бұрын Талдыкорған облыстық партия комитетінде қызмет істеп, Қазақстан Жазушылар одағына әдеби кеңесші болып келгенмін. Сол кезгі екінші хатшы Ілияс Есенберлин өзі шакыртып алған. Сағат тоғыздан қалмай жұмысқа барып, дәл алты болмай үйге кайтпайтын партияның бұлжымас темір тәртібіне әбден Үйренген адамға Жазушылар одағындағы ұзын арқау, кен тұсау жұмысы көп-көрім қолайсыздық туғызған еді. Бір бөлмеде Қадыр,

Қалихан, Аманжол Шамкенов бар, төрт адам отыратынбыз. Сағат онсыз бірде-біреуі кеңсеге бас сұқпайды. Мен қыздып тоғызыда келемін. Оннан бастап үздік-создық болып өріптең ағаларым келе бастайды. Бірде Қалихан:

— Сен өнмендеп ерте келгенде не бітірем деп жүрсін? — деп «ұрысканы» бар. «Ешкім сені керек қып жатпаса біз құсан онда, он бірде келсен де болады. Давай, сөйт!» — деген дүрсілдеп.

Бірте-бірте бұл жұмыска менің де етім үйреніп, үйренгені былай тұрсын, үйреншікті дағдыға айналып, жұмыска түске таман келіп, кеткім келген кезде кетіп жүргетін болып, еркінсіп алғанмын.

Баспа ондай жайбасарлықты да, «өзім білемдікті» де көтермейді еken. Колында жұмыс, оны бітірудің өлшеулі кестесі бар, содан ауытқу өсте қын. Бос белбеу етіп, еркіне жібере қоймайтын жер көрінеді. Бірак, біреуге кіріптар болмауға құштар басым, жұмысын «әй, кәпір» атандырмай ондыра тындырсам, менің қашан келіп, қайда кеткенімде ешкімнің жұмысы болмайтын шығар деп те ойлағам. Олай болмады. Бір күні Әбекен шакырды:

— Сәкен, сенің үстінен болымсыздау шағым түсіп жатыр. Мұқан сені «отырып жұмыс істеуге жоқтау еken» дейді. Мен: «Атқарған жұмысының сапасына караңыз алдымен» деген болым. Осы есінде жүрсін, — деді.

«Апыр-ай, ақсақал өзіме айтса өтім жарылып кетпес еді ғой, әлде мұндағы қалыптасқан тәртіп солай ма еken?» — деп ойладым да, өйтеуір енді жұмысымнан қайткенде кемшілік таптырмауға тырыстым. Бұл менің ғұмыр бойы ұстанған дағдыма айналды.

Небір қын да қалың қолжазбаларды маған итере салу, киянпұрыстау, тік міnez авторларды маған қарай сырғыта салу жиі байқалып жүрді. «Мінезі міnez емес, ә дегенге мә дейтін әдеті бар, көп істей қоймас» дегендей бір көзкарас байқадым да, «всем смертям назло» деп бір автормен шекіспеуге, алдымағы жұмысты өзгелерден гөрі сапалы да тез бітіруге барымды сала тырысып бақтым. Бұл әдіс өз жемісін бере бастады. Редакция менгерушісі де, баспа директоры да жылы қарап, катарға ала сөйлесетін болды. Қалғандарына пыскырып қарап жатқан мен де жоклын.

Бірде маған орысшадан тәржімаланған өзбек жазушысының қалың қолжазбасын қарауға берді. Бұл ең кемі екі-үш айдың жұмысы еди. Кітапты Тұнғышбай Смағұлов деген аударған. Бұрын көрмек түглі атын естімеген адамым еken.

Алдымен қазақшасын сыйыртып тез оқып шықтым да, содан кейін асықпай отырып, орысшасымен салыстыра редакциялай бастадым. Аударма қасандau еken. Қазақша оқылатында жатық шығарма ету үшін аудармашымен бірігіп біраз тер төгуге тұра келетін түрі бар. Оның үстіне өте асығыс аударылған да, орысша кейбір мәтінді аудармашы түсінбей, жобалап тарта берген. Орысшасында негізгі кейіпкердің біріне есік көзіндегі хатшысы «Куйбышев келіп тұр» деп хабарлайды. Эрі қарай «Кешірініз,

кешірініз» делінген аудармада. «Кешіргені» несі деп орыс мәтініне қарасам: «Просите, просите!» дейді еken. Аудармашы шала ғана «Простите, простите!» деп оқыған да, өлгіндегі күлкілі жәйтке тап болғанын анғармай қалған.

Кейін келе аудармада мұндай сорақылықтардың көкесі кезіге беретінін байқадық қой. «Подошел Шелленберг в щегольском генеральском мундире» дегенді: «Щеголь генералының мундирін киген Шелленберг», немесе: «Он любил отдыхать в фешенельных курортах» дегенді: «Ол фешенебель курорттарында демалуды ұнататын» деп те аудара салатын «аудармашылар» да ұшырасып қалып жүретін. Оның үстіне осы «аудармашылар» Жазушылар одағына мүше болып, кеуде қағып жүрді.

— Бұл жігітпен қалай сөйлесуге болады? Аудармасын қайтып беріп, біраз жұмыс істепей болмайтын сынайы бар, — дедім редакциядағыларға.

— Қайтесің басынды қатырып, тездетіп қара да, өндіріске өткізіп жібер, — дегені олардын.

Содан іле-шала дәлізде директорым Әбекене жолығып қалайын.

Ол менің қолтығымнан алғып, әрі-бері қыдырыстап жүрді де: «Сәкен, анау бір Тұнғышбай деген жігіттің аудармасын сен қарап жатқан көрінесін. Қалай еken, жігіттер тәуір аудармашы деп жүр еді?» — деп сұрады.

— Тәуір түгі жок, Әбеке, — дейін мен төбеден түскендей дұнқ еткізіп, — өте сапасыз, қайтарып берейін деп отырмын.

Әбекен әрі қарай қазбалап жатпады.

Сол күnnін кешіне қарай бөлмеге дембеліше келген қызылсары жігіт келді де, мені онаша шығарып алғып, Тұнғышбай Смағұловлын деп таныстыруды өзін.

— Сәкен, мен Әбекенниң інісімін ғой. Жақсы ағаның қасында біздей жаман інілері де ілесіп жүретінін білесін. «Аударманды Сәкен қарап жатыр, ол білетін, білгенін өткізе алатын табанды жігіт. Айтқанының бәрін орындаитын бол!» — деп еді Әбекен. Қандай ескертпен болса да орындауға өзірмін. Ашы демей, ашық айта бер, — деді Тұнғышбай.

Көлгірсіп жатпай бәрін өзіне көрсетіп отырып, қолжазбаны қайтарып бердім. Обалы не керек, ол қалған жұмысын адалатқарып шықты. Кітап бірсыздырғы тәуір аударма қатарында оқырман колына тиді.

Сөйтсем, бұл да редакциядағылардың мені сынап көрсек деген әдістері еken. Бұл мына бетімен директордың інісіне карсы шығады, оған бастық араласса, арты шырғалаң шатакқа ұласып, өзара бір бой көрсетіп қалар дессе керек. Тілеуінді бергір Әбекенниң ақылы ма, Тұнғышбайдың сабырлылығы ма, әйтеуір, «үрит-үрит» десіп отырғандардың ойына орай дау туда койған жок.

Баспаға әуелі қатардағы редактор болып келгенімді айттым ғой.

Бір жылдан кейін, аға редакторлыққа «жоғарыладым». Одан әріге бастыра қоймай жүрді.

Бұл кезде Нұртазин зейнеткерлікке кетті де, орнына Жаппар Өмірбеков келді. Беймазалау адам екен. Оның үстіне ә дегеннен екеуіміздің жұлдызымыз жараса қоймайтыны байқалған.

Мен акыры осы аударма редакциясына біржола тұрақтап қала бердім де, бәріміз бір бөлмеде сыйылысып отыратын болғанбыз. Жаппар ағам екеуіміз қарама-карсы отырамыз. Редакциямызға Зәмза Конырова, Ақұштап Бактыгерева, Сара Ләтиева сиякты қыз-келіншектер келіп қосылды. Мен колжазбаны беттеу дегенді үйрене алмай-ақ қойған едім. Жұз бетке дейін көп-көрім дұрыс беттеп келемін де, әрі қарай қайта-қайта қателесіп, шатастырып ала беретінім бар. Соны сезген Зәмза бір күні: «Аға, мен беттеп берсем қайтеді?» — деді менің қалын қарыс колжазбаны беттеймін деп ит әуреге түсіп отырғанымды байқап. Куанып кеттім де, колымдағы қағаздарды қобыратып ұсына қойдым.

Зәмза беттеп отырған. Сырттан кірген Жапекен: «Не істеп отырсын?» — деп сұрады одан.

— Сәкен ағаның жұмысы еді, беттеп берейін деп.

— Өзі неге беттемейді?

— Мен шатастырып ала берем, — деп мен сөзге араластым.

— Зәмза сенімен құқы бірдей редактор, істей алмасаң шынынды айт, басқа жұмысқа сұран, ешкімді жалдал алған жоқсын, — деді Жапекен.

Зәмзаға бұрылды да:

— Бер өзіне, өзі жасасын! — деді.

— Бітіп қалып еді, аяқтап шығайын, аға, — деп Зәмза қарындастым да болар емес.

— Оу, Жапеке, сіздің не шығыныңыз шықты осы? Кім беттегені сізге бәрібір емес пе? — деймін мен.

— Неге бәрібір. Әркім өз міндетін өзі атқаруы керек.

Бөлмеде алты-жеті адам бармыз. Маған қарсы отырған Жапекенің андитыны тек мен ғана. Шықсам да, кірсем де тексеріп, іздең келген адамнан мені қызғыштай корып жолатпай, өзі отырғанда сыртқа шығармай өбден жүйкеме тиетін болып алды. Бірер рет жұз шайысуға дейін барып қалып жүрдік.

Бірде «Жалын» баспасында жүр едім, онда олар Гоголь көшесінде болатын, бухгалтері келіп: «Сізді директорыныз іздең жатыр екен, тез келсін дейді», — дегені.

Жазған құлда шаршау жок, екі өкпемді колыма ала жүгіріп Жазушылар одағының астыңғы қабатындағы өз баспама жетейін. Директордың кабинетіне кіріп барсам бір топ кәсіподак мүшелері отыр екен. Сөйлеп тұрған Жапекен мені көре сала:

— Міне, бұл жігіт осындағы, тіпті жергілікті комитеттің отырысына да жүртты тостырып койып, өстіп кешігіп келеді,— дегені.

— Көкетай-ау, мен білген жоқпын ғой. Жана «директор іздел жатыр» дегесін, — дей беріп ем:

— Директор іздел жатыр демесек, сен қашып, ұстаптай да кетуін мүмкін ғой, — деп тұр мениң Жаппар ағам.

Сөйтсек, кәсіподактардың жергілікті комитетінде менің жеке бас мәселемді қарап жатыр екен. Жапекен өлі сөйлем тұр. Мениң қай күні қанша уақытқа кешігіп келгенім, қай күні жұмыстан ерте кетіп калғаным, ұдайы өзіне қарсы келе беретінім, бастық екен деп тыңдамайтыным, қойши, әйтеуір, кайдағы-жайдағыны тізді дейсін келіп. Окта-текте қолындағы дәптеріне қарап қойып сөйлем тұр еді, сөзін аяқтай келе: «Мұның кемшіліктері тек бұл емес, бәрін бұкпесіз мына дәптерге тізіп жұр едім, ұстел суырмасынан үрлап алып үш-төрт бетін өзі жыртып тастапты», — дегенді де нығыздай қосып қойды.

— Эй, көкетай-ау, үрласам сол дәптерініз құрғырды түгел құртпаймын ба, бірер бетін жыртып неғылайын? — деймін мен. Ол міз бағар емес.

— Бұл тіпті өтпеген редакциялық кенес мәжілісінің атынан жалған қаулы жасап, қолжазба өткізуде қылмысты әрекетке де барған. Солай ма, Нәбиден? — деп Әбутәлиевке қарайды.

Ол: «Иә, солай!» — деп бас изейді.

— Оу, ағайын, — деймін мен. — Қолжазба өндіріске өтерде редакциялық кенестің қаулысы керек, ол былай жазылады деп үйреткен өздерін емес пе? Нәке, осы сіз едініз ғой үлгісін қағазға түсіріп берген, — деймін шырылдал. — Әйтпесе жалған қаулы жазып, басы артық жұмыс жасап қолым қышып барады дейсіздер ме?

Нәбиден былқ етер емес.

— Сондыктан, — дейді Жапекен, — бұл жігітке жазба түрде сөгіс жариялау керек. Енді қылдай кінәлі болған күні жұмыстан шығарылатыны да катан ескертілсін.

Тұсқі үзіліс таяп қалған мезгіл еді, асырып отырған әйел, еркегі аралас жұрт әлгі ұсынысты костап қол көтере салып, есікке беттеді. Жергілікті комитет тәрағасы Жамалиддин Босаков деген үйғыр жазушысы болатын. Салмакты мінезі бар, бірсызыры орныкты адам сиякты қөрінген. Жұрт тарап бара жаткан соң шырылдал сонын қасына жеттім: «Ойбай, Жәке, — деймін, — жұрттың бетін байқадыныз ғой, «Иманасовты атсак қайтеді?» десеніз де, «атайық!» деп қол көтере салуға дайын. Бәрі де енжар. Тым құрыса, маған да сөз беріп, екі жакты бірдей тыңдатпайсыз ба?».

— Эй, мен де түк түсінбей қалдым. Қалай болып кетті өзі? Әлгі Жаппар ғой, кешеден бері жұртты үгіттеп... Жарайды, бұлай қалмас, қайта оралармыз, — дейді Босаков.

Ертесінде мені Әбекен шакырды. Әдетінше оны-мұныны сөз етіп отырды да:

— Сәкен, осы Жаппар Өмірбеков екеуінін аран қалай? Бүгін маған үш рет кірді. Кешегі mestком қаулысына орай саған сөгіс

беру жайлыштың шығарының дейді. Мен болсам, оның жекебас ісін қараудың өзі артық болған екен, сондыктан да осымен шектелейік, — дедім. Жапекене не жамандық жасап едін? Сені сыртыңдан жамандап келеді де тұрады, — деді.

«Жапекене не жасап едім соншама?» дегенді өзім де ойланып жүргем.

— Өзім сөйлесіп қорейін, Әбеке — дедім.

— Сөйтіші, айналайын.

Осының алдында Африка ақындарының үлкен бір том өлеңдерін қазақ тіліне аударып, соған бас-көз болу маған тапсырылған еді. Жапекен де бірер өлең аударған. «Жарамайды екен» деп мен өзіне кайтарып бергем оларын. «Кай жері жарамайдының көрсетіп берсеңші, кайта қарап, жөндейін», — деген Жапекен. «Бастан-аяқ жарамсыз,— дегем мен. — Көрсететін жері жок тіптен».

— Ойбай, Сәкен, бастық кой Жапекен. Бастықтың аудармасы калай жарамайды? — деп сөзге Нәбиден көкем араласқан.

— Мұндайда бастықтың беделі емес, аударма көркемдігі шешеді, — деп мен де касарысып болмағам.

Сол кітапқа ақыры ілдалдалап жүріп Жапекеннің шағын бір аудармасын әрен деп кіргізгенім бар еді. Қаламақысын алар кезде азырқанған Жапекен;

— Апырай, сен қолына бұдан үлкен билік тисе, кісіге күн көрсетпейтін түрін бар екен ғой, сонда менің аудармаларымды түгел жібере салғанда нең кетер еді, — деп өкпелеген.

— Беделім кететін еді, Жапеке, — деп мен де болмағам. Оның бәрі жастықтың желігі, жастықтың кінәсі екен-ау. Дәл бүгін болса сөйтіп касарыспасым айдан анық. Халтураға біз ғана тосқауыл коятындау-ақ әсіре принципшілдік танытатын кездеріміз екен ол.

... Содан кейін Жапекеннің кек кайтарған түрі екен бұл. Оның үстіне редакциядағы сыйырлактары да араға ши жүгіртіп: «Бұл Әлімжановтың жерлесі, Кайрат екеуі және дос (Кайрат Жұмағалиев — бас редактордың орынбасары, Әбекене жақын жүретін жігіт), бәрі бірігіп сіздің орынынды осыған алып бергелі жүр», — дейді екен. Оны да кейін менен ешқандай зиян жоғына көзі жеткен соң Жапекеннің өзі айтқан.

Күндер жылжып өтіп жатты. Баспаның бас редакторы Есет Әукебаев ағамыз қашан болсын оскырына ытырылып тұратын «жанына торсық байлатпастың» өзі. Бізben өзінің орынбасары Кайрат Жұмағалиев арқылы ғана қатынас жасайды. Одан гөрі директорымыз Әбекен демократтау. Хал-жай айттып барсан, үйип тындалап, хал-қадерінше айтқанынды орындауға тырысатының байқадым. Катты қайырымға бармайды, теке тіреске жок адам. Кейде бір бастық ретінде бұра тартқан кінәсінің үстінен түсіп, бетіне басар болсан құлағы, мойнына дейін қызарып шыға келетініне қарап, ұяты бар адам-ау деп ойлайтынын.

Бірақ бұл кісінің де бірте-бірте маған деген қабағы салқын тарта бастады. Ен әуелі қайта басылуға үйғарылып жоспарға кіріп тұрған жерінен әжептәуір көлемі бар кітабым аяқ асты сзызылып қала берді. Алдына барып : «Бұл қалай болды?» – деп едім, Әбекен: «Сәкен, бәрін білем, қолымнан келмей қалды, айып етпе», – деп сырғытты. Директордың колынан келмей калу деген әзірге менің миым жетерлік сылтау емес еді. Соның алдында менімен құрдас Қайраттың, менен жасы кіші Қанатбаев Дүйсенбектің де қалын-калың кітаптары шыққан болатын. Соларды айтып көріп едім:

– Сәкен, сен обывательдің сөзін сөйлеме, әрнәрсенің өз жөні бар, ақындарда әртүрлі ранга (өз сөзі) деген болады, – деп қыска қайырды.

Ұнжырғам тұскен қалпында басым салбырап көшеге шығып бара жатыр едім, карсы алдынан ол кезде Орталық Комитетте қызмет істейтін Әбіш Кекілбаев жолыға кеткені.

– Енсен түсіп кетіпті ғой, не болды? – деп сұрады ол сабырмен.

Жөнімді жөпелдете айтып шықтым.

– Осылай жүре тұршы, – деп Әбіш мені сыртта қалдырды да, ішке жеке өзі кіріп кетті.

Көп тостырған жок, әне-міне дегенше қайта шығып қасыма келген Әбіш:

– Директорыңа кіріп: «Әбеке, бір азаматқа ара түсейін деп келіп ем» дей бастап едім, бірден: «Сәкен Иманасовқа шығар», – дегені.

«Иә» – дедім. «Өзіне де айтып ем, сенбеді ғой деймін, шынында да менің қолымнан келмей қалғаны рас. Арғы жағын өзі пайымдай жатар. Келесі жылға сырғытып, бүгін-ертен шартын жасап қолына берейін», – деп отыр, соған келіс.

Келіспей қайда барам, Әбішке көп-көп алғысымды айттым да, қалғанын құдайдан күтіп қала бергем.

Сол кітабым әне-міне шығады деп тұрғанда тираж керек болып, тағы да директорға жүгінуге бардым. Егер баспа тілімен айтканда бір тираж (сегіз мың данадан асуы керек) тиіп қалған жағдайда қаламақымның мөлшері екі есеге жуық көтерілер еді. Соның бәрін біле тұра Әбекен:

– «Қазаккітап» басшыларына барып көрсөнші, тираж жағы соларға байланысты ғой, олар аламыз деп жатса, менде карсылық болмайды, – деп салқындау раймен шығарып салды.

«Е, болты, тонымды алып қалар дейсін бе», – деп ойладым да, «Қазақ-кітаптың» бас директоры ол кезде Садықов деген кісі болуы керек, салып ұрып соған бардым. Жай-күйімді естіп, бұйымтайымды тыңдал алған Садықов:

– Ертең комитетте тираж жөніндегі комиссияның мәжілісі болады, егер баспа директоры ықыласты болып жатса, біз сұраған тиражын береміз, оған күмәнің болмасын, – деді.

Сол сөзді қаз-қалпында Әбекене айтып келдім. Ол: «Е, жарайды онда», – деді де қойды.

Ертесінде комитетке кеткен директорымды тағатсызданып күні бойы күттім. «Келіпті» деген хабар тиісімен Әбекенді іздең тағы жүгірейін. Қабылдау бөлмесінде директордың орынбасары Сәбит Сағынов жолығып қалып:

– Саған тираж жоқ. Тіпті, сен туралы әңгіме қозгалмады, – деді өзінің түйеден түскендей лақ еткізіп бір-ак айттар әдетімен.

Салым суға кетіп, қайтсем екен дегенше, өз кабинетінен Әбекен де бері шыға келді.

– Әбеке, тым құрыса, бір ауыз сөз айтпапсыз ғой, Сәбиттен естіл тұрмын, кешегі уәде басқашалау еді, – деп жатырмын әлі де үмітімді үзбей.

– Эй, өзі бас дегенін де өбден қатты, анау Молдахмет Қаназов дегенге тираж әперем деп ит әуреге түскенім, – деп кайдағыны айтып бетімен лағып бара жатқан соң, ұялған тек тұрмастың жөні осы екен-ау деп, жөніме кете бергенмін.

«Жақсылығың күнде ұмыт, бір жаңылсан – болды кек» деп Абай айтқандай болмайыншы, жақсылығын басыма үйіп тастамағанымен, жұмысқа шақырды, оның үстіне өзі де «достасып, туысып та кетуіміз мүмкін» деген емеурін танытып еді, бір жөні болар деп ойладым. Шын қамығып ренжіген жокпын.

Бірақ бұдан кейін де Әбекеннен аса жылы қабак көре қоймадым. Шөміштен қакпаса да, басқаға көрсетіп жатқан ықылас-пейілі маған дегенде бірте-бірте тарыла берді. Әуелі мен істейтін аударма редакциясы екіге бөлінді. Шығарылатын әдебиет саны молайып, «Достық кітапханасы» және баска классикалық шығармаларды аударатын редакция құрылды да, Төлеупов Нұрахметті соған менгеруші етті. Бұрын да құрдас ретінде : «Жөні тұзу, сауатты аннотация жазып көрген емессін, қалай аудармашы болмақсын?» – деп қалжыңдал жүретін едім, сол енді бастығым болып шыға келді. Бірақ одан дәнeme өзгерген жоқ, бұрын да мен жұмсайтынмын, Нұрахмет екі еткізбей орындастын, обалы не керек, әлі де сол, айтканымнан шықпады. Біреулер «бастық сен емессің бе» деп айдал салса да, арандатуға көнбей, бұрынғы қалыптасқан тәртіпті бұза койған жоқ.

Марқұм Әнуарбек Дүйсенбиев бір күндері: «Бауырым, сенің директорың менен «Сәкен қандай жігіт?» деп сұрады. «Замечательный жігіт!» – дедім. Эрі қарай қазбаламады, бір өзгеріс болады-ау деймін», – деді.

Дәл осы сөзді Қастек те айтты: «Менен сен туралы пікір сұрады, не дейін, мактадым», – деп.

Тұрсынзада келді кенкілдеп: «Әбекен менен сен жөнінде мінездеме беруді өтінді, «бірге істеп көрген емеспін, бірақ жұмысына мығым, міндетіне адал қарайтын жігіт болар дедім», – деп.

Дәл осындай сөзді баспада юристконсультант болып істейтін Тойболды Зейнабілов деген жігітten де естідім. Нұрахмет ештеме дей қоймап еді, шөлмектес болып отырған бір сөтте «осы да бастықтарға жақын жүрге тырысатындар сортынан еді, бұдан неғып сұрамады екен, көрейін» дедім де: «Әй, Нұрахмет, осы сенің жоктан өзгені жасырып, күлблітелей беретінің-ай, әйтпесе Әбекен: «Сәкен қандай жігіт?» дегенде күмілжіп, жокты-барды шатпай, не жаксы, не жаман деп токетерін бір-ақ айтпайсын ба?» — деп қалдым тосыннан.

Нұрахметім шынымен сасайын деді, онысын ыржалактай құлгенімен жасырғысы келді де, маған итініп: «Тұра тұр, Әбекен сұрағанда былай болды ғой өзі», — деп тұсаулы аттай кібіртіктей бастағасын, әрі қарай тыңдамай орнынан тұрдым да кеттім.

Бұл не болғандағысы? «Шіркінде ес болсаши сезет деген», — депті ғой Абай да, Әбекеннің қай қыры екен?» — дедім де, онаша отырған бір сәтін пайдаланып, бастығымның алдына тағы бардым. Бір нәрсе сұрап келді деп қалды ма, бұрынғыдан жік-жапар болмай, ресми ғана салқын қабылдады.

— Әбеке, — дедім төтесінен бір-ақ тартып, — мен жайлы әркім-әркімнен сұыртпактап сыр тартып, пікір сұрайтын көрінесіз. Кім бүгін ағынан жарылып, адалын айтушы еді? Оның үстіне солардың бәрі де сізден шыға сала сүйінші сұрағандай маған келіп, болған әнгіменің шып-шырғасын шығармай айттып береді.

— Одан да, Әбеке, — дедім әнгімемді әрі жалғап, — менін кім екендігімді шынымен білгініз келсе, өзімнен сұрамайсыз ба? Құдай біледі деп айтайын, мені өзімнен жаксы білетін адам жок әзірге. Адалымды айттып, өзіме-өзім баға берер болсам, жаксы-жаман қасиеттерім елу де елу болып таразы басын тен ұстап тұр.

— Кой, — деп қалды Әбекен қысылғаны мойнының қызартынан анғарылып, — жақсы жағын басымдау шығар, о не дегенін...

— Жок, басым емес, сол пятдесят на пятдесят, — деп бітірдім сөзімді. Сөйтіп орнынан тұрдым да, кабинеттен шығып жүре бердім. Ол кісі мені тоқтаткан жок.

Сөйтсем, карауында істейтін адамдардың біреуі туралы екіншісінен әлгіндей пікір сұрап жүретін өзінің ежелгі әдеті екен. Жоғарыдағы әнгімені ұмытып кетті ме, кім біледі, бірде мені де шақырып:

— Сәкен, осы Төлен Каупынбаев қандай жігіт? — деп сұрағаны бар.

Төлен баспаға бізден кейін келді ғой деймін, проза редакциясында бірер жыл істегені бар.

— Әбеке, — дедім, — өзім жайлы болған бір әнгімede айттып едім, ұмытып кеткен секілдісіз. Төлен туралы мен не десем де ол жеке кісінің пікірі болып шығады. Таңертен жұмысқа келгенде амандастып жүрем, кетерде кейде коштасамын, кейде ол да жок. Катар отырып бір шыны шәй ішпеген адамым. Кайдан білейін, оның

қандай жігіт екенін, — дедім безбүректеніп. — Оның үстіне басшы адамның қарауындағылар жайында қалыптаскан өз тұжырымы, өз бағасы, өз пікірі болуы керек, — дегенді де косып қойдым.

Мойнына дейін қызыарған Әбекен үндемей қала берді.

Имандай шыным, бұдан кейін мен туралы өзгелерден пікір сұраса сұраған шығар, тек басқалар жайында «осы қандай жігіт?» деп Әбекен енді менен қайтып сұраған емес.

Баспада оннан астам редакция бар. Оларда Мағзом Сұндетов, Сағи Жиенбаев, Жұмабай Тәшенов, Дүйсенбек Қанатбаев, Әнес Сараевтар менгеруші болып істейді. Бұлардан басқа екі аударма, орыс әдебиеті, орыс аудармасы, үйғыр редакциялары бар. Осылардың үстіне халық шығармашылығы және фольклор деп аталатын жаңа редакция құрылды. Оған Есләм Зікібаевты бастық етіп қойып еді, ол көп отырмай басқа жакқа ауысып кетті де, менгерушісінің орны едәуір уақыт бос тұрып қалды.

«Директор шақырып жатыр» дегенде әдеттегі жұмыс жағдайы шығар деп асықпай аяңдап барсам, кабинетте бас редактор Есет Әукебаев, партия үйымының хатшысы Сағи Жиенбаев, директордың орынбасары Сәбит Сағынов, бас редактордың орынбасары Қайрат Жұмағалиевтер отырекен. Ұзын үстелдің шетін ала мен де барып жайғастым.

— Сәкен, бізде бір ой болып тұр, — деді Әбекен алғашқы үнсіздікті бұзып. — Есләмның орнына сені редакция менгерушісі етсек деп едік.

— О, құттықтаймын! — деп Сәбит үстел үстінен асыра кол ұсынды.

— Коя тұр, бұжігіт әлі келісімін де берген жок, сен құттықтап жатырсын, — деді жайымен Әбекен.

— Береді ғой, келіседі ғой,— дейді Сәбит те қосарланып.

Ләм-мим деп тіл қатпаған қүйі сіресіп мен отырмын.

— Неге үндемейсін, әлде атқара алмаймын деп қорқамысын?— дейді тақымдап Есаған. — Редакция менгерушісі болу келетін шығар қолынан.

— Келеді ғой, неге келмесін, — деймін мен де тыныш отырмай аузымнан қағынып. — Бол деп жатса менің қолымнан бас редактор, тіпті баспа директоры болу да келетін сиякты.

Кабинет ішінде бір сәт тылсым тыныштық орнады. Тілдерін тістеп алғандай ешкім үн шығарар емес.

— Ал, жақсы, тарайық, — деді Әбекен.

Бәрі орындарынан тұрды. Мен де әркімнің бетіне бір қарадым да, ешқайсысы ештеме демеген сон үнсіз шығып жүре бердім.

Қайтадан өз орныма (аудармадағы) барып отырдым. Бір күн өтті, екі күн өтті, ешкім үндемейді. Халық шығармашылығы редакциясында істейтін Тортай Садуақасов қана:

— Аға, келіп жаңа орныныңға неге отырмайсыз? — деп кояды қынқылдал.

Бір апта бойы басшылар тарапынан ешқандай емеуірін болмағасын, қағаздарымды жинастырып, өзіме тиісті оны мұнымды алдым да, бұрын Зікібаев досым отырған орынға барып жайғастым.

Онда жанағы Тортай, Айсұлу Қадырбаева, Нағима деген келіншек, Оңалбек Кенжебеков деген ақын жігіт істейді екен. Соларға бастық болып, аяқасты «айдағаным бес ешкі, ыскырығым жер жарып» шыға келдім.

Мұнда да бір қызық болды, бірер апта өткен шамада біздің бөлмеге баспаның бас редакторы Есет Әукебаев кіріп келді де, жүрттың көзінше маған әлдене себеппен даусын көтере, қатты ұрсып қоя берді. «Айқайламай сөйленіз, ағасы!» — деймін ақырын, Есаған болар емес, бидайдай қуырып әкетіп барады. «Оу, көке, айтарыңыз болса тым құрыса кабинетіңізге шақырып алып айтынызшы, мынауыныз ыңғайсыз болды-ау!» — деймін тағы.

— Сен біз көрсетілген сенімді ақтайды ғой деп, өсіріп жүрсек, — дей берген Есаған сөзін ортасынан бөлдім де:

— Ағатай, кимағаныныз сол менгерушілік болса, осы қазір арыз жазып берейін, өзініз алыңыз да, құлакқа маза беріп, айқайламай барып тұрынызшы, тегі, — дедім тұтігінкіреп.

Бас редактор бірден тосылып қалды да, шыға жөнелді. Енді бір сүт пісірім уақыттан сон телефон соғып:

— Сәкен, маған келіп кетші! — деп бұйырды. Кабинетке кіре бергеннен:

— Сен менін жүрегімді ауырттың ғой, түге, қуып шыққандай болдың ғой, мұны қалай түсіндік? — деді зілдене.

— Аға, — дедім мен, — жүрек деген менде де бар, ол да ауырады. Қарауымда істейтін екі-үш жас адамның көзінше айқайлай жөнелуге сізге де ешкім право бермеген болар. Шын айтам, кимайтыныныз редакция менгерушілігі болса, құдай біледі, маған түкке керегі жок, мен мұнда қатардағы қызметкер болып-ақ жүре бере аламын. Осы қазір-ақ бұйрық жаздыра берініз.

Бұл жағдайды бас редактор директорға жеткізді ме, жоқ па — о жағы маған беймәлім. Бірақ өзі баспадан кетер-кеткенше қайтып маған айқайлаудың біржолата токтатты.

Директордың кабинетінде жиналыс өтіп жатыр. Директорат мүшелерінен басқа барлық редакциялардың менгерушілері шақырылыпты. Алдағы бесжылдықта жоспарға кіргізілуге тиісті республика ақындарының тандамалылары, екі том, үш томдық шығармалар жинағы жайлы әнгіме болды. Директор:

— Тандамалы мен көп томдық шығаруға лайық бірде-бір ақын қалып коймасын. Ертең бәрібір арыздана бастайды. Ешкім қағажу қалмасын, — деп ескертіп жатты.

Поэзия редакциясының менгерушісі Сағи Жиенбаев пен қайта басылым редакциясының менгерушісі Жұмабай Тәшеновтер алдындағы тізімді мұқият оқып, директордың кітабындағымен салыстыра бастады. Директор бәрімізге қарап: «Енді ешкім қалып койған жоқ па?» — деп қайта-қайта сұрай берген соң мен мектеп окушысындай болып мұләйімси кол көтердім:

— Иә, Сәкен, манадан кімде қандай ұсыныс бар деп сұрап жатырмыз ғой, қалып койған кім бар, айт! — деді директор.

— Таланты жағынан осы тізімдегілердің ешкайсысынан кем емес бір ақын жоспардан қалып койған сияқты. Әлде сіздердің сындарынызға толмайтын, шарттарынызға сай келмейтін жайы бар ма? — деймін мен де әнгімені үзарта түсіп.

— Иә, айтсаншы, ол кім? — деп директор қаламын онтайладап мен атайтын ақынның аты-жөнін жазып алуға ынғайланды.

— Сәкен Иманасов деген де бір ақын бар сияқты еді, — деймін мен.

— Қалай, Сәкен жоқ па еді тізімде? — деп қалды директор.

— Жо, болу керек, — деп Сағи алдындағы қағазына үніліп іздең болады.

— Іздемей-ак қойыныздар, үш-төрт оқығанда жоқ еді, енді кайдан тізімге ене қойсын, менікі жай сөз еді, әуре болмаңыздар, — деп жатырмын.

Директор үстелінің сол жағында жатқан, әдетте авторлардың арыз-мұнын жазып отыратын қалың киіз кітабын алғып, менің аты-жөнімді жазуға оқталды.

— Әбеке, жазсаныз жүртпен бірге мына тізімге кіргізе жазыныз, ана кітабыныздың уәдені көбейтіп қайтесіз сол, — дедім.

Директор жақтан мардымды жауап болмады.

Ертесінде Жұмабай Тәшенов мені онашалап:

— Батыр, сен кейін айтпадың деп маған өкпелеп жүрерсін. Жоспар комитетке кетті. Сен жоқсың. Ендігісін өзін біл, — деді.

«Түйенін танығаны жапырак» дегендей, менің құдайдай көретінім сол баяғы Жұмабаев. Сөлбірейіп алдына тағы бардым.

— Әбеке, кеше көзқакты болса да әлдебір кітабынызға жазып алғып жатқан сияқтанып едіңіз, накты біліп келдім, мен сорлыны әлі де кіргізбепсіз ғой жоспарынызға, — дедім.

— Сәкен, — деп өзіне ғана тән жылы-жұмсақ мәнерімен жайлап түсіндіре бастады Әбекен, — тандамалы кітап шығару үшін лауреат, тіпті болмағанда оқулыктарға енбегі енгізілген ақын болуы керек екен. Сен бәрінен тұлдыр көрінесін.

— Лауреат еместер де жүр еді ғой.

— Олар жоғарғы жақтың нұсқауымен кіріп отыр. Сен өзің де қызық жігітсін бір. ЦК-та, не комитет басшыларына бармайсын, айналып үйірліп маған келе бересін. Арызданып көрмес болар ма, — деп жанашырлық көрсеткендей болды ол.

— Ойбай-ау, Әбеке-ау, Иманасов қашан арыз алып келер екен деп күтіп отырған ЦК, комитет бар дейсіз бе, бәрібір сізге жібереді ғой, — деймін білгішсіп.

— Дегенмен арызданып көрсөнші. «Жыламаған балаға емшек бермейді» дегенді білесін ғой.

Не керек, акыры ешқашан жазып көрмеген арызды «Әй, жобасы осы болар» деп қағазға түсірдім де, Орталық Комитетке айдал кеп жібердім. Ондағылар тез кимылдайды екен, арада апта өтпей жатып баспа комитетті төрағасының орынбасары Скоробогатов дейтін орыстың атынан хат алдым. «Сіздің Орталық Комитетке жазған арызының бізге түсіп еді, оны баспа директоры Жұмабаевка жібергенбіз. Жұмабаев сізге таяу жылдар ішінде таңдамалы берудің ешбір реті жоктығын дәлелдеп, арызының аяқ асты қалмауы үшін көп ұзатпай бір томдық шығармаларыныңды қайта бастырып беруге келісіп отыр», — делінген.

Сол қағазды ала сала тағы да Жұмабаевқа барайын.

— Әбеке -ау, акыры берер жауабының мынандай екен, әнеуқұні мені арыз жазуға ауыздандырып неніз бар еді, ток етерін сонда-ак айта салмадының ба? — дедім.

Иншалла, бұл жолы Әбекеннің не дегені есімде қалмапты.

Осы төніректе көп ойландым. Әбекен екеуіміздің арамызға кара мысық жүгірткен қай антүрған екен деген ойдың түбіне жете алмай дал болдым. Кейін өзім сырлас болып жүрген жігіттерге айтып, ой корытудан түйгенім мынау болды. Мен Жазушылар одағында қызмет істеп жүріп, аяқ асты қыскартуға түсіп қалғанмын. Ол кездегі одактың бірінші хатшысы Әнуар Әлімжанов еді. «Жазушының» директоры Әнуарға карсыластар тобында. Мені, сірә, Әнуарға өкпелеп кеткен деп түйген де, мұдіртuge, кідіртуге күшім жетпегенімен, керек бір жерінде ұрып қалмасам да, ұріп қалуға жарап деген болса керек. Менің о жағынан да мақұрым екенімді көрген сон, амалы құрып, колды бір сілтеген түрі ме деп те ойлаймын. Әйтпесе, сол жылдары Сағи, Қайраттардың қалың-қалың кітаптары жиі шығушы еді. Сондай болмаса да өз бойыма лайық бір кітап шығарып беруге болатын-ақ еді ғой.

«Жазушы» баспа болып құрылған алпыс жылдан астам уақыт ішінде Әбілмәжін Жұмабаевтан көп отырған директор жок. Ол өзі шаруасына мығым, қай істе болса да кесіп-пішіп бір-ак айту деген жок, «жаксы, дұрыс екен, ойланайық» деп, екі шоқып, бір карайтын сактықпен жұмыс істеген адам. Менің де бетімді қайтарып, Колымды қаккан кезі де көп бола койған жок. Әйтеуір басқаларға ұқсап сынарезулеп, тізеге салып шешсем дейтін пиғыл танытқаның көре койған жоклын. Бірақ ара-тұра сөзге еретіні болушы еді. Ондай сөз қөбіне менің ескі досым Қайраттан шығатының сезіп қалып жүрдім.

Бірде орыс ақыны Некрасовтың екі томдық шығармаларын аударып шығаратын болдықта, құрастырушысы, сұрастырушысы, редакторы түгел мен болдым.

Өндіріске тапсыруға таяп қалған кезім еді. Қайрат досым:

— Сәкен, Некрасовтың қолжазбасын маған берші, алдын-ала бір карап шығайын, — деді.

«Жыным ұстап» кетті.

— Бірер күнде бітірем. Содан кейін сенің алдыңа келеді, сонда каарсың, әрі-бері тасып жүрер түгі жоқ оның, — дедім.

Кайрат қыстыға безеріп қала берген еді. Іле-шала директор өзіне шакырды.

— Сәкен, — деп бастады сөзін Әбекен, — әдебиетіміздің тірі классиктеріне айналған санаулы ғана тұлғалар бар. Солардың бірі – Әбу Сәрсенбаев. Ол кісі кезінде Некрасов шығармаларын аударуға көп араласқан. Енді соларды алып тастап, жаңа аударма жасатқанда біз не ұтамыз?

— Алып тастады деген кім, Әбеке? – дедім.

— Жігіттер айтып жүр ғой, сен өз бетінмен жаңа адамдарға аудартып жүрген көрінесін.

— Қазір, – деп шығып кеттім де, өндіріске даяр тұрған екі кітаптың мазмұны басылған он шакты бет қағазды қобырсытып алып келдім, – Ал, Әбеке, қараныз, кім қалып қойыпты, жанадан кімдер кіріпті.

Ол асықпай әлгі қағаздарды парактап шықты.

— Осы ғой барлық шығармасы? – деп сұрады.

— Иә, осы, Әбеке.

— Интересно, – деді Әбекен. – Жарайды, жібере бер теруге.

Сөйтсем, менің Қайрат досым: «Мына Сәкен Әбу сиякты «классиктердің» аудармасын жаратпай алып тастап, ешкіммен ақылдастастан жана аудармалар жасатып жатқан көрінеді. Мен «көріп шығайын» деп едім, «біткенде бір-ак көресін» деп маңына жолатпады», – дегенді көпіртіп айтып барса керек. Әртүрлі пікірді Қайраттан тәптіштеп біліп отыратын Әбекен оның сөзіне құлай кеткен.

Тағы бірде Александр Блоктың екі томдығы шықпақ болды да, Қайрат «Роза мен крест» деп аталатын үлкен драмасын аударды.

— Сәкен, – деп кейіді Әбекен кітаптардың сүйінші данасын колына алып тұрып, – «Өлендері мен поэмалары» деп айшықтап айдартағасындар, сөйтесіндер де драмасын аудартасындар, сол неге керек еді, тәп-тәуір дүниені осылай бұлдіретіндерін-ай осы, – деп барып, кітап мазмұнын қарап жіберді де: «Жұмағалиев» дейді, ей, – деп үнін бірте-бірте баяулата өшіре берді.

Осы баспада бас редактордың орынбасары болып жүрген сол Қайрат 1987 жылы маған келді. Кабинетте біраз әнгімелесіп отырдық. «Күйс үйден құр шықпа» деуші еді, – деді ол менімен

қалжындаса беретін әдетіне басып, — тамақ жібітер бірдемен жок па?».

Жазу үстелінің бір шетіне қағаз жайып, бір шөлмек конъяк ашуға тұра келді. Соның буы ма, өзінің ішінде бір қыжыл бар ма, біраздан соң Қайратым:

— Сәкен, осы сен Жұмабаев екеуіміздің үстімізден неге жаздын «домалақ» арызды? — деп сұрағаны.

Арыздын «домалағы» түгіл, төртбұрыштысын да жазып көрмеген басым, қатты сасып, біргүрлі болып мұздай тіксініп қалдым.

— Қайдағы арыз?

— ЦК-та жазыпсын? Маған бір жауапты адам көрсетті. Сенін қолтаңбан, — деді Қайрат.

— Әй, Қайреке,— дедім мен, — Жұмабаев директор еді, қарауындағыларға тізесі батуы мүмкін, соған ерегесіп жазуы ықтимал адамның, ал үстінен арыз жазатын сен кімсін? Есектің миын жеген біреу болмаса, бұған кім сенеді?

— Өзім көрдім ғой.

— Онда жүр, сол адамға барып беттесейік, — деп, мен есікті іштен кілттедім де, — ал айт, кім еді ол адамың? — дедім.

— Қазір ол Алматыда жоқ, — деп тайсактай бастады Қайрат.

— Әй, осы Совет Одағында болса, ертең менің қаржыммен жолға шығайық. Мен әлгіндей жаланы естіп, жер басып жүре алмаспын, — деп қасарыстым.

Қайрат сөзінен тайқып, мұз үстіне қоя берген тайлактай қалтырандаپ, қалжынға бұра берген болды.

Дүрдараз құйде тараптық.

Ертеңінде құдай айдал Әбекеннің өзі келе қалғаны. Есікті іштен жауып алдым да, кешегі жағдайдын бәрін айттым.

— Сәкен, — деді Әбекен, — сенің арыз жазбайтыныңа, жаза алмайтынына баяғыда көз жеткізген адаммың мен. Қайраттың не деп жүргенін білмеймін, өз сөзіне өзі жауап берсін, ол өнгімде мені жоқ деп есепте. Ал арыз жазған адамның кім екенін мен жаксы білемін. Бір реті келгенде өзіне айттармын да.

Әбекен бірдеме деді ме, әлде менің де қадалған жерімнен кан алмай қоймайтыныма көзі жетті ме, Қайрат та «мен қателесіппін» деп кешірім сұраған болған. Мұнысына мен сене қоймадым, ол да күмәнді құйде жүрген болуы керек.

1996 жылдың басында араға төрт жыл салып «Жазушы» баспасына Бас редактор болып мен қайта оралғанда Әбекен телефон сокты:

— Сәкен, баяғы өзің жүргенде жоспарға кірген «Қазактар» дейтін кітап бар еді ғой, соны әлі шығара алмай жүргем, — деп.

— Алып келініз, Әбеке! — дедім мен.

— Ә, шығара аласындар ма? — деп әбріжінкіреп қалды Әбекен.

— Шығарамыз! — дедім мен сеніммен.

Ешкім бетімді кайтарып, колымды қаккан жок, араға көп уақыт салмай-ақ «Қазақтар хакында» деген атпен ол кітап та жарық көрді. Бірак Әбекен бұл жерде менін каншалық үлесім барын анғара алмай қалды-ау деймін, өйткені көбіне Есенғалиға (баспа директоры) кіріп жүрді де, мен жакка ықыласты бола коймағанын байқадым. Не ойлаганы ішінде.

«Жауды Жанғазы алады, атағы Баракқа қалады» дегендей, менін қанша күш салғаныммен, «директорсыз шеше койды дейсің бе» деген де бір ой жүгіріп өткен сиякты болады да тұрады. Өзі маған ол жайлыш ләм деген жок.

Өйткені, осы мезгілде маған бұрынғы бас редактордың бірі Есет Әукебаев келіп: «Осы баспада әркезде бас редактор болған орыс, казағын қосқанда төрт-бес майдангер калыптыз. Бізді бұл күнде бәрі ұмытып кете береді, сен өзің қолға алып, бәріміздің басымызды қоссан қайтеді, қарт адамдар мәз болып қалар еді», — деген өтінішін айтты.

«Жарайды» дедім де Есенғалиға айтып, қыздарға шәй дайындағып, Құланбай Көпішев, Сагынғали Сейітов, Егеров дейін орыс, Есағаның өзі, бәрін шакырып, тонға жарамаса да, жолға жаарлық сый-сияптын жасадық.

Ағаларым да сөйлегіш екен, бірімен бірі жарыса жамырасып: «Айналайын Есенғали, сен бір үлкен азаматтық жасап отырсын, сенен бұрынғы директорлардың бірде-бірі бізді ойлап, бүйтіп басымызды қоспап еді, көп ракмет!» — деп алғыстарын айтты дейсін келіп. Мен жайыма қалдым. Жақсылықты сатпайды деп жатады ғой, дегенмен бірінші басшы тұрғанда сен де кісі болып бірдене жасай кояды-ау деп ойламайтын надандықты көре тұра налымай қала алмайды екенсін.

Авторлардың да әртүрлілері бола береді. Біреуі сып-сыпайы болып келеді де, бірте-бірте тырнағы барын танытқысы келіп, қысым жасауға көшеді. Енді біреулері бірден ықтырып алмақ болып, донайбат жасай дүрдие келеді де, одан имене коймайтынынды сезіп, қайтадан мысықтабан мінезге басады.

Бірде Актөбе жақтан Жанғалиев деген автор келді. Қартандау адам екен, сыпайы қабылдап, жылы қабак танытып жатырмын. Өлең жазады екен, соларын кітап етіп шығармақ. Оқып көріп едім өлең ауылдан аулағырақ жайылып жүрген адам екені бірден-ақ анғарылып қалды.

— Өлеңдерініз сын көтермейді екен, аксакал, кітап етіп шығарудың мүмкіндігі бола қоймас, — дедім бірден ток етерін айттып.

Өзі сойған тұлқідей болып, жылусыз жымыып карайды екен кісіге. Өте сүйкімсіз жылмиыс.

— Қайтесін бос сөзді, бәрібір шығарасын. Одан да қабылдап алып, тезірек шартын жасап бер, — дегені үстеліме бір шынтақтай қисайып отырып алды. Сығырая қарап, сынағандай болып жылмиып қояды.

— Жарамайды деп отырмын ғой сізге, тұсінбедініз бе? — деймін ыза бола бастап.

— Жарайды. Жаратасын. Бәсе, Саттар Имашев та айтып еді, олар өз бақшасына жолатпауға тырысады, бірақ шығарамыз деп. Шын болып шықты ғой.

Имашев ол кезде бүкіл республиканың идеологиясын басқаратын Орталық Комитеттің хатшысы. Тұқірігі жерге тұспей тұрған кезі, соның атын атасам бұтына жіберіп қояр деген бопсасы да болуы керек.

— Имашев өлеңінді оқыды ма?

— Баяғыдан оқып келеді. Көп жыл бірге қызмет істегенбіз. мактап отырады ылғи. Шығартам деп отырған да өзі.

— Дәл солай десе, ол кісініз де алжи бастаған екен. Ал, жақсы, ойнасак та біраз жерге бардық-ау деймін, аксақал, қағазынызды жинап алыныз да, енді бара берініз, — деп куғандай болып шығарып салған ем.

Куырдақтың көкесі сонында жатыр екен, әне-міне дегенше болмады. «Жұмабаев шақырып жатыр» — деп хатшы қыз жетті дедектеп.

Барсам, жаңағы шалым қаздыып, үстеліне шынтақтай жайғасып алып директордың қасында отыр.

— Сіз бір минутқа шыға тұрыңызшы, өзім шакыртайын. Сәкенмен бір ауыз онаша сөйлесейін, — деді Әбекен.

Онаша қалғасын:

— Сәкен, бір үлкен лаузымды адамға уәде беріп қойып ем, қарап көрсөң қайтеді? — деді.

— Әбеке-ай, ішінде іліп алар жыланқарағы болса бірдеме жасап көрер ем ғой, құдай ұрғанда ныспыға түк жок болып тұр ғой, түк жок.

Әбекен менің ымыраға көнбесімді бірден байқады да, Сағи Жиенбаевты шакырды. Ол поэзия редакциясының менгерушісі болатын.

— Сағи, сенде адам көп кой, біреуіне жалынсан да, жасатарсын. Бір адамға уәде беріп ем, қысылып тұрмын. Сәкен жаратпапты, рас та болуы керек, — деді.

— Жарайды, жақсы — деп лып ете қалды Сағи.

Әбекен әлгі авторды шақырып алып:

— Мына Сағимен еріп барыныз, қалғанын өзі айттар, — деді де бәрімізді босатты.

Ақыры ақын Ұлықбек Есдәuletov бір ай көз майын тауысып отырып, әлгі автордың жазғандарын ілдалдаға келтірді білем. «Әй,

өзімнің де сілікпем шықты-ау әбден. Сәкен (Сағи): «Жасап бере салшы, тұқымы құрысын», — деген сон, амал не, біраз барымды жұмсадым», — деген ол да.

Ол кітабы да шықты. Енді құтылдық па деген кезде Жанғалиев жылмиып тағы жетті. Актөбенің облыстық газетіне әлгі алғашқы кітабын мактаған рецензия да жариялатып, соның қындысын ала келіпті.

— Екінші кітабымды алып келіп ем, — дейді маған арамызда бұрын абыройсыз әнгіме болмағандай-ак.

— Сіз Сағиға барыныз. Кітабыңыз сол редакциялардан шықкан, — деймін ат-тонымды ала қашып.

— Білем, бірақ директор сізге бар деді, шығарып береміз деп отыр. Оның үстіне қолжазбамды Әбекен (Әбділда Тәжібаев) оқып шығып, мактады. Міне, тұсына жазғандары да бар, — деп кожазбасын ашып көрсетті.

Қолжазбаны шынында Әбділда Тәжібаев оқып шығыпты. Кайран сабазын, алдына барған әжептәуір ересек адамның сөзін кия алмаған сияқты. Кей бетіне: «Осы арада жылт еткен бірдеме бар сияқты», «Туу , бос лағып кеттің ғой!», «Кайран қор болған есіл уақытым-ай!» — деген сияқты ескертпелер екен.

— Оу, көке, мактаған түгі жок кой! — деймін.

— Е, міне, оқымайсың ба, міне: «Мына шумағын алуға болады» деп жазылған ғой, — дейді ол иісалмасын да.

— Апыр-ау, осыншама дүниеден бір шумак алуға болмаса, несіне апарғансыз. Әбекен де не десін бұдан артық, — деймін күйініп.

— Сен өзің өле алмай жүрген жігіт екенсін, айтпап па ем бұрын «шығармаймын» дегеннен абырой таппайсын деп. Сол айтқаным — айтқан. Шығады кітап, — деп кабинеттен зілдене басып шығып кете берді ол.

«Уң» дей беріп ем, тағы да директор шакырды.

Жазған құлда шаршау жок, тағы бардым. Тағы сол өнбес дау. «Сәкен, Әбділда ағамыз оқып шығып, риза болды деп отыр мына кісі. Бұ қалай?» — дейді «байғұс» директорым дегбірсізденіп.

Автордан қолжазбасын сұрап едім, бергісі келмеді. «Әбеке, өзіңіз алып, парактап көріңізші!», — деп жалынам Жұмабаевка.

Екеулеп отырып, тартып алғандай болып, өупіріммен әзер колға іліктірдік қолжазбаны. Бергісі келмейді колымызға.

Директор да бір шикіліктің ісін сезе бастады-ау деймін, авторға:

— Сіз қабылдау бөлмесіне бара тұрынызшы, бірер минутке, — деп жалынды. — Біз онаша ақылласып алайык.

Авторды арқанмен сүйрегендей әрен деп шығарып жібердік те, Әбекен екеуіміз қолжазбаға үңілдік. Әбділда Тәжібаевтың кинала оқып, үяттан аттап кете алмай азапқа түскенін көрсететін белгілері, ескертпелеріне қарап, түкке түрмас іске осынша уақыт шығын етіп отырған өзімізді де аядык.

Әбекен әлгі авторды ішке шақырды. Өзі бойын тіктеп, қатайып алды.

— Ақсақал, үлкен басынызбен айткан соң сеніп қалып ем Әбділда мактады дегенге. Мұнда мактамаған, қайта боктаған еken. Кітабының жарамайды. Бұрын бір рет тізеге салғам, енді болмайды. Бұл жігіттің мазасын алмаңыз, мен мұны таяктап үрып істете алмаймын ғой, бітті, барыңыз! — деп айдал шықты.

Автор шығып кеткен соң барып, еptеп сабасына түскен Әбекен:

— Эй, Сәкен-ай, мен бұл адамнан әлі құтыла алмаймыз ба деп коркам. Жә, арғысын көреміз! — деп мені де шығарып салды.

Авторлар алдына шағыммен барса, бірден байбалам салмай, алдымен екі жақты да тындал, анық-қанығына өзі көз жеткізіп алуға тырысатын еді. Бірде менің үстімнен Қебей Сейдеханов арыз айтып барыпты. «Жыр шашу» деген атпен кезекті бір ақындар айтысының материалдарын кітап етіп шығармақ едік, соны Сәкен жөн-жосықсыз қыскартып жатыр деген көрінеді.

Әбекен шақырды. «Сәкен, мен осы айтысты теледидардан үзбей көріп, тындал келем. Жақсы ғой. Соны үзіп-жұлып қыскартпай-ак, түгел тұтас шығара беруге болмай ма?» — деп сұрады.

— Құлакпен тындау бір басқа да, көзben оку бір басқа ғой, Әбеке. Теледидардан көріп отырғанда: «Жұз саулықтан жұз жиырма қозы алды біздін Дүйсекен» деген сөздер де жұп-жұмыр болып естілуі мүмкін. Ал осы өлең бе? Біз қыскартсақ айтыстын құнын түсіретін әлгіндей тұстарын, іліп алары жок жасық шумактарын қыскарттық, — дедім.

— Эй, ол да жөн еken. Әлгі Қебей басқаша айтып еді. Жарайды, өзін біліп істей бер ендеше, — деді бастығым.

Әбіраш Жәмішев аударған әртүрлі елдер ақындарының бір жинағын редакциялау маған тапсырылды. Оқып шығып ем, балдыр-батпақтау қойыртпак бірдене еken. Не әдебиетке, не авторға, не баспаға абырой әперетін дүние емес, әйтеуір. Жәмішев ағама соны айтып едім, қабыл ала қоймай, жұзі қүреніте шығып кетіп еді, ілешала тентектік жасап қойған баладай болып директордың алдынан тағы шықтым.

Не үшін шақырғанын ішім біліп тұр, алдын-ала жазылған 4-5 беттік қағазға түскен пікірімді ала бардым да, үн-тұнсіз Әбекенің алдында қойдым. Ол қағазыма бір, маған бір карап, «bara бер» деп ымдалы.

Жұмабаев пен Әбіраш Жәмішев екеуі бір ауылдан, әрі досжар адамдар екенін білетін едім. Бірак, Әбекен ол әңгімені әрі қарай өршіткен жок, не ойласа да өз ішінде қатып қала берді.

Мен редакция менгерушісі болып жүрген кездегі тағы бір үлкен дау әйгілі «Бес ғасыр жырлайды» антологиясының төнірегінде болып еді.

Бұл антология бұрын да жарық көрген. Ел-жүрттандын жақсы бағасын алған, пышақ үсті сатылып кеткен кітап болатын. Уақыт

єте келе толықтырып қайта басудың қажеттілігі туып еді. Құрастырушыларды да ежелден елге белгілі Мұхтар Мағауин мен халық шығармашылығын зергитеуші маркүм Мардан Байділдаевтар еді. Бұрынғы кітапқа да көп өзгеріс енбекен. Әртүрлі себептермен ысырылып келген жекелеген жыраулар шығармаларын қосу ғана үйғарылған. Сол кезгі Академияның М. Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институты да қолдау көрсетіп жүргендей еді.

Айтыстың бәрі қолжазбаларды өндіріске өткізер кезде басталды. Ең алдымен баспаның бас редакциясы мен әлгі Әдебиет институтының басшыларының басын қосып кеңейтілген редакциялық кенес өткізуіміз керек еді. Сол кенес үстінде институт директоры Мұсілім Базарбаев маған орынсыз бір сұраптар койып, бүйрекten сирақ шығара бастады. Басқадан бұрын менің шамыма тигені оның жөн-жосықсыз: «Ең алдымен әр томға (барлығы 3 том еді) қанша ақын-жырау, әр автордан қанша жол өлең кіргізілгелі отырғанын айтшы!» – деген сауалы болды.

– Мұсеке, колхоздың койын санап отырған жокпыз ғой, автордың бәрі талант-дарынына қарай ірітелді, сонында қалған мұрасының көлеміне қарай біреуінен көп, біреуінен аз дегендей, бұл енді ең маңызды жағы емес қой, – десем тағы біреулер қосылып, дау ушыға түсер болды да, кенес мүшесі ақын ағам Мұзафар тұрып: «Мұсеке, «Ханда қырық кісінің ақылы болады» деуші еді, бастық сіз ғой, сөзаяғын тоссанызышы», – деп ара ағайын сөзін айттып әрен басқан.

Мен көп жәйітті анғармайды екем. «Бұл кітаптарға тосқауылдың тап бола беретіні несі?» – деумен ғана жүретінмін. Астарына терендереп бойламаптын. Менікі, әйтеуір, елге қажет ұлы мұра сиырдың бүйрекіндегі бөлшектенбей тұтасымен жариялана берсе деген шынайы ниет қана еді. Өзімізде әмір-билік, сөзімізде бүйрық жок, әйтпесе әй-шайға қаратпай, бір-ақ құнде баспаханаға жібертер едік, – деп кіжінетінмін тек.

Соңғы жылдардың бірінде жарық көрген Мұхтар Мағауннің «Мен» деп аталатын ғұмырнамалық хамсасын оқып отырсам, сол кітаптың 558 – 559-беттерінде бұл даудың түпкі сыры ашыла түсіпті. Сол арасынан үзінді келтіре кетсек Мұхтар оған ренжімес. «Бұл жерде «Бес ғасыр...» төңірегінде жанжалға ғана қатысты біраз кептің басын шаламыз, – депті ол. – Онда да түгел емес. Айта берсек бұл турасында тағы бір кітап жазуға болар еді. Сонымен, Институт директорының ресми өктем хатынан (Мұсілім Базарбаевтың баспаға жолдаған «Бес ғасыр жырлайдыны» шығару құқығы тек институт иелігінде» деген сыңайдағы хаты) бұрын да бұл төніректе әжептәуір әнгіме болған... ...Алаш азаматтарының мүлкін аударып алған үйреншікті дәстүр бойынша... З том кітаптың бірінші бетіндегі үлтшыл есімді советшіл есіммен алмастырса жетіп жатыр. ...әп-сәтте үш томдық мәнгілік кітапқа ие бола кетуге сенімді, серпінді

талап жасаған Әнуар Дербісөлин «Жазушы» баспасының басшылығымен, онын ішінде партиялық тұғыры берік бас редактормен жылды жүзді, мол үмітті кездесулер өткізіп жүргені мәлім болды. Баспаның екі басшысы да әжептәуір қопандап қалған. ...поэзия редакциясының менгерушісі, арынды ақын, бірбеткей азамат Сәкен Иманасов мұндай былыққа бармайтынын ашық айтты; мен мыскылдап, бас шайқап күлгендеге ол мұлдем қайран қалып, ашуланып отырар еді; екі үлкен бастығына да «Алласпан-ның» бұрын шыққанын, кейінгі басылым соны қайталау екенін, мұндай адамгершілікке жат, ар-ұятқа сиымсыз істің аяғы шатак боларын айтып «Мениң авторым – Мұхтар Мағауин – сіздерді сотқа берсе де женіп шығады, қандай жағдайда да мен киянатка бара алмаймын» деп мәлімдегіті».

Әрине, сол жүйкеге тиер ұзак сарсанды текетіресте те женіс ақыры біз жағында болғанын айта кетуге тиіспін. Шындық үшін табанды құрес жүріп еді. Оны да өлгі аталған кітабында Мұхтар Мағауин былай түйіндепті. «Бес ғасыр жырлайдының» соңғы жарты жылдағы бар шатағын менімен бірге атқарысқан бөлім бастығы Сәкен Иманасов тоғыздан бес минут өткенде телефон соғып: «Мұхтар, бір түсініксіз нәрсе болып жатыр, мен ештеге білмеймін бас редакторға келші, тезірек», – дегені. «Ә... – дедім мен, қазақтың айрықша сыйлы сөздерімен коса шыкты. – Тағы бастаған екен ғой. Қазір көрсетейін мен!..» дей келіп біраз нәрсеге оқырман көзін жеткізіп алды да, сөз сонын: – Әлі есімде, бір әрпінде кате жок, бас редакторға сол қалпы, дәл былай дедім: «Адамнан үялмайтын, аруактан қорықтайтын не деген құдай атқан кісісін? Бұдан бес жұз жыл бұрын жасаған жыраулар, сен тозаққа түскеннен соң бес жұз жылдан кейін де іздеушісі табылады!.. Даусымды көтермей, әр сөзін шегелеп, бабымен айттым. Содан соң түрегелдім де, баяу басып жүре бердім. Есіктен шығарда артыма қарасам, ағам тас болып қатып қалыпты. Сәкенге де бір минутқа ғана бас сұқтым. «Болды, – дедім, – Енді ешқандай шатак шықпайды!» – деп тәмамдапты.

Көбі менің есімде жок. Бірақ кітап әлі басылып үлгермей жатқанда баспаға бас редактор болып сол Мұхтар Мағауиннің өзі келді. Желауыздар оның да кімнің демеуі, кімнің желеп-жебеуі аркасында келгенін өндіршектері үзіле айтып жатқан. Маған кімнің келгені емес, енді ырын-жырыңсыз жұмыс істеу жағы қажеттірек еди.

Амал не, қырдақтың қөкесі осы жерден көрініп, кеше өзі жан алыса, жан берісе құрекен антологияның құйрық-жалын енді жана бас редактор қүзей бастады. Құзегенде де, баппен, шеберлікпен емес, шетінен сықпырта ат көтіне жіберіп, сыптырып алып тастай берді. Не дерімді білмей тілімді тістеп дағдарған маған: «Сірә, бұрынғы бас редактордан да асып түстің-ау» – деп тұрған

шығарсын?!, — деп алғып келіп өші бардай сұпырады. — Дымын ішінде болсын, бәрі дұрыс, бәрі орнына келеді!» — дейді және мені жұбатып.

Қайсысымен алыса берем, бұл кезде мен де қажып, шаршай бастаған едім.

Шамданыстын соны әртүрлі шатакқа ұласа бастағанын байқадым. Токтамасам, өзімді өзім тежемесем әлдене жарға ұрындырарын да анғарып, сактана бастағам.

Бұл жана бас редактордың жана қызметке кірісердегі әсіре сактығы ма, жоғарыдан келген әмір-бұйрықтын әсері ме, білмей, басым дал болған. Ақыры ойлана-толғана келе: «Е, әлгі жұрт айтып жүрген демеуші, жебеушілерінің «ақылы» шығар, бірден барып пәлеге ұрынып қалып жүрме, аңыс аңдып отырған дүшпандарын бар, бір күнгі кішігірім женісті малданып, алдағы шешуші үлкенінен қағылып қалып жүрме», — деген ғой солары деп түйдім де, қарсыласуды тоқтатқам.

Сол дұдамал қалпы ішімде кете берген сауалға жауапты мен Мұхтардың «Менінен» тауып, көп жылдан кейін қанағаттанып едім... Араға төрт-бес жыл салып барып ол кітаптарды мен де екі том етіп, әуелдегі нұсқасын қалпына келтіре толықтырып, қайта басып шығару жағында да өзім жүргенімді айта кеткім келеді.

«Мұнын бәрін неге тәптіштен айтып жатырсын?» — деген де сауал туып қалуы мүмкін. Әбекеннен кейінгі директорларда сондай төзім, қарауындағылармен санаса жұмыс істеу әдісі кемшиң соғып жатты. Кезінде оны да әнгімелеймін. Жоғарыдағы жайтың бәрі сол үшін керек еді.

1984 жылы «Жазушы» баспасы тұтқылдан қасқыр тиген отардай болып бір дүрлігіп қалды. Бір мезгілде Сағи, Кайрат қызметтеген кетті. Сағидың орнын Дүйсенбек басты да, Кайраттың орны (бас редактордың орынбасары) бос тұрып қалды. «Жалын» баспасында директор болып тұрған Қалдарбек: «Әбекенмен сөйлессем қайтеді» деп еді, «қой» деп азар да безер болдым.

Сол күндері Қастек Баянбаев келді маған. «Мені Әбекен шакырды, — деді ол, — Кайраттың орнын ұсынды. «Жалын» баспасында да дәл сондай қызметте отырмын ғой, әуре болып қайтем», — деп едім, «Бізде перспектива бар, көп ұзамай бас редактор болып қалуың мүмкін», — дейді. «Ойланып көрейін», — деп кеттім.

Қалдарбек дегенмен Әбекенде сөз салды ғой деймін, Қастек кеткеннен соң іле-шала Әбекен мені шакырды.

— Сәкен, Жұмабай жұмыстан кетіп жатыр, қайта басылым редакциясына сені менгеруші етсек деп едік, қалай қарайсың?

— Менің орным тағы біреуге керек болып қалды ма, Әбеке?

— Эй, сен де бір қызық жігітсін. Қайта басылым ірі өрі беделді редакция болғасын...

— Мен сол «беделсіз» редакцияда-ак отыра берейін, кисаныз.

Әйтпесе, маған поэзия редакциясын неге ұсынбайсыз? Сонау жылы ең алдымен сол редакцияға аламын деп шакырып едініз ғой мені, — дедім.

—Дүйсенбекті осындағылардың бәрі жуас жігіт деген сон, поэзия редакциясына соны жіберіп едік.

— Онда жуас жігіт қана отыруши ма еді, жақсы жігіт отырса қағынып кете ме? — дедім безеріп. — Жуас деген сөз жақсының баламасы емес шығар.

«Әй, мына кәпірге сөз өтпес» деп ойлады ғой деймін, бұдан әрі тәжікелеспей Әбекен мені еркіме жіберді.

Бірақ «человек предполагает, а бог располагает» деп орыс ағайын айтқандай, Әбекеннің бұл ойы да жүзеге аспай қала берді. Кезекті демалысымды алып, Гаграға демалуға кетіп бара жатыр едім, аэропорт басында бірге істейтін Ермұрат деген жігіт жолығып:

— Жаңалықты естідініз бе? Жұмабаев кетіп, осы әлгінде ғана орнына Сайын Мұратбеков директор болып тағайындалды ғой,— деді, — Мен сол жиналыстан шыға жеткенім осы мұнда. Бір адамдарды карсы алмақшы едім.

Мен Кавказға қарай ұшып кете берген болатынмын...

\* \* \*

Сайын екеуіміз бір өнірденбіз. Бір-бірімізді ертеден білетін едік. Мені ұшпакқа шығара қоймаса да, енді сөзім жерде қала қоймайтын шығар-ау деп үміттеніп қалғаным рас. Курорттан келе қолын алып құттықтадым. Бұл кезде Қалдарбек Найманбаев Жазушылар одағының екінші хатшысы болып кетіп еді, сол: «Сен бізге ауыс, көп пәтерлі үй біткелі тұр, аппаратта жүрсөн үй алуын онай болады», — деді. Сөйтейін деп ойладым өзім де. Сайынға айтып едім: «Ой, сенің денің дұрыс па, келдік кой, міне! Бәленбай жыл осы баспада істеп, құркол кайқайып кете бермексің бе. Тым құрымағанда қалың бір кітабынды шығарып, жұртқа ұксап, қалтанды кампитып алған сон бір-ақ кетпейсің бе, кетсен», — дегені. Бұған да иланым. Үйренген ұжым ғой, бұйырган үй бола жатар, оның үстіне одактың бұрынғы бірінші хатшысы Жұбан Молдағалиев уәде берген. «Мен бірінші хатшылықтан кетсем де, саған үй әперуге беделім жетіп қалар, қам жеме» деп дәмелендіріп қойып жүреді.

Есағанды (Есет Әукебаев) бас редакторлықтан желкелегендей болып жүріп әупіріммен әрен кетірдім-ау деймін. Зейнетке шыққысы келмей, кетер алдында мұлдем беймазаланып, жұрттың бәрін әбден-ақ ығыр етіп те біткен болатын.

Бас редактор болып Мұхтар Мағауин, оның орынбасарлығына Асқар Егеубаев келді. «Екеуі де Елеуkenovтың адамдары» деп жүрді білетіндер. Сөйтіп баспа басшылығы судай болып жаңарды.

Бұрынғы қызметкерлер бірте-бірте жылыстап кете бастады. Қанатбаевтың орнына поэзия редакциясының менгерушісі болып бұрын бізге беймәлімдеу ақын Исраил Сапарбаев келді.

Сайын екеуіміздің жұлдызымыз жақсы жарасып кете коймады. Жок жерден жұз шайысып қала беретінді шығардық. Ен алдымен соның алдында такырыптық жоспарда берік бекіт түрған менің кезекті кітабым ойда жоқта сызылып қалды. Сыздырған жана директор, жерлесім ғой, жарылқайды деп мәз болып жүрген Сайын Мұратбеков екенін де бөгде біреулерден естіп біліп алдым.

— Эу, ағайын, мұның қалай? Саған дейін көп әуремен жоспарға әрен кіріп еді, алдырып тастағаның кай сасқаның? — деп сұрадым одан.

Сіркесі су көтермей-ақ отыр екен.

— Кейін шығасын ғой, жұрт келе салып өз жерлесінің кітабын шығарып жатыр деп тағы да сөз қылады, қайтесін, коя тұрсаншы, — деп бет бактырмады.

— Саған дейін де кітап шығарып келген адаммын, сенен кейін де шығарамын. Сенімен жерлес болғаныма кінәлі етсен өзін біл, — деп бір кеттім.

Исраил келердің алдында:

— Дәл осы поэзия редакциясы менің қолым сиякты, қалай карайсың? — дегенімде де:

— Жерлесін қойып жатыр деп жүрер, — деп тағы қашқақтап жолатпағаны бар еді. «Апыр-ау, бұл қын болды-ау, Талдықорған емес, Тамбовта тумағанымды қараши!» — деп мен құлгем де қойғам.

Мұхтар ақылды жігіт қой, екі жылға жуық осында істегендे біраадаммен бет жыртысуға барған жок. Іске ыждағатты, өз міндеттін барынша адал атқаруға жанын салады. Бірак, бір ғажабы, не басшымен, не бағыныштысымен келіспей қалғанда да қатты қайырымға барып, жұз шайысып жатпады. Дер кезі жалтарып, дер кезі бұлтара да біледі. Бұл да ақылды адамға тән әдіс пе екен деп ойлаймын мен осы күнге дейін.

Сайын болса мұлдем басқаша. Жұртты жинап алып, жержебіріне жете ұрысу деген, «шеттерінен шырқыратып жұмыстан күп шығам» деп айбат көрсетудеген оған түк емес. Бірер рет сондай жиналыстан соң онаша қалып: «Ен алдымен, «бай болғанда, бақырып бола ма» дегендей, бастық адам айқаймен болмаса керек, екіншіден ешкімді күп жібере алмайсың, тіпті, күп жібере алғанның өзінде де баспаға тәжірибелі қызметкерлер керек, кіммен істеспексін?» — деймін ескі достығымды арқаланып. «Өй, сен не білесін, күніне маған қызмет сұрап ондаған адам келіп-кетіп жатады», — дейді ол.

«Келіп-кетіп жататыны рас, бірақ солардың көбі онан күйлған, мұнан күйлғандар ғой, көп істеп тәжірибе жинақтаған қызметкер далада жатқан жок шығар» дегенімді құлағына қыстырыар болмады.

Бұдан әрі тәжікелесе берудің ретсіз екендігін сезе бастадым. Оның үстіне мен тарапынан болған өлгіндегі сөздер қөніліне түрпідей тиіп, көбіне ұнатыңқырамайтының да байқатты. «Ақылың артылып бара жатса мен емес, сен директор болар едің ғой, арадаспай тыныш жүр!» дегенді де айтпай-ақ анғартқан.

Шын мәнінде мен сырбаз да сыпайы Сайынды енді мүлдем тани алмай бара жаттым. Эрбір сөзінен «Әй, не де болса дегеніме жеттім-ау!» – дейтіндей токмейілсу, дандайсу байқалып қалып жүрді. «Сәке, өзін де жазушысын...» – дей бастаса біреулер: «Мен енді жазушы емеспін, мен енді шенеунікпін» деп тиіп тастайтынды шығарды. Таңертең шығарған бүйрығын түс ауа бере кайта өзгертетін болды. Ол кезде баспада 170-180 адам бар еді. Солардың ішінен Нұрахмет сияқтыларды ғана өз маңына үйір етіп, сондайлардың ғана сойылын согатын әдет шығара бастады.

Бір шаруамен директорға кірсем, үстеліне қолденен сұлай жатып алып, ілгері ұмсына түсіп, Нұрахмет бірдемелерді сыйырлап жатыр екен.

– Сыйырлап болсан, шыға түршы, оңаша айтатын бір шаруам бар еді, – дедім Нұрахметке. «Мынау қайтеді?» дегендегі ол Сайынга карады.

– Жарайды, кайта айналып келерсін, – деп, Сайын оны шығарып жіберді де: – «Осы бояушы, бояушы десе сақалын бояйды» деп, сен «Сәкен тұра айтады» деген сайын не болып баrasын өзін? Кісі отыр демей, баса көктеп кіріп келесін, айтқан ескертпеге айылынды да жимайсын, – деп ұрысып ала жөнелді.

– Койдық, басекесі, бұдан кейін кабинетіне шакырсан да келмеуге тырысайын, – деп мен кеттім. Ол қысыла қойған жок.

Сөйтіп, Сайын екеуіміздің арамызда «қырғи қабак» кіреуке пайда бола бастады. Иіліп алдына мен бара қоймадым, келмедін деп қылшығы қисайып жатқан ол да көрінбеді. Сырткарыға сыр бермей сыпайыллық қана сақтауға тырысып бақтық.

Бас редактордың орынбасары Асқар Егеубаев бұрын «агалап» жүретін жас жігіттердің бірі еді. Ол да нағыз шенеуніктің өзі болып шықты. Бас редактор Мұхтардың өзі бөлме-бөлмеге кіріп, кейде тіпті құрғак қысыр әнгіме айтып, жұртпен араласып-құраласып жүреді. Асқар болса, біразымыздың жасымыз өзінен үлкендігіне қарамай, болымсыз бір шаруага бола бізді қабинетіне жиі шакыра беретінді шығарды. Мен оған да шыдамай: «Әй, қарағым, осы жерде Кайрат деген жігіт отырып еді, дәл осындай әнгімелеге бола алдына жинап алмай-ақ бөлімдерді өзі аралап шығатын. Оқта-текте сен де сөйте салсан, хандығыннан түсіп қала қоймассын», – деп көріп ем, міз бакпай отыра берді. Өсте жаратпай қалғанын кейінгі бір әнгімелерінен байқап жүрдім. Кейде тіпті: «Бұл кісі директордың прямое подчинениесіндегі адам», – деп кекетіп қоятынды шығарды.

Онымен де кеңселік ресми қатынастан әріге бара алмай қалуым содан кейін еді.

Кейде ойлаймын, Сайынның сол директор болып тұрғанда кітабымды шығармағаны да, қызметімді өзгертушегені де дұрыс болған екен-ау деп. Әйтпесе, пенде емеспіз бе, бірде болмаса бірде бір атын насыбайдан көнілі қалып жүрсе: «Әй, осы итке бір жақсылық жасап едім, соны да білмеді-ау!»— деп ренжуі де мүмкін ғой. Қазір алыс-берісіміз жоқ, басшы мен бағынышты емеспіз, жақсы ағайын ретінде араласып тұратын болғанбыз. Ол да бұрынғы сыйылған сыпайы қалпына түскен. Мені көргенде сыздана қалмайды.

Әбілмәжін Жұмабаев пен Сайын Мұратбековтің жұрт басқару әдістері де әр алуан еді. Әбекен: «жақсы, дұрыс екен, ойланайық» деп, көзге ұрып тұрған онай шаруаның өзін сөл кідіртіп барып, әупіріммен әзер шешетін де, Сайын сартта сұрт бірден жасап алып, дұрыс-бұрысын артынан ойланатын. Күтпеген шегіністер жасап жататыны да содан еді.

Бірде біздің бөлмеге жасы егделеу бір адам келді. Өзінің колжазба өткізуге келгенін айтты. Колжазбаны қабылданап алатын кіші редакторымыз Нағима сол сөт қасарысып әлгі адамның өтінішін орындағы қоймады. Баспадағы қалыптасқан тәртіп бойынша колжазба екі дана етіліп машинкаға таза басылған, екінші данасы оқылған болуы керек. Сол шартқа сай келуін директор да, бас редактор да қатты қадағалайтын. Нағима соны сылтау етіп жатты.

Жанағы адам Нағимаға ашуланып, қағаздарын кобырата ұстаған күйі бөлмeden шыға жөнелді. «Машинкаға да басылмапты», — деді Нағима.

Сол-ақ екен, әлгі автор Сайынды ертіп, екпіндей басып, бөлмеге кайта келді. Сайын:

— Эй, Сәкен, осы бюрократтықты кашан қоясындар сендер? Мына үп-үлкен адамды әрі-бері жүгіртіп койғандарын не? Қабылданап ал колжазбасын! — деді зіркілдеп.

Мен Нағимаға ымдалап, «алып қал» дегеннің ишаратын жасадым да, жөнеле берген Сайынға ере шығып, кабинетіне бірге кірдім.

— Өздерің тәртіп талап етесіндер де, басы өзін бол тағы бұзасындар, бұл қалай болды өзі? — деймін оған.

— Әлгі кісі менің мектептегі ұстазым еді, шала бұлініп жеткен соң сөйтпей кайтейін. Ештене етпес, не өзіміз бастырып алармыз, не өзіне қайтарып берерміз, калдырып кетсінші, тек,— деді Сайын.

— Соны бізді қырып жіберердей жүлкynna жетіп бармай-ақ осында біреуімізді шақырып алып та түсіндіруге болар еді ғой. Жанағы жерде мен де шап етіп бетіннен ала түссем, басқалардың алдында не беделіміз қалар еді? — дедім де, ызаланып шығып жүре бердім.

Бұл жерде «мен олай іstemес едім» дегелі отырған жоқпын. Кім біледі, мен одан да асырып жіберуім өбден мүмкін еді. Ал шынайы ел басқарып, жұрт билеуге жаралған адам дәл осылай іstemейтініне көзім анық жетеді.

\* \* \*

Сайынның да, Сайыннан кейінгі Марал Сқақбаевтың да бұл баспаға келулерінен кетулері тез болды. Екеуді де екі жылға жетер-жетпес уақыт қана директор болып істеді.

Сайын жөнінде әртүрлі алып-кашпа сөздер шығып жүрді. «Көп ұзамай кетеді екен» дегенді де естіп қалатын едік. Өзі ештеңе дей коймады. Ол директор болып келгеннен бір жыл кейін жеке бір шаруамен сол кезгі Баспа комитетінің төрағасы Шерияздан Елеуkenовте болғаным бар. Ол дәрежедегі бастықтың алдына бірінші де, соңғы да кіруім сол шығар деп ойлаймын. Сол бір қабылдаудағы әнгімede сөзден сөз шығып, Шәкен:

— Осы Сайынды түсінбей-ақ койдым, — деп еді. — Сен Әбілмәжінмен істес болдың ғой, соны жұрт жуас дейді, жуас та болса, өз ісіне табанды, бірде-бір авторды бізге карай ысырып салып көрген емес. Бөрін өзі шешетін. Ал мына Сайын... Осы жуырда Әбділда Тәжібаев телефон соғады. «Жазушыдан» өлең кітабы шықпак екен, «соның әр жолына 3 сомнан қаламакы қойғызып бер» дейді. «Әбеке-ау, баспа директоры бар емес пе, қаламакы мәселесін солар шешеді ғой», — десем, «А, сен сонда о жерде шошка тағалап отырсын ба?» — дейді. Үлкен адам, не дейін. «Көрейік, Әбеке!» — деуге ғана тура келді. Өзі шешетін істі бізге әкеп тіреп, Сайындікі не сонда, есі дұрыс па?

Шәке, директорды ЦК, одан кала берді сіздер тағайын-дайсыздар. Менімен ақылдаскан адамды көрген жоқпын. Ақылдаса да коймассыздар. Сондықтан ен алдымен алдыңызға келген менін өз шаруамды тезірек шешіп берсеніз, — дедім.

Байқадым, Шәкен бұл сөзімді тым үната койған жок. Алдын-дағы арызыма қиғаштай бұрыштама сокты да, маған карай сырғыта салып, «сөз бітті» дегендей үнсіз қала берген.

Сайынның ақындарға келгенде қаламақыға едәуір тарлық жасағаны да рас. Соның алдында «Сағи, Қайраттар жұз мындал қаламакы алыпты, директорға жақын жүрген тағы біраз ақындар ақшаны күреп алып жүр екен» деген қауесет гу-гу етіп басылмай тұрған. Мәскеудегі «Крокодил» журналына да барып жанғырықты-ау деймін. Сайынның өзі де бір әнгімede: «Поэзияның бізге түкке де керегі жок. Кез келген мықтымын деген ақынның кітабынан ғөрі маған Амантай Байтанаевтың кітабын шығару әлдекайда тиімді» — деп жөнсіз бір лепіргені есімде. Оның осы сөзінің бір жанғырығын кейін Қалихан Ыскаковтың да аузынан естіл: «Осы

біреуден естіген сөздің бәрін шын екен деп өсіре айтуды қойсандаршы!» — деп кейігенім де бар еді. Қалихан: «Дүйсенбек Канатбаев қол басындаған кітабына пәлен мың сом алышты, оның орнына екі жақсы роман шығаруға болады екен» — деп соғып тұрған болатын.

\* \* \*

... Үйде ептең тұмауратып жатыр едім. Баспадағы жігіттер телефон соғып, Сайынның жұмыстан босап кеткенін, оның орнына «Мектеп» баспасынан Марал Сқақбаевтың директор болып келгенін айтты. «Е, мейлі, өзімізді қойып жатқан ешкім жоқ, бізге кім болса да бәрібір емес пе», — дегем де қойғам.

Араға апта салып барып жұмысқа шықтым. Алдымен директордың кабинетіне кірдім. Марал Сқақбаев екеуіміз КазМУ-ге бірге түскенбіз, жарты жыл ма, бір жыл ма бірге оқығанымыз да бар-ау деймін. Кабинетіне кіріп, жана орын, жана лауазымымен құттықтадым. Құттықтай отырып: «Қадірлі Мәке, құрдаспыз, сыйласпыз. Енді сен маған бастық болдың. Бастық пен бағынышты адам дос бола алмайтын сияқты. Сенен бұрын екі директормен қызметтес болдым. Екеуімен де «шәй» дескен жоқпын. Бірак жақындастып та кете алған емеспін. Сенімен де арамыз керемет жақсы болып жарқылдал кете кояды деп ойламаймын. Біреулер жағымпазданбай жүріп-ақ жақсы көріне алады. Менде тіпті ол да жоқ. Сондыктан, бірден басын ашып алайық, кай дәрежеде қарым-қатынас жасағанымыз жөн? Ресми ғана қатынасайық десен, осы казірден бастап артымды қысып, жұмысыма кірісемін. Жұмысымнан саған мін тапқызбасым тағы ақиқат. Жоқ, тен атаның үлдарындағы сыйлас, сырлас болайық десен, оған шыдап тұра аламын!» — дедім.

Марал: «Әй, кетші-ей, сен, қайдағыны шығармай!» — деп құлді:  
— Ультиматум қоясын ғой, тіптен. Бұрын қандай болсан, сол қатынас сакталады деп біл. Болды ма».

— Болды, — дедім де бұрыннан үйреншікті жұмысымды атқарып жүріп жаттым.

Бұл кезде баспаның бас редакторы болып Оразбек Сәрсенбаев келген. Ешкіммен басараздығы байқалмайтын, біртоға тұйық, айтуынан қайтуы тезірек жігіт сияқты көрінген. Бұрыннан таныспыз. Маралмен де ертеден дос екендігін әр сөзімен білдіріп жүрді. Оның орынбасары болып, кезінде осы баспада істеген Әнес Сараев келді. Құндердің күнінде жана директор жүртты жинап, бүкіл баспа ұжымын жанр және басқа жағдайға орай үш бірлестікке бөлгісі келетінін, оны үш адам басқаруы керектігін айтты. Проза, сын, үйғыр редакцияларын бір бірлестікке біріктіріп, оған Әнес Сараев жетекшілік ететін болды. Орыс редакциясы, орыс

аудармасы редакциясы бір бірлестік болмақ. Орыс редакциясының менгерушісі Сергей Шумский деген жігіт болатын болды. Ал, казак поэзиясы, халық шығармашылығы, аударма редакцияларынан құрылатын бірлестікке жетекшіні сайлау кажет екен. Поэзия редакциясын Исраил Сапарбаев басқаратын еді. Директор сол екеуіміздің атымызды атады да: «Бірлестік жетекшісі болуга осы екі азаматтың қайсысы лайыкты дейсіздер, тандау сіздерден», — дегенді айтып, ерікті көпшілікке тастаған сынай білдірді.

Сол кезде осындай бір демократиялық әдістер етек ала бастап еді, көп ұзамай бәрі де қайтадан сап тыылды ғой.

Жиналған жұрт бір ауыздан мені колдап шыкты. Бұл қызмет әрі бас редактордың орынбасары, әрі топ жетекшісі болып аталады екен. Сонынан Марал оңаша шақырып алғып: «Сенің өтетініңе ешқандай күмәнім болған жоқ, өзіңе күні бұрын айтпағаным да содан», — деді.

— Сокпа өтірікті, — дедім мен, — «Өтсе осылай дейін, өтпей қалса түк білмеген болайын» деген құлығың ғой бұл.

— Эй, сен де... кетші бар! — деді Марал құліп.

Марал Сқақбаевпен бір жыл туған төл болғандығымыздан ба, кім білсін, әзіл-қалжың қөтеретін дәрежеде тәуір ғана тіл табысып кеттік. Мұның маған ұнаған бір қасиеті «саптаяққа ас құйып, сабынан карауыл қарамайтындығы» еді. Саған жүктелген міндетті жақсы біледі, сәт сайын, сағат сайын білгішсіп араласа бермейді, сырттан бақылайды. Кідіндеп жүйкеңе тимеген сон сен де бірқалыпты сабырмен өз ісінді адал, әрі тындырымды атқаруға тырысасың ғой.

Бір кемшілігі «мен, мен» деген сөзді көбірек колданатыны еді. «Менде қазір бір миллион сом қаламақының қаржысы бар», — деді бір жиналыста. «Бізде», — десенші дедім тыныш отырмай. «Иә, бізде, — дей берді де, — менде, ал қайтесің!» — дегенді қосты касарысып.

Мен үндемедім.

Енді бір жиналыста: «Менің редакторларым» деген сөзді араластыра беріп еді, «менің балаларым, менің әйелім» деуге болар, ал редакторлар баспанікі ғой», — дедім мен. «Эй, қойши сен!» — деп тағы мән бермеді Марал.

Кейін тағы біреулер мен құсап ескертті ме, әлде өзіне ақыл қонаїын деді ме екен, әйтеуір бір байқағаным, оның сөздік корынан «мен, мен» деген бұрынғыдай көп ұшыраса бермейтін болды.

1988 жылы мен елу жаска толдым. Соған орай «Адырна» аталағын кітабым жарық көрмек еді, соның қаламақысын дұрыстап қойғызып алмакқа директорға кірдім. Қасында Оразбек отыр екен. Оразбектін адалдығына, жазушылығына шәк келтірмеген адаммын, бірақ қатты қайырымға жоктау, майысқақтығына да тәнті бола бастаған едім. Сонысын осы жолы да көрсетіп калды. Марал мен

сұраған мөлшерді көпсінді ме, өлеңімнің әр жолына бұрын алып жүргенімнен де төмен соманы атады. «Оу, мен бұған дейін жоғары мөлшермен қаламақы алып жүрген адаммын ғой, елуге толғанда өлеңімнің сапасы кеміді ме, өзім көнілден шықпай қалдым ба?»— деп сұрайын. Сол кезде Оразбек те сөзге араласып: «Менің де кітабым шығып жатқанын білесің, сөз болып кетеді деп, маған да бұл орташа ғана мөлшермен қаламақы бергелі отыр»,— деп қалды.

— Саған ең жоғарғысын бере ме, жоқ мұлде қаламақы бермей коя ма, онда менің жұмысым жоқ. Өзім бұрынғы алып жүрген мөлшерден төмендеуге көнбеймін,— дедім мен.

— Мен қайтейін, амалсыздан көніп отырмын,— дейді Оразбек.

— Апыр-ау, ертен бе, арғы күні ме, сен де кетесін ғой баспадан. Бұл жерге басқа адамдар келеді, сен тағы да кітап жазбай тұрмассын, көтеріңкі қаламақы алғын қелетін кез болады, сонда: «Әу, ағайын, өзің бас редактор болып тұрғанда алғаның анау еді, енді бізге негыл дейсін»,— демей ме жұрт.

Оразбек:

— Иә, дұрыс айтасын!— дегеннен әріге бара алмады.

Мен акыры Маралды айтқаныма көндіріп барып бір-ак шықтым-ау деймін кабинетінен. Кей кезде өзімдікі дұрыс екендігіне көзім анық жеткен тұста қадалған жерімнен қан алмай коймайтынам да бар.

\* \* \*

Екі жылға жетер-жетпес уақытта Марал да орнын Калдарбек Найманбаевка қалдырып, баспа директорлығынан кete барды. Уақытының да, жүйкесінің де біразы айтыс-тартысқа кетті. Сол кезде орыс әдебиеті бойынша да бас редактор болу керек деген шығып, Александр Егоров деген орыс карты келген. Маралға қарсы топ құрып шыққан Нұрахмет Төлеупов пен сол Егоров екеуі ұжым мүшелері арасында едәуір іріткі салғаны бар. Мен бұлардың біреуіне де араласпай, бейтарап жүрдім де, бір рет Марал жокта іс-әрекетін партия жиналысында қарамақ болған Егоровқа мықты дәлелмен қарсы шығып, аузына құм құйғаным бар. Өзі менен біраз Қаймығып жүруші еді, сол оқиғадан кейін мұлде енсесі көтерілмей, бір шаруаға араласарда маған жалтактай беретінді шығарды. Сол жиналыс жайлы әлдебіреуден естіген болуы керек, іс-сапардан оралған Марал:

— Сәкен, саған рақмет, мен жокта сыртымнан ғайбаттатпай ара түскен екенсін,— деген еді.

— Саған емес, әділетке ара түстім,— дедім мен.

Марал тағы да маған қаратса қолын бір-ак сілтеді.

Мен жұмыста жоқ едім, сол кездегі Баспа комитетінің төрағасы Халит Зәкариянов келіп, бұл дау-шардың сонғы нұктесін өзі қойды деп елден естідім.

Сол Марал Сқақбаев зейнеткерлікке шығыпты, зейнетакысы орасан көп екен деген қауесетке орай бір жолыққанда:

— Сен жазушы, мен ақынмын. Құрдаспыз. Талант, дарын жағынан да менен аса қара үзіп кете қоймаған болуың керек. Сонда қай өте кеткен еңбегің үшін осынша көп пенсия алуға тиіссін?— деп сұрағаным бар.

— Сен қызықсын,— деді ол. — Сендер серілік құрып, селкілдел жүргенде мен мемлекет шаруасымен қағаз «кеміріп» отырдым, сендер қыз-қырқын қуып жүргенде, мен өкімет шаруасын аткарып отырдым. Сендер карта ойнап, арак ішіп жүргенде мен мемлекет ісінін бір пүшпағын илесіп отырған шенеунік болдым. Сонда дұрыс пенсияны маған бермей саған беруі керек пе?

Мұндай дәлелге «дәрәк» кана дауласар деп түйдім де, әрі қарай қажауды қойып едім.

Сайынның қолтығына кіріп алып, біраз тайтаңдаған Нұрахметтің жынын алдырған бақсыдай болып жүрген кезі еді ол. Құдайы иіп, Марал кетті де, Калдарбек келді. Сол-ақ екен, Нұрекеннің кайтадан «бағы жанып» жүре бергені. Қашан көрсөн, ернін бір жалап қойып, директордың кабинетінен шығып келе жатады. Қалекеннен айла артылған ба, касына Нұрахметтерді ұстая да алпыс екі айласының бірі болуы керек. Әйтеуір ол директор болған кездегі ең сенімді серіктері сол Нұрахмет, Қазыхан Эшенов, әйелдерден Роза Қарымсакова, Ағималар болғаны ақырат. «Осы баспада сенен жақын досым жок»,— деп мені, «кете қалсам — орныма сені қалдырам» деп біресе Оразбек, біресе Әнесті алдаусыратып қойып, білгенін жасады да отырды. «Манғыт — аузыңа санғыттың» кебін киіп сонында әлгі «достары» қалды.

Ол өзі сен керегіне жаарда астына көпшілінді қалындал коя отырып пайдаланады екен де, енді қажетін бола қоймасына көзі жеткен сэтте орта жолда ат артынан түсіріп тастап жүре беруден тайынбайтын жігіт екенін талай рет танытты. Және соның бәрін сен ренжімейтіндей етіп киуюын келістіре жасайтыны сондай, айдалада жаяу қалдырғанына мың-мың ракметінді айтып, разы болатындығынды да анғармайды екенсін.

Ол баспаға 1988 жылдың күзін ала келді. Содан бір күн бұрын баспаның өндіріс бөлімінде істейтін Алма дейтін кызды әлдебір пәтер мәселесімен Қазақстан Журналистер одағының хатшысы Мадрид Рысбековке алып барып ем. Қолымнан келгенше сондай бір қайтымы жок қайырым жасап жүретінім де бар менін. Кейін қанша өкіне жүре ол әдетті де коя алар емеспін. Сол Мадридпен бір қабатта қарама-қарсы кабинетте Қалдарбек отырады екен. «Ара» (Шмель) журналында бас редактор. Мадрид шаруамызды бітірмеген соң шығып бара жатыр едік, Қалдарбек қарсы жолыға қалды да, кабинетіне шакырды. Едәуір әнгімeden соң бізді жұмыска апарып салуға машинасын берді. Ертенгі қызметі жайлы жұмған

аузын ашкан жок еді, бір күннен кейін солан өтіп бізге директор болып шыға келгені.

— Эр облыста «Жазушы» баспасының күндерін өткізсек, соны Талдықорғаннан бастасақ қайтеді? — деді бір күні. — Соган бас-көз болып өзін кірісіп көрсөн.

Маған көрсетілген сенім екен деп, әукем салбырай кірісейін келіп. Талдықорған облысын баскарып жүрген, тіл алар азаматтарға телефон үстіне телефон соктым. Олар да, обалы не керек, колдарынан келгенін аяп қалған жок.

Кімдер баруы керек екенін ақылдақсанда:

— Мен қасыма Жекен Қалиевті алам, кітапқұмарлар коғамын басқарады, сол жактын азаматы, қалғанын сен өзін біл, — деді маған.

Мен Тұманбай Молдағалиев, Қайрат Жұмағалиев, Жұрсін Ермановтардан арнайы топ құрдым. Қайрат пен Жұрсін теледидар жағында істейтін. «Жұрсінді қайтетін едін?» — деп еді Қалдарбек, «барған жұмысымыздың нәтижесін насиҳаттауға керек, оның үстіне менімен жақын жүрген талантты ақын інім еді» дедім. Сол сапардан кейін не керек, бұл екеуі ежелгі таныстардай-ак, мені шеткери ысырып тастап, кол ұстаса бірге қызырыстайтынды шығарды. Бір-біріне деген рухани жақындықты сезді ғой деймін. Әлде мұны «жұлдызы жарасу» дей ме екен?

Осы үрдісте бірер жыл ішінде Талдықорған жаққа топтанып төрт-бес рет барып қайттык. Талдықорған қаласында «Жазушы» аталатын кітап дүкенін ашып, соның салтанатына да Сағи, Тұманбай бәріміз барып, дүрілдете сайрандалап қайткамыз. Сол сапарлардың бірінен сон Қалдарбек екеуіміз теледидардан сөз сөйлеген едік. Өзім көре алмай қалып, балам айтты:

— Көке, саған Қалдарбек аға неге сонша кектене жек көріп карайды? — деп.

Ертесінде соны айтып кеп едім, Қалдарбек:

— Эй, өзім де ынғайсыздандым, сірә, шаршап жүргендікі болу керек. Көңіліне алма, — дей салды.

Бұл 1989 жылдың орта тұсы еді. Қалдарбек бұрынғыдай емес соншалық маған салқын қарай бастағанын енді өзім де сезетін болып қалып ем. Бір күні әлденені әнгіме өтіп тұрып, қасындағыларға мені көрсетіп:

— Бұл өзі менің сыртынан «директордың досымын» дейтін көрінеді, — деп калды.

— Кой, — дедім мен, — сен соншалық мемлекет баскарып отырған адам емессің ғой, бар болғаны кіші-гірім мекеме ғана. «Айдағаның бес ешкі, ыскырығың жер жарады» дегендей болма, қатындардың шығарып жүргені шығар. Дос болудан қашпан, бірақ «доспын» деп мактанған жерім жок.

Сол жылы Мәскеуде дәстүрлі кітап жәрменкесі өтпек болды да, жолға дайындықтың абыр-сабыры басталды. Бұрын жасалған

ұйғарым бойынша Мәскеу баратындардың ішінде мен де жүргем. Билет те алынып қойылды ғой деймін. Бірақ күн сайын бастығым тарапынан қырғиқабақ қылық көріне бастады. Ашып айтпайды, бірақ жүрісімді де, тұрысымды да жарата қоймайтын пиғылы бары байқала берді.

Соны сезіп:

— Осы Мәскеуінді қоя-ак кой, мен бармайтын болдым,— деп едім, ол «о, неге?» деп сұрамастан: «Онда өзін біл, билетінді Саша Шмидтке бер, сол барсын»,— дегені қуанып.

«Е, бопты!»— дедім мен де ішімнен. Бұл кезде арамыз алшактай түскен еді. Жемтікtes пе, ентікtes пе кім білсін, баспаны да, директорды да Роза Қарымсақова билей бастаған. Ол Бас редактор Оразбектің өзін жүре тындастын болды. Бір жиналыста Оразбек: «Роза, я тебя уважаю...» деп сөз бастай беріп еді: « Я не нуждаюсь в вашем уважении»,— деп салған директордың орынбасары Роза. Калдарбек көре-тұра «кой» дегенді айтпады.

Сол Роза бар, соның қасына жиналған тағы біраз тәйтік катындар бар, бәріміздің тәбемізден тайрандай бастады.

Қалдарбек басқа жакқа атын бұрды,  
Кағынып-жағынғанды жақын қылды,  
Қазактын жалқы туар ақыны едік,  
Қалмай тұр қадырымыз катын құрлы.

Қалдарбек ұмытты да бүгін арды,  
Колдап жүр қасқыр көмей ұры-қарды.  
Қайдағы тарқ-тарқ құлген тәйтік катын  
Тайрандап тәбемізге шығып алды,—

деп өлең де жазған едім сол тұста. Әйткені, Роза екеуіміздің кабинетіміз қатарлас болды да, көбінесе есігін ашып қойып, сыйайлар кызы-кыркынға менің намысыма тиетін қайдағы бір сөздерді айтып, каркылдай құліп тұрып алатын болған. Жиналыс болса аузы көпіріп сөз сөйлейді. Бірер рет тиым салайын деп, орта жолдан сөзін бөліп көріп ем, Қалдарбек оған: «Бөгелме, сөйлей бер!»— деп жел бере тұсті. Сондайын арқаланған әлгі катын тіпті кетті дейсін ауыздыға сөз, аяктыға жол бермей.

Бұл кезде баспаның да берекесі кете бастап еді. Ығай мен сығай дейтін ер-азаматтардың орнына, ешкім танымайтын катын-қалаш, жілігі татымайтын белгісіз біреулер қаптады.

Қалдарбек алғаш директор болып келгенде ескі таныстырымды пайдаланып (екеуіміз 1960 жылы «Лениншіл жас» газетінің кабырғасында бірге бастап ек қызметті) қалып:

— Жұмабаевтың тұсында айткан сөзімнің 60 проценті өтетін еді, Сайынның тұсында ол көрсеткіш 50-ге жетпей қалып, Марал қайта көтеріп еді. Сенің тұсында қалай болар екен?— дегем.

— Шүрк етпе, айтқаның енді жұз процент орындалатын болады,— деп еді ол.

Сол сөзге жайылып түсіп мен қалғам.

Ол шынында да кей кезде лақ еткізіп кісіге жақсылық та жасай алатын жігіт. Онысын көрдік те. Бірақ, сол жақсылығының бір ұшынан ұстай өзіне тартып алғанша екінші ұшын бокқа бұлғап жіберетіні де бар, амал қанша. Онысын тағы көргенбіз.

Айтуы да, қайтуы да тез. Сені шакырып алып, бір тапсырма береді де, сен ойланып-толғанғанша қайта шакырып: «Жанағы мәселені былай шештім», – деп бұлт етіп басқа жақтан шыға келетіні де бар. Сол кездегі баспа жағдайына орай жазған мына бір өлеңім болып еді. Осы жерде соны түгел келтіре кету керек болып тұр.

**КІМДЕР КЕТИП,  
КІМДЕР ҚАЛДЫ!**

Елуінде орден алған,  
Есіктен кіре төрге барған  
«Жазушы» дейтін баспа бар еді,  
Беті мен беделінен  
алыс ағайын жасқанар еді —  
Қызметінде жүргендер кеше  
Ығай мен сығай, азуын айға  
білеген қасқалар еді...  
Бастықтары ауыса бастады,  
екі жылда біреуі келіп  
кетеуін кетіріп,  
кеміріп жеп тауыса бастады.  
Бірте-бірте беделі кетті,  
береке-бірлік, бедері кетті.

Қайта құрамыз десіп, құритын болды,  
біреулер үретін, біреулер ұлитын болды.

Біреулер саса бастады,  
біреулер бас сауғалап қаша бастады.

Біреулері үға берді,  
енді бірі жер астынан жік шыққандай  
жоқ жерден кісі болып,  
жұлқынып шыға келді.

Анасы кетті, мынасы кетті,  
аласы кетті, құласы кетті.

Алдымен алаштың алты арысы кетті,  
қор жинап алған қалталысы кетті.

Беттілері мен тектілері кетті,  
ебін тауып екі асаған ептілері кетті.

Аяулы деген ардақтылары кетті,  
Санаулы ғана салмақтылары кетті.

Нәбиден кетті, Нәби кетті,  
Қайрат пен Саги кетті.

Ләтиева Сара кетті,  
біраз дауды өзімен бірге ала кетті.

Егеубаев Асқар кетті,  
артынан бір топ жастар кетті.

Төлен кетті, Төлек кетті,  
Сағынов олардан бөлек кетті.

Тәшенов Жұмабай кетті,  
Егоров ешкімге ұнамай кетті.

Ұлықбек құламай кетті,  
Мұхамедия тепкіге шыдамай кетті.

Исраил одаққа кетті,  
Рафаэль «Жұлдызға» қонаққа кетті.

Есебі түгел Есенбай кетті,  
Иранбек өсе алмай кетті.

Қалтырап Қарсыбай кетті,  
Құлахметов қансырап артын аршымай кетті.

Мағзом өсіп кетті,  
Мақсұт басқа ауылға көшіп кетті.

Қаншайым, Алмалардың кетуі — декрет болды,  
Қазыхандікі — «секрет» болды.

Ермұрат өрлеп кетті,  
Заманбек біраз терлеп кетті.

Райхан жайына кетті,  
Дарига «байына» кетті.

Күләнда апамыз қимай кетті,  
Шарбану болса — сыймай кетті.

Земзә әрең кетті,  
Шынашақтай болған Тамара дейтін пәлең кетті.

Бақыткерейге «бақша» беріп құтылдық,  
Жайлайубайға ақша беріп құтылдық.

Берік Шаханов бір ісін бастап кетті,  
Дүйсенбек артына інісін тастап кетті.

Бақыт ҚазМУ-дің маңдайынан шертіп кетті,  
Қанипаشتы да ертіп кетті.  
Исраил Сапарбай кетті,  
Қылтанақ жұтып қақалмай кетті,  
Қалдарбекке не дегенін өзі біледі,  
басқаларға «әй, кәпір» аталмай кетті.

Арамыз бірте-бірте сирей бастады,  
Бұрынғы бедел күйрей бастады.

Бұл құнде ешкімге ақы берсең өтпейтіндер қалды,  
Тепкілесең кетпейтіндер қалды.

Көлемі де, төлемі де азайды,  
Қазақтың өлеңі де азайды.

Ақындар кетіп, қатындар қалды,  
бастықтарға жақындар қалды.

Есебін тапқандар қалды,  
жагынып, жаққандар қалды.

Айтқаны азарлар,  
баққаны базарлар қалды.

Ағима қалды,  
Нагима қалды.

Әдия қалды,  
Әлия қалды.

Ептеген проза қалды,  
Екі Роза қалды,

Тыраштар қалды, кіл аштар қалды,  
Үндемейтін Махпұза,  
Кісіні құн демейтін Жұмаштар қалды.

Екі Клара, екі Рая қалды,  
Соны көріп  
Қабира да мұная қалды.

Шабақтар қалды, шортандар қалды,  
Жәзира, Шолпандар қалды.

Тортай мен Ғұсмандар қалды,  
Құйрығын мықтап қысқандар қалды.

Жыбырлақ қалды, сыбырлақ қалды,  
Нұрахметтің өзі де қыбырлап қалды.

Арасанбай мен Әбді қалды,  
Баяғы көнбіс дағды қалды.

Екі-үш ұйғырымен Тұрғандар қалды,  
тағы біраз құдай ұрғандар қалды.

Шумскийді бір-ақ қылғып асап алған,  
Шібілерімен Шмидт Саша қалған.

Әлі де іріктеледі, сұрыпталады,  
сапа дегенің бірте-бірте құрып барады.

Жіктеледі, жұпталады,  
Профкомында құпталады.

Ұм-жымы жарасқандар қалды,  
Сүйек тастаса — таласқандар қалды.

Әккісі, айласы барлар қалды,  
біреу болмаса біреуге пайдасы барлар қалды.

Куды қу тапты,  
Шұқанақты су тапты.

Бір қатын күйлен жүр,  
бір қатын билеп жүр,

Әсиясы, Танясы бар,  
Любасы, Валясы бар,

Ғазизасы, Анары бар,  
тағы-тағы алып-салары бар.

Ұрындысы бар, жырындысы бар,  
Шөлмектесі, шылымдысы бар,

Қоңызы бар, қорс етер доңызы бар —  
Қарымсақованың командасты қалды.  
Абысыны мен амалдасты қалды.

Солардың ойын дәл басатындар қалды,  
жең ұшынан жалғасатындар қалды.

Сәрсенбайлар, Сарайлар қалды,  
сүиекке таласқан сволочтар мен  
қатын-қалаш, малайлар қалды.

Ер қаңсып тұғыр болды,  
ел осылардан-ақ ығыр болды.

Аздаған үміт пен дәме қалды,  
алалау деген албастыдай пәле қалды.

Біреуге біреу қосақталды,  
Біраз бөлме босап қалды.

Езуін жимас езбелер қаптады,  
Тері белгісіз кезбелер қаптады.

Аты-жөні жоқ авторлар қаптап келеді,  
«кітап шығармақпыш», — деп саған қарай  
тап-тап береді.

Арпылдалап үргіштер шықты,  
Жезекше, жүргіштер шықты.

Ендігі билік соларға көшпесін делік,  
Отымыз біржола өшпесін делік, әумин!

1990 жыл.

Бұл өлеңде аты-жөндері аталған адамдардың біразы елжүрттың бәрі белгілі жазушылар, ақындар. Ал қалған бірқатары да осы баспада істегендер, казір көзі жоктары да бар. Оларды жұрт танып жатса құба-құп, танымаса тағы оқасы жок. «Мұнысы қайсысы еді?» деп сұрау салмасын да жақсы білемін.

Калдарбек 1991 жылы Қазақстан республикасы Халық депутаттығына сайланды. Жазушылар одағы бойынша Қалаубек Тұрсынқұлов, Сәкен Жұнісовтер кандидат болып тіркеліп еді, Калдарбектің аты озып шыға келді. Біраз адам оған қызмет көрсетіп-ақ бакты. Бұл кезде Жазушылар одағының бағы қайта бастаған кезі еді, соған тұспа-тұс келіп, Калдарбек баспа директоры бола калды. Бірден-бір көркем әдебиет шығаратын баспа, жазушы біткеннің онсыз күні жок. Баспада қатар жүрген Әнес, Оразбектердің оны депутаттыққа өткізу жолында қаншалық жанкештілікпен өліп-талып қызмет жасағандарын көріп отырдым. Бірер рет емеурін танытқаны болмаса, маған қолқа сала қойған жок. Ал Әнестер күні-түні жүгірді-ау деп ойлаймын.

Осы тұста және сол жылғы күзде өткен жазушылар съезі қарсанында Калдарбек кабинетіне қарай саусылдады-ау дейсін жігіттер. Кілен бір қеудесін кісіге бастырмаймыз деп жүрген «мен болдым!»- дардың өздері қолды-аяққа тұрмай қалай шапқылағандарын байқамай қалған да шығар. Еруліге – карулы, еңбектері де ескеріліп жатты. Оразбек Сәрсенбаев баспа директорының бірінші орынбасары деген лауазым иеленді. Ондай қызмет жок еді, Калдарбек кірісті де, жоғарымен келісе жүріп, оны да жасатты. Өйткені Әнес Сараевты бас редактор етіп жоғарылату қажет еді. Сөйтіп арба да сынбады, ат та өлген жок. Білек сыбана қызмет көрсеткен екі «досын» да риза етіп шыға келді. Калдарбектің де есебі түгел – елден озып төрге өтті.

Жалпы, Калдарбек жайлы біржакты тоқтамға келе қою қын. Кез келген адам туралы кез келген тағы бір адамнан «Осы кандай азамат?»— деп пікір сұрашы, «жақсы», не «жаман» дер еді ғой. Ал Калдарбек туралы бірде бір адам кесіп-пішіп кесікті бағасын береді алмайды. Оны шын жақсы көретіндер де, жек көретіндер де жок. Өзі де біреуге кектенсе кектенер, алайда жанын үзіп беруге даяр досы жок-ау деп ойлаймын. Ондай дос кімде бар дейсін, бірак та!..

Эрине, мен мұнын бәрін шет жағалап, сипай қамышылап өзіне де айттым. Онда да ел басқарысып жүрген азамат қой, бірде болмаса бірде не пайдасы, не зияны тиіп қалар ма деген пенделіктен де аса алмай, жұқалап айтқам. Мен Калдарбек жайында қателесуім де мүмкін, өйткені өз колымыз көп билікке жете коймаған сон ба, кім білсін, сырт көз сыншы келеді дегендей, көбіне-көп күнгейінен гөрі көленкелі жағы іліккен шығар назарға.

Әйтпесе, әлгінде бір айттым, бұл өзі қолынан келіп тұрғанда лақ еткізіп жақсылық та жасай алатын жігіт. Әлдекімдерше екі

шоқып, бір қарамай-ақ, танау астынан естілер-естілмес мінгірлемей-ақ анық айтып отырып жасайды жасайтынын. Рас, ол катаrlас бізден гөрі атқа ертерек мінді де, кызмет жағынан жөнді жолымыз бола қоймаған бізге сәл жоғарыдан қарап дағдыл алған. Сол өдетімен ертеде «Жалын» баспасында директор болып тұрған кезде бір есіктен кіріп-шыға жүре менен жолықкан сайын: «Хал қалай?» деп сұраушы еді. «Орташа» – дейтінмін мен. Оған менің халімді білу шарт емес, әйтеуір жолыға қалған сәттегі амандаудың жоралғысы болуы керек. Сондыктан менің «орташама» онша мән бермей күліп ете шығатын. Ал тіпті асығыс емес бір сәтте кезіккен кезде қасыма сәл-пәл аялдал: «Сенің халің неге соншалық орташа болады осы?» – деп қазбалай тәптіштеп сұрайтыны болатын. «Оның себебі «жаксы» десен жұрт сені күндей бастайды, «жаман» десен «өзіне де сол керек» деп жүндей бастайды, ал «орташа» десен: «е, өзімізден асып артылып кете қойған жоқ екен ғой» деп көп кідірмей жөндеріне кетеді», – дейтінмін.

Қаркылдал күліп сонда ол да кететін жөніне.

Бірде Қалдарбектің кабинетіне кірсем, баспаның сол кездегі бас редакторы Бексұлтан Нұржекебаласы бар, екеуі кезекті жылдың тақырыптық жоспарын жасап жаткан үстінен түстім.

– Менің де бір кітабымды кіргізіп беріндерші, осындаі төрт көздерін түгел отырғанда, – дедім мен.

– Кітабынды жоспарға кіргізсек, бұдан кейін «халім орташа» дегенді қоясың ба? – деп сұрады Қалдарбек. Әрине, онысы мысықтың тышқанмен ойнағаны сиякты еді.

– Әрине, кітабым шықса, халім де жаксарады ғой, – деймін мен.

– Қөлемі канша? – деп Қалдарбек қаламын алып, жазуға онтайланды.

– Екеуін де күндік жерге көленкелерін түсетін ірі жігітсіндер, жеке-жеке барсам әркайсын бір бес баспа табактан берер едіндер ғой, екеуін катар отырғанда он баспа табактан кем сұрағаным ұят болар, – деп жатырмын мен де көпшілікті қалындаі түсіп.

Қалдарбек безілдеп қоя беріп еді, Бексұлтан тұрып:

– Бәрібір өлеңі жоқ, жуық манда әкелмейді қолжазбасын, жазып біткенше кім бар, кім жоқ, он баспа табак деп жаза салайық та, – деді.

– Қашан әкеліп өткізесін? – деді Қалдарбек.

– Курортқа жүрейін деп жатыр едім, алдын-ала шарт жасасып, қаламақысының 25 процентін бергізсен қайтеді? – дедім енді еркіндеу қимылдал.

– Онда уәде былай болсын, – деді Қалдарбек, – қолжазбанды өткізген күні сұраған соманды берейік. Қалай дейсін? – деп Бексұлтанға қарады.

Бексұлтан әлгі сөзін қайталап:

– Бір жол өлеңі жоғын білем ғой, ондай қөлемде өткізгенше кай заман, – дегенді тағы айтты.

Койшы өйтеуір, сол кітабым әлгі мен айткан көлемде жоспарға тұрактап бекіді де, үятқа қалмау үшін амалсыз күні-түні отырып өлең жазуға тұра келді. «Бел-белес» дейтін жыр кітабым ойда жокта осылай туды да, 1985 жылы жарық қөрді. Қалтама комакты ақшаның түсүін де, ақын ретіндегі атакқұмарлық, даңққұмарлық сезімінің ояна бастауын да өзім әрдайым осы кітаппен байланыстырып жүремін.

Бұл – Қалдарбектің маған жасаған таза жаксылығының бірі еді.

Бетпе-бет келгенде Қалдарбек ешқашан сенімен теке-тіреске бармай, тайқып шыға келетіні бар. Кейде бір ызадан жарылардай болып, жағадан ала кетуге таяп қалып баратының бар алдына. Ол соны құндік жерден сезе қояды да, алды-артынды түгел орап, мәймәнкелей келе өзінді жұбатып, риза қылып жібереді. Үржия құліп кетіп бара жатып, былай шыға ойлайсын: «Оу, осы не үшін келіп едім бұған, не бітті өзі, не тыңдырдым?» – деп. Сонда барып түк өндірмей кайтқаның есіне түседі, бірақ енді Қалдарбекке емес, өзіне-өзің ренжисін. Өзінді өзің жейсін жесен. Әлті әнгімен, жайма-шуақ өзілден кейін кіжініп қайта бармайсың ғой алдына.

Баспада әртүрлі басқосулар, өндірістік жиындар болып тұрады. Бәріне бірдей катыса бермейсін. Себепті-себепсіз жұмыста болмай қалатын да жәйіттер кездесіп тұрады. Сондайда менің сыртымнан айбат та, ғайбат та айтылып жатады екен. Оны сол жиыннан шыға бере кейде әйелдер, кейде жігіттердің бірі шып-шыргасыз өзіме жеткізіп келеді. «Сізді, ойбай, құртатын болды! Айтпаған сөзі жок директордың. «Істегісі келмесе, кетпей ме екен орынды босатып», – дейді. Осы сарындағы сөздер көбейе түсті. Бұл Қалдарбектің өз сөзі емес, желдің қай жактан соғып жатқаның да ішім сезеді. Бірде өзіне: «Сен осы жұрт сөзін, онда да жыбырлактар мен сыбырлактар сөзін неге тыңдай бересін?», – деп сұрады.

Ол әжептәуір қызарактап: «Мен ешкімнің де сөзін тыңдамаймын!» – деп азар да безер болды. «Әй, тыңдайсын ғой, күніне жұз құбылатының да содан», – деп мен болмадым.

Әрі қарай әнгімеміз жараспады.

Енді бір құндері менің бір бөлмені жеке иемденіп жалғыз отыратынымды да көпсінгендей ыңғай танытты. «Касына отырын», – деп біресе Тұрғанды, біресе Тортайды ертіп келіп тықпалайды. Екеуі де кезек-кезек: «Ойбай, өз орнымызбар ғой, не бар бізге бұ кісінің касында!» – десіп безілдейді.

Келе-келе баспаға «бас редактордың орынбасары керек емес сиякты» деген желеу ойлап тапты. Сол кезде маған Оразбек арқылы сөз салып, «егер екі томдық тандамалы шығармаларына шарт жасап берсек, қаламакысының тиісті мөлшерін алып, жөнін таппас па екен?» – деген сарындағы әнгімені жеткізді. Әйтеуір қалай бұрылсам да бір түртпек.

Ақыры осы соңғы токтамға келістім де, бас-аяғы бір күн ішінде баспадан біржола кетіп тындым. Кабинетте көп жылдардан бері жиналып қалған кітаптарым, қағаздарым қалып еді, орныма бөгде біреулер отырыпты да, ақыры бәрі қолды болып, кейін таптырмай кетті.

1991 жылғы желтоқсанның соңғы күндері еді, Тортай Садуакасов телефон соғып: «Аға, баспаның басшылары сізге келіп кетсін деп жатыр. Шәй-пәй ішіп, шығарып саламыз», — дейді деп болмады. Барғым келмей, қанша тартынсам да, «битке өкпелеп тонымды отқа салмайыншы», көл жыл қатарлас жүрген ер-азамат, қыз-келіншектерде жазық жок еді ғой дедім де, бардым. Қалдарбектін өзі болмады. Роза мені көре тұра жылыстап сырттап кетті. Сылтаусыз. Жиналғандар алдында Оразбек қана бірдемелер айтқан болды. «Бекер-ақ келдім-ау осында!» — деп отырып, оның сөзін шала тындағым.

Жаңа жылдан кейінгі күндердін бірінде Тұманбай Молдағалив телефон сокты: «Сен «Балдырғанға» кел, бұйрық шығарып койдым. Сабырхан Асанов осында, үшеуміз бірге жүреміз», — деді.

Сабырханға телефон соксам: «Рас, бұйрық бар, үйде жатып қайтесін, келсенші!» — дегені.

Сөйтіл кеткен баспа еді бұл.

Арада екі-үш жыл өткенде барып бір күні Қалдарбек шакырды. «Мен сонда саған жеке бір кабинетті неге қимағандығымды өзім де білмеймін, көніліне жок жерден желік бітетін кездер де болады. Өкпе-сөкпені қойып, қатар жүрейікші, сол үшін шақырып ем», — деді.

Мен өзім біреуден көнілім қалған кезде «қалған көніл – шыккан жан» деп бірден атқұйрығын кесісетін едім. Қалдарбекке келгенде, неге еkenін білмеймін, әйтеуір соны жасай алмадым. Кайдағы бір ащылы-тәттілі ымыраға көніп кала беретін болдым.

Ол мені бір жолы Түркияға ертіп барған. Он шакты адам едік, көбі өзімен бірге Қазақ қауымдастығында істейтін жігіттер, сырттан тек Қажымұқан Масимов дейтін мен бұрыннан білетін досы бар. Он күн түрік жерін еркін араладық. Қөрмеген жердің ой-шұқыры көп, маған бәрі қызық еді. Қалдарбек мұнда өз үйіндегідей алшандай басады еken. Ертең кайтамыздеген күні мені бір адамдарға қосып, конак үйге жеткізіп салуды тапсырды да: «Мен ертең ерте барам саған, тырп етпей отыра тұр, бірер сағат дүкен аралап, аэропортқа тартармыз», — деп, өзі қалып қойды.

Ертесінде ал кеп күтейін оны. Сөске болды, тұс болды, күн екіндіге ойысты. Сол кезде «ал, кеттік үшакқа» деп қасында бір топ түрік, казағы бар Қалдарбек жетті дегбірді алып: «Ау, сенін кешегі уәден қайда?» деймін мен ашуланып. Оның ойына түк кіріп шығар емес. Сен ренжіп қалды-ау, өзім сиякты бұл да өжептәуір кісі-ау деген қаперінде жок.

Аэропорт басында, алдын-ала жазған бес-алты шумак өлеңімді оқып бердім. Ұшқұн үстінде ол тағы алды-артымды орап, кінәсін жуып-шайғандай піғыл танытты да, мен тағы жайылып сала бердім. Әлгі өлең жазған қағазымды Қажымұқан қалтасына салып алып, бермей койды. Есімде:

Ішетін жігіт едім ас тандатып,  
Ұшқаны осы ма әлде бастан бакыт.  
Қалдарбек, мені тастап қайда кеттін,  
Жатырмын Стамбулда аштан қатып?!

Әкеліп салып мені үй қасына,  
Жоқ болды кимасы да, сыйласы да.  
Ержанның «Смирновын» ішпеуші едім,  
Кор болдым Түркияның «бирасына».

Бұл күнде карын да сау, қалта да сау,  
Қалдарбек, досың ем ғой тарпан, асау.  
Дәл осы қара казан қалың өкпем  
Тай сойып берем десен, тарқамас-ау! –

деген шумактары ғана қалыпты. Мұндағы аты аталған Ержан деген жас жігіт бізben сапарлас болған азаматтардың бірі де, «бира» деп түріктे «сыраны» айтады екен. Немістен ауысқан сөз болуы керек, сірә.

«Жазушы» баспасынан бәрібір біржола кол үзе койған жокпын. 1993 жылдың күзінде екі том болып тандамалы шығармаларым жарық көрді. Бұл кезде акша ауысып кеткен, ал мен шарт жасасқан кездегі жағдай мүлдем басқа еді. Баспаға директор болып Дулат Исабеков келген болатын. Шартымды кайта жасап беру жөніндегі ойымды етеп айтып едім, түсінісе кетуің қындау жігіт екен, жерге қарап отырып, танау астынан әлдене деп күбірлеген соң, «Әй, қойшы, аштан өліп, көштен калмаспын» дедім де, кайта тіленіп алдына бара коймадым. Өзі біліп мезірет жасамаған соң сырын алмаған азаматтың көзіне сұраншашақ та, сұғанак та болып көрінгім келмеді.

1996 жылдың кантарында Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің орынбасары Әлібек Асқаров шакырды.

– Сізді министр Алтынбек Сәрсенбаев тосып отыр,— деді Әлібек. – «Жазушы» баспасына бас редактор етіп жібермек. «Ойланайын, пәлен-түген» дегенді қайтесіз, өзініз бұрын істеген жерініз, келісініз.

Министр мырза да тура сол сөзді айтты. Тек қана: «Бес-алты ай істеп көрініз, көнілініз толмаса, тұп-тура өзіме келініз, одан арғысын тағы көрерміз»,— дегенді қости.

Мен келісетінімді айттым.

— Ендеше, қазір Әлекен өзі апарып баспа ұжымымен таныстырады,— деді министр.

«Жазушының» жана директоры ақын Есенғали Раушановты біраздан бері білемін. Мен аға, ол іні болып жүрген, сыйлас, сырлас жастың бірі еді. Әлібек мені ертіп кабинетіне кіргенде, бұрыннан құлакдар болып отыrsa керек, қасында Әнес бар екен, оны шығарып салды да, бірден ытырыла:

— Қош келіпсіз. Бірақ маған (иә, баспаға деген жоқ, «маған» деді) баяғы Әукебаев, Мағауин сиякты қолжазба ғана қарап отыратын бас редактордың керегі жоқ. Қазіргі нарық занына, осы заманға орай қызмет істейтін кісі керек,— деп, және бұл сөзін әртүрлі мән-мәнермен екі-үш рет қайталап жіберді. Әлібек үндемеген соң мен сәл ызаланып:

— Әу, қарағым, алдымен істейік те сол қызметті, қалғанын көре жатпаймыз ба?— деп едім:

— Жоқ, айтканым айтқан, Заман талабына ере алмаса, ондай бас редактормен істесе алмайтынымды ашық айтамын,— деп түйіле шүйліге берді ол.

— Истесе алмасақ — жөнімізге кетерміз. Бұл баспадан кім кетпей жатыр деп едін. Кезі келгенде мен де кеткен болатынмын. Әлі де кетуім мүмкін бір күндері,— дедім сәл-пәл қалжын, сәл-пәл шындық араластыра.

Есенғалиымның ентігі ептең басылайын деді.

— Қай кабинетке отырғыныз келеді?— деп сұрады ол біршама сабасына түскеннен кейін.

— Төрт жыл бұрын Қалдарбек қимаған, өзімнің терім сінген шағын бір кабинетім бар еді, сонда отыратын болайын,— дедім.

Есенғали Серік Асылбековты шакырып алды.

— Секе, сіздер басқа бөлмеге көшіп, ана кабинетті Сәкен ағаға босатып беріңіздер,— деді.

— Өзім де біліп ем солай боларын, — деді Серік.

Сөйтіп, «айналып-айналып Кособаға қайтып келдім» дегендей, біраз айналып жүріп біз де «Жазушы» баспасының есігін қайыра келіп ашқан болатынбыз...

1996 жыл.

# КҮНДЕЛІКТІҢ КЕЙБІР БЕТТЕРІ

*НЕМЕСЕ ОБЛЫС ӘКІМШІЛІГІНДЕ  
ӨТКЕН ОН СЕГІЗ АЙ*

---

## КІРІСПЕ

Алматы облысының әкімшілігінде бір жарым жыл қызмет істедім. Мұндай жерге өз аяғымен кездесең бармайсын, ешкім зорлап та апармайды. Өз еркімен жұмыстан кететін адам да сирек, ешкім сені итеріп те шығара қоймайды. Бәрінің өз занзылығы, басталуы, дамуы, шарықтау шегі, түйіні болады. Ілуде біреу болмаса сол қызметіне тұрактап тұрып қалған кісіні тағы көрген емеспін. Ұдайы біреулері келіп, біреулері кетіп жататын жер.

Сол кезгі облыс әкімі, айналасына әйгілі азамат Заманбек Нұркаділовтің өзі әдейілеп шакырған соң келгенмін. “Әкім аппараты басшысының коғамдық ұйымдар және бұкаралық акпарат құралдарымен байланыс жөніндегі орынбасары” деп аталатын салақұлаш аты бар лауазым берді.

Бұдан көп бұрын, 1973-1974 жылдары Талдыкорған облыстық партия комитетінде жауапты қызмет істегенім бар еді. Газет-журнал төңірегінде, баспада, Жазушылар одағындағы отыз жылға таяу енбектен соң мемлекет қызметіне қайталап оралуым осы болған. “Жасының атын жақсы адамдар мактап жүріп, жаман адамдар жамандап жүріп шығарады” деген бар, қалай десек те, алаш ұлдарының алдынғы сапында келе жатқан Заманбек арнайы шакырып отырғасын: “Бұл да тағдырдың өзі иіп әкеліп салған соны бір сокпағы шығар, онысын да көрелік”, — деген оймен келісім берген едім.

Жасыратын түгі жоқ, жана қызмет, жана жер болғандығынан жас балаша қызығушылық та бар еді. Алыс-жақын жүретін жанашыр азаматтардың әркайсысы әртүрлі қабылдады. Біреулері: “Барғаның жөн болды!” — десе, екінші бір ағайын: “Былғаныштау жер еді, мінезіңің де жібектей болып есіліп тұрғаны шамалы, Заманбек те бірде көл, бірде шөл арсы-гүрсі қарекеттің адамы, істесіп кетсен жақсы, ойлан; өзің білерсін, өйтсе де қайте қояйын деп едін соны!” — дескен.

Ат шаптырым болмаса да жеке қен қабинет, ақ машина, хатшызы, бір басыңа жетерлік жалақысы бар кызмет. Бір қарағанда менін жасымдағы адамға одан артықлауазым іздеудің өзі құпірлік сияктанған. Аппарат басшысы, менен әлдекайда жас Мұрат Мұсабаев деген жігіт алғашқы күні-ақ: “Аға, сіздің өзіңіз аса мән беріп жатпауының да мүмкін, бірақ бұл мұндағылар үшін үлкен лауазым”, – дегенді айтып еді.

Келуін келіп алғаныммен, бұл жана ортаға бірден кірігіп кете алмай жатырқап, алғашқы күндердің өзінен-ақ бойтарта, тіксіне бастағанымды жасырып қайтем.

Бұл жерге өз бетімен келіп жұмыска тұру сирек ұшырасатындықтан да (немесе ондайдын мүлдем болмайтынан) әрбір жана адамға біреуі үмітпен, біреуі құдікпен қарап әдеттенгенге ұқсайды. Үмітгенетіні – қолдаушымыз, колпашымыздың тұбі біреу болып, бірігіп кетеміз бе деуден, құдіктенетіні – “сырын білмеген аттың сыртынан жұрменің” кері еді баяғы. Кай қырынан келіп, қалай сөйлеуді білмей, әлденеден ши шығарып алып, бірдемені бұлдіріп жұрмеймін бе деген секем де жоқ емес. Оны да бірден байқадым.

Міне, осы және басқа да бір жарым жыл ішінде көргенім, көңілге түйгенім, реніш-өкпе, аппарат ішінің интригасы, басқа да әрқиыл тірлігі жайлы құнделігіме тұскен көп ойлар бар еді. Соларды негіз ете отыра, жауырды жаба токымай, акты – ақ, караны – қара күйінде, әр нәрсені өз атымен атап, түгін түстей отырып, әңгімелеп беруді парыз санадым. Біреуді сактандырар, біреуге сабак болар, жастардың адам тануына, айналасына байыппен қарауына септігін тигізер деген де ой жоқ емес. “Құнделіктің кейбір беттері немесе облыс әкімшілігінде өткен он сегіз ай” деп атап, айдар таккан сон, қағазға бір түсіп қалған дүниені артық өндеп, қырнап-жөндеп жатқым да келмеди.

Сөз арасында оқырманыма сыйырлап айтқым келетін де бір онаша сырым бар – өзім өз болғалы өте шабытсыз жазылған шығармам да осы болды. Бұрын не жазсам да жорғалай жәнелетін қаламым біреу зорлағандай жер бауырлап жатып алып, тұсаулы аттай кібіртіктең, кей тұста тіпті табандап тұрып алып та сілікпемді шығарған. Такырыбымның ауқым-аясының тарлығы, кейіпкерлесімнің өте ұсактығы да дінкені құрта әсер еткен болар деп түйдім. Бірақ бергі жағы құлімдеп, арғы жағы іріндеп тұрған ішмерездер, ақымағын алдап, ақылдыны арбай білетін алаяктар, бастығының алдында басын көтермейтін, көлденен қісінің көзінше артық жөтелмейтін мәнсапкорлар, сырттай “тындырып”, іштей “бұлдіріп” жүретін бұліктер, түйені түгімен жұтқысы келіп, ойын сайын ұтқысы келіп тұратын жұліктер,abyroйы өз басынан аспаған, кызметімен кеменгердің өзін де жаскаған бүгінгі шенеуніктер жайлы мен айтпасам кім айтады, осының бәрін менен жақсы білетін кімін бар, “ауызға келген түкірік – кайта жұтсан мәкүрік”

дегендей, оқталып қалған екенмін, енді несіне күмілжіп, тартыншактайын дедім де, тәуекел ете тұскемін. Әкімшіліктегі (орталық аппаратын айтамын) қызметкерлердің көбісі әйелдер еді. Менің айналамда да көбіне-көп сол жолы жінішке жыныс өкілдері болып еді. Кыз басты, қылышық шашты демесен, олардың ішінде де толып жатқан аяры, айлакері, арамзасы, шағыстыруға, атыстырып-шабыстыруға икемді су жұқпастары болады екен. Оны да менен басқа ешкім айтпас, тіпті ұқсатып айта алмас деп ойладым. “Бұркіт картайса – тышқан аулайды” деуші еді, бұ Сәкенге не болған, құресуге кара таппай жүргендей”, – деушілерге де берер жауабым осы төніректе.

## АЙТАР ЕДІМ

Айтар едім, құдай-ау, айтар едім — тыңдар кім?  
Ортасында отырып құлақ кесті құлдардың,  
Өткізе алмай өзімді, жеткізе алмай сөзімді  
Терек болып теңселіп, ыргай болып ыргалдым.

Тыңдағанга тілімді тігіп тұрып бәске мен,  
Айтар едім амал не, айналамыз тас керең.  
Жақсыларым жауыннан қорғалаған торғайдай,  
Соқыр көздің өзінен сорғалаған жас көрем.

Айтар едім, не керек, құлақ қайда тыңдайтын,  
Бозторғай да емеспін — берекесіз жырлайтын.  
Кайраймын кеп өзімді — кісі едім ғой деймін де,  
Йілмейтін емендей, самырсындаи сынбайтын.

Айтар едім — біреулер үнатпайды бұртиып,  
Енді бірі қабағын, мен айтпай-ақ, тұр түйіп.  
Беттілерім бұл құнде жер шүқиды көзімен,  
Тәбет көрген текедей тектілерім үрпіп.

Айтар едім, құдай-ау, айтарымды елге арнап,  
Қайда бара қоймақпын ағайынды енді алдап?  
Біле тұра бір сөзім дарымасын ешкімге,  
Айналаға айқайлап айта берсем... нем қалмақ?!

# I

10 қантар, дүйсенбі, 2000 жыл.

Сонымен ойламаған, күтпеген жерден жаңа бір қызметке кірістім. Қазір ғана Алматы облысының әкімі Заманбек Нұрқаділов аппарат мәжілісінде мені өзінің орынбасарлары, басқарма бастықтарымен таныстырып, қызметке кірісуіммен құттықтады. Облыс әкімінің орынбасары Жібек Әмірханова, әкім аппаратының басшысы Мұрат Мұсабаев екеуі мені орныма отырғызып: “Ал іске сәт, табысты болыңыз!” – деп кеткен.

Аманхан келді. Осында баспасөз қызметінің бас маманы екен. Кеше ғана үйге телефон соғып: “Аға, сіз Фатиманың орнына облыс әкімінің баспасөз хатшысы болдыңыз ғой, солай ма?” – деп сұраған еді. “Жок, Аманхан, ол өз орнында қалды, менің қызметім бөлектеу”, – деп түсіндірген болатынмын.

– Аманхан, мен жаңа келіп жатқан адаммын, жұмыста қалу, қалмауың жайлы басшылармен өзің сөйлесіп, өзің шеш, – дедім оған.

Әйткені маған қарама-қарсы бөлмеге Фатима Бегенбаеваны орналастырып еді де, Аманханда әзір орын болмай тұрған.

Ол бұртиып шығып кетті.

Осыдан екі күн бұрын, 7 қантар, жұма күні аяқ асты мені телефонмен хабарласып, Алматы облысының әкімі Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділов шақырған...

Әйтсе де бәрін басынан бастайыншы.

“Жазушы” баспасындағы (бас редактормын) жұмысыма баруға жиналып, айна алдында тараңып-сыланып, мойныма галстугімді тағып жатқан едім, ойламаған жерден телефонның тұтқыыл безілдеп коя бергені. Тоғыздан аса қоймаған мезгіл, “ертелетіп іздел жатқан кім екен?” деген оймен самарқау барып трубканы алдым.

– Сәкен ағасыз ба? – дейді аржағындағы сынғырлаған жұмсак үнді әйел дауысы.

– Иә, – деймін мен жайбаракат қана.

– Бұл Нұрқаділовтің қабылдау бөлмесінен еді, сізben Заманбек Қалабайұлы сөйлессем дейді.

– Сөйлессін.

– Ассалау мағалейкүм, Сәке, – деген дауыс естілді. – Жаңа жылдың күттү болсын!

– Әлиқісалам. Ракмет, – деп жатырмын мен де.

– Сәке, кешеден бері құлағыңыз шулаған жок па, сіз жөнінде біраз әнгіме болып еді.

– Ә, жок. Ондай ештеме бола койған жок, – деймін сол әлгі елпілдей қоймаған қалпында.

— Сәке, сіз маған тез келіп кете аласыз ба? Тұмаған, Тұманбай Молдағалиев бар, Жібек отыр. Келіп кетсөніз.

Облыс өмірінде өтіп жататын өлдене мероприятия шығар деп ойладым.

— Оу, мен қала сыртына таяу алыста тұрамын ғой. Жеткенше тойларыңыз тарқап кетіп жүрмей ме?

— Қай жерде тұратын едіңіз?

— Абай мен Саин көшесінін қылышында.

Сәл үнсіздіктен сон:

— Ә, ана тұс екен ғой. Бәрір мен машина жіберіп, ол сізді тапқанша... Одан да бір такси ұсташыз. Пұлны мен-ақ төлейін, тез келініз, — деп ол әнгімені тоқтатты.

Телефон тұтқасын орнына қоярын койсам да, ойланбай болмады. Бұрын біздің үйге телефон соқпак түгілі, бір-бірімізді соншалық түстеп те танымайтын, сырттай ғана билетін адамдармыз. Аяқ асты не болып қалды екен?

Нұрқаділов те есімі елге белгілі, әйгілі де әйдік азамат. “Мені қайтпек екен?” деген оймен бірге: “Әй, осы жолдастардың бірі қалжындал жүрмесін, баяғы Баккожа Мұқай (ол жайында “Каламдастарым мен замандастарым” дейтін кітабымда жазғанмын) емес пе екен” — деген күдік те қылан беріп қалып еді. Ол бірде ауылдан келген баланың, бірде ақсақал ағаларымның бірінің даусын салып, телефонмен мені ұдайы мазалап, алдай беруші еді.

Баккожаға телефон соғып, үйінен таптым.

— Шынынды айт, сен маған телефон сокқан жоксың ба? — деп сұрап, “жок” дегесін болған жайды тәптіштеп айтып бердім. — Нұрқаділов шақырып отыр, сен ойнап жүрген жоксың ғой, әйтеуір.

— Жок, ойбай, — деді Баккожа ант-су ішіп, — ондаймен ойнамайды ғой, қабылдау бөлмесінің телефоны мынау, қайыра тілдесіп көрініз.

Нұрқаділовтің қабылдау бөлмесіне телефон шалайын енді. “Қарағым, — дедім жауап берген қызыға, — мен жанағы Сәкен аған ғой, әлгі кісілер әлі күтіп отыр ма?

— Иә, — дейді қызы. — Тез келесіз бе? Сізді кіргізіп ал деген.

Әлгі Баккожа өз жұмысындағы қыздардың біріне айтып, жауап бергізіп отыр ма деген күдік әлі тарай коймай, енді өйеліме қарап:

— Сен мына телефонға хабарласшы, — деп нөмірді бердім. — Нұрқаділовтің қабылдау бөлмесі ме, жок па деп сұрап ал, анығын білейік.

Ақыры койшы, ойын емес, шын сөз екенін осындай иір-шыйыр жолдармен анықтап алғып, Алматы облыстық әкімшілігіне (бұрынғы Үкімет Үйі) жеттік таксилетіп. Кіре берісте Ахмет Кендірбеков інім күтіп тұр екен, шешіндіріп, жол көрсетіп жүр.

Әкімге Тұманбай, Жібек болып кірдік. Тағы бір маған бейтаныс жас жігіт бар екен.

Заманбек Нұрқаділов жылы қарсы алғып, хал сұрасу рәсімін жасады да:

— Сәке, сізге бір қызмет ұсынбакпын. “Әкім аппараты басшысының қоғамдық үйымдар және бұқаралық аппарат құралдарымен байланыс жасау жөніндегі орынбасары” деп аталады. Қалай қарайсыз? — деді.

Көп ойланып жатпадым-ау деймін.

— Зәке, — дедім, — жана жылдың, жана ғасырдың басында, оразаның соңғы күнінде, аты алты алашқа әйгілі Заманбек мырза үйге телефон соғып, хабарласып, қызметке шакырып жатса, қызға ұқсан қылымсып не қылайын. “Балқан, Балқан Балқан тау, ол да біздің барған тау” дегендей, күп алғып көремін де.

— Ендеше, — деді Заманбек, — мына жігіттің аты-жөні Мұрат Мұсабаев, аппарат басшысы, сіздің тікелей бастығының болады. Қалғаның өзі реттейді. Бүгін жұма, дүйсенбі күні таңертенгі тоғызда осы кабинетте кезігетін болайық. Аппарат қызметкерлерімен таныстырамын.

Сол күні кадр бөлімін басқаратын Әсия дейтін келіншектің айтқанын бұлжытпай орындалп, қажет деген құжаттарын толтырып, сұрағанын тапсырып, күн бата үйге бір-ак оралдым.

Айтпактай, тұс кезінде алдымен Нұрманхан Оразбеков досыма барып (“Қазақстан” баспасының директоры) ақылдастым. “Солай да солай, аяқ асты қызмет түрін өзгертуге тура келіп тұр, сен қалай қараған болар едің?” деп сұрадым.

— Ойланбай-ак бара бер, — деді ол. — Тіпті күні ертең шыққалы отырған зейнеткерлігінде де бұл қызметтің пайдасы тиіп қалуы мүмкін.

Содан кейін барып өзім істейтін баспаның директоры маған рухани һәм туған інідей болып кеткен Есенғали Раушановка айттым.

— Барсаныз — барыңыз, аға, — деді ол да. — Шыдамай бара жатсаныз орнының дайын ғой, қайтып келерсіз, неніз кетіп барады.

Әйел, бала-шағама осыдан кейін ғана барып айттым. Мәрия бірден: “Оны қайтейін деп ен, осы жұмысында-ак жүре бермейсін бе?” — деп салды. Жана ортаға мен сыйыспай жүре ме деп күдік ойлағандағысы еді ол, әйтпесе көп байыбына барып жатқан жок. Оған менің амандығым, көnlімнің тоқтығы ғана керек.

Сол күнгі түнде еді үйге Аманхан Әлімовтің телефон сокқаны. “Аға, сіз Фатиманың орнына барыпты деп естідім, рас па?” — деп сұрады. “Жок” — дедім, Фатима өз орнында әкімнің баспасөз хатшысы болып қала береді. Ал сенің баспасөз қызметтіңің бас маманы болып калу-калмауың белгісіздеу болып тұр”.

Ол рас солай еді. Мана күндіз әкімнің өзі солай деп айткан.

\* \* \*

Осыдан көп жыл бұрын Талдықорған облыстық партия комитетінде нұскауыш болып қызмет істегенім бар болатын. Онда жас кезіміз. Албыртта аңғалмыз. Лауазымды да, атақ пен абырой, данқ пен даналықтың барлығын “бөрікпен-ак ұрып алатындей” болып күпініл жүретінбіз. Көрінгенге бас иіп, тез арада бағынышты бола кою да колдан келе бермейтін.

Казір әжептәуір бастықкан кезіміз. Қаншалық бастан сөз асырғым келмегенімен де, ұғатын жерде – ұғып, бұғатын жерде – бұғуды үйреніп калғандай едік. Біздін ауданда көп жыл аупарткомның бірінші хатшысы болған, маған дәйім акыл айтып, камкоршым болуға тырысып жүретін марқұм Құрдеубай Мұжықов: “Сен енді не десен де, не айтып, не туралы сөйлесен де – бәрі обкомның сөзі болып шығады. Соңдықтан, әсіреле, аузыпна сақ бол. Мұндай жерде кісіде дос-жар болмайды, тек өріптесі ғана болады”, – дейтін.

Сол “өситетті” есте ұстауға тырыстым.

Бұл менің өзімнің іштейгі ойым. Сырымды анық білмейтін сырт көз үзіп-жұлып елден естігендері бойынша мені өлі де “Ә” десе “мә” деуге даяр тұрар данғойлау біреу деп біледі. Онын үстіне Заманбек Нұрқаділовтің арсы-гұрсі, ұрдажықтау мінезін билетіндер: “Әй, осы екеуі сыйысып қызмет істей кояр ма екен, бір күн болмаса бір күн шарт та шұрт кетісіп жүрмесін”, – деп аныс андығандар да барын өркім-әркім жеткізіп жүрді маған.

Қанша істеп, қанша коярымды өзім де мөлшерлеп көрген жоқпын. Жүре көрерміз деп түгтем. «Тағдырдың бұл да бір ойда жоқта бұрып әкеліп салған сокпағы шығар, байқайық», – дедім де койдым.

\* \* \*

Бұл Заманбек Нұрқаділов пен “Жас Алаш” газетінін арасы барынша ушыға шиеленісіп, екі жақтың да мәмілеге көнбей “кісіліктен кетісіп” тұрған қезі екен. Газеттің 1999 жылғы (мен мұнда 2000 жылдың басында келгенімді білесіздер) отызға жуық санында (яғни, күн аралатып десе де болғандай) “Гу-гу”, “Ұрымтал сөз” тағы басқа айдарлары арқылы Нұрқаділовтің намысына тиер алыпкашпа лакап, өнін айналдырып қайта жасалған (коллаж) суреті жарияланып тұрған. Заманбектің жүргені, құлғені, тұрғаны, жекіргені, кекіргені дейсін бе, бәрі де есепке алынып, әртүрлі кекету, орынсыз мұқату, оспадар әзіл-қалжың, оспактармен “тұздықталып” бірінші бетке берілген де отырған. Кез-келген естияр адамның “жынын қоздырып”, ашу-ызасын тудырар жағдай еді бұл.

Әкім өзі тікелей айтпағанымен, басқалар арқылы маған осының бір жағына шығу амалын ойластыру тапсырылды.

“Жас Алаш” газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіп, оның орынбасары Қали Сәрсенбайлармен сөйлесіп, істің барысы әжептәуір насырға шауып кеткенін анғардым. Қаламдарының жүйріктігі, ойларының ұшқырлығы, іскер, ұтқырлығымен баспасөз әлемінде аттары мәлім болып қалған олар да ешкімді аяғына отырғызар емес, ытырылып-ак тұр екен. Олардың ынғайына Заманбек те жығыла қоймасы және белгілі. Күш алыш бара жатқан кызылала өртті ушықтыра бермей, өшіру тағы керек.

Екі оттың ортасында қалу дегеніңіз, міне, осы еді.

Дәл сол күндері (кантардың ортасына таман) жұмыстан өз еркімен шығып кеткен сол баяғы Аманхан Әлімовтің “Қазак әдебиеті” газетінде “Мен Нұрқаділовтен неге кеттім?” – деген мақаласы жарық көрді. Бұл да отқа май құйғандай өсер етері өз алдына белгілі еді.

Әрине, Аманхан өз мақаласында көбіне әкім орынбасары Жібек Әмірхановаға соктырып, тіл майын таусыса қағыта отырып, біраз жерге барған екен. Заманбекке Сіз айналанызда кімдер жүргенін анғармайды екенсіз, олардың ішінде достан қас көп, құлағыныңға жағымды ғана сөз айтатын, шындықты бүркеп, жауырды жаба тоқып дағыланған адамдар деген тұрғыда сын айтады.

Қызметке жаңа келген адаммын. Көп жағдай маған әлі түсініксіз, жұмбак та бұлынғыр. Саптаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарағандар да бар, “бұл қайтер екен?” деп бұқпантайлаған көздер мен бұлдіру жағындағы сөздер де қылан беріп қойып жатты.

Аманханды шакырып сейлесіп едім:

– Сәкен аға, егер Жібек пен Фатима аман болса, көрініз де тұрыныз, тұра екі айдан кейін сіздің өзініз де басқаша сайрайтын боласыз әлі! – дейді.

– Бәтір-ау, өзін суын ішкен құдығын ғой, қайырыла беріл түкіріп кеткендей болғанын не? – деймін ғой мәмілеге шакырып.

– Айтқаным айтқан, тұра екі айдан кейін сізге келіп, қазіргі пікірініз өзгермесе, ең жаксы ресторанға апарып өзім жуып берем, – деп ол кетті.

Осының бәрі де мені бей-жай қалдыра алмады. Өйткені мені құттықтауға кіріп шықкан көнілі жақын аудан әкімдерінің біразы (қызмет үстіндегі азаматтардың атын әзірге атамауды үйғардым) да: “Жібек, Роза, Фатималар жүрген жерде өзінізге киын болады-ау. Олар өтірікті шындаі, аксакты тыңдай етуге машықтанып, төсөліп, әбден шеберленіп алған. Көзінді бақырайтып койып әлгінде айтқанынан жалт бере айнып та шыға береді. Байқаныз!” – дескен. Бірақ Заманбек Нұрқаділов те мені бұл қызметке бекерден бекер шакырып алып отырмағандарын да жақсы түсіндім. Болмай бара жатса арқа сүйерім де өзі болады деп шештім.

Айтпактай, осы арада айта қетпесем болмай тұр, Нұрқаділов алғаш шакырған күні сол кабинетте менің аға досым, асыл ақынымыз Тұманбай Молдағалиев болғанын құлаққағыс етіп едім той. “Бақсам — бақа екен...” дегендей, сөйтсем облыс әкімі ең алдымен “осылай да осылай, ағасы, ел алдында, жұрт ішінде үлкен ірі беделіңіз бар, қасыма келсеңіз қайтеді, арашалау үшін емес, ара ағайын болуға қалайсыз?” деп қолка салса керек. Сонда Тұманбай: «мен бұл жұмыска жарамаймын. Ал шын мәнісінде өзіңе алыс-жақынмен керісे қалғанда ара ағайынға жарап адам керек деп отырсан, ол — Сәкен Иманасов. Шакырып сөйлес, міnezі де, беті мен беделі де келіп тұр. Қарсы бола қоймас. Мен де айтартмын!» — десе керек. Мұны маған Тұмаған емес, кейіннен Заманбектің өзі емеурінмен білдірген болатын.

Әлгі “Жас Алашпен” айтыс-тартыс арасында (акыры екі жақты ашық сұхбат алmasу арқылы бұл қырғи қабак әрекет біраз толастағандай болған) “Аманханға жауап беру керек шығар, бұл да сіздің міндетінізге жатады” деген сыңай анғарылды. Көп ойланып жатпай “Қазақ әдебиеті” газетінің атына мына бір мақаланы дайындағыз.

## АМАНХАН, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?

*Күрметті бас редактор мырза!*

Сіздің газеттің 14 қаңтардагы санында “Ашық хат орайында” айдарымен Аманхан Әлімұлының “Мен Нұрқаділовтен неге кетем?” дейтін материалы жарияланып еді. Соны мұқият оқып шыққаннан кейін ақын ретінде де, әкімшіліктің жаңа қызметкері ретінде де бұл мәселеге өз көзқарасымды білдірмей үнсіз қала беру мүмкін болмады.

Сондықтан Аманхан ініме қарата және де “Қызым, саган айтамын” деген тұргыдагы аз-кем пікіріме газет бетінен орын беруінізді сұрап едім.

Аманхан, менің кім екенімді Сен жақсы білесің. Осы арага қызметке келмей тұрып та Саған әрдайым тілеулес болып келе жатқан үндес, рухтас аған едім деп білемін өзімді. Сен өзің де соны сәт сайын шегелеп айтып жүретінсін.

Әрине, мен Әкімшіліктегі жана адаммын. Көп жағдай мен үшін әлі де жұмбак, әлі де бұлынғыр, сөйте тұра облыс әкімі Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділовке арнаған ашық хатынды өз басым бірден корыта алмай, біршама қиналған жайым бар еді. Енді соларға тоқталайын.

Сен Бас маман ретінде 10 айлық қызметінде ортана ықпал еткен, жұрт көзіне тұскен жұмысынды айтудың орнына қайдағы көр-жер, көмексі мәліметтерді жиналған жіпке тізіп жүргенсің бе,

қайткенсін? Мақалаңың тақырыбы да томпактау екен. Өйткені Сен Нұрқаділовтен кеткен жоқсың (“Кетіспеймін” деп өзін де айтыпсың), Әкімшіліктен кеткен жоқсың ба? Сөзімді ауыр алма, ақын деген үғымға ең алдымен ақыл мен адалдық кіруші еді. Ар мен үят дегеніңіз де осы төніректен табылса керек еді ғой, бауырым.

Ен алдымен Сен ресми лауазымы – Әкімнің орынбасары, қазактың санаулы ғана тәуір қыздарының бірі – Жібек Әмірхановаға кінә таға, кей тұста кекете сөйлепсін. Ұмытпасам, осы Сен, Аманхан, осыдан біраз бұрын Жібекке арнап “Жан Апа” деген өлең жазып, оны “Жетісу” газетіне жариялад едін-ау.

Жанымның жабырқаулау сазды әлемі,  
Сағынып жүрген кезде назды әдемі,  
Ертіп ап Екіашаға барған едін,  
Жан Апа, жадыраған жазда мені.  
Табиғат таулы жерде сыр ашқан ба,  
Төбеден бұл үйірлі қыр асканда.  
Қауымның камын көздел қарап тұрдың,

Дегендей дауа бар ма, бұл аспанға?! – деп те, бір көсліліпсің, бауырым.

Мен болсам Жібекті алыстан сырттай ғана білетін едім де, сенін өлеңің арқылы іш тарта жақсы көре тұскендей болып едім.

Бұл – Сенің осыдан алты ай бұрын жазған өлеңін.

Сонда кай сөзіне сендік? Көніл ауаның қалай ауса, пікірінді де солай өзгерте беретін бе едің? “Бір сөзінде тұрса еді жанса, күйсе...” демеуші ме еді Абай атамыз бұл тұрасында?

Сөз, баспасөз бостандығы дегенді мен де жақсы көремін. “Сөз бостандығы жок елдің өз бостандығы болуы неғайбыл” деп айтып та, жазып та жүрген адаммын. Бірак бұл жерде Сен құлай жығыла қызыктап, құптап отырган жекелеген қазақ газеттерінің іс-әрекетін де елдіктің белгісі дей алmas едім, өйткені бір емес, екі емес, үнемі үздіксіз, үзіліссіз құлағынның түбінен ызындаі берсе, қалай мезі болмассың. Ызындаған шыбын-шіркей емес, ел қозінде жүрген ежелгі газеттер болса: “Эу, бұларын қалай, тым құрыса ел алдында арылып, айтып өлтірсендерші!” деп, адам деген корғанбаушы ма еді. “Бұл демократияның белгісі, соның іс-әрекеті, оған тосқауыл болмасын!” деп айтуға аузың қалай барады? Егер сенін құлағыннан қику кетірмей, өр түрлі гу-гу, ду-ду, өсек-аян, алып-қашпа сөздерді қарша боратып, күн сайын кекетіп, мұқатып жатса, құдайшылығынды айтшы, тұқ болмағандай-ақ мән бермей отыра беруге төзімін жете қояр ма еді? Әй, білмеймін, дәл Сен екеуіміз ең құрымағанда газет басындағылардың жағасынан алып, бір-бір сілкіп шығар едік-ау!

Озгеге ақыл айтып, кенес беруге келгенде желдей есеміз де, сол жерде өзіміз болсақ қайтер едік дегенге ой жүгірте коймайтынымыз да бар-ау осы біздің.

Казір ұлттық идеология жайлы әнгіме көп айтылып жүр. Бірақ сол қалай жасалады, оның жөн-жосық, жоба-жолы қандай болуы керектігі жайлы бірынғай тұжырымды, кесімді, келісті ұсыныс айтқан жан баласы жоқ. Алматы облысы колға алғып жатқан Рух мерекесі, әр түрлі ұлттық үрдіс, салт-дәстүрімізге қайта оралу қағидалары сол идеологияны қалыптастырудың, белгілі бір жүйеге түсірудің үзік-үзік әдістемесі, “осылай етсек қайтер ед?” деген ізденістің алғашкы айқын карлығашы сиякты емес пе. Оны мансұқ етіп, інгәламай жатып үнін өшіргеннен біз нені ұтамыз?

Рух мерекесін өткізуге 3 млн. теңге қаржы жұмсалғанын он көрмейтінінді анғартыпсың. Өзіміз ұлғі тұта беретін Америка Құрама Штаттарында үгіт-насихат, жалпы белгілі бір максаттағы идеологияға арналып (мәселен Кенес әкіметін құлату сиякты) миллиардтаған доллар шығарып жататынын жақсы білесің ғой, жана ой, жақсы идея ертең ел игілігіне қызмет етіп жатса, сен айтқан қаржы рухымыздың өзгерілуі, өрлеуі арқылы-ақ еселеп кайтпай ма?

Кітапханалар жөнінде де дауым бар. Бір кезде шағын мәдениет ошактары қажет болған да шығар. Бірақ уақыт өтеді, заман басқаша көзқарастарды қажетсіне бастайды. Алматы облысының орталығында кішігірім бірнеше салалық кітапханаларды ұстанғаннан гөрі, “Алматы облыстық кітапхана мекемесі” сиякты орталықтанған ірі құрылым тиімді сияқтанады маған бүгін. Оның үстіне Алматыда әлденеше респубикалық кітапханалар да бар ғой. Қазіргі таңдағы әрбір жеке адамның кітапханасы да ондай шағын ошактар қызметін тарылта түсері хак. Ұлттық рухқа келсек, ол бір ғана кітапханалар жұмысымен өлшенбесе керек, әйтпегендеге аясын тым-ақ тарылтып жіберерміз.

Сондай-ақ, маған жеткен ақпар бойынша, казір Сен сынап отырған алтын кордың идеологтарының бірі де, бірегейі де өзің болған көрінесін. Үндеудің мәтінін де, атын да ойлап тапқан (“Алтын корға – алтын қос”) өзің екенсін.

Сен, Аманхан, облыс әкімі Заманбек Қалабайұлына: “Сіз қарапайым халыкты қойғанда, өз аппаратыныңдағы қызметкерлердің қолына тұспейтін жанға айналғансыз” – дей келіп, біраз кінә артыпсың. О жағын қайдан білейін, өзім он ай емес он шакты күннің ішінде оның алдына әлденеше рет барып, әр түрлі мәселелер шешкенімді айта кетейін.

Сен оны да ашумен айтып калған жокпышын? Әйткені сен екеуміз онаша бір әнгімелескенде маған бұл туралы ләм-мим демеген едің, мен саған ағалық ақылмен: қастасу емес достасу жағында жүрсөнші дегендеге емеурін танытқан болатынмын, есінде шығар?..

Жүздеген мың адамы бар облысты басқарып отырған Әкім мен оның командасының үшкіріл-түшкіргенің ғана термей, қызметіне карай бағалап, іс-әрекетіне карай сараласак жөн болмас па?

Кейде біз сылаймыз деп отырып, сындырып, сыйлаймыз деп отырып, бұлдіріп алатынымыз бар. Қазақ газеттеріне деген, оларды қорғай, қолдай жүргүте деген жылы пейіл, жақсы ықыласына түгел косыламын. Бірақ олардың да әрдайым жауластыру емес, елдестіру жағында болғаны абзал ғой деп ойлаймын.

Бұл күнде газеттеріміздің бір қатары халық қамы, ел намысын ойлап, үлттық қасиетіміздің жыртысын жыртуудын орнына, көржер, өнбес дау, өтірік пен өсек, жала мен бәле қуалап кетіп бара жатыр. Мен соған күйінемін. Үзланамын. Нелер бір ендігі үлт қайраткерлері мен болармын-ақ деп жүрген азаматтардың бірбіrine айбат көрсетіп, гайбат айтып, күйелеп, өзі ғана емес, оқырман жүртты да әуеніне ілестіріп, әуреге түсіріп біткеніне намыстанамын.

Ауылды жерде шәу етіп бір күшік үрсе болды, қалғандары әр жерден, әудем жерден үн косып, бірінен-бірі асып түсіп, өршелене әупілдеп кетуші еді; кейде “мыналар неге ғана бөрінің көтеніне үксап шылданап кетті?” дегендей болып, соларға косыла марғау ғана бір маңқ етіп қойып, қайырыла жата кететін майтөбеттер де болатын. Біздің газеттеріміздің кейбір қаракеттері соны елестетеді. Одан не барқадар тауып, қандай бақыт шығарарын өздері білсін!

Солай, Аманхан! Сен екеуіміз негізінен Поэзия деп аталатын қастерлі патшалықтын құзырындағы пендeler едік кой, қызметтен сен кетіп, мен келіп жатқан соң айтқаны деп жүрмегейсін, ойымды әлі де болса ірке алмай отырмын. Кеше ғана өзің тап-таза балап, ынтамен келіп, нанын жеп, дәмін татқан жерінді бірер адамға деген пенделік өкпе үшін құстаналамай-ақ кеткенің жөн еді! Өйткені өзін түстеніп өткен жер емес пе еді, өзің суын ішкен құдық емес пе еді? Қайда кеттің, Аманхан? Ойлана жүрсөң қайтеді?

\* \* \*

Осылай деп жазарын жазып алып, екі-үш күн үстел тартпасында ұстадым. Жібектен бастап сол төніректегі біраз адамға оқытып та алдым. “Катып кетіңгі, енді тездеп жариялау керек!” – деушілер көбейіп бара жатты. Содан сәл секем алғандай болып, Аманхан да бекерге шырылданап жүрген жок, оның сөзінде де жан бар шығар. Жеген нанымды актаудың басы деп біреуді ренжітіп, біреудің көнілін табудан не ұта қоймақпын осы, жүрттың бәрі неге мені қолдап, құптап кетті? Мұнда да бір гәп болып жүрмесін. “Әй, қайда қашар дейсін, жата тұрсын, арғысын тағы көрерміз” – деп, үстел суырмасына салып тастанап едім...

Содан қазір ғана, бір жарым жыл өткізіп барып қайта қолыма алып қарап отырғаным осы. Ет қызуымен әлдебір газет бетіне жарияладап жібермегенім қандай жақсы болған деп те құдайға шүкіршілік айтып қоямын.

Қарап жүріп қағажу көрген, өресі төмен әлдекімдердің сыйнап-мінеуінен, әртүрлі кекесін мен кеміте қарауынан ығыр болған жігіттің жан айқайы екен ғой ол.

Осы әкімшіліктің істейтін бір қыз бала маған оңаша сыретінде: “...Аға, сіз байқадының ба, жок па, Аманхан аға мұнда жүргенде мұжіліп, жүдеп, көбіне-көп әлденеге әбіржіп жүргендей көрінуші еді, қазір кезігіп қалғанда байқаймын, ағы – ак, қызылы – қызыл болып шырайлана, жүзі нұрлана түскен. Төменгілердің тұртпегі ақын адамды біз білмейтін әлдебір әуре-сарсанға сала ма, әлде?” – деп айтқаны бар еді.

Ол қыздың өзі де мұндағы атмосфераға төзе алмай, ақыры көп ұзамай кетіп тынған болатын.

Бастапқы кезде әжептәуір айыптаپ жүрсем де сол Аманханның да орынсыз қорлануға қарсы оқыс тулат қыр көрсетуін түсіне бастағандай болды. Өйткені дәл осыған шамалас бір оқиға әкімшілікке келерден тұп-тура екі-үш ай бұрын өз басымнан да откені бар болатын. Оны да айта кетейін.

## **КЕРУЕН КЕРІ БҰРЫЛСА, АҚСАҚ ТҮЙЕ АЛҒА ТҮСЕДІ**

Әз басым арадағы 3-4 жылды қоспасақ, тек бір ғана “Жазушы” баспасында табан аудармай 24 жыл қызмет істеген адаммын.

Сол баспаның да жағдайы болынқырамай, қызметкерлері 3-4 ай жалақысыз қалып жүрген бір кезенде министрлік тарапынан “Қазақ эпциклопедиясы” бас редакциясына ауыс деген ұсыныс болды. Бұл ұсынысты маған жеткізген баспа ісі жөніндегі департаменттің директоры жазушы Элібек Асқаров министр Алтынбек Сәрсенбаевтың үйғарымы солай дегесін, өзіме әмісе жылы қабак танытып келе жатқан басшы азаматтардың ілтипатықыласын аяқасты ете алмадым да, артыма карай-қарай, үйренген жеріммен қимай қоштасып, амалсыз сонда ауысқан болатынмын.

Дәл осы жерде есіме ескі бір аныздың сұлбасы орала кетіп тұрғаны.

Ертеде көртендеу шалға еріксіз ұзатылған жас қыз екі-үш тұн бойы ерін кеудеден итеріп, бұртындей қашқактап, ынғай таныта қоймаса керек. Жас иіс икеміне көне қоймаған шал байғұс әрі әурелеп, бері әурелеп ештеңе шығара алмаған сон біржола көнілі қалғандай болып, теріс қарап тарс бүркеніп жатып алыпты. Бір емес, екі емес, әлденеше күн бойы кен салынған төсекте екеуі екі жаққа қарап үйықтап жүреді де, шалдан кайыра емеурін байқала қоймағанға әбден төзімі таусылған, енді өзінің дегбірі кете бастаған қыз: “Құдай салды – біз көндік, ақшұнақ шал, бері жат!” – деп кәрі қүйеуіне өзі жабысып икемделе беріпті...

Біздікі де сол еді. Кергіп қызмет таңдайтын кен заман енді жок, күн көру қамы, аштан өлмеу үшін амалсыз аяқ сүйтқан жер

болатын. Әлгі аныздағы қыз құсап қөніл қаламаған жұмысқа еріксіз жегіліп кете берген едім.

Мен өзім қай жерде істемейін, қолымнан жұмыс келетінін дос-дүшпанның бәріне дәлелдеп келе жатқан адаммын. Таңертенгі тоғыздан кешкі алтыға дейін үстел басында тапжылмай отыра да аламын.

Өйткені, бастықтарымның ешқайсысымен де өмпей-жәмпей араласып, іші-бауырына кіріп кете алмаушы едім де, олар өз тарарапынан ұнатсын-ұнатпасын, жұмысынан ілік таба алмағасын, ресми қатынастан аспай, маған дегендे өздерін дұрыс ұстауға тырысатын.

Аудандық, облыстық, республикалық газеттер редакцияларында қызмет істеген кездерім де болған. Бастық болып көрген емеспін. Бірақ бастықтарымның бәрі де менімен бар жағдайда да санасып, кенесіп, есептесіп отыратын еді. Көбіне айтқаныма көніп, келісетін. Ақыл сұрап та отыратындары болды. Бетімді кайтарып, қолымды какқандары аса көп бола қойған жок. Бірақ неге еkenін білмеймін, қызметімді өсіруге келгенде солардың бәрі де үнсіз ғана ығысып, мені қолдамай да, қорғамай да, ең жақсысы, қорламай да сырттап қала беретін. Мен оған да ренжіп көрген жок едім.

1999 жылғы шілде айының аяғын ала хатшы қызы Гүлмира арқылы энциклопедияның Бас редакторы Әбдімәлік Нысанбаев шакырды. Қасында өз орынбасары Тілеухан деген жігіт бар екен.

— Сәке, сіз бүгіннен бастап бізге қызметке келуге тиіссіз. Астана жақтан сондай нұсқау бар, — деді Нысанбаев.

Мен он шакты құнгеге Алакөл жаққа кетіп бара жатқанымды, демалып келген сон, құзырынызға көшейін дегенді айттым.

— Жарайды. Мен өзім де кезекті демалысқа кетіп барамын. Осындағы шұғыл басылымдар тобына жетекші боласыз. Келгесін мына Тілеухан бүйрек шығарып, орнынызға отырғыза береді, — деді.

Солай етті де. Әлібек Аскarov айтқан «Екі мың жылдық дала жыры» антологиясын шығармакка шұғыл кірісіп, арнайы комиссия құрдық. Белгілі ақын Есенбай Дүйсенбаев пен Әділғазы Қайырбековтердің құрастырып, көмектесуімен, Қазақстан Жазушылар одағының басшылығы (Нұрлан Оразалин, Темірхан Медетбек) тарарапынан қолға алынған шұғыл әрекеттер нәтижесінде бұл көлемі 60 баспа табақ (көне дәуірден бүгінге дейін) антологияны компьютерде түгел тергізіп, басуға өзір еттік. Енді тек Нұрлан жазуға тиісті алғысөзі қалып тұрған. Ол емделіп жатыр еді. Энциклопедия Бас редакторының орынбасары Тілеухан деген жігіт: «Алғысөзді Әбекен (Нысанбаев) жазады, біздегі тәртіп солай», — деді.

Мен: “Кой, Әбекеннің поэзияға қандай қатысы бар, жөні де, жосығы да жок”, — деп үзілді-кесілді қарсылық айтқан болдым.

Әнгіме әрі қарай өршімеген сон, сол мәмілеге тоқтаған шығар деп түйгем.

Бірақ осының алдында мен “Коркыт” аталатын көлемді кітапқа жауапты шығарушы болып едім, сол кітапқа да, соның алдында жарық көрген “Құрманғазы” кітабына да Ә.Нысанбаев алғысөз жазғанын байқасам да, оған аса бір мән бере қоймаған едім. Дардай аты бар, академик лауазымы бар адам баладай бакқұмар болады дегенге сенгім келмеген.

“Академик” дегенің де арғы жағы ақылгөй, данагөй сөзінен шықпаған-ау, шамасы. Біреулердің көніліне келсе де айтайын, сол жылы: “Академик дегенің осы күні иттен көп, иттен көптің ішінде бір Сәтбаев жетпей тұр”, – деп бітетін өлең жазып, “Қазақ әдебиеті” газетінде жариялағам да. Орыс елінің үлкен білгірі, атом реакторын жасаған, бұл күнде жасы жұзге келіп отырған Николай Доллежальдың өзі: “1953 жылдан бері Ғылым Академиясының толық мүшесімін, бірак біздің арамызда бұта басын сындырмаған “атакты” ғалымсымақтар толып жатыр. Олардың не тындырып, не қойғаны өздеріне болмаса, өзгемізге беймәлім”, – деп жазады “Известия” газетінде. Аумалы-төкпелі кезенде замана толқынымен араласып, су бетіне кездейсок шығып қалған лжеғалымдар бола береді. Оған сөз бар ма.

Ақыры, орысқа жүгіне бердік кой, сол елдін “порядочность” деген ғажап бір сөзі бар. Бұл жөні тұзу, кіслікті, туа текті, құдайға қараған, ұяты бар, иман жүзді деген сиякты бірқауым ұғымдарды түгел бойына сыйғызып тұрған сөз. Басшының дәйім осы талаптан табылғанын қалар едім. Керісінше болған жағдайда, айнала құдай атып, ол ұжым ісінде береке болып жарытпасы және хак.

Ондай басшы адам қарауында істейтіндердің де өзіне денгейлес ақыл-есі, білімі бар азamat екенін естен шығармайды. Соған орайлас қатынас орнатады. Білімі мен сауаты сай келгенімен, жұрт басқару мәдениеті жетіспейтін, ой-өріс, интеллектісі төмен адамнан қай жетіскең басшы шығушы еді. Олар әлекедей жаланып, өзін-өзі әйгілеп, жүрген жерінде өзіне жарнама жасаудан артылмайды.

Мен өзім кияндағыны көргіш, киялдағыны сезгіш адаммын. Осында келер-келмestен өлгі орынбасар бастық Тілеухан деген жігіт:

– Сәке, бізде жұмыс көп. Босбелбеу, бойқүйездікті көтермейді, бос уақыт жок, жұмыс көп, – дегенді бір емес, бірнеше дүркін қайталап айта берген. Сонда-ак ішім сезе қойды, жоғарыдағы жігіттердің емеурінімен қызметке мені ықтиярсыз алғандарын байқадым. Өзі де шырт етпе мінезді, шыдамсыз адам, сөйте берсек бір жерден сыр беріп қалар, сонда не өзі кетер, не кетірерміз деп ойлағандарын, алдын ала келісіп алғандарын білдім. Білдім де қойдым.

Сол кезде “Корқыт ата” деп аталатын көлемі үлкен кітап дайындалып жаткан. Соны дайындаудың 60 пайыздай жұмысын сапалы етіп мен атқардым. Оған осы кітапты құрастырған Ш.Ибраев, К.Есмағамбетов, Т.Дайрабайлар куә. “Бір сүрінсе осы жерден сүрінер” дегендегі болмай қалды. “Өзім де кумын!” – деп Тайыр ағам айтқандай, бұл жерден үстептадым. Үтып кеттім!

Мұндағы қызметкерлердің білімі, сауаты, кабілеті жағынан мен білетін баспағерлерден көп тәмен екені екі-үш аптадан кейін-ақ белгілі болған. Екі-үш қызметкерлері болмаса қалғандары жалтактап басшылардың жүзіне карай беретін, “шықпа, жаным, шықпалап” отырғандар екен. Шын сөзге ренжіп, дау айтатындар табылып жатса, онысын тағы көрерміз...

Сол алдындағы малыма адал қарап, қызметіме қылшық жуытпау жағынан мін таба алмай дағдарған “басшым” енді амалы таусылып, басқадай әрекет іздейді. “Кайтсем де көп отырғыза қоймаспын” деп әлдекімге берген уәдесі де болуы керек, оның не сөз екенін де ішім сезеді, бірақ анықдәлелім болмағасын іште бүгіп қалып отырмын. Ақыры қойши, Нысанбаев маған орынбасары арқылы (онысы да сау сиырдың боғы емес) “басқа жерден жұмыс тауып алмас па екен” деген емеурін танытты. Жоғарыда айтылған кітапты шығарып болған соң өзім де есікті қаттырақ жауып коштасам ғой деп жүр едім, ол менен айласын асырып, алдынды орап кетіп отыр.

Кетерде Әділғазы Қайырбековтың көзінше: “Поэзия антологиясын” толық жинап, тергізіп, басуға дайын еттім. Егер менің аты-жөнім кітапты шығарушылар тізімінен алынып қалса, барша казақ ақынын күөға тартта отырып, тұп-тура сотқа берем деп “корқыткан” да болдым. Бұл қызметтен кеткен адамның ішкі қыжылы, орынсыз өкпесі емес, шын ниетім сол еді.

Ушай ішінде байқағаным: судай сапырыла қеліп-кетіп жаткан қызметкерлер. Кадр тұрактамайды екен. Барад жері, басар тауы болмағандар ғана амалсыз айтқанға көніп, айдауға жүріп дегендей, тұқыра тәмен қарап алып қызмет атқарған болуда.

– Эй, Сәке, істесе алмайсыз-ау. Ол сіздей азаматтардың қадірін білер басшылар санатынан емес, әуре болманыз”, – деген жанашырларым көп болып еді. “Көрерміз!” – дегем. “Бір жылға коян терісі де шыдайды” деуші еді, бірер жыл қөрейін. Міндетімді мінсіз атқарсам, ешкімнің қазанына тұспесем, менде не әкелерінің құны бар, болмай бара жатса тағы көріп алармыз”, – деп түйген болатынын.

Маңында өзінен ойы озық, ақылы кемел, өресі үстем кісінін жүргенін жаратпайтын аса шолақ белсенділер болатынын талай көріп жүруші едік, бұл да соның айқын бір қөрінісі болды да шыкты. Басқаша айту мүмкін де емес.

Оз басым қашаннан қастасқаннан гөрі достасқанды дұрыс көретін адамдар санатынанмын.

Мұны да айтқызып отырған баяғы өр көңіл, өзімді білетін қалың ел өлде де жаман ойлап қалмаса екен деген ниет. Ендігісін іштерініз білсін дер едім.

Басында әлгілермен үстасып та көргім келген. Келе-келе сабама түсіп, солар менің алысуыма тати ма өзі деп, тез райдан қайттым да, жөніме жүре бергемін.

*P.S.* Кейін сол антология жарыққа шығыпты. Менің аты-жөнім аталмапты. Антология деген өзі басын қосып отырған әдеби жанрдың інжүі мен маржанынан түзілсе керек-ті, бұл, жұдә, олай болмаған сиякты. Өзім көрдім деп өтірік айта алмаймын, көзімен көріп, қолымен үстаған акын інім Есенғалидың айтуынша алғы сөзін сол Э.Нысанбаев жазыпты, біз іріктеген иті жайсан-жақсы акындар ысырылып, иттің ұлы итақай барып ойып орын алыпты. “Оқығым да келмей, бас редакторының көзінше қасымдағы кездесок біреуге үстата салдым!” — деді Есенғали.

“Карнымның ашқаны емес, қадірімнің қашқанына жылаймын” дегендей, ой-өрісі өзіңнен көп төмен әлдебір жолбикелерден жәбір көру, жаныңа батпай қоймасы анық. “Баласы Жәлменденің Пышан едім, тұсында Николайдың кісі-ак едім!” — депті жалпак жатқан жалайыр ішіне көбірек мәлім Пышан болыс бір кезде. Біз де сол белгілінің бірі едік, қадірімді ел-жұрт біліп болды-ау деп жүрген едік, “керуен кері бұрылса, аксак түйе алға түседінін” кері келіп, маңым түгілі, шанымды көре алмас біреулердің күйкілігінен алмас жүзім майырыла жаздады-ау, жігерім жасып, қеудем басыла жаздады-ау деп келіп, бар шындықты ешкімді кемітіп-мұкатпастан шып-шырғасыз қалпында өз аузыммен айтып, елге тегіс жеткізгім келген ниет-сауалым еді бұл.

Бұл Аманханның неге ашынып, не үшін алашапқын болғанын түсінуден туған шегініс еді, енді негізгі әңгімеміздін арқауын үзбей, солай қарай бет бұрайық біржола.

18 қантар, 2000 жыл.

Аппарат басшысы ретінде маған тікелей бастық – Мұрат Мұсабаев деген жігіт. Әкім өзі алғаш келген күні әдейілеп таныстырған. Жібек Әмірханова екеуі мені дүйсенбі күні ертіп апарып орныма отырғызып, маған тиісті автомашина шоферін шақырып, жүздестірген.

Озі шақырмай-ак араға апта салып алдына бардым. Қырық-қырық бестердегі жігіт. Обалы не, орнынан ұшып тұрып, ағалап карсы алды. Бір жақсы-жайсан жігіт сияқтанады. Тұманбаймен қыз алыспайтын аталас ағайын екенін де білдіріп өтті.

Бұрын осында әкімге көмекші болған деп естігем. Аппарат жұмысына әбден машиқтанып алған сыңайлы. Мұндай типтегі адамдар сырын еттеп білетін слім. Ылғи ғана біреудің ығында жүріп

дағдыланған адамда өзіндік мінез, өзіндік қылыш болмайды. Қысқа күнде қырық құбылу, жаңағы әзірде айтқан сөзінен ретіне қарай жалтара салу да оларға түк емес. Сөзінді салғырт қана тындайды, өзі тікелей ештеңе шешпейтін болған сон да сөйте ме, кім біледі, әйтеуір, айтқан әңгіменнің байыбына барып, терен бойлай үқпайтынын, не үқкысы да келмейтінін анғара бастадым. Бір сөзінде тұрактап тұрып қала алмай ма деп те түйіп едім. Әркім-әркімнің сөзіне қарай тез өзгеріп отыратыны байқалды.

Маған, әрине, оның қандай жігіт болғанынан келіп-кетер ештеңе жок. Бірақ бірлесе қызмет істейтін болған сон іші-сыртын аз-кем барлап алуға тұра келген. Бүгін айтқанынан ертең айнып отыратын адамдарда не үлкен билік жок, не “көп айтса – көнді, жұрт айтса – болды” санатында жүретін, көленкесінен корқып, коргалактап өмір сүріп дағдыланған әккілер. Бұлардың бір жаман жері – өздері бастық атаулыдан қалай корыкса, бағыныштыларын да корқытып, үркітіп, қолдан келсе үрейлендіріп ұстауға тырысатындығы.

Мұратқа қатысты емес, сөз ретіне орай айтып жатқаным, әшейін.

20 қантар, 2000 жыл.

Әкімнің Жібектен басқа (оған әлі кенірек тоқталатын боламын) орынбасарларымен көп араласа қойған емеспін. Ең алғашкы телефонмен тілдескен орынбасар бастық Долженков болды. Қазакка аса көп іші жыли қоймайтындар санатынан екені жайлы бұрын еміс-еміс естігенмін. Осында әкім орынбасары екенін білетінмін. Алғашкы күндердің бірінде «меридиан» аталатын телефонмен сол хабарласқан. «Долженков» деді бірден. Мен: «Долженковсың ба?» деп сұрап тұр екен деп ойладап... «нет» деймін ғой баяғы. «Это я – Долженков!» – деді ол нығыздалып. «Ну!» – деймін мен. Ол маған соншалық бір қатысы жок шаруаның жайын сұрады. «Уточните!» – деп нығырлап қойды. «Через час я перезвоню» – деді ол. «Ладно!» – дедім. «Вы тот, который... заместитель у этого..., как его?» – деді ол. «Да, заместитель того самого» – деймін мен де қитығып. Ол трубканы тастай салды.

«Апыр-ай,— деп ойлағам сонда,— «аты-жөніңіз кім еді? Кешірерсіз!» деген сияқты адами тіл бұларға бұйырмаған ба, немене?»

25 қантар, 2000 жыл.

Алматы облысының әкімшілігіне қызметке келгеніме біраз күн болып-ақ қалды, әйтсе де әлі жұртпен сінсіп кете алмай жатырмын. Өзімнің де жұғымым аз адаммын, оның үстінен осындағылардың

көбінен жасым үлкен, кірігіп кете алмауға ол да бөгет. Кеше бір қызық болды. Есіктен шыға берсем әкімнің орынбасары Т.К. деген жігіт жүр еken. Колында телефон, біреумен сөйлескен болады. Маған иегін көтеріп қана амандасудың ишарасын жасады. Кекірттеу екенін келе-сала байқап ем, бірақ мән бере қоймағамын.

Көлденен тартылған машинама мініл, жүріп кетейік десек, әлгі бастық дәл жол үстінде талтайып тұрып алып қалта телефонымен сөйлесе бастады. “Белгі берсенші!” — деймін шоферға. “Болмайды, аға”, — дейді ол.

Көз қыығын салып, біздің бөгелінкіреп қалғанымызға разы болғандай: “Міне, солай, Аяз, әлінді, құмырска жолынды біл”, — дегендегі өктем ниет танытып, әрен ығысып жол берді-ау.

“Өстімесен қазак болармысын!” — деп мен кеттім.

Сонау бала жастан бергі ең жек көретін қылығым арсыздық, кісіге қыр көрсете бұлдану, мінін айтқан адамға жатып бұліне тұлдану еді. Ұятсыздығының үстіне өз бойынан асқан кесел, кекірттік, бір күнгі лауазымын арқаланып өзінен басқаны таптап өткісі келіп тұратын өлермен ұрдажық мінез, надан да сасық қеуде, сөйте тұра ақылдының алдына түсіп, итере ығыстырып, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бергісі келмейтін сол бір рухани сорлыларды көріп: «Қайнайды қаның, ашиды жаның!»— дер едің ызадан қүйіп кеткенде. Өзінді өзің әрен деп үстап қаласын.

Сөзінде дәм жок, өзінде мән жок, көп ізденіп ештеме оки қоймаған, әркімнен үзіп-жұлып шала-пұла естіген қайталауды айтқыштыққа, ділмарлық, шешендейдікке балау, қолпаш-қошемет көбейген сайын сонысын тоты құсша сан кайталап көсем аталып жүргендер де бар, қайтесін.

Өзімнің де жүрттың бәріне бірден жаға қояр қылығым, ұнай қояр түрім жоғын жақсы білем-ак, дегенмен әлгіндегі басшының көкірегіне нан пісіп-ак тұрғанын анғардым. “Ел басқарып осылар не жарытпак!”— деп те ойлағам.

26 қантар, 2000 жыл.

Әдеттегідей дүйсенбі күні аппарат жиналысы өтті. “Сәке, сіз әлі өзіңізді өзініз көрсетіп, жұмысқа бел шеше де, белсене де кірісе алмай жатқан сияктысыз”, — деді Заманбек.

Қайдан білейін, бар болғаны бір-ак апта болды ғой мұнда келгеніме де. Ештегетындыра алмай жатуым да әбден мүмкін. Бірақ соны алдына шақырып неге өзіме айтпайды? Әлде сынаған түрі ме?

Сол жиналыс үстінде әкім: “Сіздің қарауынызда автокөлік біреу-ак па?” — деп сұрады.

“Иә”, — дедім мен.

Мен тағы да: “Зәке, бізге компьютер біletін бір техникалық қызметкер керек еді”, — дедім.

Күйісқанға қыстырылып қалуды ар санамайтын Әбдіқадыров (қаржы басқармасының бастығы): “Менің орынбасарларым компьютерде өздері тереді керек құжаттарын. Әр бөлімге қосымша қызметкер ұстап керегі не?” – деп койды. “Сіз компьютер тілін білуші ме едіңіз” – деп сұрады әкім. “Жок, – дедім, – оның үстіне үйренуге деген құлқым да шамалы”.

Бұл әнгіменің негізі қайдан шықты екен деп ойладым. Сөйтсем, осының алдында Фатима кіріп: “Сәкен жана келген адам, жұмысты білінкіремейді. Бәріне мен жалғыз жүгірем. Оның үстіне машина да сол кісіге бекітілген”, – деген сыңайда қынқылласа керек. Оның үстіне тағы біреулер Заманбекке мен туралы “не очень лестно” сөз айтқанын да анғарып қалдым. Соның бәрі жиналып келіп, әлгіндегі әнгіменің өрбүіне әкеліп соккан жайы бар. “Басшы азамат көп кой, қайсыбіреуінің қөнілін таба бересін”, – деп еді баяғыда Мәскеудің партия мектебінде менімен бірге оқыған көрікті бір келіншек. Сол айтқандай “қайсысына жалтақтай берем, өздері білсін!” дедім де койдым мен.

27 кантар, 2000 жыл.

Облыстық “Жетісу” газетінің редакциясында әжептәуір үлкен кеңес өткіздік. Республикалық Журналистер одағының баскарма тәрағасы Камал Смаилов, Ұлттық университеттің журналистика факультетінің деканы Намазәлі Омашев, “Қазақ газеттері” жабық акционерлік қоғамының президенті Жұмабек Кенжалин, облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бастығы Құлімхан Жәйшібекова, осы баскармаға қарайтын баспасөз бөлімінің менгерушісі Кемел Құсайынов, мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінен Кенжеболат деген жігіт, облыстық газеттің басшылары қатысып, бірқыдыру мәселелер төнірегінде әнгіме болды.

Бұл менің облыс әкімі апарат басшысының қоғамдық үйымдар және бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жөніндегі орынбасары ретіндегі алғашқы қатысқан жиналысым еді. Кәдуілгі ысылған шенеуніктең-ак ағыла сөйлеп, жиналғандарға әжептәуір “акыл” айтып та жібердім-ау деймін.

Осы әнгіме үстінде бәрімізбаяғы партиялық цензура тұрасында пікір таластыра келіп, бұғынгідей әркім бетімен лағып, бейпіл сөйлейтін, аузына келгенін айтып, гу-гу өсек, ду-ду өтірікке жол беріп, өрекпи коздыра түсетін “еркіндіктен” гөрі сол бұрынғы белгілі бір адами өлшемнен әріге жібермей, тежеп ұстайтын цензурамыздың өзі дұрыс еді-ау деген корытындыға келгенбіз.

28 кантар, 2000 жыл.

Бұғін облыс әкімі жанындағы алқа жиналысы болып өтті. Жиналған барлық аудан, қала басшыларына әкім мені әдейілеп таныстырды. Бірақ сол мәжіліс өтетін дөңгелек залға кіре берісте карсы жолыққан Заманбек: “Сәке, бұғін КТК-ні (телеарна) көрдіңіз бе?” – деп сұрады. “Жок, көрмеген ем, онда не бар еді?” – деймін. “Апыр-ау, сіздің жұмысыныздың бір саласы сол теледидар акпараттарын көру емес пе, оны да мен айтып отыруым керек пе?” – деді әкім екпіндеп.

“Жә-рәй-ді!” – дедім өзіме өзім. Аксу ауданының әкімі К.Байболов, министрлер кабинетінің қызметкері, ескі танысым М.Шәкенов келіп, әңгімелесіп кетті.

3 әкпан, 2000 жыл.

Сағат түп-тура тоғызда “меридиан” аталатын телефон шылдырлады. Аржағынан “Әкім” деген жазуды оқып: “Иә”, – деп едім. “Сәке, маған келіп кетіңіші!” – деген Зекеннің даусын естідім.

Заманбек көнілді екен. “Сәке, қалайсыз, мұнда келгенінізге қанша күн болды?” – деп сұрады. “Бір айға жуықтап-ақ қалды-ау деймін”, – деп жауап бердім.

Маған жүктелген міндеттер ауқымы, оны атқару тәсілдері жайлы 25-30 минут әңгімелестік. Біраз ой тастарлықтай ақыл-кенесін айтты.

Мен Заманбек Нұрқаділовті тындай отырып, осы азаматтың басында да жұртты өзіне үйіріп алатын, тіпті кейде мысымен де баса түсетін сирек бір қасиет бар-ау деп ойлағам. Бұл кім көрінгенге бүйира бермейтін қасиет. Өйткені мен де кім болса соның алдында айылымды жып, аяғымды тарта бермеуші едім. Асып-саса да коймайтынмын. Әлде ойламаған жерден тап келген жана қызметтің әсері ме, не қарамағында істеп жүрген сон ба, әйтеуір осындай онша әңгіме үстінде ойда жүрген шаруамды таратып айта да алмай, әбіржіп кала беретін болыптын. Соған танырқай бергенімде әкім:

– Айлық жалақының қанша екенін білесіз бе, Сәке? – деп сұрады.

Мен өзім қай жерде қызмет іstemейін, қашан еңбекақым колыма тигенше қанша алып, қанша қоятыным жайында алдын-ала ешкімнен сұрап көрген кісі емес ем, ынғайсыз көретінмін. Кісі ақысына қиянат жасай қоймас, артық етіп өздері де бермес дейтінмін. Заманбекке соны айттым. “Жалақы алған күні көрерміз”, – дедім.

– Айлығының аз емес екен, облыс әкімінің жалақысының тен жартысы, – деп едәуір комакты бір соманы айтты, – қазір ғана ведомостқа қол койып отырмын.

Жас балаша куанып кеткенімді жасыра алмай қалдым. Ол да қайбір жақсы қылық дейсін. Сыр білдірмей де сыпайы күліп отыра беруге болар еді ғой. Бірақ ол айтқан сома “Жазушы” баспасында бас редактор ретінде алатын айлық акшамнан екі-үш есе артық екен. Мұқағали айтқандай, “құдай көп жарыта қоймай” жүрген ақын үшін бұл өзі көктен түсे қалған байлықпен бірдей еді ғой.

Акпарат құралдары арқылы жиі көрініп тұруым керектігі, теледидардан дәл Мәскеу билеушілерінің баспасөз көмекшілеріне ұксап, саясатқа да жиі араласып отыру, осы бастан соған ыждағатты болуым жайлы айтылды.

Мәскеу кайда, біреу қайда! Оның үстіне Заманбек Нұрқаділов баспасөз басындағы біраз азаматтармен тіл табыса алмай, қырғиқабақ жүргені жайлы да аз-кем естігенім бар еді. Сол есіме түсіп, арты қалай боларына көз жеткізе алмай, ойланып қала беріп ем.

4 ақпан, 2000 жыл.

Маған берілген “Волга” автомашинасы бар. Оны бұрын Фатима мініп жүрген бе, білмедім, әйтеуір кешкілік Роза Кәрібжанова, Ахмет Кендірбек, Фатима төртеуіміз тиеліп кетемізде, ертенгісін жол бойы тағы теріп алып келемін. Алғашқы күннен осы дағды калыптасып еді.

Бұгін де сол төртеуіміз тиелген қалпымыздың тұп-тура сағат 9-00 -де Әкімшілік алдында келдік. Роза қынқылдап: “Сәкен аға, бұдан кейін ертерек шығайықшы үйден”, – деп тықырышып, дегбірсіздене берген. “Асықсан, жүре бермейсін бе?” дегім-ак келіп, окталып барып тоқтадым. Азаннан өз көніл құйімді өзім бұзғым келмеді. Өзі де бір түсініксіздеу әйел екен. Бұрын тиіп-қашып сойлескенім болмаса, жақын жүріп көрмеп ем. Әркім әртүрлі мінездеме беретін. Кебісі “отрицательный”, әрине.

Жұмысты беріле істеймін деген адамға 8 сағат өбден жетеді. Қалғанының бәрі жалған белсенділік, көзбояу, өзгені де, өзін де алдау.

Кешегі бір әнгімде әкім акпарат құралдары өкілдерімен тығыз байланыса жұмыс істеу үшін қосымша автокөлік бөлдіремін, ресми қызметнама жазып әкелініз деген.

Аппарат басшысы Мұрат Мұсабаев: “Аға, ақыры әкімге шыққалы отырсыз, хатынызға екі “Волга”, бір “Жигули”, бір “Нива” деп көрсетсөніз”, – деді. Оны қаржы-шаруашылық бөлімнің бастығы Еламан Сүлейменов те қостап, солай деп хат жаздым. Әкімнің көмекшісіне түс қайта тапсырып кеттім.

7 акпан, 2000 жыл.

Бұғінгі аппарат мәжілісінде өкім: “Сәке, Сіз тұтас бір гараж машина сұрапсыз ғой, екеуі де жетпей ме, әнеуқұні солай келіскең сияқты едік”, — деп құліп отырып сұраған.

Мен жалтақтап Мұратқа карадым. Ол тырс етіп үндемеді. “Мен едім айтқан” демегеніне таңырқап, иығымды қомдай бердім. Әбдіқадыров кана (финанс королі) тыныш отырмай:

— “Түйе сұрасам, бие береді” деген ғой, — деп қалды.

— Бұ кісі түйе сұрағанда да төрт өркеші барын бір-ак сұрапты, — деп Заманбек тағы құлді. — Бір “Волга”, бір “Нива” машинасын бөлдік, әзірге республикалық газеттер тілшілерімен жұмыс істеуінізге со да жетіп қалар.

Бірақ сол машиналар ақыры “колды болып” кете барды. Бірер рет қаржы-шаруашылық бөлімін басқаратын Сүлейменовтен сұрап көріп едім: “Менен неге сұрайсыз, Тойбаев (әкімнің бірінші орынбасары) пен Мұсабаевтан сұраныз, солар біледі деген. Мұрат Мұсабаевтан сұрап едім: “Болады ғой, қайтесіз тықыршып”, — деді. “Бұлардың жұмыс әдісі осы шығар” деп әрі қарай қазбаламағам.

Мұнда ашылып сөйлесерлік, аз-кем сырласып ой бөлісерлік адам аз болады екен, бәрі де томаға-түйық, артық бірдеме айтып коюдан сактанған, екі шоқып артына бір қарап әдеттенген тіскактылар. Әркім өзімен өзі ғана. Біріне бірін біреу андытып койғандай, үрке қарап, ұдірейе түсіп жүргендери.

Түс кайта жалпы бөлім менгерушісі Айдын Әлімжанов келіп, ертегі сессия материалдарымен таныстыра отырып, біраз әңгіме айтты.

— Сіздін машинаныз, Сәке, маршруттық такси сияқты, — деп құлді ол, — екі еркек, екі әйел болып тиелесіздер де жүресіздер, әйтеуір.

8 акпан, 2000 жыл.

Кімнің кім екендігі сұлбаланып, азды-кем белгілі бола бастағандай. Баяғы бала кезімде Сұланбек деген чешен баласымен дос болып едім. Жокты-бардың бәрімен өуес, әсершіл, ізденгіш болатын. Соған еріп фотосуретпен әуестеніп көргенім бар. Негатив деп аталатын ~~пленкадағы~~ бейнені жарыққа қаратып та ажырату киын, кеспірі де, кескіні де беймәлім біреу. Әлдебір дәрі (“проявитель, закрепитель” дейтін еді) косылған су толы табақшаға фотокағазды салып, қажет тетігін іске косканда әлгі негативтегі бейне ақырын-акырын айқындала келе, алғашқы нысанага алған нұсқан бадырая барып сурет болып шығатын. Сау ма, соқыр ма, пұшық па — енді “өндеп” те, “жөндеп” те ала алмайтын сол түсірген адамың өз түрімен көрініс берер еді Айналамдағы сол негативтер,

міне, ақырын-акырын айқындала бастағандай. Күн сайын менің қызмет машинама тіркесе тиеліп жүретін сол Фатима, сол Роза, сол Ахметтердің де бет-перде аржағындағы өз “жұздері” анығырақ көріне бастап еді.

Бұгін де сол төртеуіміз түгел қалпыныңда кенсе касына ертелең жетіп едік, алдындағы машинадан Жібек (әкім орынбасары) түсіп жатыр екен. “Ойбай, Сәкен аға! – деп баж ете қалды Роза жылан шағып алғандай, – сәл ғана машинадан шықпай отыра тұрайықшы! Эйтпесе, құримыз!”

Машинаның әйнегі кіреукеленген. Сырттағы адам ішінде кім бар, кім жоғын ажырата алмайды. “Ойпирмай, адамды адамға бағындырып, табындырудың үстінде осынша кіріптар, басшының алдында осынша мұсәпір етіп қойғаны-ай!” – деген ызамен мен өзім жақ есікті серпе жауып шығып жүре бердім. Баспалдақпен көтеріліп бара жатқан Жібекке жақсы пейілмен амандастып, өкшесін баса ішке ендім. Жеп қойған жок, неде болса ойы іште қалды.

“Служебная иерархия” дейтін де қалыбынан аспай катып қалған бір “дәстүр” бар. Ертеде, Талдықорған обкомында қызмет істеп жүріп, алғашқы күні “байқамай” асханадағы кілен Зав.отделдер ғана кіруге болатын бөлікке барып тамақтанғаным бар. Бұл бөлімнің қапталында төменгі сатыдағы қызметкерлер “ет табағын” құшақтап, кездай тізіліп кезекке тұрып жатқанын, ал мына бөліктे аппак алжапқыш байлаған даяшы қыздардың зыр жүріп қызмет жасап жүргенін көргем.

Даяшы қыз ештеңе демей заказын қабылдады. Қарама-қарсыма обкомның өндіріс бөлімін басқаратын, жасы менен онша көп үлкен емес Баталов деген жігіт келіп жайғасты. Ол көз астымен маған қарап қояды: «бұл да “өсіп” кеткен бе» дегені. Үн-түнсіз тамағымды ішіп, даяшы қызбен есеп айрысып, Баталовқа бас изеу рәсімін жасап тұрып кете бергемін. Бұдан кейінгі күндерде де сол жағдай қайталанып, он-он бес күннен соң менің бөлім бастығым Виктор Солодилов дейтін жасы кіші орыс жігіті: “Сәке, сізге Зав.отдельдер асханасына айрықша рұқсат беріліп пе еді, жок қателесіп барып жүрсіз бе?” – деп сұраған. “Енді бүгіп-жабар не қалды?” – деп ойладым да: “Иә, Виктор Данилович, рұқсат берілген”, – дедім міз бакпай.

Ол әрі қарай қазбаламады.

Менің бойымда “бұлардың қайсысы менен артық, қызметі болмаса” деген сәл астамшылой жүрген.

Мына әкімшілікте де үш асхана бар екен. Екеуі төменде, біреуі (шағын) жоғарыда. Сол баяғы обкомдағыдай “хатшылар”, “Зав.отдельдерге” арнайы бөлінген. Маған іні болғансып жүретін Ахмет Кендірбековты (ол осындағы бөлім бастығы Роза Кәрібжановаға орынбасар) тұскі үзілісте сол өзім баруға хұқылы асханаға

шақырдым. Ахмет, обалы не керек, зырылдал, шырылдал біраз тартынып еді, мен сүйрегендей болып ілестіріп алғам.

Тамактанып алып шығып келе жатсақ алдымыздан әкімшіліктің сол кезгі шаруашылық-каржы жағын баскаратын алпауыт Еламан деген жігіт ұшырасты да, өзінен жасы үлкен Ахметке кіжінде, “мұнда кіруге қақын” жок деп, көзге шұқи ескерту жасады.

“Сәкен ағам ертіп келіп еді”, – дейді Ахмет шыр-пыры шығып.

Менің бойымдағы өзім білетін ең басты кемшілік-мінім – шыдамсызыбын. Бастан сөз асыру деген болмайды. “Шыдамсыз адам ұнамсыз болатынын” біле тұра намысъима тиетін сөз естіген жерде, басшы ма, басқа ма, дер кезі тойтарыс бермей тұра алмайтыным бар. Ал кекету, мұқату дегендеге тіптен төзе қоймаймын.

Әлгі Еламанның сөзіне де: “Баяғыда Америкада “Неграм и собакам вход воспрещен!” деген болады деуші еді, әйтпесе, не қағынып кетті соншама?” – деп едім дызылдал.

Ол менен айылын жия қоймады.

Мұндай піфылдағы адаммен дауласып түк өндіре алмасымды да білем. Пушкиннің “Я воздвиг себе памятник...” деп басталатын әйгілі өлеңінде: “... И не оспаривай глупцов!” – дейтін жол бар еді. Бірак, кайтемін, жәбірленгенге жәрдем беру, ары мұқалғанға араша тұсу міндетім ғой деп есken, жапа шеккен жанының қасынан табылуға тырысатын адам болғаннан соң да көпе-көрнеу қиянатқа төзбейді екенсін.

Еламан неге сонша шіренеді? “Байдың асын байғұс қызғанадынын” кері ме әлде?

Жок, бәрін анғара, бәрін де байқай бастағандаймын. Токпағы мықтылардың қарны ток, аузы кисық болса да – соның сөзі өтімді.

Бұл жерде “кожа мен құлдар” ғана барына көзім жете тұсті. Дәл осы жерде баяғы Кенес елінің “кас жауы” Дмитрий Мережковскийдің: «Одного бойтесь – рабства и худшего из всех рабств – мещанства и худшего из всех мещанств – хамства. Ибо воцарившийся раб и стал хам, а воцарившийся хам и есть черт – уже не старый, фантастический, а новый маленький черть, действительно страшный, страшнее, чем его малюют, грядущий князь мира сего, грядущий хам», – деген сөзі еске түседі. Бұл жұлыныңды үзердей ұзак бір сәйлемді өз әлімше қазакшалап көріп ем, ұзын-ырғасы былай болып шыкты: “Коркатаң болсан ғана нәрсе – құл болудан және сол құлдықтың ең соракы түрі – тоғышарлықтан және тоғышарлықтың ең соракы түрі – жүгенсіз тәйтіктен коркатаң бол, өйткені таққа мінген құл жүгенсізге айналмақ, ал таққа мінген жүгенсіз албастының нағыз өзі, онда да біз білетін баяғы қиялдағы албасты емес, бүгінгі өзіміз көріп жүрген шын мәніндегі сұмырай, бірақ әсірелеуден де асып түскен сайтанның сапалағы, болашак дүние тетігі қолында тұрған Кожа, болашак жүгенсіз”.

Мұнда да сол Кожа, сол жүгендіздер. Кожасы иегін көтерсе үріп қап, көзін жұмса тұрып қап үйренген, Кожасы “жат” десе жатып, “қап” десе қатып дағыланған жүгендіздеге де құл керек, оны да өзі секілді жүгендіздер арасынан іріктең таңдайды.

Соларға менің қылышымның бәрі оғаш болып көрініде занды еді. Қалжынмен ғана қағытып, құлкіге ораған кекесіні болмаса, “былай тұр!” деп ашық айтуда жүргегі дауаламайды. Содан барып өзінен де жетесіз, өзінен де жүгендіз, “әйт” десе болды, тап беретін, шап беретін, шабатын, кабатын бетсіздері мен тексіздерін косады.

Мен алғашқы айлардан бастап-ақ ешкімнің маған жауыға қарамағанымен айналамнан салқын бір ниет анғара бастап едім. Басында оның мәнісін ұғып, байыбына бара алмай да жүргемін. Сөйтсем, бұлармен терезен тен сөйлесу үшін де, істес, тістес болу үшін де ең алдымен тонынды айналдырып киіп, бетіне перде тұтуын керек екен. Өйткені – бөгдесің, бөтенсің. Саған да ешкім жоламайды, өз маңына жуыта да қоймайды.

Менен әлдекайда жас Мұрат Мұсабаевтың (менің тікелей бастығым) өзі: “Аға, сіз туралы әркім-әркіммен әңгімелесіп, сыр тартып көріп ем, бәрі де “адал адам, тұра айтатын тік міnez кісі” дегенді айтты бірауыздан. Өзім де сізben танысқалы бері соны байқап жүрмін. Бірак, шынын айтсам бар ғой, аға, мына қоғамда, дәл бүгінгі кезенде ақ, адал сізден гөрі аппараттық интрига, ыбырсыбырға әбден төселіп алған мен қажеттірекпін!” – деп құлғен болатын бірде.

Бұл жерде “бәріміздін илеп жатқанымыз бір терінің пүшпагы-ау” дейтін, ортақ істің абыройы үшін жаны күйе жүгіре қоятын адам болмайды екен. Тапсырма тек қана бастықтан болуы шарт. Әкім – орынбасарына, орынбасар – өзіне тиісті бөлім басшыларына тапсырма береді. Соны орындап “алғыс, не карғыс” алғандарына мәз. Олай дейтінім, бірде аяқ-асты “Қазакстан-1” телеарнасында қызмет істейтін бір келіншек телефон соғып, шұғыл түрде Талғар ауданынан бір сюжет түсіріп келуге көмектесуімді өтінді. Өзі 9 мамыр – Женіс күнінің қарсаны еді. Талғарда тұратын соғыс арадағерін көрсету керек болған. Әкімшілік қызметкері – бас инспектор болып істейтін Шамшитдинов Мұсабек деген азаматтың шетелдік жеке меншік машинасы бар, соны жұмсал едім, лып ете түсті: “Қазір апарып келейін, Сәкен аға!” – деп.

Арада аз уақыт өтпей жатып жаңағы телевидение қызметкері звондалап: “Асай-мұсейіммен уағдаласкан жерде әлгі жігітінізді күтіп тұрмын, бірақ өзі жоқ”, – деп тұр.

Шамшитдиновты қайтадан іздел табайын. “Бақытжан Құлна-зарұлы рұқсат етпеді”, – деп күмілжиді ол. Бақытжан деп отырғаны дәл мен секілді аппарат басшысының орынбасары әрі үйымдастыру-бакылау бөлімінің менгерушісі Асқаров. Соған телефон соғайын “осылай да осылай” деп.

— Алдымен маған айту керек еді ғой, ол инспектор менің қарауымдағы адам, — деп көргиді ол да.

Жүріс-тұрысы сыпайы, мәдениетті жігіт көрінген.

— Оу, Бақытжан, мен көк базардан жуа сатып әкеліп бер деп жұмсап отырған жокпын ғой, сені іздең тауып, келісіп, мәмілеге келгенше олар барып та келмей ме? — деймін.

Ол келісті, көнді. Бірақ кейіннен Мұрат Мұсабаевтың: “Сәкен аға, әр бөлімнің өз стилі бар, менгерушісімен келісіп істенізші”, — деген бір сөзінен Бақытжанның да шағым жасап үлгергенін анғардым.

Ал амбиция жағына келсек, артында тіреуі бар, сүйенері мықты болғасын ба, катардағыларды көзге де ілгісі келмейтін, бастықтың алдында құрдай жорғалап, басқаларымыздың алдында айылын да жимайтын әйелдерді көріп, сан рет жағамды ұстағаным бар.

Бір күні маған “Мәдениет баскармасынан” едім деп, Гүлнұр деген әйел телефон сокты. “Сәкен аға, сізге біздің бастық Қанымжан Шотбаевна келіп кетсін дейді”, — деп.

Сәл анырып қалдым. Қанымжан Шотбаевнасы — облыстық мәдениет баскармасының бастығы Солтанқұлова деген әйел. Аратұра кезігіп, қызмет бабында әнгімелесіп қалып жүретінбіз.

— Оу, Гүлнұржан, — дедім телефон сокқан әйелге, — ең алдымен сенің бастығының мені хатшысы арқылы кабинетіне шакырып алып сөйлесуге құқы бар ма екен, соны анықтап біле койшы өзінен.

— Өзім де соны ойлап ынғайсызданып отыр едім, ағай. Казір, өзіне айтайын, — деді Гүлнұр. Кейін таныстық, бұл өзі бетінен иманы төгілген жақсы бір келіншек болып шықты.

Аз үнсіздіктен сон телефоннан Қанымжанның да даусы естілді. “Кешіріңіз” — деген болды ол, — бір асығыс шаруа үстінде отырып, сізben ақылдасқым келіп еді. Біраздан кейін өзім кіріп шығамын”, — деді.

Со жолы Қанымжан кіріп шықкан жок. Бірақ кейін жақын таныса келе әзіл-қалжынға да кет әрі емес, әжептәуір көргені бар, жөн біліп қалған әйел екенін де анғартқан. Облыстық мәдениет баскармасына бастық болып келгеніне де көп бола коймапты, менен сол бір-екі ай ғана бұрын тағайындалса керек. Мамандығы — мұғалім, мектепте директор болған, Талғар ауданында әкімнің орынбасары қызметтін атқарыпты. Әлі де болса жаңа қызметтің буы басыла коймай тұрса керек. Қызметтік иерархия дейтін құрғырдың да байыбына бара алмай жатқанға ұксайды. Осының алдында өзімнің де бір оған телефон сокқаным бар-тұғын. Хатшы қызы арқылы кім екенімді айтып, жалғап жіберуін өтінгемін. Сонда ар жағынан амандық-саулық жок: “.. Е, не болып қалды?” деген дауыс естілген.

Мен оған ашу білдірmedім. Емеурінмен ғана өз орнына койғандай болдым. Тәменгі жерде кіші-гірім мекеме басқарып, одан

аяқ асты облысқа жоғарылап келген адамдардың көбінде осы мінез кезіге беретін.

Бірді айтып, бірге кетіп жатқан жоқпын. Сөз ретінде қарай салыстырғаным болар, баяғыда облыстық “Октябрь туы” газетінің редакциясына жауапты хатшы болып М. деген жігіт келген. Мамандығы журналист (сырттай оқып бітірген) болғанымен, көп жылдар ірі колхоздың (қазіргі тілдегі ұжымдық шаруашылық) партия үйімінде хатшы һәм төрағасының орынбасары болып істеген. Әміршіл, әкімшіл кезеңнің төл өкілі. Ауыл шаруашылығында жұмыс көбіне айқаймен, әкірендеумен бітіп жатады. Соған әбден дағыланып кеткен М. редакция қызметкерлеріне де катулы кабакпен қарап, бірден билеп-төстеп алғысы келіп бірер ай өуреге түскені бар еді. Қаламы жүйрік, ойы үшкыр, тауға да, тасқа да салса мойымайтын білгір журналисттер оның айтқанына көніп, айдауына жүре қоймады. Соны екі-үш айдан кейінгі әуре-сарсаннан соң барып түсінген М. ақыры жаспен де, кәрімен де тіл табысып, біразымен сыйлас, сырласқа айналып, тонның ішкі бауындай араласып кетіп еді. Мен де оған қалжын ретінде сол бастапқы қылышын қызықтай айтып, келемеждеп, қағыта берсем керек, бір отырыста: “Әй, Сәкен-ай, мен кайдан білейін, ойдан-қырдан жиналышп жатыр, мен де екі-үш бастықтың бірімін, колхоздағыдай бірден бет қаратпай ықтырып ала қояйын деп едім, оған болмадындар, енді койсаншы, ондай-ондай хан қызында да болады ғой”, – деп уәж айтқан.

Әрі қарай біз де өткенді еске түсіріп, мазалай беруді доғарғамыз.

Канымжандікі де соған үқсас бір қыры-ау дедім де қойдым.

14 ақпан, дүйсенбі, 2000 жыл.

Бүгінгі кезектегі аппарат мәжілісінде Әкім маған алғаш рет “әлі ештеңе тындыра қойған жоқсыз-ау” деген сыңайда сыпайығана ескерту жасады. Таңнан бері денем тоңазып, көңіл-күйім пәс, сіркем су көтермей-ак түреді, содан да сөйлеуге халім де, ықыласым да болмады. Әйтпесе бірдене деп, кім екенімді білдіре кетудің үримтал тұсы осы еді. Бірақ “үн демеген үйдей пәледен құтылады” дейтін уәждін де дұрыс екеніне осы жолы көзім жете түсті.

Не істеп, не қойып жүргенім осындағы елдің бәрінін де алаканында ғой деймін де, мен көбіне “мынаны істеп жатырмын” деп қыт-қыттамай-ак үнсіз жүре беретінім бар. Мемлекет қызметіндемін дейтін адам үшін бұл аса жараса қоймас қылыш екенін де білуші едім. Осыдан көп жылдар бұрын Талдықорған обкомында жүргенде жасы үлкен аға, біраз жыл аудандар басқарған, өмірінің соңғы кезеңінде облыстық баспасөз басқарма-сының бастығы болып істеген Жолан Сыздықов (белгілі аударма-шы Нияз Сыздықовтың ағасы) дейтін азамат маған жиі келіп, ұзак

отырып әнгімелесіп, ағалық ақыл-кеңес айтып, сыр бөлісіп жүрді. Бір сөздің ыңғайына қарай сол кісі: “Сәкен, сен өз ісінді ел құсан айшықтандыра көрсетуге жоқ екенсің-ау! – деп еді. – Содан да болар, сенің ұсынған ой, жүзеге асырған идеяларың, іс-жоспарыңды үзіп-жұлып маңданып, иеленіп кетіп, орта жолда пайда тауып жүргендер де барын байқадым”.

– Саған мен мынаны айтайын, – деді әнгімені соза түсіп Жолан Сыздықұлы, – айталық, өнертапқыш бір адам мына сенің алдында жаткан қарындашты ойлап табады да, жасап шығарады. Болды. Сонымен ісі тәмамдалады. Өнер адамы болған соң “сөйттім де бүйттім” деп, өзін-өзі әйгілеп, әлекедей жаланып жатпайды. Басында басқа да мың сан ой бар, соны жүзеге асыруы керек. Қарындаш та болса қалың елге пайдасты тиер бір дүние ойлап тапқанын канаттады.

Ал оның қасындағы екінші бір адам әлгі қарындашты әдемілеп үштап алады да, қолында біраз билігі бар бастығына: “Жазып көрініш! – деп дер кезі ұсына қояды. Бастығы да мәз болып: “Кара мына пәлені, өзің бір керемет екенсің ғой!” – деп, әлгіні айналасына таныстырып, қолды-аяққа тұрғызбай көкке көтере мактап бір береді дейсін. Өзі ғана мактап қоймайды, өзгенін бәріне үлгі ете сөйлеп: “Бұл бір іскер адам, мына қарандар – қарындаштың қалай пайдаға асатынын!” – деп төнірегіне жар салып біtedі. Содан да әлгі қарындаш ойлап тапқан адам жайына қалып, ұшын шығарып берген кісі бар абырайға ие болып кетеді. Сен де сол сиякты болып жүрмегейсін”, – деген еді жарықтық. “Біз надан боп өсірдік иектегі сакалды!” – дегендей, кезінде ол сөзге мән беріп жарыта қойғаным шамалы. Француз жазушысы Тристан Бернардың: “Не важно уметь хорошо работать, важно уметь хорошо доложить” – дейтіні бар еді, бұл да сол ғой аумаған. Міне, жаңа жұмыста да біркатор шаруанын басын қайыра жүріп те, ұсынысымыз өтіп, айтқанымыз бірден назарға ілігіп жүріп те “мынаны мен істедім” демеппін, соған орай: “Бұл Сәкеннің шаруасы еді”, – дегенді де, не алғыс, не қарғыс түрінде естімеппін.

Оның үстіне маған қараған екі адамның екеуі де өздерінше бір-бір тип. Қызметкерлерді өзім тандап алайын деген еркіме басшылар жібермеді. “Міндепті түрде орыс ұлтынан болсын бір қызметкер”, – деп отырып алды Әкім. “Екі тілге бірдей қазақ жігітін алсак қайтеді?” – деп едім, Әкім тіпті: “Қазағымыз Аманхан ба, асын ішіп, аяғыма түкіріп..., жоқ, орыс жігітін аласыз!” – деп салған. Қарсыласа берер кай қауқар бар бізде де. Фатима (баспасөз хатшысы) іздел тауып, “Азия даусында” бірге қызмет істеп едік деп, әйтеуір бұрын шекара әскери округінін газетінде редактор болған Василий Шупейкин дегенді әкелген. Отставқадағы полковник көрінеді.

Айтқаныңды бұлжытпай орындауға үйренген әскери тәртіптің адамы екен. Бірак не онға, не солға қарай артық бір адым

жасамайды. Өзіне тікелей жеке тапсырма бермесен қымылсыз, карекетсіз күні бойына отыра беруге бар. Өз бетімен инициатива білдіре қояйын деген ниеті де жок. Қазақша жазылатын қағаздарға кол ұшын тигізуге қауқарсыз. “Сен неге қарап отырсың?” – десен кейде: “Сіз маған бүгін ешқандай жұмыс тапсырған жоқсыз!” – дейтіні бар. Ұдайы өрт сөндіргендей болып, екі інін жұлып жеп жүретін баспасөз хатшысының толық антиподы. Бірақ анау өз бетінше сауатты бір бет қағаз жаза алмайды екен.

Содан барып бар салмақ өзіме түседі. Бірақ мана айтқандай мынаны мен істеп едім деп айтуға тағы жок басым, оның үстіне Жібектің оқтын-оқтын “қарауындыңда бір топ адам бар, соларға жұмыс істете алмай отырсыз” деген сөзі де сүйектен өтіп, іштен тына беретін болдым.

“Бір топ адам” демекші, сол күндердің бірінде Заманбек маған телефон соғып, “қарауындыңдағы барлық адамдарыңызben маған тез келінізші” дегені бар. Даусында бұрын мен байқай қоймаған бір ызғар бары да аңғарылған.

Шупейкин басшылар рұқсатымен іссапарда еді. Фатиманы касыма алып, жетіп-ак бардым. Заманбектің касында қыздыып Жібек отыр екен. Мен ұсынған орындыққа құйрық тигізіп үлгерер-үлгермesten Заманбек: “Қалған адамдарыңыз қайда?” – деп зірк етті.

– Бары осы-ақпаз. Шупейкин командировкада, – дедім мен.

Ол біресе Жібекке, біресе Фатимаға қарады. Дағдарып сәл тұрып қалды.

– Жұмыс істеу керек, – деді сосын.

– Біз де шошқа тағалап отырғамыз жоқ, – дедім мен.

– Жарайды, бара беріңіздер! – деді Әкім.

“Қарауында тұтас бір бөлім бар, соны дұрыс басқарып, жұмыс істете алай отыр” деген сыңайындағы бір әнгіменің болғанын сездім. Бұл да баяғы бізге бөлінген машинаның жоқ болғаны сиякты аяғы құрдымға кетер әнгіме екенін де аңғардым.

... Осындағы әнгіменің бәрі қайдан шығады дегенге келейік. Ол үшін ең алдымен төнірегімде тағы да кімдер жүргеніне тоқталада кетпей болмай тұр.

## II

Мен әкімшіліктегі қызметімнен кетуге өзірленіп, қағаздарымды жинастырып жатқанда “Казақ әдебиеті” газеті жазушы Бексұлтан Нұржеке баласы екеуіміздің қолемі біршама бір сұхбатымызды жариялад еді. Сонда бір әнгіменің ретіне қарай: “...Бұған әлдекандай себептермен билік төнірегіне ілініп алған айлакер де мекер, аяр да арам әйелдердің әрекетін қосқанда, тіпті төбе құйқан шымырлайды”, – деген сөз бар еді.

Менің қарамағымда жүрген, әкімнің баспасөз хатшысы болып істейтін әйел: “Сәкен аға, мені жазыпсыз ғой, осындағылардың бәрі: “аганның мұнысы несі? – десіп жүр”, – деп өкпе айтты. “Оу, – дегем сонда, – менің сенде нем бар, оның үстіне сен билік төнірегінде емес, мемлекеттік қызмет сатысының ең тәменгі баспалдағында жүрген адам емессін бе?” – деймін. Ол аузы-басы құлгенімен, жанары сол сап-салқын суық қалпында: “Елдің бәрі айтып жүр ғой осындағы!” – дегенді қайталай берді. Сонда мен: “Орыстың аю, қасқыр, қоян жайлы бір анекдотын білуші ем. Үшеуі карта ойнауға кірісіп, сонда Аю: «ойын тәртібін бұзып, бізді алдаймын, арбаймын дегендер болса сап-сары жылмиған тұмсығынан былш еткізіп үрамыз” – деген екен. Кімді ұратыны айтқызбай білініп тұр. “Егер өзінді өзің айлакер де мекер, аяр да арамза десен, айнаға да, маған да несіне өкпелейсін!” – деп құліп кете беріп едім.

Қызметке алғаш келген күннен бастап қоржын бас қос бөлмеде қарама-карсы отырып келген осы қарағым туралы әрі-сәрі пікірім бар еді, бірақ бір тоқтамға келе алмай жүргем. Сәті енді келген сыйнайы бар.

Қызметке келген алғашқы күндердің бірінде мені хатшы қызы арқылы Мұрат Мұсабаев (аппарат басшысы) өзіне шақыртты. Кабинетке маған сөйлей ілескен әлгі әйел де бірге ере кіріп еді, Мұрат:

– Сіз неғып жүрсіз? Мен Сәкен ағамды шакырып отырмын, – деп сұраған.

– Е, жай, бірге қызмет істейтін болған сон, ортақ тапсырма бере мәдеп едім, – деп кенкілдей құлді әлгі әйел. “Тапсырма берсем, сізге Сәкен аға өзі айттар, ендігі тікелей бастығының ғой”, – деп Мұрат катқылдау сөйлеп, кабинетінен күп шыққандай болған.

Сол Фатима жайында күнделігіме түскен біраз жағдаят бар екен. Содан бастасам деп отырмын.

10 акпан, 2000 жыл.

Түскі үзіліске кеткелі жатқам. Машинаға менімен бірге мінген баспасөз хатшысы: “Мені Президент резиденциясына апарып салып, екіге 5-10 минут қалғанда ала қайтыныңшы!” – деді.

Сол уәде бойынша түп-тура екіге 6 минут қалғанда уағдаласқан жерде күтіп, айнала қарап, біраз тұрайын. Әлгі әйел үшті-күйлі жок. Екіден 11 минут кеткенде жүріп кете бердік.

Орныма отырып, жұмысқа кіріскеңім сол еді, телефон шыр етті. Сағат 2-ден 25 минут кетіпті. “Аға, мен кешігіп қаппын, машинаны жіберіңізші!” – деді. “Машинаңызды” демейді, “машинаны” дейді. Апыр-ау, бұл неткен кердендік, не талтан?!

Осьдан бірер күн бұрын оны жолшыбай алып кететін дағдымен дәл уәделескен уақытта үйінің қасына барғамын. Шыға коймады. Енді жүріп кетейік дегенде (15 минут өткізіп барып) жүгіріп шығып, кенкілдей құліп: “Есіктен шыға берем дегенде Макпал звондай (әкімнің әйелі, әйгілі Макпал Жұнісова) койғаны. Сол ұстап қалған”, – дейді машинаға отырып жатып. Бұл маған көрсеткен тагы бір қыры, тағы бір сесі болуы керек деп түйгем де, әрі қарай ушыктырып жатпадым.

Құнделігіме тұскен әртүрлі аукымдағы танырқап, тандануларға қарап отырсам, бұл өзі кісіге жасаған жаманшылығына айызы қана түсіп отыратын әйел болып шықты. Онымен бір бөлмеде жылдан астам уақыт қатар отырған Василий Васильевич Шупейкин айтып еді: “Сіз ғой біреудің көніліне келер сөз айтып салсаныз да, бірер күн қысылып күйгелектеніп жүресіз. Ал мынау әйел ондайда ракатқа батып, “әй, әкесін таныттым-ау, көзіне көк шыбын үймелеттім-ау” дегенді ашық айтып, ақсия құліп отырады!” – деп.

Осы қызметке келе сала бірден қолға алған ісім облыста туып-өсken ақын-жазушы, басқа да әртүрлі әйгілі өнер адамдарының басын қосып, әкіммен кездесуін өткізіп, қолдан келгенше сый-сияп жасату еді. Обалы не, Заманбек Нұрқаділов бұл ұсынысты бірден қабыл алып, қатан қуаттаған.

Бірак карсылықтың бәрі тәмендегілерден шықты. Мен әлі аппараттық интрига дегенге, ыбыр мен сыбыр, қыбыр мен жыбырга қаныға қоймаған едім де, әкімге күн сайын баса көктей кіре жүріп, бұл істі аяғына жеткізіп ем. Сол да біреулерге ұнамай қалыпты. Оны кейінрек арнайы әнгімелеймін.

Сол жын үстінде үйғыр әйелі, халық әртісі мінбеге шығып: “Бізді елеп-ескеріп шақырган әкім шығар, бірак ұмытпай тізімге косқан Фатима сінліме аса разылық білдіремін”, – дегені. Сонда менін қасымда отырған адамдар жағасын ұстамаса да, аса танырқап-ақ қалған болатын бір-біріне қарасып.

Сол жын алдында, шақырылғандарға хабар беру үстінде Фатима: “мына бір топ адамға мен хабарлайыншы”, – деп сұрап алған тізімі бар-тын. Басында мән бермегем. Сөйтсем ол жаңағы шақырылуға тиіс адамдардың бәріне: “Сіздерді тізімге қосып отырған мен, әдейілеп өзім шақырып отырмын!” – дейді екен. Сонынан мұны қазағы, үйғыры бар бірнеше адам маған айтып та келді.

Дәл осыған ұксас мына бір жәйтті де айта кету уақ-түйек болып көрінбес. Қазактың белгілі саҳна шебері, марқұм Есболған Жайсанбаевтың жесірі, өзі де жақсы әртіс Салиха облыс әкіміне хат жазып, Есболғанның 60 жасқа толуын атап өтуге қолқабыс беруді сұрапты. Сол арызын әкім маған жолдап, орындауымды өтінді. Ақсу, Райымбек ауданының әкімдеріне айта жүріп, бұйымтайын қанағаттандырықта.

Содан кейінгі кездің бірінде жаңағы Салиха әкімшілікте ұшырасып қалған маған: “Фатимаға ракмет айтуға келіп едім”, — дегені.

Сөйтсем, мен тапсырған шаруаны өзі иемденіп, «мұның бәрін мен тындырдым», — дей береді екен.

Олол ма, “Егемен Қазақстанда” біздің облыс бойынша меншікті тілші болып жүрген Саясаттан бірде: “Оу, сен неге бізге бас сұқпай кеттің?” — деп сұрасам, ол тұрып: “Сіздің есігіңіз жабық тұрады, кіре бергенде ылғи Фатима ұстап алады да: “О кісіде не бар, бәрібір әкім маған тапсырады, маған-ақ айта бер!”, — дейді. Көбіне соған кірем де, сізге сокпай кете беремін”, — деді.

Озіне тікелей емес, орағыта келіп, жанамалай айтып көріп ем, ат-тонын ала қашып, аяғына отырғызар болмады.

Бір жерге тез барып келе қояйын деп едім дейді де, машинаға мініп, ұшты-күйлі кете беретін болған сон, мен енді басқа әдіске көштім. Әйткені, оның “осы жер дегені көш жер” екенін, “қазір” дегені кешке дейінге созылатыны жайлы да өзінің туған сіnlісінің маған құле отырып әнгімелеп бергені бар-тын. Содан мен ол машина сұрағанда дәл канша уақытка екендігін әбден аныктап алып, жүргізуі жігітке: “Дәл айтылған уақытында барған жерінен шыға қоймаса жылжып жүре бер,” — деп тапсырдым.

Менін рұқсатымсыз машинаны билеп-төстеп мініп кетпеу жағын бұрын өзіне ескертіп қойғам.

**Шофер жігіт айтатын:** Әлдебір кенсеге барып алып, машинаны тұра есік алдына тоқтата сала: “Сен отыра тұр, қазір келем! — деп шығып кетеді де, екі-үш минуттан сон әлгі есікten бір жігіт шығып: “Фатима апайдың шофері сенбісін, саған қайта берсін, деді, жұмысы біткенде өзі звондап шақырады”, — деп хабарлайды. Бұл астымда жеке машинам бар дегенді білдіріп қоюдың әдісі ғой деймін, аға”, — деп күлетін.

— Сіз айткан уақытта кете берейін десем, кейде салонға қол сумкасын әдейі қалдырып кетеді, “бірденем жок” деп жүре ме деймін дел, содан қорқып күтіп отыра беремін.

— Сәкен аға күтіп қалады, пәлен уақытқа кел деген, — деп ренжи қалсам, ашуланып: “Біз екеуіміздің правомыз бірдей жүреді бұл машинаға” дейді.

Шофер жігіттің осы әнгімелерінен де көп сыр антаралынын.

Әкімге де сөздін бір ретін тауып шағынса керек. “Машинаны жеке өзіме бағынатын етіп берініз”, — дегенді айта алмай, тым күрыса тен құқылы етудін әртүрлі орайын іздестірген көрінеді.

Бізде қара жаяу қазақемеспіз. Сөз анғарынан, емеурін-ымынан да сезіп, бәрін де байқап жүреміз. Кейде ашууланып, кейде ашына қулеміз.

Бірде Фатимаға ежелгі бір әдіспен қасақана: “Сен әкімге Сәкен машина бермейді” деп мені жамандапсын ғой. Тұнде төсекте құшактап жатам демесен, құндіз баласы қолынды қаккан жерім бар ма еді? Құні бойы сол машинаны басқалардан гөрі сен қөбірек пайдаланып жүрген жоксың ба? Көлденен жұртқа тіпті “менің қызмет машинам” дейтін көрінесің, маған келе жатқан адамдарды жолшыбай үстап алып, басқаратын мен ғой, бері жүрініз”, — деп кабинетіне бұрып әкететін де әдетің бар екен”, — дегем.

Ол да, қанша дегенмен шындықтың аты шындық-ау, бірден қарсылық айтада алмай, құрғана үйренген әдетінше сylқылдақ қуле берген. “Жоқ, мен жамандам жоқ, әнгіме былай болып еді”, — деп ақталу әрекетіне қарай ойысқан.

Мен әрі қарай оның сезін тындармай: “бәрін де білем, менің оған түгім де кетпейді, өзіңе жақсы болса әрі қарай жалғастыра бер!” — деп әнгімені қысқа қайырғанмын.

Ол өзі естіген-білгенін екі еселеп, әрлеп, сәндеп Жібекке жеткізіп тұрады екен. Жібек те оның айтқанының бәрін талғамай түгел жұта бермейді, корытып, керегін ғана талғап қылғытады. Сол акпарат-қауесеттің өзіне керегін, өз бағасын көтерер жерін орнымен пайдаланып, әрі қарай өндеп, өсіре жеткізе біледі. Эрине, оның бәрін өзінің байқап, анғарғаны, түйгені ретінде жеткізеді. Ол өзі әкімге менен гөрі әлдекайда жақын. Менен гөрі сырлас, менен гөрі сыйлас. Сөзін өткізе, айтпағын асықпай отырып жеткізе алады. Манағы бір әнгіме де сондайдан барып өрбіді-ау деп шамалаймын.

Әркім өз өресіне қарай әрекет етеді. Сүтпен бірге сінген әдettің сүйекпен бірге кететінінен де хабардармыз. Сондыктан мен Фатиманың әлгіндей-әлгіндей қылыштарын жақын жүрген кейбір інілеріме айтып, зілсіз күліп қойғаным болмаса, кекетіп-мұқату жағына бара қоймадым. Өтірік десе өзі айтсын. Әкімшіліктен кеткенге дейін өз тарапымнан әзілден ауыр сөз айтылмағанын жақсы білемін. Өрескелдеу қылышының өзіне кешіріммен қарап: “әйел адам ғой, кайте қоярдайсің!” — деген ниеттен әріге бармадым.

12 ақпан, сенбі, 2000 жыл.

Бүгін Үрым Кененбаев келіп облыстық білім басқармасы шығарған бір календарды (құнтізбек) көрсетті. Окушылар үшін шығарылған календардын ортасына облыс әкімінің үлкен суретін

беріпті. Орыстар мұндаиды “медвежья услуга” деп атайды. Жағымпазданамыз деп отырып жарға итергендерін, сылаймыз деп отырып сындырып ала жаздағандарын сезбекен-ау, шіркіндер!

15 акпан, 2000 жыл.

Биыл Женістің 55 жылдығы, сол карсанда Алматы облысы бойынша шәйт болған соғыс құрбандарының “Боздактар” деп аталатын тізімі бірнеше кітап болып шығуы керек еді. Екі томын “КазАқ Энциклопедиясы” редакциясы дайындаған екен, солар басып шығаратын болды. Мен өкімнің тапсырмасымен әркім-әркімге сөз салып, сұрастыра жүре қалған кітаптардың қолжазбасын тауып алды, қанша қаржы керектігін есептете келе, “Жазушы” баспасымен келісіп, үш томын соларға бердім. Олар да жұмысқа шұғыл кірісіп кетті.

— Сіз “Боздактарды” неге “Жазушы” баспасына бердіңіз? — деп сұрады Жібек араға аз күн салып барып.

— Мен өзім көп жылдар бойына сол баспада қызмет істегенмін. Адамдары таныс, баспаның мүмкіндігі де белгілі, — дедім.

— Неге басқа баспаға бермединіз?

Әлдебір оқшаша әңгіме болғанын сезе койдым. “Қазактың ең тыныш отырдым” дегені бір кебісті бір кебіске кигізіп отырады” — дегендей, біреулер: “бұ кісінің бүйрекі “Жазушыға” бұрып кеткен ғой” түрғысынан әлденені қонырсытқанға ұқсайды.

— Дер кезі сапалы етіп шығарып берсе болды емес пе, кімнің шығарғаны емес, бізге қалай шығарғаны керек кой, — дедім.

— Ақылдасуының керек еді дегенмен! — деп Жібек қалды.

Қолыма берген билік аясынан артық кеткен, асыра сілтеген емеспін. Әкімнің арнайы өкімі бар, қаржы жағы шешілген, тікелей маған тапсырылған шаруа, ендеше қарайлайтын не бар, уақтүйектің бәрін талқыға салып отырудың қажеті жок шығар деп ойлап едім. Со жағы ұнамай қалғанға ұқсайды.

21 акпан, 2000 жыл.

Бұғінгі аппарат мәжілісінде әкім әлдебір мәселе бойынша өзінің өнеркәсіп, құрылыш жөніндегі орынбасарларының бірі К.-ге оқыс шүйлігіп берді. “Қолында билік, қоржыныңда қаржы бар, неге маған апта сайын айтқыза бересін?” деп, ауыр-ауыр сөзге барды. Кім біледі, басқамызға жасаған қыры да болуы мүмкін. Мұндай-мұндай спектакльдердің талайын көріп те жүрген жокпыз ба. Бірақ, қалай десек те, мен мұндайға төзіп отыра алmas едім...

Сөйте тұра өзім де ойланып қалдым. Әкім әрбір жиналыс сайын өткенде берген бір тапсырмасына оралып соғып, шегелеп айтып, қатты-қатты қадала қадағалап сұрап жатады. Орынбасарлары “қатырамыз” деп, орындар мерзімін айттып, уәде береді. Соның бірі жанағы орынбасар еді.

Бұл да бір қызық жігіт. Әкімнің қабылдау бөлмесінің алдында үлкен холл бар. Дүйсенбі сайын таңертең аппарат жиналысына қатысатын 18-20 адам сол араға жиналып, бір-бірімізben шүйіркелесе амандастып сағат 9 болуын тосамыз.

Бағана сол орынбасар бастық К. дөңгелей тұрғандарға жағалай кол беріп амандастып келе жатты да, менің алдыңдағы адаммен сөйлескен қалпы бетіме дұрыстап та қарамай маған алаканын ұсынды. Мен екі қолымды қалтама салған қалпында міз бакпай тұра бердім. Ол, сірә, мені қолына жабыса кетеді деп ойласа керек, алаканы ауала қалқып қала берген сон, амалсыз бетіме қарап:

— Сәке, сәлеметсіз бе? — деп тіл қатты.

Мен де жылы жымиып сәлемін алдым.

Ол өзі осының бәрін сезді ме, сезбеді ме, о жағын білмеймін, әрі қарай айналып кете берген болатын. Бала кезімізде әкем жарықтық “ұлkenге де, кішіге де тұксимей тік қарап, жылы жұзбен сәлем бер” деп үйрететін. Әсіресе үлкен адамдарға “ассалаумағалейкүм” деп амандауды ұмытпа дейтін. Бірде үй көленкесіндегі киіз үстінде қисайып кітап оқып жатыр едім, дәл қасымнан салт атпен өтіп бара жаткан ауыл аксақалы Сәрсенбай картты көріп қалдым. Сол жантайып жаткан қалпында: “Ассалаумағалейкүм, ата!” — деп сәлем бердім даусымды соза түсіп. Сәрсекен маған қарай бұрыла беріп жон арқамнан камшымен тартып кеп жібергені. Орнынан атып тұрдым.

— Сен маған бірдене дедін бе, балам? — деді кария.

— Амандастым ғой, ата. “Ассалаумағалейкүм!” дедім.

— Қайта айтшы.

— Ассалаумағалейкүм, ата! — дедім қамшының орнын ауырсына тұрсам да.

— Ұағалейкүмәссалам, балам. Бар бол, көп жаса! — деді Сәрсекен. Сөйдеді де: — Тек кісіге сәлем берерде орнынан тұрып, жүзіне қарап тұрып амандастан. Сонда ғана сәлемін дұрыс болғаны, — дегенді косып қойды.

Бұл маған өмір бойы сабак болған бір оқиға еді. Реті келгесін айтып жатқаным.

24 акпантай, 2000 жыл.

Аппаратта өзіме деген өзгеше бір салқындық бары сезіле бастағандай. Бұрынғыдай үлкен-кішісі бар — бәрі жік-жапар болып жататын ыңғай байқалмайды. Кеше тұра сағат 2. 30-да қызметкө келіп, машинадан түсे берсем қарсы алдында Жібектің жеке автокөлігі тұр екен. Іште отырған қалпы маған бас изеп амандастан болды. Мен кайдан білейін, ойымда дәнене жоқ, сол баяғы кангалактаған бойымда қасына барып, әйнегін қакпаймын ба. Соған шамданды ма, басқа бір себебі бар ма, шоферына бірдене деп, әйнегін өзөр тәмен түсірді-ау. Сәлемімді салқын қабылдады.

Біртүрлі тіксініп қалдым. Біреулер бірдеме деп мені жамандай ма, жоқ өзінің бойға сініре дағыланған әдеті сол ма, әйтеір маған кейінгі кезде жылы қабак таныта қоймай, әмісі астам сөйлегісі, асылық көрсеткісі келетіндегі көрініп жүр. Тұбі біраңықтала жатар деп, әзірге елемеген сынай танығтым.

Жібек Әмірханована мен мұнда келмestен бұрын атусті ғана танитын едім. Жолыға қалғанда, әртүрлі жынын-тойларда ұшыраса қалғанда бір-бірімізге құрақ ұша жік-жапар болып жатпасақ та, әдептен озбай амандастып, жылы коштасып жүретінбіз. «Сырт көз – сыншы» демей ме, білетіндердің айтуы бойынша өз орнына лайықты, оқығаны да, біршама токығаны да бар әйел ретінде танылған. Қара жаяу көптің бірі емес екенін осында келgelі өзім де байқай бастаған едім. Әзіл-оспакка да жүйрік, оқыс айтып тастайтын тапқырлығы да, бір басына жетерлік шешендігі де бары байқалған.

Облыс әкімінде болған әлдебір жынын үстінде мен: “Бұл мәселені Жібекпен ақылдастып шешейік!” – деп қалған едім, соны жаратпаған лауазымды азамат: “Жібектен басқамыз адам емеспіз бе?” – деген қалжын-шыны аралас. Сонда мен: “Адамның бәрі Жібек емес, аралдың бәрі тұбек емес” – деп едім экспромтпен. Маған қайталап айтқызып, отырғандардың бәрі де күліп қалған.

Тағы бір әнгіме үстінде жауапты қызметкерлердің біреуі: “Мұны Жібек Әмірханқызына айтайық, сол тез шешіп береді!” – деп еді әжептәуір комақты мәселенің төнірегінде.

– Басқалары шешіп бермей ме? – дедім мен астарлы әзілмен, әрі әкім орынбасарларын мегзей.

– Жок, Жібек Әмірхановна мұндайды тез шешіп береді, тез шешіп береді! – деді әлгі қызметкер өзеурей.

Әзіл астарын түсінгендер түсінді, түсінбегендеріне дауа жок, алдына бір кіргенде Жібектің өзіне онашада айтып беріп, күлдіргенім бар болатын.

Бірак кайткенде де шенеуніктің шекпенін ерте киген әйел, тістене катып қалған, өміріне өзек етіп ұстаған ереже-шарты бар, бойға сініре үйренген әдет, дағыланған мінезі бар. Татканы да, тапқаны да сол, көзін ашып көргені, аузын ашып сүйгені де сол. Сол мінезге сүйеніп карьера жасады, соның арқасында ел аузына ілікті.

Көп шенеунікке тән каракеттен ол да ұзап кете қойған жок. Лауазымы жоғарыға иіліп, дәреже-mansabы төменге шүйлігіп үйренген. Бетіне айтқанды ұнатпайды. Тік сөйлейтін, тұра мінезді адамға тіксіне карайды.

Мен өзім “екі мырзаға бір қызметкермін”, қоғамдық жұмыстарға жауап беретін болғандықтан Жібекке де бағынуым керек, аппарат басшысының орынбасары болғандықтан Мұраттың да жанынан табылуым керек. Екеуі де аппарат жұмысына менен әккілеу. Әкімнің көніл ауанын бағып үйренгендер. Оның кас-

қабағын барометрдей бағып, кімге қалай қарайтынын аңдып әдеттенген. Соған орай өздері де құбыла біледі. Бұғына біледі, жығыла біледі.

Сен де “бірдеме білемін-ау” деп пікірінді ашып айта бастасан, бүйірі оқыс шаншып кеткендей болып тыжырына қабак түйіп, жаратпағанын жасыра алмай қалады. Содан да болар, өз карауындағылары да ұдайы ығына жығыла береді, сонын құлағына ғана жағымды сөз айтуға дағылданып, айтқанын екі етпей елпілдеп тұруға үйренген.

Мен өзі осы жасыма дейін ешбір адамға өлердей жауығып көрмеппін. Ренжіген, өкпелеген, күйінген, ызаланған, тұтіп жердей буырқана бүрканған кезім болса болған шығар, ал кек тұта, сес көрсете жауласқан кісім де, ондайға барған жерім де болмапты. Қайтымым да соншалық тез адаммын. Өзгелертаралынан қысастық, менмендік, менсінбеушіліктің жеті атасын қөріп келе жатсам да, өзім біреуге өш алу, кек қайтару тұрғысынан жаманшылық жасауға ниет етіп көрмеппін.

28 акпан, 2000 жыл.

Ұзынағашта Жамбылдың туған күніне орай дәстүрлі басқосу өтті. Бір топ орынбасарын, басқа да нөкерлерін ертіп облыс әкімінің өзі катысты. Сол жерде Жібек карындағы әкімнің маған катысты айтқан бір сөзіне киліге кетіп, кекете қағытып өткені. Секем алып та қалып едім...

Жамбыл мерекесіне Қытай жақтан келген бір топ өнер адамы да катысты. Жібек мені ымдал өзіне шакырып: “Сіз мына кісілерге қызмет ете, жөн сілтей жүрініз” дегенді айтты. Олардың касында бір топ адам (әкімшілік таралынан да) барын бағана байқағам. Содан: маған катысы жоқ шығар, жүр ғой қастарында адамдар деп едім. Жібек шамдана қалып: “Сізге айтылып тұр ғой, неге дауласа бересіз”, – деген сон әрі қарай сөзді көбейтпеу үшін сыйылып шеткегі кетіп, өз жөнімді тапқамын.

Осыдан көп жылдар бұрын, 70-жылдардың басында Талдықорған облыстық партия комитетінде қызмет істегенімді жоғарыда айтканмын. Сонда менімен бірге бөлім бастығының орынбасары болып Ораз Құлмағамбетов деген жігіт істеген болатын. Бұрыннан таныс-біліспіз, аса жақындастып достаса қоймасақ та, сәлеміміз тұзу, сыйласып, сырласып жүретін едік. Ол қалалық партия комитетінде, мен облыстық газет редакциясында жүрдім де, ақыры келіп бір мекемеде басымыз тоқайласып, қызмет дөрежесі сәл үлкенірек Ораз маған бастық болып шыға келді де, сонысын әр жерде баса көрсетіп қалуға тырысатынды шығарды. Кабинетіне екеумізге де таныс бір адам кіре қалса, қажетпін бе, жокпын ба, оған қарамай, телефон арқылы мені шакыра кояды. Шакырып алады

да әлгі танысымыздың көзінше маған кәкір-шүкір, маңызы шамалы бір тапсырмалар берген болады. Арғы жағы белгілі, ішім бәрін сезгенімен, сыртқа шығара бермей, “жарайды” деп жүре беретінмін. Өзі де содан ләzzат алатындаі көрінген соң, шіркінді онысынан айырып та қайте коям дейтінмін.

1974 жылдың жазында орыс әдебиетінің Қазақстандағы күндері өтетін болды да, сол делегацияның бір бөлігін басқарып Талдыкорған облысына Қалижан Бекхожин, Сайын Мұратбеков, Бексұлтан Нұржекеевтер келген. Үшеуімен де таныспын, үшеуін де бұрыннан білем, замандаслын, сыйласпын. Олар да мені қастарынан қалдырмай бірер күн жұп жазбай бірге жүріп ек. Соңғы күні-ау деймін, орыс жазушыларын ертіп жайлаудағы шопандар тойының салтанатына қатыстық. Жоғарыда аттары аталған үш қазак қаламгерімен катарласа кетіп бара жатыредім, әлгі Оразым сонарадайdan айқайлап мені токтатып алды да, серіктерімнің көзінше:

— Сәкен, анау жерде біздін машина тұр, жүгіріп барып шоферға айтып койшы, ешкайда кетіп қалмасын, казір қайтамыз, — дейді ентігіп.

Ішім бәрін біліп тұр.

— Оу, Ореке, шофер болған соң ол өзі машинаның касында жүрге міндетті емес пе, ешкайда кете коймас, — деймін.

— Жок, сен барып айтып қойсаншы, ескертіп, — дейді ол да касарысып.

Көмейінде қасымдағы аға-інілерім — қазак жазушыларына “сендердің колпаштал, қолтықтал жүрген Сәкендерінді мен қол бала етіп жұмсай да алам” деген қыр көрсету тұр. Соған күйіп кеттім де, әйтсе де аса аптықпай, сабырмен:

— Ореке, ақыры “қайтқалы жатырмыз” дедін ғой, сол машинаның қасына өзің-ақ бара берші, менің мына кісілерде жұмысым бар еді, — дедім.

Ол атарға оғы жок, не істерін білмей бір бозарып, бір сұрланып қала берді. Мені жеп қоярлық, жерге тығып жіберуге пәрмені де, дәрмені де жок еді, қайтсін.

Сайын маған: “қайте кояйын деп едін, тілін ала салмадын ба?” — деп күнк етті. Оның өзі де партияның орталық комитетінде қызмет жасайтын, содан болар. Бекхожин аға мен Бексұлтан ләм-мим деп ештеңе айтқан жок.

Жібектікі де сол мадеп қалдым. Эрбір ұрымтал, онтайлы тұсты пайдаланып, сенің алтын басынды төмен игізудін, арқан бойы жердін тұсау бойы төтелісін тапканына мәз әккіліктің бір қыры шығар деп ойладым. Әйтпесе, ұрынарға тау таппай, ұрысарға жау таппай жүрген жок еді. Бұл да болса амалдың жоқтығынан өзі құрмет көрсетіп келе жаткан көкірегі көнектей, көк тамыры билектей бір кауым жазушының алдында “сендердің де әуселен белгілі” деген есеппен әйтеуір біреуін тәубасына түсіріп койсам деген күлшік. Ол тұста балтаның да бір сабы, бір басы болатының ойлап жата ма?

Басшылардың тағы бір түрі бар. Президиумда отырып алып, карауындағы қызметкерінің көрі-жасына, еркек-әйел екеніне қарамастан алыстан ымдал, саусағын шошайта бүгіп шакырып алады да, оған бас шұлғытып койып, дүйім жұрттың қозінше құлағына әлденелерді сыйырлап жататындары болады. Сол манда өртеніп бара жатқан ештеңе жок, әрине, тек өзінің кім екенін алқалы топ алдында тағы бір көрсетіп қою керек. Бұл да бакай есеп парықсыздықтың бір белгісі.

Міне, мынау да соның айғақты бір мысалы еді, “Менін алдымда ііліп-бүгіліп тұрмайтын сен кім едін?” — деген керден саясат кана баяғы.

Құлпендеңе айналып ұлтерген көп шенеуніктің әлі күнге бірде-бірі қарсы тұрып көрмеген ең көргенсіз түрі...

29 ақпан, 2000 жыл.

**“Көтере білейік, көмектесе жүрейік”** деген макала жаздым. “Госчиновник” ретіндегі алғашкы жазған мақалам еді, жагымпазданып кетпептің бе деген күдікпен қайталап бір оқып едім, тәп-тәуір сияқтанды.

... Бұл макала да біраз жүйкеме тиіп болып еді. Алдымен “Егемен Қазақстандағы” Мейрамбекке алып бардым, ол акырғы нүктесіне шейін түгел оқып шыкты да: “Аға, дәл осы материалыңызды біздің редакция қабылдамайды, о жағына ренжіменіз!” — деп шығарып салды.

“Е-е, мейлі” — дедім де, орныма келіп отыра бергенім сол болатын, “Түркістан” газетінде бас редактордың орынбасары болып істейтін Дидахмет Әшімханов келе қалғаны қанғалактап. Өзі де, сөзі де орныкты, артық-аудыс әнгімеге бармайтын жақсы жазушы, қаламы жүрдек журналист. Әнгіме үстінде оған сондай бір макалам барын, “Егемен Қазақстаннан” бетім қайтынқырап тұрғанын айттым. Ол қуана құлімдеп: “Аға, бізге берініз, дәл осы тақырыптағы материал керек еді!” — деп елп ете түсті. Ұстартым да жібердім.

Ертенінде Дидахмет телефон соғады. Даусында кешегі екпін жок, бәсен: “Аға, материалыңыз редактордан қайтты. Жариялай алмайтын болдық”, — деп тұр.

“Е-е, мейлі”, — дедім де койдым.

Сол кезде “Ана тілінің” бас редакторы Мереке Құлкеновтің облыс әкімінде арнайы жұмысы болып, алдымен маған бас сұкты. Соған айттым. “Газетіміз енді тек наурыз тойы қарсанында ғана шығады, мерзімі ұзап кетеді-ау демесеніз бізге берініз, шығарамыз!” — деді ол.

Мерзімі ұзарып кетеді екен деп тағы қайда жүгіріп жүрем. Келістім.

Сол мақала біршама қысқартулармен, газет редакциясының жана қызметіме орай маған айткан тәп-тәуір жылы лебізімен қоса Наурыз мерекесі карсаңында басылып шықты.

Дәл осы жерде көпсінбей-ақ сол мақаланы жазылған күйінде шып-шырғасыз түгел келтіре кетсек те болатын шығар деп ұйғардым.

## КӨТЕРЕ БІЛЕЙІК, КӨМЕКТЕСЕ ЖҮРЕЙІК

Осыдан біраз бұрын Алматы қалалық әкімшілігінде Президент Нұрсұлтан Назарбаев бір топ мәдениет, әдебиет пен өнер өкілдерімен кездесу өткізді. Өз басымыз ол жынынға катыспасақ та (ешкім бізді шакыра да қоймағанын айтам да) Нұрекенің теледидар арқылы айтқан бір сөзі көкейімде қалып қойыпты. Кейде ұдайығана оппозицияда жүретін жекелеген азаматтар, деп еді сонда Президент, аузына келгенін актарып, бет алды байбалам салып жатканда, біздің зиялышы қауым өкілдерінің бірде-бірі: “әй, коя тұр!” – деп басу айтып, басалқы болғанын көрмеппін, қайта, керісінше, “кай женгенің менікі” дегендей бейтарап сыңай танытып, сырткары қала бергісі келетіндері бар. Сөйте тұра: “бізге анау керек еді, мынау керек еді”, “өйтпедің, бұйтпедің” деп өкпе айтып, реніш білдіріп жататындарын қайтесін!”.

Дәл осы сарында бір сөзді о кісі бұдан бес жыл бұрын тағы да бірқауым әдебиет пен өнер қайраткерлерін Алматыдағы өз резиденциясында қабылдаған кезде де айтқан болатын. Казактың бір баласы бола тұра, деген онда Президент, сол қазак елін басқарып, халқына қызмет етіп келе жатып, ел мен жерге менің де жаным аңымайды, ел басына тұскен ауыртпалыққа менің де қабырғам қайыспайды деп ойлайсыздар ма? Мен де өз елімнің аяғынан тез арада тік тұрып кетуі жолында жан беріп, жан алыш жүрген адаммын. Ел мен жердің, еңбекшілердің, әрбір отбасының әлеуметтік жағдайы, тұрмыс-тіршілігі жақсара беруін ойладап жарқұлағым жастыққа тимейді. Бірак, амал жок, бірде калауы табылмай, бірде алауы жағылмай жатады, бір-ақ орғып шығуға, бір-ақ секіріп тұсуге мүмкіндік бола бермейді. Соны біле тұра көп болып көтермелеп, қолдап, қуаттап жіберудін орнына біреулеріңіз аяққа оралғы болып, біреулеріңіз мені іске алғысыз ете сыйқырта сөгіп жатасыздар. Бәрін де көріп, бәрін де естіп-біліп жүремін. “Былай етсек қайтеді?” – деудің орнына саптаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарағандай боласыздар. Соған күйінемін, ыза болсам, соған ыза боламын.

Бәлки, Президент бұл қауымның ақыл-кенесіне де, көтерме, колпашина да зәру емес шығар. Әлгі сөзді де елдестерін, отандастарын ұлы іске қарай жігерлендіру, қайрай тұсу үшін айтқан болар.

Өз басым кейінгі Президент сайлауы алдында “Егемен Қазақстан” газетінде жарияланған “Мен қандай Президентті қалаймын?” деген шағын мақаламда осы төнірегінде біршама таратып айтып едім. Сонда біреулер: “жөн екен, дұрыс!” – деп құптаған, біреулер: “жағымпазданып бара жатқан жоқсын ба?” – деп, жарата қоймаған сыңай танытқан.

Мен – Қазақстан азаматымын. Қазақ ақынымын. Мемлекеттік қызметтегі адаммын. Күні кеше елмен бірге Президент үшін дауыс бергенін. Ендеше өзім қолдаған, даусымды берген адамды сыйлауға, құрметтеуге, оның он бағытқа орай құрылған идеологиясын, ел иғілігі жолындағы бар жақсы бастамасын, ойын, мұрат-мақсатын қолдауға, қолдап қана қоймай ауыр жүгін қолдаса көтеруге, әрбір шұғыл шараларды жүзеге асыруға өз биігім, өз білімім, кабілетім, қауқарым жеткенше үлесімді косуға міндеттімін деп білемін.

Президент те көктен салбырап түскен жок, ол да ет пен сүйектен жаралған адам. Елбасының атқарап ұлы қызметінде бірде артық кетіп, бірде кем түсіп жататын тұстары да болар. Сөйтеп тұра, айналып келгенде, әрбір іс-әрекеті, әрбір жарлығы мен әмірі ел мұддесіне сай келіп жатыр ма, халықтың әл-ауқатын көтеруге септігі тие ме, еліміздің ертені не болмак? Президент қай жолмен, қай бағытты бетке ала бастап бара жатыр? Бізге керегі ең алдымен осылар емес пе? Ел ішінің негізгі көпшілігі Нұрсұлтан Назарбаев ұстанған жолды құп көріп отыр, оған ешқандай дау да, дамай да жок. Құдік келтірудің өзі кінә. Ендеше сонына ерген, өз қасында ұстап келе жатқан бір топ нөкері ғана емес, көп болып қолдап, ел болып сонына ергенде ғана, еріп қана қоймай, әрбір онды сөзіне құлак асып, орынды нұскауын бұлжытпай орындағанда ғана ісіміз онға басатын болады. Сонда ғана ертенге ұялмай бара алатын боламыз.

Күн канша биік болғанымен кей-кейде оның бетін шүйкедей ғана бұлт жауып, көлгейлеп алады. Зиялы қауым өкілдеріне наз айтып, орынды өкпе білдіргендеге Президент араша ізdemеген болар, әртүрлі алып-кашпа әңгімеге жол бермей, дер кезінде тойтарып, әлгі бір бұлтты көп кідіртпей сырып жіберіп отырсандаршы деген болар. Эйтпесе, езге деген елеусіз өкпеге бола елге де, ел ішіндегі ерге де ренжи қоярлық кісініз Нұрекен емес еді ғой.

Қазіргі әдебиетте, сахналық шығармаларда, тіпті күнделікті баспасөз беттерінде де келенсіз бір көрініс белен алғып барады. Бұрын біз кожа-молда, бай-манаптарды жағымсыз кейіпкер ретінде жек көріп өсіп едік. Солардың орнын бұл күнде әртүрлі денгейдегі әкімдер басыпты. Әкімді ақынға да қарсы кою, елге де кілен құбыжық етіп көрсетіп, жөн-жосықсыз тиісу, келсін-келмесін балағаттай жөнелу, қызметін күстаналауға біржола ойысып бара жатқандаймыз.

Адам қашан таяктын бір ұшы өз басына тигенше көп нәрсеге мән бере коймайтыны бар. Алматы облысы әкімінің қарамағына

қызметке келгенге дейін өзім де ондай әңгімелердің біразына косылып кете беруші едім. Ел ішінде орын алғып отырған ірлі-уақты кеміс-кемшіліктің біразын әкімдерден көріп, солар бөгет болмаса әп-сәтте бәрі онала кететіндегі көрінетіні де рас болатын.

Жоқ, олай емес, мұлдем олай емес екен!

Біздікі көбіне сырттан қарап тон пішу болып шықты. Енді соны алім жеткенше әр қырынан таратып, талдаң көрейін.

Облыс әкімі Заманбек Нұрқаділовтің әрдүйсенбі сайын барлық орынбасарлары, әртүрлі саладағы басқарма, департамент, бөлім басшыларымен міндетті түрде өткізетін лездемелеріне үзбей қатыса жүре, бір шеті мен екінші шеті әлденеше күншілік жерді алғып жаткан екі миллионға жуықтап қалған халқы бар үлкен өнірді басқарудың, басқарып қана қоймай ай сайын, апта сайын сыйық сүйем, сыңар елі болса да ілгері дамыта түсіп отырудың қаншалықты қындыққа түсетінін шамалай бастағандаймын. Ел билеп, жұрт шүйлеп жүрген бұл азаматтардың шын мәнінде жар құлағы жастыққа тимейтінін байқадым. Ауыл шаруашылығында, өндірістегі кeteуі кетіп-ақ қалған тірлікті қайтадан қаз-қалпына келтіру, мындаған, жұз мындаған адамдарға жұмыс тауып беріп, күнкөрісін қамтамасыз ету, облыстын қаржы-қаражатын көз жазбай қадағалау, оны барынша тиімді пайдалану, әр тенге, әр тыннын қайда кетіп, неге жұмсалып жатканына бақылау жасау, айта берсөң Әкім атқарар істі күні бойы санап та тауыса алмайды екенсін.

Оның үстіне бір жерде мектеп жылусыз қалса да, балалы әйелдің жәрдем ақысы берілмей, дәрігердің қырсыздығынан емханадағы ем-дом дұрыс жүрмей жатса да таяқтың бір үшін келіп тағы да Әкімге тіреледі. “Жағдайымызды көрmedі, тиісті көмегін берmedі!” – деп анталаған ағайын өз алдына. Бәрін де тындау керек, бәріне де кол үшін созып, қолынан келген көмегін көрсету керек. Кейде түймедейді түйедей етіп көрсетуге дайын тұратын, әртүрлі алғып-кашпа әңгімені еселей түсетін ресми, биресми ақпарат құралдары тағы бар. Содан да Әкім өзінде де, қарауындағы үлкен-кіші қызметкерлеріне де тынным беру дегенді білмейді. Екі тізгін, бір шылбырды уысынан бір сәтке шығармауға тырысады.

Бірақ бұл жалан ұран, жай ғана көзбояуға құрылған алашапқын емес, күн сайын жүзеге асып жататын қауырт іс, сәт сайынғы, сағат сайынғы қайнаған жұмыс. Ал әкімнің таңдаң алған орынбасар, басқа да серіктестері, төменгі буын бастықтар соның бәрін қалай басқарып, қалай орындалап, қалай жүзеге асырып жатыр. Ол енді келесі кезектің әңгімесі.

Құлдық санадан қашан ғана арылып болатынызды анық кесіп айта алмаймын. Кешегі кенестік психология да жейдесін біржола шешіп лактырған жоқ. Өйткені біздін халық әлі күнге үядағы балапанға ұқсан, “берші де бершілеп” шиқылдаған қалпы, жоғарыға аузын ашумен отыр. Олар өз үйінің тұтіні түзу үшінде

да, өзі локсып, төрі қоксып жатса да Әкімнен (әкімдерден) көреді. “Көмектеспеді, кол ұшын созбады” деп зар еңірей жамандайды онымен қоймай. Айтакқа айқай қосушылар соны іліп алып, тағы да сөзді көбейтіп, ду-думан көпіртіп әкететіні тағы бар.

Бәріміз де пендеміз. Болған үстіне бола берсе екен дейміз. Өйткені, “кедей бай болсам дейді, бай құдай болсам дейді” деген қағиданы құлағымызға құйып өскенбіз. Облыс, аудан әкімдерінің аткарып жатқан қызметіне күмән келтіріп, кейде бір жаңылып кеткен, сәл-сәл қате басқан ізін көрсе, атой салып шыға келетіндер де аз емес. Бұл Абайдың: “Жақсылығың құнде ұмыт, бір жаңылсан болды кек”, – дейтін сөзін еске салады.

Сондайда өз бағасын билетін, өз басын биік бағалайтын адамдар бір сәт ашуға бой алдырып қояды. Өйткені, олар ешқашан жалған жалаға тәзбеуді дағды етіп үйренген. Бірақ ол мінез көпке жақпасы ақиқат.

Эрине, мен ешкімді де басшы атаулыға (Елбасына да) бас иіп, құлшылық етуге шақырып отырған жокпын. Тек өз елінде, өзін тұған жерінде сенің қамынды қоса жейтін басшың барын ұмытпа, қолдан қелсе соған серік бол, септігінізді тигіз демекпін. Жок жерден ілік тауып, кіслік, лауазымдық намысына тие бермейік деп те айтқым келеді. Өйткені, әкім де адам, ол да азамат. “Таудай ісімді көрмей, тарыдай кінәмді тергені-ай!” – деп дау айтуға оның да қақысы бар.

Елім деп еңіреп жүрген азаматтардың әрбір шалыс басқан адымын андып, табалап, “шок-шок” деп өуре болғанша, арқасындағы ауыр жүргін демеп, өзін жебей жүргеніміз он болмас па еді.

Ел басқару – аса қатпарлы, қалтарыс-құпиясы, шытырман шырғаланы көп өнер. Екінін бірі игі жақсы атала бермейді. Жұзден озған жүйрік, мыннан озған тұлпар ғана ел тізгінін өз қолына алып, берік ұстай алады.

Орыс ақыны Евгений Евтушенконың: “Поэт в России – больше чем поэт”, – дегені бар еді. Қазір казақы саясат көгінде беделін де, бедерін де жоғалтпай бірқалыпты жақсы көрініп келе жатқан, білері мол, әкімдігінен азаматтығы басымырақ бір шоғыр жас топ, жақсы топ бар. Ел басқару өнерін еркін игеріп, жолдан таймай келе жатқандар да өзірге солар сияқты. Солардың мандайы жарқырай берсін, құн көзінен көлегейлеп, қолдан келсе көтере, көмектесе жүрейік дегім келіп еді, ағайын.

Артық сөзі, алып-қосары жок еді. Бәрі де өз орнында сияқтанған...

Бұл казак, орыс баспасөзінде Заманбек Нұрқаділовке қарсы көтерілген науқаннның әлі басыла қоймай тұрған кезі болатын. Жібек Әмірханова айтты: “Бұ да баяғы ...Дайрабайдың көк

сиырының дауы ғой,— деп. — Эйтпесе, материалынызды баспайтын сізде қандай алты аласы, бес бересі бар дейсіз қазақ газеттерінің?”

7 наурыз, 2000 жыл.

Әкімшілікке келгелі екі айдын жүзі болып қалды. Сөйлесуге, пікірлесуге, сырласуға болатын адам жоқ. Көбіне-көп мансапты ғана бак санап, лауазымды ғана мұратқа балап ғадеттеген адамдар сиякты. Байқамайын-ақ, елемейін-ақ дейсін. Амал жоқ, көзің болған соң — көресін, құлағың болған соң — естисін. Эйтпесе, мен үшін, менің алдағы күнім үшін осыларға көніл бөліп жатуым керек пе өзі? Бәрі демегенімен, біразы түймедейден түйе жасауға, түйір дәнді тірнектеп жинап, айналасына соны көрсетіп байбалам салып калуға құмар жұрт екен.

Сөзіне қарасаң да, өзіне қарасаң да бәрін өздері шешіп, бірденені қиратып жүргендей көрінеді. Байыптай келе байкасан — тау қопарып тастаған түгі жоқ, бәрінікі сол баяғы қүйкі тірлік, қиқым шаруа. Ел мұддесі, жұрт мұратын ойладап жүрмелегендерін өздері де сезеді, сөйте тұра былайғы жұртқа: “біз, міне сондаймыз!” — дейтін баяғыдан калған көзбояу.

Жібекке кіріп, әлдебір шаруа жайын әнгімелеп, өзіл айтысып отыр едім, үстімізге алқын-жұлқын болып, қобыраған көп қағазы бар Роза Кәрібжанова кіріп келгені. Кіріп келді де, маған қарама-қарсы отырып алып, қағаздарын жайып салып, міз бағар түрі байқалмаған қалпында Жібекке қарады. Мені барсың ба, жоқсың ба деп елейтін түрі көрінбейді. “Бұған не бол қалды?” деп мен отырмын.

Бұрын өйтпейтін. Өтірік те болса жалбактаң амандаған болып, жанасқан болып жүретін. “Апыр-ау, қарындастың бұл қай кердені?” деп ойладым да, Жібекке қарап: “Мен шыға тұрайын ба? — деп сұрадым. — Роза асығыс сиякты ғой, баса-көктеп кіргеніне қарағанда”.

Жібек дегенін сұнғыла пәле. Ішкі ниетімді қабағымнан сезе қойды-ау деймін. “Роза, қазір біз бітеміз. Орныңа барып сәл күте тұр, өзім шакырам!” — деді.

Роза қағазын қайта жинап алып, кызара бөртіп шығып кетті.

Менің де білмейтінім бит ішінде, сезбейтінім тіптен жоқ. Мен туралы маған жағымсыз, өзі мен өзі сияктыларға жағымды бір сөз естіген. Осы Жібектің аузынан да андаусыз шыққан әнгіме болуы мүмкін. Соны ести сала, “енді сенімен несіне санаса қоймақпын” деп кыр көрсеткендегісі. “Құл қожасынан қорықса да, құдайынан корықпайдының” кері еді бұл.

10 наурыз, 2000 жыл.

Осындағы өзіме тиесілі қызмет орнына келіп отырғалы тұптура екі ай өтіпті: “Менің ғана қолымнан келеді, мен істедім!” – дерліктей әлі түгім жок екен. Мен болмасам да аткарыла берер, кез-келген адам еңсеріп әкетер сол баяғы осындағылардың бәріне тән кикым ғана шаруалар. Ара-тұра кіріп шығатын Ахмет болмаса, ешкіммен әлі ашылып сөйлескен де, шешіліп сырласкан да емеспін. Әйелі де, еркегі де бір-бірінен үркіп, үрейленіп, секем-сезіктен арыла алмай жүрген біреулерге ұқсайды. Өз көленкесінен өздері корқады. “Апыр-ай, ойдан-қырдан осылардың басын қалай қосып жүр екен?” – деп ойлай беретін болдым.

Басқаша бір бетбұрыс жасамай болмас, сірө. Оның үстінен әлгіде ғана “Меридиан” дейтін арнаулы телефон арқылы Заманбек Нұрқаділов сөйлесіп, көңілге қонымды біраз пікір айтты. “Жылыжылы сөйлесе, жылан іннен шығады” дегендей, өзіліне де, артықкемсіз айтқан ақыл-нұсқауына да ішім жылып қалып еді.

31 наурыз, 2000 жыл.

Біз бүгін барлық аудандық, қалалық газеттер редакторларының, аудандар мен қалалар әкімдері орынбасарларының басын қосып үлкен жиын өткіздік. “Тойдың болғанынан боладысы қызық”, осы жиынға дайындалу, өткізу төнірегінде мен тағы да біраз жәйтке қаныға түскендей болдым.

Бұл жиынды өткізудің қажеті, алдағы күнге белгіленер межесі жайлы ой өзімнің тарапымнан туындарды да, аппарат басшысының орынбасары ретіндегі өзімнің тікелей бастығым Мұрат Мұсабаевтан қызу колдау тапқан болатын. Әкімге кіріп айтып едім, жайжаптарды түгел тыңдал алды да, қарсы болған жок, разылығын берген-ді.

Бұл жерде аппарат ішінің ырымы мен жырынынан әлі бейхабар менің тарапымнан біраз кателік кеткенін кейін барып анғардым. Оған кейінірек тағы бір тоқтала жатармын, өзірге бағытымыздан бұрылмай тұра тұрайық.

Жиын өткізудің жоспары жасалып, күні, сағаты белгіленді. Негізгі баяндаманы мен жасайтын болдым да, мәдениет, экономика, акпарат және қоғамдық-келісім басқармаларының басшылары, облыстық екі газеттің редакторлары сөйлейтін болып келісілді.

Жиынды кіріспе сөзбен ашу үшін облыс әкімінің де алдын-ала келісімін алғамыз.

Бірақ жиын өткізуге бір күн қалғанда әкім Жібек екеумізді шақырып, дайындық барысын анықтап отырды да, кенет: “Мен сіздерге Уссурий жолбарысы жайлы бір мысал әңгіме айтып берейін бе, – деп алып, әңгімесін: – Жолбарыс, былай алғанда

ормандағы ешбір аннан қуатты да күшті емес, бірақ ол жылына бір мезгілде екі рет елді мекен тұсына келіп, әй-дә бір ақырып береді екен. Бала-шаға, қатын-қалаштың зәрелері зәр түбіне кетіп, малжанның біразы тіпті бұтына жіберіп те қоятын қөрінеді. Сөйтіп айнала біткениң зәресін ала, үрейін ұшыра түсіп барып тынады да, жөніне кетеді екен сабазың,— деп жалғастырды.

Егер ол күн сайын ақырып-шакыра берсе, құлағы да, еті де үйренген жұрт елең етіп елеуді қояр еді. Үніне де, түріне де мән беріп жатпас еді. Сол сияқты мен де, әкім басыммен осында өтетін үлкенді-кішілі жиынның бәрінде сөйлей берсем, өзімнен мән, сөзімнен дәм қалмай жүрмей ме? Сондыктан бұл жиналысты, Жібек, сен басқарып өткіз. Сенен де сөз калып көрген жок еді гой”, — деп әзіл араластыра бітірген.

Соның артынан іле-шала Жібек мені шакырып, жиналыс жоспарымен, баяндамашылар құрамымен танысып, құптаап, қуаттап дегендей, өзі өткізетін болып келіскең. Солай үйғарып тарасқанбыз.

Тағы бірер сағаттан кейін мені Мұрат шакырды өзіне. “Жібек аяқ асты жиын басқарудан бас тартып отыр, сіз екеуіміз өзіміз өткізе береміз. Дайын болыңыз!” — деп тапсырды.

Түк түсінсек бұйырмасын. Мұншама қакпақыл қылардай не пәлеге душар болдық? Бірақ шешінген судан тайынбас, ұрыста тұрыс жок дедік те, жиналысымызды өзіміз-ақ күн сайын қөріп, қатысып жүрген басқосулар дәрежесінде талапқа сай өткізіп шығып едік.

“Бақсам бақа екен” дегендей, мұның бәрі саясатта “выжидательная позиция” деген болатын еді, содан шықкан сыңайы бар. “Ал қөрійік, осы не тындыра қояр екен?” — деп аныс андуудың бір түрі болып шыкты.

Мен де барымды салып едім. Мұрат қолдау танытты. Солтан-құлова, Жәйшібекова, Адасбаевтар да, Нұрғожаев, Оверко сияқты редакторлар да, жарыс сөзге шықкан жергілікті газет редакторлары мен әкімдер орынбасарлары да бос лағып кетпей, накпа-нак, дәлмендәл пікір-ұсыныс айтып, бүгінгі тандағы жергілікті газеттер басындағы хал-ахуал, мұн мен мұқтаждық жайлыштың әнгімелеп, облыс әкіміне қарата біршама колқа да білдірді. Ол сөздердің бәрі хатталып, қаулы алынып, әкім алдына жетті кейін.

Жиынға қатыскандар да, қатыспағандар да (мұнда сөз жатпайды) “жиындарыныз аса мазмұнды, жақсы өтіпті!” — десіп жүрді артынан. “Всем смертям назло!” — деп ерегессем егескеннің көкірегін басуға білім де, білгірлік те, қорегендік те, үйымдастыра білер қабілет те жок емес еді, соларды бір пайдаланып көргемін.

Бірақ басшылар тарапынан (Заманбек, Жібек) не мактау, не даттау ести алмадық. Мұратқа әкім айтса айтқан шығар, маған емеурін білдірген ешкім бола коймады. Көніліме келсе де, тырс етіп үндеғен жокпын.

## БАСЫНБА

Тасуын-ай,  
Басынуы-ай мынаның,  
Жақпай қойды жүртүм ғашық жыр-әнім,  
Өзімді әлді, сөзім дәмді демейтін  
Кердеңін керең болды құлағым!

Мен де елімнің екі тумас ер ұлы ем,  
Неге саған құбыжықтай көрінем?  
Нақұрыстау «нәнің» де емес едім ғой,  
Көрі жуық, кәрің де емес, төрінен.

Төнірегің толып алған құл мен күң,  
Құл мен күңге күңкілдейтін тіл бердің.  
«Көзінді ашып қарасаңшы, қалқам-ау,—  
дегім келіп тұрады ылғи, — Бұл — меммін!»

Мені де сол құлдың бірі еткің кеп,  
Жауыр аттай жайдақ міне кеткің кеп,  
Нығыздала, тығыз ғана сыйданып,  
Артық — ауыр сөз айтасың екпіндеп.

Кеңістікті қимағандай, кеңсемді,  
Езгің келіп ерге біткен еңсемді,  
Қатар жұмсал әрің менен зәрінді,  
Жүргенінді қайдан білсін ел сорлы.

Әңгір таяқ үйірердей төбемнен,  
Бөле-жара шүйілердей көп елден,  
Құлағымда ойнайтыңдай құрбақа  
Құдыққа да құлай қойған жоқ ем мен!

Дос та бола қоймаспын мен, қасың да,  
Тісің кетер — тістенбей жүр асылға.  
Ұры бұғар, ұлық ұғар тілім бар,  
Тас жармаса — бас жарады... Басынба!

20 сәуір, 2000 жыл.

Күнделікке карамай кеткелі де көптеген күндер өтіпті. Бұл арадағы ауыз толтырып айттар негізгі бір тыңдырған шаруамыз — 14 сәуір күні болып өткен осы облыста туып-өскен ақындар мен жазушылар, сахна шеберлері, суретші-мұсінші, басқа да мәдениет пен өнер адамдарының Әкіммен басқосуы болды.

Бұл істі мен облыс әкімшілігіне қызметке келген алғашқы күндерден бастап қолға ала бастаған едім. Ең алдымен кездесуге шақырылатын адамдардың тізімі жасалды. Басында “белгілі-белгілі” жазушыларды, халық әртістерін, өнер қайраткерлерін, халық суретшілерін ғана жинау ойда болған. Бірақ, біріншіден бітпес дауға қалатынымызды мөлшерледік, екіншіден мұндай жиын күнде өтіп жаткан жок, сондықтан жарғыға сай мүшелікке өткен жазушылардың бәрін де бөле-жармай тегіс шақыру керек шығар деген түйін жасаған едік.

Бәрін даярлап, ойша қорытып алып әкімге кірдім. Баппен, асықпай отырып бәрін түсіндірдім. “Ішінде үлкені-кішісі бар, ел сенгені де, жалған белсенгені де бар, Жетісу өнірінде туып-өскен сексеннен астам Жазушылар одағының мүшесіне ең көрнекті әртіс, композитор, әнші-күйші, сазгерлерді коса шақырып, бәріне де ақшадай қомакты сый-сияпат жасалық, солардың бәрі болмағанымен, белгілі бір бөлігі бізге он қарап, дос болып тарасар”, — деген уәж айттым.

Әкім сөзге келмей бірден келісті. Құптағы. “Қанша қаржы керегін есептеп көрініз!” — деп өзіме тапсырма берді.

Мәселені осылай әбден пісіріп алғаннан кейін барып орынбасар бастық Жібек Әмірхановаға кірдім. “Осылай да осылай, әкіммен осындай басқосу өткізуге келістік. Әрқайсысына мына мөлшерде (басында әжептәуір қомакты сома болатын) акшалай сыйлық жасау үйғарылды” — дегенді айттым.

“Ойбай! — деп шыр етті Жібек бірден, — Не деп отырсыз, ақша қайда бәріне!”

Мен әкіммен ауызша келіскеңімді, қолдап, құптап, құлышына қуаттап отырғанын айттым.

“Жок, әлі де ойланыңыз. Сыйлықтың қажеті не, бастарын коссақ та жетпей ме? Әкім мәселенің байыбына бармай отырған болар!” — деп Жібек сабасына түсер емес.

Мөлшермен сөуірдің 5-жұлдызы-ау деймін. Әкім тағы шақырды. “Кездесуді қашан өткізейін деп жүрсіз? Неге соза бердініз?” — деп сұрады.

Мен бәрі даяр екенін, жұртты жинау түк емес, бәрінін қаржыға келіп тіреліп тұрғанын айттым.

Ол дереу қаржы баскармасының бастығы Т.Әбдіқадыровты шақырды. “Сәкен Иманасовтың есебінше (сомасын айтты) пәлен

миллион тенге қаржы керек. Соны тез арада қарастырындар!” – деген тапсырма берді.

Бірақ Жібек бірсесе жасалған тізімді жаратпай, бірсесе шығынның көптігін ұнатпай, қайта-қайта сүзгіден өткізіп, азайткызып, жазушылардың бас-басына жеке мәлімет жинастып, мәдениет, театр, филармония адамдарын көбірек тартуды міндеттеп, жұмысты ауырлата берді. Мен болсам шыр-пырым шығып, “әкіммен келіскеңіміз бұлай емес еді, тым ұсактап барамыз” деп қарсылық білдірген болам. Бірақ, амал не, күш сол жакта, айтқанына құлақ асып, келіспей және болмайды. Тілті бір сөз таласы үстінде ол:

– Сіздің жазушыларыңыздың да не тындырып жүргені белгілі ғой! – деп қалды қыза-қыза келіп.

– Менікі емес, халықтікі, Қазақстан жазушылары ғой, – деп жатырмын мен.

Тағы да сиырқұйымшақтанып, сөзбүйдаға түсіп бара жатыр еді, сәуірдің 10-ы күнгі мәжілісте әкім менен: “Сәке, неге созып кеттіңіз, қашан өтеді өлгі басқосу?” – деп сұрай қалғаны. Мен баяғы сөзімде тұрып, бәрі дайын екенін, тек кейбір кісілер тосқауыл бола беретінін айтып қалдым. Өйтпей болмайтын да еді, күйсін-тисін дедім де, көзіммен Жібек жакты нұскап көрсеттім.

Сол-ақ екен, әкім бірден катты кетті. Орынбасарларына да, қаржы басқармасының бағытына да ауыр-ауыр сөз айтып қалды. Маған қарап: “Қай күнге белгілеп отырсыз?” – деп сұрады. “14-сәуірде, таңертенгі сағат 10-ға” деп қалдым мен де. “Болды, бітті, сөйтініз. Ал сіздер, – деді ол өлгі басшыларға қарап, – бүгіннен қалдырмай қажетті бар жағдайды жасайтын болыныздар!”.

Сол-ақ екен жұмыс диірменнің тасындай айналып берді. Кешке дейін қаржы да табылды, шақырылуға тиіс адамдар, кімге қанша мөлшерде сыйлық берілуі жайындағы мәселелер де бір шешім, бір үйғарыммен акырына жетіп тынды.

Тек осы арада да Жібек: “Сіздер әкімшілік қызметіндегі адамсыздар”, – деп мені, мен тізімге алып жүрген Ахметті сыздырып таstadtы. “Мен ең алдымен ақын, онда да елге танымал үлкен ақын емеспін бе?” – деген сөзімді құлағына да ілген жок.

Құлдім де койдым. Ел аузында “аракчеевщина” деген бір сөз жүретінін естіген боларсыздар. Орыс императорларының бірінің тұсында премьер-министр болған, патшаның сеніміне кіріп алып, жан баласын тыңдамай, ақ дегені – алғыс, қара дегені – карғыс бір мемлекет қайраткері болғаны тарихтан белгілі. Сол бірде әйгілі партизан, ақын Денис Давыдовты инфanterия жағын басқаруға жібермек болады ғой. Әзі ақын, әзі атағы дүрілдеп шығып, әйгілі колбасшы Кутузовтың көзіне түскен Денис Давыдов: “Апыр-ау, мен кавалерия генералымын ғой, инфanterия (армияны жабдықтау жағы болса керек) калай басқарам?” – дейді ғой. Сонда Аракчеев:

“Мен қаласам инфanterия тұгілі, ветеринарияны басқаруға барасыз!” – деп әкірәндеген екен. Соған ұқсаған бір жағдайды мен де бастан осылай еткізіп едім...

\* \* \*

Ұмытып барады екем, осы басқосудын алдында Заманбек Нұрқаділов тікелей телефон арқылы облыс жүртшылығымен байланыскан. Күні бойы арнайы телефон түбінде отырып, жер-жерден, алыс-жақын аудандардан телефон шалған адамдардың мұн-мұктажын, арыз-шағымын, ұсыныс-пікірін тындаған. Бір өзі бәріне жауап беріп отырған. Сол кезде шағым айта бастаған бірнеше адамға: “Міне, менің қасымда Сәкен Иманасов отыр, сол кісіге талсырамын, шаруанызды тындырып береді!” – деп жатты. Мен басында мән бере қоямап едім. Сұхбат өткен күннің ертесінде “абыройымның аспандап” кеткенін бір-ақ білдім ғой.

Кәрісі де, жасы да, танысы да, танымайтыны да есігіме тыным бермей, телефоным қызарғанша безілдеп, тағы біраз жайсыз әуреге түсіргені бар. Сол бір телефон арқылы өткен сұхбаттың стенограммасы екі тілде түп-түгел облыстық газеттерде жарияланған болатын. Бұрын аудан дәрежесінде ел басқарған бір қария сол газеттің бір данасын төс қалтасына сала келіп, алдыма жайып койды да: “Мені Заманбекке ертіп apar, айтатын арыз-мұным бар”, – деп табандап отырып алды. “Маған ондай өкілеттік берілген жок, әкімнің кенесшісі, көмекшілері бар, хат-хабар, арыз-шағым қабылдайтын арнайы бөлім жұмыс істейді, соларға барыныз”, – десем, азар да безер болып: “Міне, мына газете Сәкен Иманасовка хабарлас”, – деп түр ғой деп болмайды. “Бұл сізге емес, маған катысы бар, әдебиет, баспасөзге байланысы бар, өнер мен мәдениет өкілдеріне айтылған”, – деймін ғой bezektep.

Бірақ сол жазушы, журналист, өнер адамдарына да берер көмегім мардымсыз. Бірінен кейін бірі ағылыш келеді де жатады. Бәрі де Нұрқаділовті шет-шексіз билігі бар, көнілі қалаған адамын, алдына барса болды, әп-сәтте жарылқай салатын Харон Рашид падишадай көреді.

Алдаусыратып, әртүрлі сылтау айтып, есек дәмемен шығарып салып, қарап отыруға да болар еді, бірақ жалған сөйлеп дағыланбаған жазған басым дағарадай болып, тағы да Заманбектің алдына барам. “Осылай да осылай, Пәленшекеннің өзі, не Түгеншекеннің жесірі сізден көмек сұрайды, бұйымтайы мынау”, – деп естігенімді бүкпей айтамын. Ол да кейде басын ала қашады, кейде қолма-қол ақыл-кеңесін айтып, кіммен сойлесуім керегін көрсетіп, біреулерге сілтеп, біреулерге қолма-қол телефон соғып, өз билігі жететін дәрежедегі жәрдемін беріп жататын.

Сол әлгі 14 сәуірдегі басқосудан соң, сондағы айтылған толып жатқан ұсыныс-пікірді ескере отырып, қажеттісінің бәрі

қамтылған түйін – әкімнің 14 балтан тұратын арнайы Шешімі қабылданды. Оның орындалуын бақылау Жібек Әмірхановаға, орындау маған тапсырылды. “Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні” дегеніміз де осы еді, жыл бойғы жұмысымызда сол шешімді негіз етіп ұстандық.

Осы Шешім шығар алдындағы бір келенсіз әңгімені де айта кетуге тұра келеді. Жиын өтерде мен жөн білестіндерден, осы жерде бұрыннан істеп келе жатқан адамдардан: “Стенограмма керек шығар, о жағы қалай болар екен?” – деп сұрадым. “Бәрі де ойластырылған, магнитофон, диктофондар бар, бір сөз желге үшпайды, түгел таспаға түседі”, – деп сендіріп еді бәрі.

Жиын біткеннен кейін дәл қасымда отырған облыстық газет редакторы Жақыпжаннан сұрасам: “Ойбай, көке, біздің жігіттер жазып отырамыз деп еді, жазу техникалары істемей қалыпты, не істейміз?” – деп өзіме қарсы сұрак қояды.

Сөйткенше әкім шақырды. Кірсем, қасында Жібек отыр екен. “Ал, Сәке, – деді бастық, – жазғандарыңыз қайда? Талқылап, талдап көрелік. Не істеп, не қойғанымызды онаша отырып белгілеп алайық”.

Менде ешқандай жазық жок. Әлгі жігіттердің әлейі жасағанын, не шынымен техника жағының арандатқанын білмей дал болып отырғанымды дәлел етіп көріп ем, әкім тіпті көтеріліп: “Халық жазушысы сияқты шіреніп отырысының жаман еді, өзініз-ак жазып алмадының ба?” – дегенге шейін барды. “Халық жазушысының да менен асып тұрғаны шамалы-ау!” депен бір сөз көмейіме кептеліп тұрып қалды. Дәл бұл жерде дауласып, сөз жарыстырып та түк өндірмесім белгілі болатын. Оның үстіне Жібек: “Мен жазып отырғамын, дәптерімде бәрі бар сияқты” – деп сөз кыстырып қалды.

– Ендеше ең алдымен соларды бір ізге түсіріп, хаттап, шоттап алайық. Қалғанын содан кейін әңгімелесеміз, – деді әкім.

Құдай берейін дегенде өстеді емес пе, кабинетіме келіп, енді не істесем екен деп отырсаң, сол әкімшілікте істейтін Виталий деген орыс жігіті бәрін таспаға түсіріп жүр еді, сол кезіге кеткені: “Менде бәрі де, сөйлеген адамдардың суреті де, сөзі де бар. Қажет десеніз түгел көшіріп әкеп берейін”.

– Ой, құдайың жарылқасын сені, сөйте ғой! – дедім қуанып.

Соны түгел қағазға түсіріп болып Жібекке бардым, әлгі дәптердегі жазбаларынды көрсетші деп. “Мен өзіме керегін ғана жазып отырғам, стенографистка ғой деп пе едіңіз”, – дейді ол да әлгіндегі әкім алдындағы сөзінен тез айнып. “Е, болты онда”, – деп шығып кеттім де, жаңағы айтылған 17 беттік хаттаманы қағазға түсіріп, сол ұсыныстарды қорыта, ерінбей екшій келе туындаған 15-16 балтан тұратын шешім жобасын әкім алдына қойдым. Ол да бағанағыдай емес, менің қарап отырмағаныма көзі жеткен соң барып, бұрынғы сабасына түсейін деді. Колма-қол Жібекті шакырып, накпа-нак тапсырма берді. Жібек өзі араласа алмай

калғанға іштей ренжіді ме, әйтеуір жаңағы 15-16 баптың бір-екеуін сыймен ғана шектелді бұл жолы.

Сол әкім Шешімі бойынша ең үздік жаңа әндерге бәйге жариялау, бір топ ақын-жазушылардың кітаптарын, баспалардан шыққан, бірақ өздері өткізе алмай отырған өнімдерін облыс кітапханалары үшін сатып алу, тағы бір топ Жетісу ақын-жазушыларының кітаптарын шығартып беруге демеуші болу, Бақтыбай Жолбарысұлының 165 жылдығына орай Талдықорған қаласында ақындар мүшәйрасын өткізу, тағы басқа толып жатқан үлкенді-кішілі игі де ізгі шараптар белгіленіп еді. Бұлардың бәрі жайлыш мен осы жылдың басында облыстық “Жетісу” және “Оғни Алатау” газеттерінде бір күнде жариялаған мақаламда толық айтқанмын. Сол мақаланың қысқартылған нұсқасын да осы колжазбаның қажет тұсында қолдана кетпекпін. Әзірге әңгімеміздің ұзын-ырға желісін үзбей қоя тұралық.

23 сәуір, 2000 жыл.

Респубикалық баспалардан жарыққа шығып үлгерген, бірақ әртүрлі себептермен өтінкіремей жатқан кітаптар тізімін алдырып, өзім ғана жеке сұзгіден өткізген болатынмын. Ен қажетті-ау дерлік әдебиеттерді іріктеп, баспа басшыларымен жеке-жеке әнгіме үстінде тағы да нактылы анықтай келе “Жазушы”, “Жалын”, “Қазақстан”, “Білім”, “Ана тілі”, “Қазақ энциклопедиясы” шығарған жүздеген кітап тізімі жасалып, әрбір кітаптың 50-100 данасын (сапасы, көркемдігі, бүгінгі күнге қажеті ескеріле отырып) облыс кітапханалары үшін сатып алу үйғарылды. Облыстық мәдениет баскармасы арқылы қомакты қаржы бөлініп, жауапты адамдар белгіленген еді.

Әрине, бүгінгі оқырманға кат болып тұр-ау деген әуелгі нұскаларды алдымен сатып алуға көбірек көніл бөлінді. Сондықтан да бір баспадан көп, біреуінен аз болды алғанымыз. Жібек Әмірханқызы: “Неге “Жалын”, “Жазушыдан” шықкан кітаптар көбейіп кеткен? Бәріне бірдей қарамадыныз ба?” – деген күдік білдірді. Менің бүйрекім біреулерге артығырақ бұрып кетті ме дегендегісі еді бұл.

– Баспалардың да ұстанып отырған бағыттары бар. Бізге керегі тілті, баспа емес, өнімі ғой. Мен соған баса назар аудардым, – дедім мен.

Іштей келіспегені білініп тұрды.

15 мамыр, 2000 жыл.

Біздің арамызда (әкіммен) соңғы кезде өйтеуір бір көнілге білінгенімен, көзге көрінбес кіреуке пайда бола бастағандай. Соншалық жақындасып та кетпедік, алystай да түспедік. Дос та емес, кас та емес; араз да, тату да емес; бастық пен бағынышты да емес ( бастық әкірәндер еді, бағынышты өтірік мұләйімсір еді) беймәлім бір қатынас орнаған. Ол да көп ішін бере қоймай жүр, мен де емешегім үзіле жақындасуға тырыспаймын. Осында келгелі 4 айдан асты. Өзі бетімді кайтарып, қолымды қақкан жок. Сөзімді де жерге қалдырмай, үлкенді-кішілі басқосуларда көпшік коя көтеріп жүрді. Бірақ бастық сөйтті еken деп өнмендеп төрге үмтыта қоятын адамын да мен емес. Қағаберісте қала беруге тырысамын. Осым дұрыс па, болмаса кате жасап жүрмін бе?

Ен жек қөретін нәрсем – ержігіттің екі сөйлегені, сөзінде тұрмауы еді. Енді сол қылықты әйелден көргенде тіпті күйіп кете жаздайды екенсін. Көзінді бакырайтып койып өтірік айта береді. “Шіркінде ес болсаши сезед деген”, – деп Абай неге күйінді десем, осындайdan еken ғой. Апыр-ай, құлгені де жасанды, жүргені де жасанды, ақсакты тындаі, өтірікті шындаі етуге щебер осындай әйелдін бірі тағдырдың жазуымен маған жар бола қалғанда қайтер едім деп ойлай беремін. Құдай бетін әрмен қылсын.

23 мамыр, 2000 жыл.

Көбіне-көп өз тілімнен табамын-ау осы. Осында келгелі “Бұлак қөрсөн – көзін аш”, “Рухани уыз”, “Қымызмұрындық”, “Кеусен”, “Жайлау” сияқты сөздерді көп естіген едім. “Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар” деп жүрміз. Қажетті дәстүр халықпен бірге жасасып келеді, қажетсіз ысырылып қалып жатыр.

Жайлау жөнінде облыстық жиналыс өтті. Қасымдағы бір жігітке (басқармалардың бірінің қызметкери) өзілдеп: “Жайлау сәні – мал, жылқы сәні – жал. Мал болса жайлау елсіз иен калмайды. Қазақ баяғыдан бері жайлауға шығарар мал емес, мал шығарар жайлау іздең”, – дей келіп, Махамбеттің:

Еділдін бойы ен жайлау,  
Ел толтырсам деп едім, – деген егіз жолын  
айтып, халықтың:

Ақ бұлағы бал татып,  
Ақ шабағы май татып,  
Жайлау – аш болсам, азығым,

Арық болсам, қазығым, – деген сөзін де  
костым. “Малы азайған елге жайлау іздеу жараса қоймайды-ау”, –  
дегенді қостым.

Соны естігендердің бірі Жібек Әмірхановнаға жеткізе қойса керек, бүгін: “Сіз “Жайлау” бағдарламасына қарсысыз ба, немене?” – деп оқыс сұрап жатыр.

— Жок, ойбай, неге қарсы болайын. Өзім де кезінде жайлауға көп шыққам, қызықтағам, қыдырған адаммын, — деп жалтарып кеттім.

Ол көп қазбаламады.

— Был “Аныракай жылы ғой”, — деді ол, — Семей жақта Еңірекей тауы бар. Аныракайда калмақ аныраса, Еңірекейде қазақ еніреген екен. Со жақта Майлышат деген жер бар көрінеді. Соған арнары экспедициямен барып қайтсак.

— Алыстан арбалап қайтеміз, “Майлышат” деген жер біздің ауылда да бар, — дедім мен.

Жібек аса көп мән бере коймаған сияқтанған.

Бірер сағаттан кейін Жібектің қарамағындағы Ахмет телефон сокты: “Аға, “Майлышат” дейтін жер бар ма біз жақта?” — деп.

— Бар, — деймін.

— Мен Жібек Әмірхановнаға “ондай жер туралы естіген емеспін” дедім. Ол қай жерде?

— Тұп-тура Әнуар Әлімжанов ауылына бара жатқан жолдан сәл бұрыс, тау ішінде сондай ауыл бар. Картадан қарасаңшы, — деймін.

Тағы бірер сағаттан соң Ахмет:

— Аға, “Майлышат” деген ауыл бар екен. Жібек Әмірхановнаның кабинетіндегі картадан тауып, өзіне көрсеттім. Мен тіпті естімеген екенмін ол ауыл жайында, — деді.

“Сен екеуіміздің естімегеніміз де, көрмегеніміз де көп қой әлі”, — деп қойдым мен іштей ғана.

\* \* \*

Байқаймын, өзіме тиесілі міндетімді орындау барысында әртүрлі ойда жок кедергі, тосқауылдарға кезіге беретін болып барамын. “Сіз, осы қаржыға барып тірелмейтін идея неге ұсынбайсыз?” — деп калып еді бірде Жібек. “Бұл заманда ақысыз-пұлсыз жүзеге асқан идеяны көрмедім-ау”, — деп мен құлген боламын. Әнуар Әлімжановтың туғанына 70 жыл толу мерекесін атап өту дайындығы басталды. Әкімнің тікелей бас-көз болуымен сол мерейтойды Алматы, Талдыкорған, жазушының туған жері — Алакөл өнірінде өткізудің жоспары, катысатын адамдардың тізімі жасалған. Бір отырыста әкімнің өзі: “Бір жылдан соң Мұқағалидың 70 жылдығын атап өтетін боламыз. Әнуар да үлкен тұлға, бірінен бірі кем түсіп, біріне бөлінген көніл екіншісіне жетіспей жатса бірқауым сырт ағайынның бітпес дауына, өсек-аязына ұрынамыз!” — деп ескерткен. Біз де сол орайда жұмыс істей бастаған едік.

Бізден соң әкіммен қалай сөйлесіп, қалай келіскендерін өздері біледі, әйтеуір Жібек болса біз жасаған жоспарды жүз карап, мын тарап жүріп, ауқымын тарылта, шенберін ықшамдай келе туған ауылы Қарлығашта әдеби-теориялық конференция дәрежесінде

ғана өткізуге үйғарым жасапты. Сол конференцияның өзіне баратын ақын, жазушы, ғалымдар тізіміне құдікпен қарап, “мынау кім, анау неге жүр?” – деген тұрғыдағы жүйкеге тиер кисынсыз құдігімен де мені мезі етіп бітті.

Әнуар жарықтық тірісінде де қарапайым, “өзінде бар деп көз үрмайтын” ірі тұлғалар санатынан еді ғой. Бұрын түяқ тиіп көрмеген тынға түрен салса да, көрінген көк аттының колы жете бермейтін биік-биік лауазым-білік басында жүрсе де қеудесіне нан пісе артық шалқымай, асып-төгілмей ғана тірлік кешті. Елу жас, алпыс жастарын кезінде кернейлетіп, сырнайлатып, той-думан, мереке-мейрам етіп өткізіп, тәнірегін дүрліктіріп көрмеген кісі. Содан да шығар – 70 жылдығы да аса көп данғаза дангойлыққа үрынбай өткені. Жазушының жерлестері намысқа тырысып, әжептәуір дайындық жасап жатканынан хабардар болатынбыз. Оның үстіне Әнуар Әлімжановтың 70 жылдығын атап өту Алакөл жерінде Қаракерей Қабанбай батырға ескерткіш қою рәсіміне арналған салтанатпен тұспа-тұс келіп еді. Хан Абылай тұсында казактың Бас батыры, Хан батыр, Дарабозы атанған Қабанбай бабамыздың қоладан құйылған тұнғыш тұлға – ескерткішінің Алматы–Семей тас жолының бойында, Ұшарал қаласына бұрылар тұстағы жол айырығына орналасуы да ел рухын бір көтеріп тастайтын ірі уакиға еді.

... Біз ертедетіп өлі ашыла коймаған ескерткіш түбіне келсек, күні бұрын құлақтанған жұрт қара-құрым болып жиналып қалған екен. Сахна маңында облыс әкімінің сол кезгі орынбасарларының бірі Токтархан Қожағапанов пен Алакөл ауданының әкімі Оралбек Жакияновтарға карсы жолыктам. Екеуінің күбірлей керісіп, әлденеге келісе алмай тұрғанын байқадым. Сөйтсем, әнгіме жиынды кім ашуы керектігі – облыстан келген бастық па, болмаса жергілікті әкімнің өзі ме, – сол жайында екен. Аудан әкімі: “Мен ашайын да, сөзді бірден сізге берейін!” – дейді. “Жоқ, мен бірінші сөйлеп шығамын”, – деп Қожағапанов бой берер емес.

Үлкендік жасап, екеуін бір мәмілеге келтірдім-ау деймін.

Бірақ не керек, осы ұланасыр ұлы қуанышта да, соған іле-шала жалғасып берген Әнуар мерекесінде де облыс әкімі Нұрқаділов, не оның осы саланы басқаратын орынбасары Жібек Әмірхановының қатыспауы – жергілікті жұрт, басшылар үшін жайлы тие қойған жоқ. Олар жіберген жаңағы өкіл, ол да орынбасар бастық, екі жиында да біз жазып берген көтерме сөздін өзін кібіртіктеп әзер оқып шықты. Әйтеуір, әбүйір бергенде, Габбас Қабышев (ол өз қаржысына Әнуар жайлы естелік кітап та шығарып, ауылына ала барды), Камал Смаилов, Мұрат Әуезов, Темірхан Медетбеков, Тұралық Дөненбековтар (ауылдағы жерлесі) жасаған баяндамалар, біз оқыған арнау өлең, Қабдеш Жұмаділов, Қастек Баянбаевтар

сөйлеген сөз Энуар тойына жиналған Алакөл-Үйгентас жұртының ойынан шыкканын байқадық. Алакөл ауданының әкімі Оралбек Жақиянов, оның Үйгентас жағындағы орынбасары Бота Қапсаламов, тағы бір орынбасары Мейірман Араповтар Энуар аруағына шек келтірмей, қолдарынан келгенін жасап-ақ бакты. “Облыс басшыларының ықылас-ниеті, ұстанған позициялары анығырақ болғанда мұншалық жетім қыздың тойы емес, бәрі де басқаша болатын еді”, – дегенді айтЫП жүргендер де болды.

Карлығаш ауылындағы жиын-той аяқталғанда біз сол кезгі өз өкілет-білігімізді пайдаланып, Алматыдан, Талдықорғаннан келген азаматтарды, жазушынын туыстарын, ауылдан ерген бір топ жерлестерін Алакөл жағасына апарып, сол арадағы саяжай ауқымында бір күн, екі түн әдеби ойын-сауық өткізіп, өзіміз де суға түсіп, сейілдеп, орысша айтсақ “полезного с приятным” – “пайдалыны ләzzat-ракатпен” үштастыра, аунап-кунап кайтып ек. Шырық бұзған бірлі-жарымы болмаса, бұл сапарға бірге шыккан үлкенді-кішілі жиырмадан астам адамның бәрі де разы қөнілмен маған ракмет айтқан болатын.

20 маусым, 2000 жыл.

Осыдан бір апта бұрын 3-4 күнге Солтүстік Қазакстан өнірінде өткен “советтік сөзге қаламы көрмеген әсте мұқалып” әйгілі Сәбит Мұқановтың 100 жылдық мерейтойына барып қайттым. Соның алдында Заманбек Нұрқаділов: “Сәке, мені Сәбит тойына әдейілеп шақырған екен, бара алатын емеспін. Қасыңызға өзіңіз калаған бір адамды алып, сіз барып қайтыңыз. Сол облыстың әкімі Қажымұрат Нағыманов мырзаға арнайы кіріп, менен сәлем айтыңыз!” – деп еді.

Қасыма облыстық газеттің бас редакторы Жақыпжан Нұргожаевты алып, белгіленген күні солтүстікті бетке алып жүріп те кеттік. Ұшактан түскен бойда Нағымановка кіріп, Заманбектің арнайы жеке сәлемін де жеткіздім. Облыс әкімінің қасында Кәкімбек Салыков ағам жұбайымен отыр екен, сәлемді жылы қабылдады.

Мені сол той құрметіндегі ақындар айтысының қазылар алқасына мүше етуді үйгарған екен, екі күн соган катыстым. Мұндай “төреліктен” бойтарта бастаған түсім еді, “конак койдан да жуас, май берсе де жей береді” деген қағиданы ұстанып, алдын-ала айтылып қойған сон, амалсыз келісіп едім.

Сол той таркардан бір күн бұрын облыс әкімі Нағыманов орман ішіне тігілген әппақ зәулім сарайда жан-жактан келген зиялы меймандар құрметіне ұлан-асыр конакасы берді. Алматы облысының атынан барған Жақыпжан екеуміз де шақырылдық. Дастанкан төрінде заманымыздың ірі жазушысы, ежелгі таныс, ескі сыйлас

Әбіш Кекілбаев отырды.

Облыс әкімі қөнілі шалқып, аса бір балқып отырып, кей тұста артық кетіп қалғанын анғармады-ау деймін, әрбір кезекті лебізден (тост) кейін жұртты тұрғыза берді: “Ал, енді осы тост үшін тік тұрып алғып қоялым!” – деген әскери жарлық, кайта-қайта көріжасымыз болып орындығымызды сықырлатып тұра беру әбден жалықтырды да, кезекті бір лебізге мен қозғала коймай, орнымда отырып кала бердім. “Оу, Сәке, неге тұрмайсыз орныныздан? – деп айқайлайды Нағыманов төрден. – Нұрқаділовтің қарамағындағылар бірден бюрократ болып кете ме, не бұл өзі?”.

Ләм дегем жоқ, елемеген сыңай танытып, жайбарақат отыра бердім.

Сөз кезегі маған келгенде сол әкім: “Алматы облысының атынан Сәкен Иманасов сөйлейді, өзі құсан, тұрмай-ақ, орындарында отырып ішे берулерінізге болады”, – деп кекете хабарлаған болды.

Мен тұрып, мұнда әкімнің құрметіне емес, әлем таныған, телегей-теңіз дарын иесі Сәбит Мұқановтың аруағын сыйлап жиналып отырғанымыз жайлы, қазіргі бүкіл қазақ жазушысы Сәбиттің шапанынан шыққанын, тіпті осы тойдың төрінде отырған үлтимымыздың қазіргі сәттегі нәмірі бірінші жазушысы Әбіштің өзі де со кісінің шәкірті екенін, аруақ сыйламағандардың орындарында отырып-ақ ішүіне болатынын тілге тиек етіп ем, жұрт ду ете қол соғып, тегіс аяктарынан тік тұрган.

Әбіш барынша мәз бола күліп, мені қасына шакырып бетімнен сүйіп жатыр. Қасымдағылар да, қарама-карсы отырғандар да разы болып қалды. Өтірік десе – өзі айтсын, со күндері қасымнан бір елі қалмай жүрген Жақыпжан Нұрғожаев осының бәріне куә болып еді.

Қызылжардан келе сала, ұшактан тұсер-тұспестен тағы сол Жақыпжанды нөкер етіп, жұп жазбаған қалпымында Лепсі стансасының маңында өткелі жатқан Еркеғали Рахмадиевтің 70 жылдық мерейтойына тартқанбыз. Қызылжар сапарының бар әсері жайлы алғып-коспасыз шындықты сол жерде жолықкан облыс әкімі Заманбек Нұрқаділовке әнгімелеп бердім...

“Ұшактан тұсе сала...” деп баса айтып, алыстан ат терлетіп барғанымды бұлдаپ отырған жоқпын, ол тойға да ас ішіп, аяқ босату үшін емес, той иесіне деген құрметімді, алаштың айтулы азаматының бірін қадірлеп, сыйлайтынымызды айрықша әспеттей тұсу еді. Соның алдында ғана облыстық “Жетісу” газетінде о кісіге арнаған өлеңім жарияланған. Соны өнді өз аузымнан тойға жиналған алқалы топ алдында оқып бергім келген, оқып беріп ағаға деген ықылас-пейілімді толық білдірдім-ау деп те ойладым.

Бірак Ерағаң аса еллідеп емекси қоймағандай, өлеңіме де, арнайы айтқан құттықтау сөзіме де құрак ұша құлшына қоймаған сияқтанды. Қадір-құрметтің бәріне де еті үйренген салқын

сабырлысынай танытты. Дастанқан үстіндегі сөзінде де: “Бұл тойға атағы жер жарған інілерім Тұманбай қатысып отыр, Қадыр қатысып отыр, қарындастарым Марфуға қатысып отыр, Ақұштап қатысып отыр”, – деп ақындарды бас-басына таратат түгендеп келді де, бізді тағы орағытып өткен. “Бұ қалай?” – деп мен қалғам.

Мен тегі орынсыз секемшіл, шамшыл, шамқес, кит еткенге шамданғыш болып бара жатуым да мүмкін, қымс еткенге өкпелеп, көніліме алып, кейде тіпті ашуланып ала жөнелетін әдетте тауып алыптын. Бұл баяғы “шолақ сай тез тасидының” кері ме, болмаса картая бастаудың алды ма, о жағын анық кесіп өзім де айта алмас едім.

18 шілде, 2000 жыл.

Аппарат басшысының орынбасары болып есептелетіндіктен де мен көбінесе тапсырманы тікелей Мұрат Мұсабаевтан алатынмын. Ұзынағашта өткен Нағашыбек Қапалбековтін 50 жасқа толған тойына арналған әкімнің құттықтауын да сол Мұраттың тапсырмасымен жазып, әкімге кол қойдырып, той иесіне апарып тапсырдым. Әкімнің атынан арнайы шапан да жапқанмын.

Еңбекшіказак, Талғар аудандық газеттерінің 70 жылдық мерейтойы өтетін болды да, құттықтау хат дайындалым. Талғарда ертерек өткен, тағы да әкім атынан құттықтарап қайттым Енді Еңбекшіказак ауданына арналған құттықтауға кол қойдырғалы әкімге кірейін десем, көмекшісі Ермек (аса сыпайы, мәдениетті жігіт): “Аға, Жібек Әмірханқызына көрсетіп алыңызшы алдымен”, – дейді. “Не болып қалды?” – десем, ол: “Сөйтіңізші!” – деп болмайды құлімдеп.

Жібекке бардым. Қасында экономика баскармасының бастығы жас жігіт Еркін Адасбаев отыр екен. “Осылай да осылай мынау әкімнің құттықтау хаты еді, кол қойдырайын десем, көмекшісі алдымен сізге көрсет дегесін...”

“Иә, солай, – деді Жібек, – бұдан кейін құжаттардың, қатынас қағаздарының бәрін ең алдымен мен қарап шығуым керек”.

“Өйтіп әрбір жұмысты бекерге қынданата берудің қажеті бар ма өзі?” – деп әзілдеп онын көзіне қарадым. Жүзі сұл-суық ызғарлы екен, селт етіп тітіркене қалдым. “Құп, солай-ақ болсын, онда мына қағазды қарап беріңіз”, – деп құттықтау мәтінді алдына қойдым.

Ол Еркіннің көзінше мен жазған әрсөзден ілік іздел, сыйғылап, әлгі мәтіннің быт-шытын шығарды. “Қайта жазып әкеліңіз!” – деп зілдене түсті.

Қағазымды алдым да, кабинеттен шығып жүре бердім. Со қалпы темір жәшікке бәрін атып үрдым: “Атасына нәлет, басқа-басқа, дәл құттықтау хат жазуға менің шамам келеді гой, бұл қай

кысастық”, – деп намыстанғаным рас. Ренжіп, аса тарылмадым... “Битке өкпелеп тонынды отка салма” деген бар, жүйкемді жұқарта беріп не табам деп те ойладым. Бірақ әлгі құттықтау хатты да қайтып қолыма алмадым. Ол қағаздар мен әкімшіліктен кеткенге шейін сол сейфте козғалмай жатты. Екі ортада аудандық газет қызметкерлеріне обал жасадык.

Осы бір кезден бастап арамыздан сұр ит жүгіріп өткендей, сенімсіз бір салқындық пайда бола бастады. Бұрын тікелей ғана өзіме жолданатын әкім бұрыштамасы бар құжаттар, әртүрлі нұсқау, арыз-шағым, өтініш енді тек Жібек арқылы келетін болды. Әлдебір қызметнама жазып әкімге кірсем: “Жібекпен ақылдастыңыз ба?” – дейді. “Жок”, – деймін мен. “Ақылдастыңыз!” – деп кайтарып жібереді.

Күнделікті қызметке байланысты бірер ұсыныспен бара қалсам, бұрынғыдай бірден шешпейді, “Жібек көрді ме?” – деп сұрайтын болды. “Жок, көрген жок”. “Көрсетіп алыныз!” – дейді әкім.

Озіме тиелісі биліктен қаға бастағаны белгілі болды. Енді мен де бұрынғыдай елпілдемей, ұсыныс, идея айтуды, тың пікірмен әкімге шығуды азайта бердім. Өйткені Жібектің мен айткан бастаманы бірден қолдап кетпейтініне көзім жете бастаган. Ол өзінің әкім алдындағы абыройын ешкіммен бөліскісі келмейтінін, әрбір идеяның әкімге тек өз аузынан жетуін қалайтынын анфара бастадым. Менің әкімге тікелей кіріп, мәселені төтесінен бірден шешіп жүргенім үнамай, Заманбекке менен әлдекайда сенімді, әлдекайда жақын әрі қолында билігі молырақ екенін пайдаланып, менің іс-әрекетіме тосқауыл койғандағысы екенін де бірте-бірте түсінгендей болып ем. Түсіне бастадым да, аяғымды тартынқырап, алдына да көп бармай, айналып өтуге, аса жақында мауға тырысып жүретін дағдыға көштім.

## 19 қазан, 2000 жыл.

Біраздан бері бізді әуре-сарсанға салып келе жатқан Талдыкорған қаласындағы ақындар мүшәйрасын өткізгенімізге де екі апта болды. Әкімнің арнайы шешімі бар, Талдыкорған қалалық әкімшілігіне, облыстық мәдениет, білім, қаржы, акпарат және қоғамдық келісім баскармаларына жүктелген. Бірақ дайындық барысы көпке дейін бір орыннан жылжымай-ақ қойды. Жүзге жуық ақыннан шығарма түсті, соның отызға жуығы іріктеліп алынды. Газеттерге бірнеше дүркін мүшәйраның шарты, бәйге мөлшері хабарланып тұрды. Бірақ облыс тарапынан бөлінуге тиіс қаржының карасы көрінбейді. Енді әкімге шыға берудін жөні де, жосығы да жоғы белгілі болып қалған. Бәрібір Жібекке сілтейтіні аян.

Ақыры Жакыпжан Нұрғожаев екеуіміздің білек сыбана кірісуімізге тұра келді. Демеушілер іздедік. Қазақстан Жазушылар одағы, аудан әкімдерінен көмек сұрадық. Обалы не, бәрі де азды-көп жәрдемін аяған жоқ. Облыс әкімшілігінде істейтін кәсіпкер, іскер азамат, Бактыбай Жолбарысұлының (мүшәйра соның атында) тікелей ұрпактарының бірі Төлеген Шойынбеков өз қалтасынан 150 мың теңге берді. Ондай болмағанымен, көрпесіне қарай көсіліп, басқа да қол ұшын бергендер болды. Талдықорғанда тұратын Ораз Исмаилов та бірер қалталы демеуші (спонсор) тапқанын хабарлады. Эйтеуір, бәріміз жүгіре жүріп жарты миллион теңгеге жуық қаржының басын құрадық. Екі газель автомашинасына тиеп, Алматыдан бір топ ақынды Талдықорғанға алып бардық. Қала әкімі Сәкен Жылқыайдаров бас болып, басқалары костай, колдай жүре оларды екі күн бойына кол-аяғын жерге тигізбей бағып, күттік.

Қастек Баянбаев, Еркін Ібітанов, Қанипа Бұғыбаева, Ғұсман Жандыбаев, Әбен Дәуренбеков сияқты санлактар бас болып, екі күн бойына өлең оқыл, ән салып, әй-да бір дүрілдеттік.

“Семіздікті қойғана көтереді” деген, кейде сенің сыйлағаныңды, сылап-сыйлағаныңды өзіңе қарсы әрекетке пайдаланатын парықсыздар да кезіге береді. Ақындарымыздын ішінде де артық сілтеп ішкені, құсқаны болмай қалған жоқ. “Мұның бәрі өкіметтің акшасы, сендердің нең шығып жатыр міндеситін!” – деп асымызды ішіп, аяғымызға түкіргендері де болды, амал қанша!

Бірақ біздікі тағы да сол намыс еді. Бастаған істі абыраймен аяқтасақ, бұл өзімізге де, облыс әкімінің атына да кір келтірмейтін шаруа екенін ойлап, жар құлағымыз жастыққа тимеген.

Газет біткен сонынан шуласып жататын әлдебір сұмпайыларша сол жиналған акшаны жеке басымызға пайдаланып кетсек те ешкім іздемес еді. Өйткені өзіміз тапқамыз.

Соны не ақындарымыз, не басшыларымыз түсінбеді, не түсінгілері келмеді. Қайта өзімізді кекетіп, іліп-шалғысы келетіндердің бары байкалып қалды. “Мүшәйраларың қалай өтті?” – деп сұраған бірі жоқ, ал кімнің қанша акша бергенін білгісі келетін “ағайын” көп болды.

Сол оқиғаға іле-шала әлгі айтқан Төлеген Шойынбеков елу жасқа толды да, бұдан бұрын да әйгілі Алдабергенов, Ескелді, Балпық билердің, Қабл иса жыраулардың той-мерекесіне қаржылай көмек көрсетіп жүрген азамат жайлы мен “Бар-ау бір жайсаң жігіттер” деген макала жазып, оны облыстық “Жетісу” газетіне жарияладым.

Сонын ертеніне Жібек телефон соғып: “Мұндай мақала кімге керек? Неге жазасыз, маған мұлдем ұнамайды”, – деп қалды.

Мен әжептәуір ызалымын: “Жібек-ау, мен сіз үшін емес, қалың оқырман үшін жазам ғой. Сізге ұнамайды екен деп жақсының жақсылығын айтпаймыз ба?” – деп қалдым.

Тіл ұшында тағы да біраз абын сөз түр еді, дауласып та, тәжікелесіп те ештеңе өндірмесімді, түкті де дәлелдей алмасымды сездім. Сездім де, сөзді ұзартып жатпадым.

Ақыры келіп, менің әрбір жазған-сызғаным Жібектің ашуын қоздыра берді.

Сол шамада бұрынырак жазылып, көптен бері тартпамда жатынқырап қалған “Өзім туралы” деген эссе міндетті “Жетісу” газеті өзінің екі санында жариялады. Соңғысы сенбі күні шыққан. Жұмыста отыр едім, Жібек Әмірханова тағы телефон сокты. “Сіздің макаланызды оқып отырмын”, – деді ол. “Иә, қалай екен?” деймін ғой әмісі айналамнан мактау ғана естіп үйреніп қалған басым. “Ұнамайды, – деді ол кесіп-пішіп, даусын қатайтып, – ондай өмір, жазам десе, кімде жоқ. Кімге қызық деп едініз сіздің бастан өткергеніңіз. Одан ғөрі облыс экономикасы, дотациясыз саясат жайлы жазбайсыз ба жазғыш болсаныз”, – деді.

“Оу, Жібек Әмірханқызы, екі бірдей облыстық газет бар, оларда жүзге жуық журналист отыр, облыста болып жаткан барлық жаңалық, күнделікті шаруаны бақылап, жазып, сарапқа салып отыру солардың міндепті ғой. Мен ақын ретіндегі, азамат ретіндегі өз өмірімнің кейбір ауыр тұстарын, ақындық лабораториямның көпишілік оқырманға беймәлім жағын әңгімелеп отырған жоқпын ба?” – деймін.

“Бәрібір маған ұнамайды! Жақыпжанға айтамын, ендігәрі жарияламасын мұндайды”, – дейді ол қасарысып.

Телефон трубкасын тұғырына тастай салудан басқа амалым қалмаған еді менің...

Сырт көзге сыпайы, білімді, іскер көрініп жүрген, облыстағы саяси-бұқаралық мәселені, барша идеологияны уысында ұстап отырмын деп жүрген адамның сөзі еді бұл. Осындайда “алтын басты әйелден бақыр басты ерек артық” дейтін халық сөзі еріксіз еске түседі. Еркекті мұндай жағдайда тым құрығанда, келістіре отырып қазақша бір сықпырта сыйап алар едін ғой! Әйелге не дерсін!

Әкімшілікте жүргендердің дені сол әйел қауымынан екен. Жібектің тікелей өз қарамағындағы бөлімде оннан астам әйел істейді. Бұрын Ермек, Өсербай деген жігіттер болып еді. Сыйғызбаған, сыймаған.

Әйел жолдастар ұдайы ғана бастығының қас-кабағына қарап үйренгендер. Оған сол бөлімдегі “арпа ішіндегі бір бидай” ер азаматтар да косылып кетіп жатады.

Бұдан көп жылдар бұрын – он жылдық мектепті бітіргеннен кейін стаж жинау (ол кезде жоғары оқу орнына түсү үшін кемі 1-2 жыл өндірісте істеу керек дейтін қатал қағида болған) мақсатында Ақтогай-Достық аталатын темір жол құрылышында қатардағы жұмысшы болып істегенім бар еді. Тамакты үш мезгіл жұмысшылар асханасынан ішеміз. Жұмысшылардың негізгі дені жан-жактан

жинаған жастар. Іштерінде әр каладан келген жап-жас қыздар да бар. Ұяда көрген тәлім, кинодан көріп, кітаптан оқып алған тағылым бар, кезекке тұрғанда қыздарды ілгері жіберіп, кейде тіпті подносын көтерісіп, жігіттік қызмет те көрсетіп қойғым келіп жүрді. Әсіресе Татарстан жағынан келген үріп ауызға салғандай әдемі қыздар (біразы біздің елге келін болып қалып та койды) көп. Өздері шетінен іші-бауырына кіріп, жұтынып-ак тұр, пәтшагарлар.

Бірер құннен кейін байқасам — мұнда үлкен-кіші, әйел-ерекеп деп бөліну жок, жұрттың бәрі бірдей, бәрі де — жұмысшы. Тек мамандықтың мәртебесіне қарай ғана сатылада бөлінеді еken. Ең жоғары сатыдағы қалаушылар, одан әрі жолшы, ағаш шеберлері болып кете береді. Кезекке тұрғанда бірін-бірі май құйрықтан теуіп калу, былапыт аралас сөзбен сыйбай салу бұларға түк емес, әбден еттері үйреніп, құлақтарына сіңісті болып кеткен. Менін ілтипат көрсетіп, иіле түсуім, кішілік көрсетуімді мұнда жасықтық, қорқақтық деп те түсінетін сынай анғардым. Дағыстаннан келген құмық балалары Мұртаз, Әлімпаشا, Аюб, Сұлтанпашалар тіпті басына бастады. Тепсе темір үзетін жаспын ғой ол кезде, біреуден имене кою деген де болмайтын онда. Бірер аптадан соң әлгілердің аса сүйкеніп, қағыта кекетіп, тым еркінсіп кетіп өзіме соктықкан бір-екеуінің танауынан “шертуге” де тұра келген. Тен құқылыш әділеті содан кейін ғана барып орнап еді. Көбімен кейін достасып та кеткенбіз.

Әкімшілікте де солай. Мен үлкендерін “пәленшекелеп”, жасы кіші үл-қыздарын “әке”, “көкелеймін” ғой баяғы.

Әсіресе қыз-келіншек жағына барынша сыпайылық танытып, көрген жерде сүйіп-құшып, өбектеп жататын едім. Сөйтсем олардың да көбі үл жердің ынғайына қарай әбден бейімделіп алған, одан бөлек тірлік бар дегенді ескере бермейтіндер болып шықты. Бастықтарының алдында байпаңдал, маймандал, маймылға айнала жаздал тұрады да, сол баstryбының қабағы біреуге түйілсе болды, үлар да сырт айнала жалт береді еken.

Тұрі де, діні де әртүрлі болғанымен, тіні бір, ісі мен “тілі” бір, тіпті жүре келе бір-біріне кескін-келбеті де, қимыл-қарекеті де ұқсап кететіндігін көріп танырқай бастадым. Рас, бәрінің де нан тауып жерлік ақылы, айналасын алдауға жарап айласы бар әйелдер. Тек кісі сыйласа — сені қызметіңе, дәрежене қарап қана сыйлайды сікен, содан үркіп қалған жайым бар.

Соларын көріп, енді мен де бәріне бұрынғыдай өбектей бермей, біразының сәлемін салқын қабылдай бастадым. Мені тіпті, жайдақ, жалпақшешей біреу еken деп жүре сөйлесуге де бейіл танытқан бірен-саран қыз-келіншектің қылышынан түніле сырт айналуға да тұра келген. Содан да аяғымды тарта берген болатынмын.

Үлғи ғана есекпен бірге қамап ұстаса арғымак аттың өзі аз ғана құн ішінде есекке ұқсап кетеді деген сөз бар. Сол сиякты

әйелдерге ғана бағынып, күні үшін ғана амалсыз жағынып жүрген ер-азаматтардың өзі де бірте-бірте ұргашыға ұқсап, бойда бар азмаз ереккө тән қасиетінен айырыла бастайтынын да байқадым. Оған да көптеген дәлелім бар.

Осы арада Еркеғали Рахмадиевтің Ғабан (ғұлама Ғабит Мұсірепов) жайында жазған бір әңгімесі есіме түсіп отырғаны. Ераған 8-наурыз қарсанында үйіне өзімен аралас-құралас, сыйлас-сырлас жүрген казактың бір топ зиялы азаматтарын конакқа шақырмай ма. Бір-бірімен үйірсек, ұлken-кіші демей, етene жакындастып кеткен жақсылар мен жайсандар болса керек бәрі де.

Бір сөздің кезегіне орай үй иесі Ераған: “8-наурыз мерекесі де келіп қалды ғой, сол үшін осы дастарқан басындағы ер-азамат орнымыздан тік тұрып, сүйікті-сұлу арулар құрметіне тост көтерейік!” – деп ұсынады ғой. Дастарқан басындағылар тегіс ұшып-ұшып тұрады да, жалғыз Ғабен орнынан козғалмаған күйі отырып қала береді. Әзілі жарасқандар атасымен де ойнайды, бұрыннан үйде-түзде әжua-қалжыны жарасып келе жатқан Ераған: “Әй, шал, сен естімей қалдын ба, әйел емессін ғой, неге тұрмайсын орныннан?!?” – дейді екен. Сонда ыңырана тіл қатқан 80 жасар Ғабен: “Біз де бұл күнде соларға қосылып қалдық кой!” – деп, ду құлдіріпті бәрін.

Әкімшіліктегі әйел басшылардың қол астында жүрген бірен-саран жігіттер де сол Ғабен айтқандай, «ұргашылар» сапына қосылып бара жатқандай көрінеді де тұрады маған. Мұнда біраз жыл қызмет істеген ерек-әйелдің бәрі де күн өте келе зәлімдіктің өзін мәртебеге балайтын, екі айтуға еті үйреніп, ит-ырғылжынды өнерге санайтын қатып-семген әлдекімде айналып шыға келеді екен де, кісіге жасаған жамандықтың өзінен ләzzat табатын тасбауырға барып туысып кететінін сезбей де қалатын сиякты.

Татар халқында: “Сұлы жемес арғымақ жапыраққа зар болады” деген сез бар екен, өзім де осыларға ұқсап кетпей тұрғанда жөнімді тапканым аbzal шығар деген ойға көбірек табан тірел бастағандаймын.

Бәрімізге белгілі атақты ғалым-физик Петр Капица: “Руководить – это значит не мешать хорошим людям работать”, – депті. Сенің жұмыс істеуіңе молынан мүмкіндік туғызып отырса, әр бастамана бөгет жасамаса, колынды қағып, бетінді қайтармаса – кандай іске болса да құлшына кірісер едің ғой. Эр ісіннен мін тауып, әр сөзіннен астар іздейтін жартылай ғана бастықтардың жортак әдісі құртады екен дінкенді. Былайғы жұрттың алдында сенің абырайың өзінен асып кетпеу жағын қөз жазбай қадағалап, жок жерден іліп-шалып, кердендей келе жүйкенді жұқартып, жігерінді мұқалта береді. Өзі ғана емес, айлар бойына ыбыр-сыбыр, қыбыр-жыбырға өзі үйреткен қол астындағы кошеметшілері және бар. Эр жерде арс ете калып, реті келсе аяқтан щалып, олар да қарап жатпайды. Өйткені бұл жерде өз аяғымен келе қалған кездейсок

адам болмайды. Бір-біріне аға, бір-біріне апа-жезде, құда-құдағи сияқты ілік-шатыс болып кетеді. Солар бір-бірімен кол үстаса қосакталып, арасынан саңылау өткізбеуге итін де, битін де салып бағады. Жан-жақтағы “ел билеп, жұрт шүйлеп журміз” дейтін аудан дәрежесіндегі аткамінерлер де бетін, беделін жұмсай жүріп, жасакқа жарамас жасығын, қосакқа жүрмес масылын да тықпалап әкеліп, майлап өткізіп жатады. Олардың үяда көргені де, күнделікті еститіндері де бір сыйырғы сөз, бірынғай өнеге, бір ауыздан ғана шыгар өсінет пен уәж. Көргендері – тақталастық пен бақталастық, әрекеттері – күншілдік пен күндеңстік. Қыспақ пен қымтырыска да, қарекетсіз тым-тырыска да еті үйреніп кеткендер. Өздерінен биігірек тұрған, өздерінен әлдекайда таза, ары былғанбаған, ұяты ортаймаған біреуді көрсе олар шетінен ит көрген ешкі көзденіп, өшігіп, өршеленіп шыға келуі әбден занды құбылыс деп білемін.

Арын да, ұятын да жаксы бір максат үшін емес, аз күнгі алдамшы мансап үшін тәрк еткен сол әккілер билік басына келіп алған соң, алдына адам тұсірмеуге барып салып бағады. Оған ешкім жақсысын деп те айта алмайды, жамансын деп біреу бетін кайтармайды.

Өзіне ұқсамайтын акылды бір адамның атының шығуы да оларға шашудай қадалады. Сасық намысы, жадағай да жалған беделіне сол ғана нұксан келтіретіндей, әлгі жақсының сонынан шам алып тұсіп береді бәрі.

\* \* \*

Еңсем тұғілі, етегімді елге бастырмай,  
Өзім бар жерде өзгениң аузын аштырмай,  
Пендені бетіме қаратып көрген жоқ ем мен,  
Бес төбет келіп беттей алмайтын қасқырдай.

Патшаның қызы батып кіре алмас қойынға,  
Бес жігітіңің буы бар еді-ау бойымда,  
Алаш ұлына асыртпап едім бастан сөз,  
Тығыла күліп... жығыла жүріп сойылға.

Карасы тұғілі, ханның алдында кішіромей,  
Карныма бола кісіге құнімді тұсірмей,  
Қаңарым болса қайғыға қарсы жұмсаушы ем,  
Қара бір тастан қашай да салған мұсіндей.

Киянат көрсем — қарайып қайта қаныма,  
Жексұрындарды жолата қоймай маңыма,  
Жағымпаздардың (өліп кете ме өзеуреп),  
(Тұра қашпадым)... құлақ аспадым зарына.

Жүрейін десем пенделіктен де алшақтау,  
Иттері ырылдап, биттері жыбырлап шаршатты-ay!  
Ар сатпау еді аллаға берген антым да,  
Киындаپ барады, қайтейін, бүтін жан сақтау!

Көптен-ақ көзге үйіріле қоймай жырдан шық,  
Көлі құргаған көңілдің өзі тұр қаңсып.  
... Қабамын дей ме — қаптап келеді көп төбет,  
Тісін ақсита тап-тап береді бір қаншық!

10 казан, 2000 жыл.

Тағы да “Майлышат” ауылы жайлы. Казак-калмақ соғысының бір бітімді тұсы осы жерде өткен деп, әлі толық анықталып, тарихи дәлелденіп бітпесе де, сол жерге белгі тас орнату жайлы әнгіме болды.

Мен: “Әлі де ойланып, тарихшы ғалымдармен ақылдастып көрелік те. “Кенесіп пішken тон келте болмайды”, – деген сыңайда карсы болып көріп ем, Жібек Әмірханова: “Сіздің осы үнемі кері бағып отыратыныңыз не?” – деп тыйып-ақ тастағаны.

Осындай бір ынғайсыз әнгіме бірер күн бұрын әйгілі Томирис патшайым (біреулер “Тұмар ханым” деп те жазып жүр) жайында болып еді. Талдыкорған қаласындағы бұрынғы В.И.Ленин ескерткішінің тұғырының үстіне Томирис бейнесін орнатсақ деген ұсыныс түсіпті. Басшылар да анық-канығына, мәселенің байыбына барып алмай жатып, “бәрекелді!” – деп қолдап, мұсінін жасауға бәйге жариялатып та жіберіпті. Жібектің кабинетіндегі бір әнгімede мен: “Томиристің өзі біздің дәуірімізден бұрын жасаған адам. Кім екені де толық анықталып болған жок. Әйтеуір бір әйелге ескерткіш орнату қажет болса, тіпті бәрімізге белгілі, көпке аян Ұмай ана, Домалақ енеге орнатпаймыз ба?” – деп едім, ешкімнен колдау таппадым. Тағы да теріс сиғен көртартпаның өзі болдым да шықтым.

Осыған байланысты ешкімнің нұсқауынсыз-ақ **Ш. Үәлиханов** атындағы тарих және этнология институтына хат жазып, Томирис жайлы толық мәлімет сұраттым. Әйтеуір тарих алдында өз арыма нұксан келмеуін ойлағаным еді ол.

Бірер күннің ішінде әлгі институт директорының орынбасары, тарих ғылыминың кандидаты К. Алдажұмановтан жауап алдым. “Алматы облысы әкімі аппарат басшысының орынбасары С.Иманасовқа, – деп бастапты ол жігіт өзінің жауап хатын. – Өтініштеріңіз бойынша Талдыкорған қаласында Томирис патшайымға ескерткіш орнату мәселесіне байланысты пікірімізді жолдал отырмыз. Томирис – Геродот бойынша б.з.д. VI ғасырда өмір сүрген массагет патшайымы. Ол көне скиф (сақ) дәуіріндегі тайпалардың бірі. Томиристеке ескерткіш орнату үшін оның көне Қазақстанға, казақ жеріне катысы бар-жоғын ескеру қажет. Сондықтан Талдыкорғанда ондай ескерткіш қою ұсынысына колдау көрсетуге карсымыз”.

Косымша ретінде екі беттік (орыс тілінде) анықтама коса жіберіпті. Енді сол “Томирис патшайым жайындағы тарихи анықтама” деп аталатын құжаттың орыс тілінен өзіміз аударған мәтінін толық келтіре кетейін.

“Томирис – массагет патшасының жесірі, біздін дәуірімізге дейінгі алтыншы ғасырда (539 жыл) көшпенділердің парсы патшасы Кирге қарсы азаттық жолындағы соғысты басқарған. Ол соғыста оның Спаргапис дейтін баласы каза табады. Патшайым киян-кескі ұрыста Кирді жеңіп, кегін қайтарады, оның басын кесіп алады. Кесілген басты: “Канішер Кир, саған керегі қан еді ғой, ал енді шөлінді қандырып ал”, – деп, қан толы меске тастайды. (Геродот, “Тарих” бірінші кітап, “Клио” 201-216 жана жол). Парсылар мен скиф – массагеттердің соғысы жайлы сол көне грек тарихшысы Геродоттың жазғанынан басқадерек бүкіләлемдік ғылыми-тарихи әдебиетте кездеспейді.

Геродоттың “Тарихынан” кейінгі жазбалардың бәрінде де Кирдің әскері көпір салып өткен Аракс өзені Азиядағы бір өзен. Бәлкім, тіпті Сырдария да болуы мүмкін дегенді айтады. Бірақ 25 ғасыр бұрын соған аты ұқсаған басқа да өзендер болуы әбден мүмкін ғой. Скифтерге жататын массагет халқы Каспий теңізінің, шығыс жағында өмір сүрген, сондыктан Аракс – не Сырдария, не Эмудария болуы мүмкін деген болжам айтылады. Оны анықтау енді мүмкін де емес. Массагеттерді түркі халқына да, Кавказ халқына да жатқызуға болар еді. Өйткені, гректердің Томирис деп отырғаны Тұмар не Томар, болмаса Тамара да болуы мүмкін. Тамарадан Кавказ әйелдерінің есімі, тіпті орта ғасырдағы грузин патшайымы Тамараның есімі болуы да мүмкін еді. “Ис” деген қосымша грек тілінде орыс тіліндегі біреуге тәуелділікті, “ов” сияқты қөрсетеді. Мәселен, Спаргапис, Липоксаис, Колаксаис, Томирис.

Бұдан басқа деректердің еш бірінің ғылыми негізі жоқ. Скифтер – әр түрлі тайпадан тұратын көне халық. Біреулері мал бақты, көбіне көшіп жүрді, екіншілері егін салып, жеміс өсірді, орнықты тірлік кешті. Үшінші біреулері балық аулаумен күнелтті, яғни өзен-теніз жағалап, кеме де жасауы мүмкін. Сөйтіп тарихи-табиғи процестердің әсерінен скифтер орта азиялық, кавказдық тіптіeuropалық халықтарға араласып кеткен. Кавказ халықтары ішінде оларға осетиндер мен аландар (нарттар), Орта Азияда казак, өзбек, түрікмен жақын. Томирис солардың қайсысының перзенті? О жағы әзірге беймәлім.

Күні ертен грузин не армян тарихшысы жаңа табылған фактілер мен деректер негізінен Томиристі өз патшайымы деп те жүрмесіне кім кепіл?

Әрине, Томирис түрік тұқымдас елдің патшайымы деуге бірнеше негіз бары рас. Біріншіден, массагет жауынгерлері шарап дегенді білмейтін еді, яғни Кавказда болып көрмеген, сондыктан да парсылардың қалдырып кеткен ішімдігінің не екенін айрып болмастан, тез мас болып қалып еді. Екіншіден, массагеттер мал бақкан, олардың атты әскері, қалайы қалқан сияқты скифтерге тән құралы болған. Үшіншіден, кейін “скифтік әдіс” атанған соғыс

жүргізу тактикасы – қаша соғысу, шөл далаға шығандатып, карсыласын қаша жүріп қалжырату. Кавказ тауларында ол мүмкін емес еді, әрине.

Томиристің тұрік тұқымдас елге қатысы бар-жоғы әлі айқындалып болмағандықтан да біз оған Жетісу жерінде ескерткіш орнату өзірге тиімсіз де лайыксыз деп білеміз”.

Бұл да менің “кері бағар, кертартпалығымды” дәлелдей тұсті. Шындыққа жүгініп те басшыларға жаға алмасымды сезген едім содан.

Облыс әкімінің үйғарымы бойынша бір топ жазушының кітабын шығарып беруге демеуші болып, сол кітаптардың тізімі жасала бастап еді. Іштерінде әйгілі “Қырандар қияда қаза табады” романының авторы Макан Жұмағұлов ағамыз берін маған аса таныс емес сексен жасар Исабай Ескараев аксақал бар еді. Екеуі де кайдан білсін, жеке-жеке салып-ұрып Жібекке бармай ма? Макан өзі анғалдау, алды бар, арты жок адам, Жібекке колка салып біраз әңгіме айтса керек. Олардың арызына әкімнің өзі “тізімге қосыныз” деген бұрыштама жазып, маған жолдаған. Шығарып беру жағында болатынбыз.

Сол бір шамада Жібек телефон сокты. “Сізге Макан Жұмағұлов деген жасы үлкен адам барды ма?” – деп сұрады. “Жок, көрмедім. Таба алмай қалған болар”. “Оның қандай шығармалары бар өзі?”. “Орыс тілінде жазатын кісі ғой, ең белгілі шығармасы Аманкелді Иманов туралы “Орлы гибнут в вышине” деп аталатын роман”. “Со кісіге “бізде Сәкен Иманасов қызмет істейді, жолыныз” деп едім. “Сіздер неткен бақытты адамсыздар, бір күн де болса Сәкенмен бірге жұмыс істеген”, – дейді”. “Өте дұрыс айтқан екен Макан”, – деп, аккөніл карттың ықыласына мәз болған қалпында Жібекке қалжын айтам ғой.

Жібек болса Маканның әлгі сөзін жолықканда өзіме де, қасымыздағы кездейсок келген басқа адамдардың көзінше де әлденеше рет кайталап айта берді. Әр айтқан сайын оның дауыс ырғағынан қомейіне тығылып қалған кекесін сиякты әлдене тұрғаны анғарыла бастады. Басында өзілі ғой деп, өзім де құле тыңдаушы едім, келе-келе құлакқа тұрпідей тие бастаған соң, сол әңгіме айтыла бергенде жылжып жүріп кететін болдым.

Өлісі бар, тірісі бар 15-16 автордың кітабын шығарып беру үйғарылды. Мен бұл жұмысты “Жалын” баспасына жүктеуді үйғардым. Баспа директоры Бексұлтан Нұржекеевпен келіссөз жүргізіле бастады.

– Неге “Жалын” баспасын тандап алып отырсыз? Тендерге салмаймыз ба? – деп сұрады Жібек.

– “Жалын” – мемлекеттік баспа ғой, басшылары да өз облысымыздың патриоты, керегінде іздесек те, ойымыздан шықпай

жатса да “үйренген жау атыспакқа жаксы” болған соң той, – деп уәж айтқан болдым.

Жібек ұндей қоймаған.

Сол күндері маған “Шартарап” баспасының иесімін деп Құлтас атты жігіт те келіп, осы кітаптарды шығару жағын өзіне тапсыруды сұрап жүрген.

Бірер күннен кейін Жібек: “Сіз Құлтасты білесіз бе?” – деп сұрады. “Жок, – дедім, – білмеймін”. “Шартарап” аталатын баспасы бар екен, кітаптарды шығаруды соған тапсырсақ деп отырмыз”. “Жалын” баспасымен келісіп жүр едік той. Нұржекеевтен ұят болмай ма?”. “Тендер шешіп отыр ғой, “Шартарап” арзанға шығарады. Нұржекеевке соны айтарсыз”. “Жарайды”, – дедім. Мен “Құлтасты білемін”... дегенде мәселе басқаша шешілетінін де сездім. “Е, мейлі ғой!” – деп ойладым.

Бексұлтанға айтып едім. “Қайте коясыз, не қылса, о қылсын” деген сыңай танытты.

15 қазан, 2000 жыл.

Бұғін аса бір жүйке тозған күн болды. Танертен маған “Время” деп аталатын газеттен ұлты да, жынысы да беймәлім Мариям Унгарова дейтін тілші келді. Аты-жөні әйел затына ұксаган соң бар ілтиратыммен-ақ карсы алғып, орын ұсынып, хатшы қызға шай алдырып дегендей, жік-жапар болып жатырмын ғой баяғы. Бірақ не сөзге конак бермейтін, не өзі жарытып ештеңе түсіндіре алмайтын қекайыл бірдене болды да шықты. Әр сөзіме дау айтып, китығыма тигендей болды. Күып шықпасам да, итергендей болып әрен құтылғамын.

Сол екі арада касында осында істейтін Ахмет бар, Тұманбай қекем келіп, жаңа бір өленін оқыды, енді Жұбан турасындағы сөзін оқи бастағанда, “меридиан” телефоны шыр ете калды. “Amīrhanowa” деген жазуды көріп, трубканы көтермей-ақ қойсам ба екен деп бір тұрдым да, “кой, кайтер дейсін”, – деп альш жайымен жауап бердім. “Исабай Ескараевтың кітабы не жайында?” – деп сұрады ол бірден амандық-саулық жок. “Оқыған емеспін”, – деймін. “Сіз ғой тізімге қосып, кітабын шығаруға ықыласты болып отырған”. “Е, мен ол тізімдегі қолжазбаның бәрін оқып отыра алмаймын да ғой, бірақ аннотациясында “Жетісу өніріндегі азамат соғысының кезеңі сөз болады” делініпті”, – деп жатырмын өзімше.

“Қазір азамат соғысы турасындағы кітап кімге керек?” – дейді Жібек тағы да. “Апыр-ау, орыс, казак әдебиеттерінің М.Шолохов, А.Фадеев, С.Мұқанов, Ж.Аймауытов, Б.Майлин сиякты ірі өкілдерінің ең басты шығармалары да сол кезеңді қамтымай ма. Қарт адам екен, әкімге арызбен кіріп шығыпты, әкімнің “шығарындар” деген бұрыштамасы да бар”, – деп бара жатыр ем,

ол сөзімді кілт үзіп, “о сықыр бұ ықсырға ұқсамайды, әуре болмаңыз, кітабы шықпайды. Алып тастаңыз тізімнен!” — дегені.

“Өзін білме, білгеннің тілін алма” дегенді қазақ осындайдан айтқан екен-ау деймін іштей. Баяғы Аманханның: “Сәкен аға, аман болсаңыз, Жібек пен Фатима қасыныңда жүргенде енді үш-төрт айдан соң басқаша сайрай бастайсыз!” — деген сөзі шындыққа айнала бастағаны ма? Қой, олай бола коймас!”

Сөйте тұра оның сөзінің акырын тыңдауға төзімім әрен жетті. Тұмекен: “Әй, не болды? Сабыр етсенші, өзің тіпті бозарып кеттің ғой!” — деген соң төменге түсіп, бір-бір ұрттам конъяк ішіп, ашу тарқатқан болдым. “О, жасаған, енді төмен етектілермен төбелестіре көрме!” деп жалбарындым іштей тәнірге.

Касымыңда Ахмет бірге жүреді. Тұмекен айтқан бір әңгімесіне орай (таратып жатпай-ақ қояйын деп отырмын) көкемнің құлак түбінен күнк етіп: “Кап, бекер-ақ айттыңыз-ау!” — деп қалды.

Тұманбайды сактандырған, оған менен гөрі жакынсыған тұрі. Екеуін мен таныстырғаным есінде жок шіркіннің, өзінше менен гөрі ақылды, менен гөрі аузына берік болғандағысы-ау деп ойладым інімнің. Амал не, ашуланып отыр ем, қоламтаны одан әрі үрлей түскім келмеді де, естімеген, елемеген сыңай таныттым.

Осы інімді де түсіне алмай бара жатқандаймын. Көп жылдар бойына ағалап та, жағалап та менің жанымнан шықпай, алағай да бұлағай кезендерде әрдайым аузыма қараушы еді. Қысылғанда мен де оның қасынан табылуға тырысатынмын. “Гүған ағам да сіздей-ақ болар!” — деп сендіреді мені. Бірде тіпті біздің үйде отырып келіншегіне телефон сокканы бар. “Мен ағаның үйіндемін”, — деп еді, ар жағынан: “қай ағаның?” — деді-ау деймін: “Менде қанша аға бар еді, Сәкен ағаның!” деп шегелеп те айтқан. Бәтінкемнің бауына шейін байлап беріп жүргенге имандай үйып, ағасынып, манызсып жүре беріппін ғой. Кейін оның маған өзі күнде жамандап жүретін бір адаммен ауыз жаласып кеткенін байқап, ішімді тартып қалғандай болғаным бар еді. Мына жерде де сол қылығы көрініп қалды.

Тұыстар бар жақсы көрген, жек көрген,

Мына бастан бәрі-бәрін өткерген.

Өзінді зор ұстаушы едің, әп-сәтте

Сыпрылып түсті-ау сенің бет-перден, — дейтін шумак орала берді ойыма.

Менің көп жағдайда қөре тұра — көрмегенситінім, ести тұра — естімегенситінім болады. Сонда қасымдағылар мені де бір дымсезбес аңғырт, аңғал екен деп ойлайтын болуы керек.

Кісілік пен иттіктің арасы қанша жер екен? Мен ойлаймын кейде, кісілік деген игі-жаксылар аунай кеткісі келіп тұратын жапжасыл құрғак көгал шығар деп. Ал “иттікке” келер болсақ, ол тұбі көрінбес, көзге байқала бермес батпакты үйыққа ұксайды.

Байқамай бір түсіп кеттің бе, ақырын-акырын білдірмей сені түбіне қарай, теренге тарта береді, тарта береді. Енді қайырыла қөгалға, кол жетпес құрғақ таза жағалауға шығу мүмкін емес, сол бойы белшеден бокқа батып, былғана түсесін, былғана батпактап кала бересің. Тырбансан да, ырғалсан да енді уысынан шығармайды. Карьера (мансап) қуып жүрген кейбір азаматтар маған ұдайы осыны елестетеді де тұрады, әйтеуір. Қабаннан да пана іздең, қабыланнан да сая іздең, аз күнгі қызығы үшін доңыздың тұмсығынан, сасық коңыздың құйрығынан сүюге арланбайтындармен де катар тірлік кешеміз-ау, амал не?

“Бірде бал, бірде у беріп өтеді өмір,

Бакытты, қайыны да қотере біл!” – деген әлдекімнің өлеңінің екі жолын ынылдай айтЫП, бұл құнді де өткіздім.

19 желтоқсан, 2000 жыл.

Танертең жұмыска келіп, орныма отырар-отырмастан тағы да Жібек телефон сокты. Сіз “Тарлан” сыйлығын беретін сарапшылар комиссиясының мүшесі екенсіз ғой, Иранбекке алып беруге қалай қарайсыз?” – дейді. “Бұл бір ғана әдеби шығармашылығы емес, қоғамдық қызметі, уақытқа, елге, жерге сінірген барша енбегі түгел ескеріліп берілетін сыйлық сиякты, бір адамға жөнсіз бүйрекімнің бұрғаны келісе қояр ма екен?” – дедім. Мен өзім тегінде: “Көрерміз, ойланайық, ақылдасайық” деп шығарып салуға ежелден карсы адаммын. Бұынсыз жерден пышақ ұрғысы келетіндерге осылай, әкесі өлгенді де естіртеді дегендей, кесіп-пішіп, сөзбүйдаға сала көлгірсімей бір-ақ айтқанды ұнатамын. Соны айтуым мүн екен, Жібекімнің бірден шала бүлініп, тулатала жөнелгені. “Сіз әнеуқүнгі конкурс (“Жаңа ғасырға – жаңа ән”) концерті кезінде БАҚ (бұкаралық ақпарат құралдары) өкілдеріне шақыру билетін неге таратпадыныз?” – деп, біраз кіжінде алды. “Оған менің қатысым қанша? Тапсырылған тиісті адамдар бар, солар өз міндетіне алып еді ғой”, – деймін мен. “Сіз хандығыныздан тайып каласыз ба, өзініз таратсаныз. Шіренесіз де тұрасыз ылғи, түбі сізге бұл жақсылық әкелмейді, жаман, өте жаман болады!” – деп сес көрсете бастады. “Жібек-ау, бұл жерде менде қандай жазық бар, маған ондай тапсырма берген ешкім жок еді ғой”, – деймін, оған құлак асып жатқан ол жок, өзеурей түсіп: “Айтпады деменіз, сізге жаман, өте жаман болады!” – дегенді шегелеп қайталай берді.

Мын күннен кейінгі шөлмектің де сынар кезі келіп калды-ау деймін, әйелге айтпайтын-ақ сөзім еді, ызадан жарыла жаздал: “Жібек Әмірхановна, – дедім сабырмен, – мен өзім жаманды да, жақсыны да бірдей көріп келе жатқан адаммын. “Жаман болады” деп не айтқалы отырсыз? Мен өзі дәл казір біржола әтек етіп, піштіріп жіберуден басқа ешнәрседен қорықпайтын болып алғам”,

— дедім. Ол телефонда едәуір ұнсіз тұрып қалды. Біртүрлі бәсеке дауыспен: “Жақсы онда”, — деп байланысты ұзді. Орыстың баяғы атақты ғалымы Михайл Ломоносовтың: “Служить я могу кому угодно, а прислуживать не буду даже самому господу богу”, — дегені бар еді. Сол сөз есіме түсіп, жанағы дөрекілеу тойтарысыма өзімнен өзім рақаттана бір күліп алдым да, бойым әжептәуір женілдей түскенін сезіндім.

Маған тегі “не жасамайсын” дейтінін өзі де білмейтін болуы керек. Менің бағынышты болсам да, жағынышты да жалынышты бола алмайтыныма көзі жетсе керек еді ғой осы күнге дейін. Элде соны үккысы, ұға тұра да бүтіндей қабылдағысы келмей ме? Эйтеуір бір ықтырам, әйтеуір бір бұқтырам деп ойлайтын болуы керек. Қарауындағы көп ғарілтің біріне айналып кете бермегеніме танырқайтын болуы да керек, сірә. Одан басқа не істеппін, жолын кескем жок, алдында басқа бір кылдай кінәм жоқ екенін де жақсы білем.

Өзіндік қалыптаскан дара бір кісілік қасиеті жок, ғұмыр бойында біреудің ығында жүріп күнелткен (өзі де күл, өзі де күн) адамдардың өз қарауындағылардың қеудесін басып, тұқыртып, біржола илеп-бұқтеп, имендіріп ұстауға тырысатыны болады. Біреудің өзінен еңсесі еңселі, өресінің биік екенін көрсө болды, қылғынып өле жаздайтын да лауазым иелері барына бұрыннан қанық едім.

“Қазак елі” газетінде Бақыт Сарбалаев Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Бердібек Сапарбаевты қорғап мақала жазып еді, Жібек те өршеленіп: “Сіз неге сондай макала жазбайсыз?” — деп тиісті маған. “Оның қисыны келмес” десем, тағы да сес көрсетіп әлекке түсті.

Аттылы ма, жаяу ма, ит пе, құс па — әйтеуір үй сыртынан өтетін әркімге бір арс етіп үріп, арпылдаپ қалатын майтөбеттер болушы еді. Мені де сондай, әкім, әкімшілік атына айтылған әрбір кереғар пікір, әжua-мазакқа үн қатып, тисе — терекке, тимесе — бұтакқа деп, бұтып-шатып, шаптыға соктығып отыратын колжаулық еткісі келді-ау деймін. Әр сөзінің анғарынан соған үқсас сарын есіп тұратын болды.

26 желтоксан, 2000 жыл.

Жібек әнеугі әңгімені бүгін тағы жалғастырып: “Газет тілшілеріне неге билет апарып бермединіз?” — деп сұрады. Ол жұмыс ақпарат және коғамдық келісім баскармасының бастығы К.Жәйшібекова мен әкімнің баспасөз хатшысы Фатимаға тапсырылған болатын. Соны айтып едім, “Сіз апарып беруініз керек еді, сіз апарып беруініз керек еді”, — деп әр сөзін екі ретten кайталап үріна берді. “Айтпады деменіз, сізге жаман болады, жаман

болады!” – деп тағы шүйлікті. Әнеуқұнгі жауабымды және бір рет қайталауга тура келді.

Атакшы суретші Әбілхан Қастеев “не жағдай?”, “не нәрсе?” деудің орнына көбіне “не күй?” – деп сұрайды екен. Бірде сол кісі белгілі голланд суретшісі Рембрандтты Рабинранатпен шатастырып алса керек. Сонда аяқ асты ескерту жасаған адамға қарап Әбекен: “Не күй? Айтылып кетті”, – депті. Біреулер соны шала естіп, “не куя, айтылып кетті!” дегізіп, орыстын боғауыз сөзінің казакы бүрмаланған кейпіне тусіре анекdot шығарған. Ел арасына сол соңғысы көп тарап кетіп еді. Бұл жолы біз де “не куя, айтылып кетті” деп, іштей құліп қала бермек болғамыз.

Кешке қарай әлдебір жұмыспен Жібектің алдына тағы бардым. Қызмет солай, қайтерсің. Сол жерде ол: “Сіз әнеуқұнгі концертте Ермек Серкебаевқа орын бермей, ерегесіп отырып алыпсыз ғой, маған залда отырған үлкен ақсақалдардың бірі айтып келді”, – деді.

“Ақсақал-қарасақалдың кімнің кімге орын беріп, бермегенін тізгеннен басқа жұмысы жоқ екен-ау, ә! Оның үстіне мен сіздің кіші балаңыз емеспін ғой, үстімнен кім көрінген айтқан шағымды тындаитындей, – дедім. – Біз билет бойынша әйелім екеумізге тиесілі өз орнымызда отырдық. Оны неге біреуге босатып беруім керек?”

Жібек: “Ермек деген – Ермек қой, тұрып орын беруіңіз керек еді”, – деп болмады. Бұдан әріге мен де төзбей: “Сәкен деген де Сәкен, келер үрпак мәдениетімізге сінірген еңбегімізді таразылай келгенде Сәкен Иманасов та сол Ермек Серкебаев қатарынан орын алатын болады. Мұны бір деңіз. Екіншіден айтарым, менін әкімшіліктен ты斯қары жерде не істеп, не койғанымда бұдан былай жұмысыныз болмасын? Әркімнің өз жөні бар!” – дедім де, шығып жүре бердім.

Сенің жасың үлкен екендігінде, атағын да, атын да бар, абырайсыз да емес екендігінде шаруасы да болмайтын басшыларға тан қала беремін.

Бірте-бірте маған берілген өкілетті биліктің шенбері тарыла бастады. Жетісу жеріне аты белгілі, кезінде үлкен лауазым иесі болған бір ағамыз “Алматы облысы әнциклопедиясын” шығармак ниетімен Жібекке барады ғой. Біраз әңгімеден соң: “Сәкенге де соны айтамын, кәзір соған бармакпын”, – дейді. Сонда: “Сәкеннің не катысы бар, ол емес, шешетін біз ғой бұл мәселені, Сәкенге барудын кажеті жок”, – деп шыр-пыр болыпты Жібек. Оны маған әлгі ақсақалдың өзі айтқан. “Онысы несі?” – деп те сұраған. Мен кайдан білейін!..

21 желтоқсан, 2000 жыл.

Әр адамның соншалық бір көнілі құлазитын, жанын қоярға жер таппай еңсесі түсे езіліп бітетін кездері болады. Сондай кезде кім болса ол болсын, әйел ме, ереке пе, ұл ма, қыз ба, жақын ба, жат па деместен біреуден жұбаныш сөз дәметесін. Бірақ қырсық-қанда жан-жағынды қанша қарманып, қадірінді білер біреу таппайсын. Көрінгенге және мұн шаға алмай дал боласын. Оның үстіне жасынның біразға келгені де тежеу бола береді.

Әлі құнгеге ойланам: аман-есенімде Заманбекке ракметімді айтып осы арадан кетіп-ақ қалсам ба деп. “Егемен Қазакстандағы” Мейрамбек інім де жолыққан сайын: “Әй, аға-ай, осы ара сізге кол емес-ау, ақын жүрер жер бұл емес қой, бұл емес!” дей берді.

Сонықі де дұрыс па әлде.

Басылып бірте-бірте біздегі леп,  
Отырмын күйкентайдай құзде жүдеп.  
Қалтырап екі тізем әрен кірдім,  
Жақпай қап жүрем бе деп сізге, Жібек!  
Сыйынып бір аллаға, мақтай барып,  
Екеуміз бір казыққа ат байладык.  
Әйтеуір өзімді-өзім мұжи берем,  
Жібекке жүрем бе деп жақпай қалып!— деп өлең  
жазып Жібекке барып ем, онымен де жібіте алмадым.

\* \* \*

Көлеңке жерде қалып бір қойған мұздақтай,  
Тымырайып қана тұрар еді-ау ол міз бақпай.  
Сәлеміңнің өзін сызданбай алған күні жоқ,  
Жүргегінді сенің шымыр еткізе сыздатпай.

Бүрісе қалып бұралқы ит көрген кептердей,  
Тіл қатқан емес кеміте күліп кектенбей.  
Инеліктей бол ілмиіп, ішін бермейтін,  
Атасының көрін Иманас қазып кеткендей.

Ұргашыға да, құрбашыға да ұқсамай,  
Құркетауықтың мекиені құсан түк самай,  
Ұніңнен үркіп, ұдіреңе қарап тұратын,  
Тоқсан жасында Тегеран барған чукчадай.

Санасып жатпай сақалы бар деп, мұртты деп,  
Жұсатып айдал иі жұмсақтау жұртты кеп,  
Күн көрсетпейтін қызметі тәмен кісіге,  
Құшік қүйеудей кішірейте сөйлеп, тұртқілеп.

Жүргенде солай жаныңа торсық байлатпай,  
Өтті де кетті тасыраң дәурен тайлақтай.  
Алақан жайып, аңырап қала беріпті,  
Көлі суалып, кемесіз қалған айлақтай.

Дұшпаны да жоқ, жоқ еді қимас досы да,  
Кектене қарап, көлеңкесінен шошына,  
Жынын алдырған бақсыдай болып жүр дейді ел,  
«Кезекті дүние, кеәбе бақ» деген осы да!

29 желтоқсан, 2000 жыл.

Кезекті еңбек демалысына шықтым. Шаршаудай-ак шаршаған екенмін. Сіркем су көтермейді. Онын үстіне осының алдында ғана қан қысымым кенеттен шұғыл көтеріліп, он күн бойына емханада жатып та шыққаным бар. Ақшаның бетіне қарамай, кымбат та болса мейлі деп, бұрыннан өзім үйренген “Алматы” санаторийіне барып, тынығып қайтуды ойладым.

5 ақпан, 20 акпан, 2001 жыл.

Облыс әкімшілігінде табаны күректей бір жыл қызмет істеппін. Тапқаным да, тапсырғаным да бар. Моральдық, материалдық жағы ойдағыдай, бірақ өзінді-өзің ылғи бөтен үйдің мейманында сезінген бір түйткіл арылмай қойды көнілден. Әлі күнге “мен де осы жердің белді де белсенді мүшесімін-ау” деген сезім жоқ.

Санаторийдегі тірлік белгілі ғой, өсіреле жүйкесі жұқарып, жігері мұқалып жүрген мен үшін осы жолы пайдасы көп болды. Ауыр бір ойлардан арылып, ақыл-есім қайта орнына келгендей алансыз бір ракат күндер кештім. Нұрмахан Оразбеков, Бексұлтан Нұржекеев, Тұманбай, Бек Тоғысбаевтар, Жакыпжан Нұргожаев, Ахмет пен Кемел сынды інілерім келіп, құда-құдағилар хал сұрап, көнілдін көтерілуіне көп-көп септігін тигізгендей болды.

Қайтар күні машинамды жіберіндер деп гаражға телефон соқсам: “Лимит жоктықтан сізге бөлінген машина басқа жұмысқа ауыстырылды. Қалғаның өз басшыларының айттар”, — деп тұр ондағылар.

“Пәлі, — деп ойладым мен, — жаяу қалдым дегенше, бұл жұмыстан кетуге де таяу қалдым десенші. Есің барда, елінді тапқаның да жөн болар енді, Сәкен!”

Бірақ жұрт мені “сыйғызбапты” демейді, өзі “сыйыспапты” дейтін болады-ау, ә! Мінезімді билетін дос-дүшпан “шок-шок, өзіне сол керек!” — деп бір жасап, табалап қалатын болды-ау. Кой, енді бір 8-9 ай істей тұрайын. Арғысын тағы көрерміз!” — деп түйдім де, үн-тұнсіз келіп жұмысыма кірісіп кеттім...

Бір жыл бойына не істеп, не қойғанымды сарапал, елеп-екшеп келіп, өзіме де керек, өзгелер де біле жүрсін деген мақсатпен “Зымырап, зулап ағып бір жыл өтті” деген мақала жазып, өзім соны орыс тіліне аударып, Василий Шупейкинге оқытып, түзеттіріп, бір күнде “Жетісу”, “Огни Алатау” газеттерінің беттеріне жариялаттым. Қазақша мәтінінің қысқаған түрі мынау еді:

## ЗЫМЫРАП, ЗУЛАП АҒЫП БІР ЖЫЛ ӘТПІ

Әрине, біз атқарар жұмыстың өзіндік ерекшелігі, басқалар еңбегінен біршама айырмашылығы бар. Өйткені, оны қолмен үстап, көзбен көру әсте мүмкін емес, көбіне саннан гөрі санада қалатын еңбек. Әр гектар жердан қанша өнім, әр жұз саулықтан қаншама төл алғаны, қанша құрылым салынып, қандай ғимараттар тұрғызығаны үдайы жұрт назарында, басшы алаканында болатын дикан, малшы, құрылымшылар еңбегінің құнын өлшеу де, мөлшерлеп білу де оңай. Ал рухани саланың ондай көрсеткіші жок. Сондыктан “тіліне тисе – дәмді екен, көзіне түссе – әрлі екен” деumen шектелгені болмаса, әріге ой жүгірте таразылап жатар төнірегін бола қоймайды. Содан да барып, сол төнірегіндегі көптің көкейіне “осы не бітіріп қойыпты?” деген бір сауал үдайы тарқамай жүріп алады. Тәлімді-тәрбиелік, әскери-әлеуметтік, тағылым-таным дегенге бойлай барып, ойлай санап жатқандар да аз болады.

Жә, оны қоя тұрып, ойға алған, ниет еткен негізгі әңгімемізге көшелік. Қарап отырсақ, облыстағы 19 өнірде аудандық, қалалық, ресми, биресмі бар 23 газет шығады екен. Толып жатқан телеарна, радио жүйелері жұмыс істейді. Бұл біле білгенге соншалық аз күш емес. Егер акпараттық бірынғай кеңістік, бір орталыққа бағына шоғырланып, Елбасының алға қойып отырған, облыс әкімі жүзеге асырып жатқан сан алуан міндеттері мен бағдарламалар үдесінен шығуға жұмыла кіріспі, бір женінен қол, бір жағадан бас шығара алсақ – қыруар істі тындыруға болар еді, “көп түкірсе – көл” деген де сол.

Осы максатпен өткен жылдың алғашкы тоқсанында барлық акпарат құралдары басшыларын, аудан әкімдерінің осы сала жөніндегі орынбасарларын, облыстың бірқатар мекеме басшыларының басын коса отырып, үлкен басқосу өткіздік. Онда облыс әкімі аппаратының басшысы Марат Мұсабаев, осы жолдардың авторы, облыстық экономика, мәдениет, акпарат және көгамдық келісім басқармаларының басшылары Еркін Адасбаев, Қанымжан Солтанқұлова, Күлімхан Жәйшібековалар баяндама жасады. Баспасөз құралдары алдында тұрған биік меже, келелі міндеттер белгіленіп, газет редакторларының, жергілікті телеарналар мен радио хабарын тарату жүйелерін каржыландыру барысы басқа да қамкорлық жасаудың накты жолдары белгіленіп, бағдарламасы бекітілді. Сол жында айтылған уәж бен уәделерден көз жазбай, мұны тіпті республикалық баспасөз күні қарсанында өткен тағы бір басқосуда пысықтап бекіте түстік. Бұл сонғы жында облыс әкімі З.К.Нұрқаділовтің өзі облыстық, аудандық газеттер, басқа да бұкаралық акпарат құралдары басшыларына толымды міндеттер жүктеп, өзі оларға қомақты сый-сияпат та жасаған болатын.

Сәуір айының бас кезінде облыс әкімінің тікелей басшылығымен Жетісу өнірінде туып-өскен елге танымал ақындар мен

жазушылар, өнер адамдары, мәдениет қайраткерлерінің басын косқан келелі жиын өткіздік. Бұған қаламгерлер, сахна, қолөнер шеберлері, сазгерлер, бишілер мен қүйшілер түгел шақырылды. Алма-кезек суырыла мінбеге шығып, көкейдегі ойлары мен ұсыныстарын айтқан, пікір білдірген адамдар көп болды да, сол ұсыныс-пайымдар негізінде 13 баптан тұратын облыс әкімінің арнайы шешімі қабылданды. Біз жыл бойғы жұмысымызда сол шешімді негіз етіп ұстандық. Бұкіл еліміз болып атсалысқан “Жана ғасырға – жана ән!” байқауының идеясы да сол жиын үстінде туып, әкім аузынан алғаш естіген зиялы қауым өкілдерінің бір кісідегі колдап ала жөнелгендегі де әлі ұмытыла қоймаған болар.

Мәселен, ұлы Жамбыл жерінде дүркіреп өткен кітап мерекесі жайлы әнгімеге келейік. Мен дәл сол сипаттағы думанның басқа жерде өткенін естіген де, оған қатысқан да емеспін. Бұл мерекенің ойдағыдай өтуіне көп дайындық жүргізілді, көптеген адам құші мен қаражат та жұмсалды. Әсіреле, облыстық мәдениет баскармасының қызметкерлері атқарған істе қисап жок еді. Ең алдымен республика баспаларынан соңғы жылдары жарық көрген көркем әдебиет кітаптарын сатып алып, қайта ашыла бастаған облыс кітапханаларының корын толыктыруға 15 миллиондай тенге жұмсалғанын, жүзге жуық ақын-жазушыларымыздың өз қаржыларына шығарылған кітаптарын сатып алу арқылы, оларға да аздық көп демеу болғанымызды мактан етудің артықшылығы жок.

Кітап мерекесіне Алматыдан әдейі барып, халық жазушылары Шерхан Мұртаза, Тұманбай Молдағалиевтар бастаған 60-қа жуық қаламгерлер, баспа қызметкерлері қатысты. Қазақ тілінде шықкан ең көне кітаптардан бастап, Абай, Жамбыл, Әуезов, Мұқанов, Әлімжанов, Нұршайыков, Мағжан, Мұқағалилар кітаптарының макеті жасалып, сахналық көріністерге әр беретүскенін айта кетуге тиіспіз. Тұманбай мен Шераган өз ізбасарлары ақын Маралтай мен прозашы Серікқалиға әк бата беріп, кітаптарын сыйлауы да айрықша символдық ренге ие болғандай еді.

Бұлардың арасында белгілі композитор, КСРО халық әртісі Еркеғали Рахмадиевтің, бүгін арамызда жок болғанымен қазак мәдениетіне орасан зор енбек сініріп өткен жазушы Әнуар Әлімжановтың 70 жылдық мерейтойларын өткізу, оның өмірі мен шығармашылығына арналған конференция жұмыстарын дайындау, баяндамашылар өзірлеу көп кажыр мен құш жұмсалуды қажет етті. Өткен жылдың ең есте қаларлық белгілерінің бірі – “Жана ғасырға – жана ән!” бәйгесі. Әблалахат Есбаев, Бекен Жамакаев, Шәмші Қалдаяқов, Эсет Бейсеуов, Нұргиса Тілендиев сиякты халқымыздың саз санлактары мен сардарлары кеткен соң ән өнері едәуір жүдеп, тозыңқырап, тіпті азыңқырап кеткен сықылданған. Соның дер кезінде байқаған облыс әкімі З. Нұрқаділов осы бір бүкілхалықтық ән бәйгесінің өтуіне тікелей мұрындық болды. Мен сол бәйгені өткізу жөніндегі комиссияның да, казылар алқасының да мүшесі

болғандықтан, бәрін жақсы білемін, бұл конкурсты өткізу де онайға түсken жоқ. 6-7 ай бойына комиссия тапжылмай енбек етті. Қазақстанның барлық түкпір-түкпіріндегі әнсүйер қауымды түгел қамту мақсатында баспасөз, басқа да бұқаралық акпарат құралдары тұтас жұмылдырылып, күн сайын жұртшылықты құлактандырып отырды. Конкурс қоржынына түсken мыңдан астам әртүрлі деңгейдегі туындылар ішінен 50 әнді іріктең алу үшін қазылар алқасы екі ай бойына тер төге енбек етті. Конкурста басқадан озық болған 50 ән негізінде желтоксанның 16 жұлдызы күні Республика сарайында үлкен гала-концерт берілді. Жақсы әнгесузының қанған жұрт залға симай кеткені былай тұрсын, 5-6 сағат бойына дүрлдетіп кол соғып, жалықпай тындаумен болды. Тағы бір өкпе осы төніректе туады. Сол гала-концерт үстінде де, одан сөл бұрынғы ән іріктеу кезінде де ел таныған халық әртісі, халық жазушылары бар қазылар алқасының бірката дарынды мүшелері облыс әкімімен кездесе қалса: “Иә, бұл шын мәніндегі грандиозный дүние болды. Бұрынғы-соңды тарихымызда мұндай шара өткізіліп көрген емес”, — деп, ауыздарының суы құри мақтасуши еді. Содан бергі бірер ай ішінде кейбір газеттер кекете, келемеждей жазып, қазылар алқасын әжуа-мазакқа айналдырып жатқанда, ауыздарына құм құйып алғандай, үндемей ғана тарс бүркентен күйлері кала берді. Ән конкурсының басы-қасында жүрген, концертке бастан-аяқ қатысқан аузы дуалы зиялы қауым өкілдері де не мактап, не даттап болса да пікір айтудын орнына, түк болмағандай, ештене білмегендей үнсіз кала берді. Өзімізді өзіміз мадактаудан тартынып, біз де бұл әнгімеге араласа алмай келдік. “Жаңа ғасырға – жаңа ән!” конкурсы Қаншама жаңа есімдер, сазгерлер, әнші-орындаушылардың бағын ашты. Қаншама жаңа есімдерді халыққа танымал етті. Әрине, біткен іске сыншы көп болады. Сынның орындысы да, орынсызы да бар, дегенмен дәл өткен жылғы осы конкурстай үлкен іс аткарған кім бар? Басқасын айтпағанда, сол іс-шараны абыроймен өткізудің басы-қасында жүргеннің өзін әбден мактан етуге болады.

Қандай құрылымдағы ел болмасын оның ішкі идеологиясына пәрменді ықпал ететін құндылықтардың бірі – дін болып табылады. Қазіргі Қазақстан жағдайында да күн сайынғы қоғами тірлігімізде де, қыскасы бүкіл ел өмірінің әлеуметтік-саяси жағдайында да діннің рөлі арта түсіп отыр. Осы мақсатпен облыс әкімінің арнайы шешімімен діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кенес құрылышы, оны басқару маған жүктелген еді. Біздін бөлім аясында діни үйымдар, қозғалыстар мен секталар жұмысын қадағалап, жүйелі бақылау жасайтын сектор құрылды. Онда әзірге тәжірибелі екі адам жұмыс істейді. Желтоқсан айының басында өткен кенес құрылтайына Республика, облыстағы діни үйымдардың, құқық корғау органдарының басшылары, белгілі философ, теолог ғалымдар шакырылып үлкен ауқымдағы әнгіме болып өтті. Облыста тіркелген, тіркелмегені бар үш жүзден астам діни

бірлестіктер, дәстүрлі, дәстүрден тыс конфессиялар бар екен. Көп дінге бөліну қоғам ішінде елеулі қарама-қайшылық, кереғар көзқарастардың болуына әкеп соғады. Алдағы уақытта бұл жұмыстарды белгілі бір жүйеге түсірудің жоспары жасалып, шаралары белгіленіп отыр. Таяу құндерде мұсылман мешіті төнірегінде топтасуышылар мен православие шіркеуі қызметкерлерінің ара-катынасы, осы діндерді колдау арқылы бірқатар зиянды секталар әрекетіне тыйым салу мақсатымен арнайы жының өткізу үйғарылып отыр. Казіргі “Дін туралы занын” кейбір тұстары да қайта қарауды қажет етеді. Соған байланысты кезектегі еңбек мәжілісінде дін басшыларын, облыстан сайланған Парламент депутаттарын шақырып, әлгі занға жекелеген толыктырулар енгізудін мүмкіндіктерін сөз етсек деп отырмыз.

Әрине, бір жылдың қызметіне қыскаша шолу жасағанда мен бұл иғлікті істердің бәрін өзім атқарып шыктым деуден аулакпын. Ол жұмыстардың абыройлы нәтижемен жүзеге асуы нактылап келгенде облыс әкіміне, оның тікелей қадағалауы мен басқаруына, талап коя білуі мен оның орындалуын бақылап отырған басшылығына байланысты. Облыс әкімі, оның орынбасарлары, бізben салалас басқа да бөлімдер, басқармалар қызметкерлері жұмыла кіріспесе, женіл жұмыстың өзі ауырлай тұсереді. Сөйті тұра сол жұмыстардың барлығынан шет қалмай, бірін басқарысып, біріне белсене араласа атқарысып жүргенімізді жұрт есіне сала кеткім келгенін жасыра алмадым.

Қай істін киуюн қалай келістіріп, қалауын қалай табу керегі жөніндегі ойды сарапқа салу үшін де осы бір жылдың тәжірибесі нәтижесіз болған жок дегім келеді. Сол тәжірибе енді біздің алдағы істерімізде де кәдеге жарап қалар деген үміт те жокемес.

Мұндағы дін туралы әңгіме қайдан шықты дейтіндер болса, оған айтарымыз – үстіміздегі жылдың басына дейін менін қарауымда “діни үйымдармен байланыс жөніндегі” арнайы сектор жұмыс істеді. Кейін оны Тельман Сауранбеков басқарып, өз алдына бөлім болып бөлініп шықты.

Осы макала жарық көрген күні Жібек тағы шала бүлінді. “Сіз, тіпті, “облыстың бүкіл идеологиясын өзім басқарып отырмын” деп жазыпсыз ғой”, – деді. “Жок, ондай сөз жок, дұрыстап оқысаңызшы”, – деймін мен. “Е, ондай сөз болмағанымен, мақаланың ұзына бойына сол сарын есіп тұрған жоқ па! Оның үстіне бір қунде екі газетке макала жариялайтындей сіз кім едініз соншама?” – деп те бір кетті.

Бұл кезде біздің арамыз әбден ашылып болған еді. Ендігі жерде оның сөзін өтірік құптауға да, біреуге барып “сөйтіп еді” деп жылап-сықтауға да құлқым жоқ болатын. Заманбек, Мұраттар жағынан да салқын қабак, салғырт көніл байқай бастағандаймын. “Осы да жетер, есім барда елімді табайын” деген ниетке біржола бекіп, бой алдыра бастап едім мен.

Сондықтан Жібектің ендігі сөзі маған шаншудай қадала қоймайтын болған. “Ит үреді, керуен көшеді”, несіне жүйкемді тоздыра беремін дейтінмін өзіме-өзім.

9 ақпан, 2001 жыл.

Аппарат басшысы Мұрат Мұсабаев ініме арнап:

Атымды айтып жүрген халқым әр күн,  
бірі едім он кіслік нарқы бардын.  
Амал не, Зәкен берген ескі арбаны  
косылып Долженковка тартып алдын! –

деп бітіретін өлең жазып, өзіне апарып бердім.

Қаншалық түсінгенін қайдам: “Аға, автокөлікті бөлетін де, ол мәселені шешетін де мен емеспін ғой. Әкімге айтсанызышы”, – деп құтылды.

6 ақпан, 2001 жыл.

Әкімде аппарат жиналысы өтті. Заманбек жиналыс аяқтала берген бір мезгілде маған реніш білдірді. Жауап қайтармай, үнсіз мелшиіп отыра бердім.

Шығып бара жатқанда өзі тағы: “Сіз әлгі сөзді көнілінізге ауыр алып қалған жоқсыз ба? Ренжіменіз. Бірак сіздің маған жақындығыныздан да, ақындығыңыз қажетірек”, – деп қалды.

Мен ұға қоймадым. Қайталап сұрап жатуды және қажет көрмедім.

12 ақпан, 2001 жыл.

Аппарат жиналысында әкім маған тағы да бірден шүйліге кеткені. “Түркістан” газетінде Өтежан ақын тілшіге берген сұхбатында Заманбекке тиіспін жанға тиер сөз айтыпты. “Сіз неге қарамайсыз, неге қорғап ара түспейсіз?” – дейді ол. “Қай газетке кім не жазғалы жатқанын мен қайдан білейін” – деп ақтала беріп едім, экономика басқармасының бастығы Еркін деген жігіт орысшалап: “Можно было и предвидеть!” – деп қалды. “Фарисейство” дегенініз осы. Оған да жауап бердім.

Әкім: “Өтежан Нұрғалиевті білесіз бе, оның менде несі бар?” – деп сұрады. “Білем, – дедім, – идиот!” “Кім, кім дейсіз?” – деді әкім елендеп. “Идиот!” – деп қайталадым.

13 ақпан, 2001 жыл.

Кешегі әнгімен кейін көніл қошым болмай-ақ жүргені. Бұгін жақсы ақын, асыл азаматтарымыздың бірі Жарасхан Әбдірашевті жерлеуге қатыстым. Сол жерде Өтежанға жолығып: “Осы сенің Нұркаділовте не құның бар, ей? Неге тыныш жүрмейсін. Алматыда 600 жазушы тұрады екен, соның бәрін пәтермен қамтамасыз етуге міндettі деп ойлап па едің оны?”.

“Әй, әйтеуір құлағына жетсе дегенім ғой”, – деді Өтежан. “Ал, жетті құлағына. Менен тіпті “Өтежан деген кім?” – деп те сұрады. “Ие, – деп елен етті біраз жігіттің көзінше, – сен не дедін?”. “Не дейін, “идиот” дедім. “Өте дұрыс айтқансын, – деді Өтежан, – 1:0, сен жендің!”

14 ақпан, 2001 жыл.

Бұгін сағат 14-15 аралығында Заманбек шақырды. Ұзак ұстап, әртүрлі әнгіме айтты. Мен туралы әркім-әркімнің жеткізген ренішін де жасырған жок. Біраз мәселе төнірегінде ұғыныскан да сияктымыз. Кешегідей емес, басқаша сөйлеп отыр. “Арадағы 5-6 жасты айтпасақ, Сәке, сіз бен біз замандаспыз ғой, бір-бірімізді түсіне жүрейік”, – деді. Мен сол сәтті пайдаланып, автокөлік жағын есіне салдым. Ол жалма-жан Долженковты ізделеп еді, емханада екен. “Жарайды, бара берініз, бәрі орнына келеді”, – деді әкім.

Осы әнгімен анғарғаным: оған менің айналамдағы әркім-әркімдер әртүрлі пікір айтатын сияқты. Соның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін өзі де тап басып біле алмай жүргенге ұксайды. Ол да менің өзгелерге ұқсап иіліп-бүгіліп жүре алмай, көзге шықкан сүйелдей көрінуімнен екенін анғардым.

20 ақпан, 2001 жыл.

Осы мен өзім қандай адаммын. Жұртты мінеу үшін, біреудін мінін көзіне айту үшін де өзің олардан гөрі таза, олардан гөрі биіктеу тұруын керек кой. Сол оймен өз ішіме үніліп көрсем, аса жаман адам емеспін дегенге жығыла беремін. Алыс-жакын ағайынның көбісі сыйлайды, каламдастарым мен замандастарымның да бірқатары айтқан сөзіме токтайды. Өз басымды да, атқарған ісімді де мақтасып жүретіндер бар. Өзімнен кейінгі жастардың да алдыңғы лек бір тобы құрметтейтінін, қадірлеп жүретінін байқаймын.

Бұл жағы жақсы, әрине. Бірак кеше ғана маған дос болғансып, аға, іні болғансып жүріп, бұгін аяқ-асты сырт беріп шыға келген адамдар да бар ғой. Ескі, жаңа таныстарымның біразымен кетісіп те тындым. Соған қарап кінә бір жакта ғана болмас, менен

де кеткен қателіктер бар шығар-ау дегенді ойлай беремін. Бірақ көзіме: “Әй, қәпірсің-ау!” – деген бірі болған жоқ. Сол қинайды.

Рас, мені де катарластарымның біршамасы үната қоймасын сеземін, сезіп қана қоймай, жаксы білем де. Бірақ та: “Сені дәл мына бір қылышын үшін жек көремін”, – деп айтқан бірі жоқ. Мен айттым. Кетіскендерімнің бәріне де айттым. Өйткені біреуінің кердендігі, біреуінің менмендігі үнамады. Бірінен иттікті, бірінен иттікке де алғысыз ұсақ пендешілікті, бірінен есепкорлық, ақымақтық, екі жұзділік көрдім. Соған көзім әбден жеткенде, мінін көзіне айттым. “Бұлар менің ең жек көретін қылыштарым”, – деп айттым. Сол үшін айнып шыққанымды жасырмай айттым.

Мені сырттай жек көріп жүргендердің бірде-бірі осылай өз мінімді көзіме айтқан емес.

Енді біреулер мені мактаншактыққа да апарып телитінге үқсайды. Жасыратыны жоқ, жас кезімізде жүрттын тәбесінен қарап, жолап кеткеннің бәрінен өзімізді жоғары санап, менімен кіслікке таласа кояр, терезесі тен біреу табыла кояр ма екен деген астамшылыққа да жол берген екенбіз.

Менсінбеуші едім наданды

Ақымак деп кор тұтып.

Тұзетпек едім заманды

Өзімді тым-ақ зор тұтып, – деп Абай айтқандай, мен де өзімді тым зор тұтып келсем керек-ау!

11 наурыз, 2001 жыл.

Кемел келді. Құлімхан Жәйшібекова маған деген өкпесі барын телефонмен айтты. Ахмет бас сұққан жоқ. Осы жігіттің неге сырғактайдыны, жүріс-тұрысына дейін неге жасырып жұмбактайдыны түсініксіз болып барады.

Біз өзі не болып барамыз? Кеше маған Ораз Исмаилов келген. Ол біраз жүгіріп жүріп менің атсалысуыммен баяғы “Шартарап” баспасынан Бактыбай Жолбарысұлының кітабын шығарған еді. Ішінде өзі жазған едәуір көлемді зерттеуі бар болатын. Енді карасам, сол кітапты өз атынан шығарып жіберіпті. “Сіз ауызша рұқсат еткенсіз!” – деді маған. Мәдениет басқармасынан Қанымжан да ренжіп, ашу-ыза білдірді.

Сол Ораз менен шыға “Жетісу” газетіне барып, Әміре екеуі сұхбат өткізіпті. Бас-аяғы 3-4 беттік әңгімеде Оразым Заманбектің атын 17 рет атайды. Бұл неткен мұсәпірлік, бейшаралық десенші! Жағымпаздықтың да жаксы бір түрі болушы еді, мынадай соракылышты да көретін күн бар екен-ау!

Әй, қазағым-ай! Өз үйінде, көрші-қолан алдында, көшеде, кенседе, базарлар мен дүкенде, автобус пен пойызда шетінен өр, бәрінен зор, етті де бетті, тентек те текті болып көрінгісі келіп, тендерестер алдында тіпті айрықша құтырынып, “жұмыс” деп

atalatyn kүnкөрістік пәленің күлакkestі құлдығында жүріп те кісіні қөзге ілгісі келмейтін керден қазак баласының басшы десе, билеуші десе, әмір мен әкім десе, әкімет пен үкімет, мемлекет десе бірден жүзі төмендеп, итиіп, койдан қоныр, жылқыдан торы болып жайылып сала беретіні несі екен? Басшысын сыртынан өші бардай жамандап алып, көзінше, жеме-жемге келгенде көнбіс те сенгіш, берекесіз, бетсіз болып шыға келетіні қалай? Басшыға бағынуды табыну деп білетініміз қалай? Бұл ретте тіпті кеменгері қайсы, кешесі қайсы— тап басып айыра алмайсың. Бастық десе жүз бүктеле иліп жататындар елді қалай ілгері бастырмак?

10 сәуір, 2001 жыл.

Панфилов ауданына іссапармен барып қайттым. “Дәнеш Ракышев корын құру акциясының жалғасы” аталатын игі шараға араластым. Облыстық кәсіподак бастығы Мырзагали Молдахметов, Тұрсын Әлпейісов, Құрманбай Толыбаевтар бар еді касымда.

Аудан әкімі Ермұқанбет Омаров жөн-жосықты жақсы білетін, ел басқаруға әбден төселіп алған, манғаз да маңызды жігіт екен. 2-3 күн ішінде соған көзім жете түсті. Бізді өзі қарсы алып, сол сапар біткенше қасымызда болды. Аудан қөлемінде жүзеге асып жатқан игі істерді түгел аралатып, бәрін де көрсетуге тырысты.

Жалпы облыстағы бірсыпты аудан басшыларын білетін едім. Ұсылған, төселген жігіттер аз емес. Іскер, жігерлі жастар өсіп келе жатыр. Бұл ретте ауызды қу шөппен сұртуге тіпті де болмайды.

Кеше Ахметті шакырып алып, онаща отырып сөйлестім. Неге бұртиып, бөлектеніп жүргенін сұрадым. Ол күмілжіп, мәнді жауап бере алмады. Өзінің бір ойлағаны бар болуы керек. Мен тегі өзгеден көріп алған, әркімнен теріп алған жасанды міnez атаулыны қабылдай қоймаймын. Оған: “Мені енді қайта жасай алмайсындар, ағаласан да осы, табаласан да осы, жаныңмен сүйіп от берсен де, біржола жек көрсен де осы”, – дедім.

Абайдың: “Арсыз болмай атақ жоқ, арамза болмай бак қайдасын” түп-тура мағынасында қабылдайтындар да бар-ау деп ойладым.

15 сәуір, 2001 жыл.

Казак десен өзіне тиеді, әйтпесе, көріп жүрміз ғой, сенін жер болғаныңды, күн көре алмай тентіреп кеткенінді қалап, әрдайым соны іштей тілеп тұратындар да барын байқайсын. Байқайсын да, не істерге білмей, амалын құрып тілінді тістейсін. Өзінің ойынан, өзінің бойынан іліп алар ештеңе шықпасын білгендейтен де олар сенін қылт еткен жақсылығынды, жылт еткен касиетінді көре алмай қызғанып, қылғынып біtedі.

Ашық жамандасып, бетпе-бет келіп тұқ өндіре алмасын сезеді де, енді сенің сүрінген, мұдірген сөтінді андып, құласан соған қыбы қанып, құлай түссе екен, сұлай түссе екен, тіпті жылай түссе екен деп тұратын мысық тілеу таныстарым аз ба менің? Саған ауыр тиер қанку сөз көбейген сайын, соны өз кеудесінде жұмыртқадай шайқап, балапан етіп шығарып, елге таратуды, “әне, сөйтіп кетіпті, бүйтіп кетіпті” деп қолайлы сәтте жерлеп қалуға, табалап қалуға, колында тасы болса жіберіп атып қалуға даяр жүретіндер де бар. Олар бүкіл күш-куат, ләzzат атаулыны да содан алады!

24 сәуір, 2001 жыл.

Осының алдында “Талдыкорған” деген өлең жазып, “Жетісу” газетінде жариялатып едім. Біреулер соны оқып: “О, бұ Сәкең өрен шыдап жүр екен той!” – деген сынайда құнқілдепті. А.С.Пушкиннің Қасым Аманжолов аударған мына бір екі шумак өлеңі оралды ойыма:

Жақында бір жіберіп ем ыскырып,  
Өлең шыкты, бастырдым мен қол қоймай,  
Кол қоймaston макаласын қыстырып,  
Журнал күы сол өлеңге салды ойбай!

Бейпіл неме ізімді андып қалыпты,  
Мен де оның аштырмадым адымын.  
Ол ку мені тырнағымнан таныпты,  
Мен де оны құлағынан таныдым.

Сол айтқандай мен де желдің кай жақтан сокқанын біле койдым. Біле койдым да әңгіменің ізін сүйтпай “Сөз шырайы – шындықта” дейтін мақала жаздым. Бүгін жарияланды. “Оқыдық, оқымадық” деп те аппараттағы бір адам ләм-мим деген жоқ.

Мейрамбек Төлепберген (“Егемен Қазақстан”) телефон соғып: “Біраз адамның наразылығын көздыра түсетін дүние екен, әрдайым жел өтінде жүретін адамсыз ғой, әйтпесе дәл госчиновник қаламынан шыға қоюы екітәлай сөздер бар ішінде, әйтеуір бір айқайладап алышыз, айқайлағанда да саныраудың өзі еститіндей арыстанша ақыра айқайладысyz!” – деген.

Француз ақыны Пол Верлен жайында өз замандасы әйгілі Анатоль Франц: “Бұл ақынға кәдуілгі пенделерге қарағандай өлшеммен қарауға болмайды, ол басқамызда жоқ құқықтардың иесі еді, сондықтан да бізден гөрі өлшеуі жоқ биіктегі тұрды. Өлшеуі жоқ төменге құлдырады. Бірак бір ғасырда жалғыз рет дүниеге келетін ақын сол еді”, – деп жазыпты.

25 сәуір, 2001 жыл.

Мұрат шакырды. Едәуір әнгімелесіп отырдық. Бірдене айтқысы келетіні, көмейінде әлдене тұрғаны белгілі болған сон мен де асықтай, шәй ішіп отыра бердім.

— Аға, осы сізде ешқандай проблема жоқ па? — деді ол.

— Проблема неге болмасын, Мұрат-ау. Менің өмірімнің өзі таза ғана проблемадан тұрады ғой, — деп құлдім, — Оны неге сұрадын?

— Қайдан білейін, кашан болсын төрт құбыланызы түгел адамдай жайбарақат жүресіз. Не өз басыңызға, не бір туыстарыныздың жағдайын айттып ештене сұраган емессіз.

— “Сұрай берсен – сұғанақ боласын” деген сөз бар. Өздеріндегі ел басқарып жүрген азаматтар жақсылығын айтқызбай жасағаны жөн. Сонда біз де “жақсылығын көріп едім, айтқызбай жасап еді” деп жүретін боламыз,— дедім.

Мұрат түсінді-ау деймін, сол әнгіме әрі қарай өрбімей со қүйі кала берді.

... Облыс әкімі орынбасарларының бірі (атын атағым келмей отыр) маған дәйім ғана: “Жұмысыңыз бола қалса менде кісі отыр демей, баса-көктеп кіре беріңіз!” — дейтін. “Каламдастарым мен замандастарым” дейтін кітабым жарық көріп, сонын бір данасын сыйлайын деп іздел бармаймын да бір күні. Қабылдау бөлмесінде екі-үш адам отыр екен. “Кала аралық телефонмен сөйлесіп жатыр еді, сәл күтініз”, — деді хатшы қызы.

Бірер минуттан соң ішке кіріп шықкан әлгі қыз: “Сіз кірініз, — деп, менен бұрын келіп күтіп отырған бір адамға иек көтерді де: “Сәкен аға, сізге күте тұрсын деді”, — дегені.

Эскери адамдарша кілт бұрылып жүре бердім. “Аға, кайда барасыз, қазір кіресіз ғой”, — деп не істерін білмей қалған каршадай қызға: “Түк жұмысым жоқ еді, кірмей-ақ қояйын”, — деп шығып жүре бердім.

“Ақымаққа – қылышты, ұятсызға билікті сеніп тапсырудың кауіп-қасіреті бірдей”, — деген екен Пифагор.

Маған берілген билік ауқымы әкімнің баспасөз қызметімен ғана шектеліп, тым тарылып бара жатқандай. Заманбек те аса көп ашылып сөйлесе бермейді. Жібек екеуіміздің арамыз тіпті құрсауға да, жамау-жасқауға да келмейтін, көнбейтін болып әбден ашыла түсken. Бұрынғыдан оның кабинетіне күніге екі-үш кайтара кіріп-шығып, әзіл-оспақ айтып, басы бар, аяғы жоқ әркилы қысыр әнгімелерге де бара қоймаймыз. Әртүрлі жиын үстінде, басқа да басқосуларда амалсыз бетпе-бет келе қалсак, әдеттен аспай ғана, ресми ұшырасудың о жак, бұ жағындағы сыпайы салқындықтан әріге бармаймыз. Екеуіміздің арамызға қызыл телефон ғана дәнекер, елшілікке де, жаушылыққа да жүретін жалғыз сол.

Әрине, Жібек те, жібектер де кетеді. “Бетеге кетіп, бел қалады, бектер кетіп, ел қалады”, – дейді ғой халық. Бірақ оны көрген, қарауында қызмет істеген адамдар күні ертен билік басына келе қалса – айна-қатесіз алдындағы “өнегелі” де “қырағы” басшының қылығын қайталайды-ау деп шошынасын. “Алдынғы арба қалай жүрсе – артқы арба солай жүреді”. Сол жаман!

... Қазір көбіне телефон арқылы сөйлесетін болғандықтан бұрынғыдай аса көп аяғымды тартып, айылымды жия коймай, базбазда ойдағымды ірікпей, ауызға келіп қалған сөзді ашық айтЫП та жіберетін болып алғанмын.

Ашу да, ыза да жоқ көнілде. Кекесін, мыскыл басым. Телефонның бір жақсысы – бетін көрмейсін, жүзін ұялмайды.

Осында қызметке келген алғашқы айлардың біріндегі түскі үзіліс кезіндегі қысқа сейіл үстінде менің Ахмет інімнің: “Бұл жерде қызмет іstemек түгілі, бір кездे Димаш Ахметұлы Қонаевтің өзі отырған осынау зәулім ғимаратка, мына бір тенденсі жоқ сарайға бір кіріп шығуды армандал жүрген адамдар қанша, аға. Сондықтан сіз екеуіміз тағдырымызға шүкіршілік етейік те”, – деп, сол пікірін маған да еріксіз бас изете құптақаны бар еді.

Ал мен болсам, келісіп алып, келерін келіп алып, енді осыдан қалай құтылсам деп құлазып жүрген кезім еді. “Істей алмапты, істесе алмапты, қызметін атқара алмапты!” – деп гу-гу ете түсер ел сөзінен именіп, намысъма тырысып, бір жылға “коян терісі де шыдайды” дейтін еді ел, енді бір 8-9 айға шыдайын! – деп жүргемін. Сол Ахмет айтқан “алтын сарай” – алып ғимараттың да аясы тарылып, ауасы қапырықтанып, енді мені бұрынғыдай өзіне тарта коймай жүргенін байқағам.

Оның бәрі, кім біледі, айналамдағы кілең бір нәуеtek, сырты бүтін, іші түтін адамдарды көріп түніле бастаудан да шығар. Біреулерге мен бұл жерде көпке топырақ шашып отырғандай болып көрінім де мүмкін. “Сол өзін айтЫП отырған жүзден астам адамның ішінде “жібі тұзу біреуі жоқ” дегенге кім сенеді, өтірік қой!”, – дейтіндер де табылады. Оған да жауабым бар. Орталық аппаратта жүзден астам адам бары рас. Бірақ олардың көбі әлі ел ісіне араласа коймаған төменгі сатыдағы қызы-келіншектер. Маған қатысы болмаған, со бойы таныспай кеткен басқа бөлімдердің адамдарын да көп біле койған жокпын. Мен өз айналамда болған кіслер жайлығана әңгімелеп отырмын.

Осы адамдар неге сонша қауқарсыз, неге сондайлық кабілетсіз?

Бұрындар облыстық партия комитетінде екшеліп-іріктелген, күні ертен кез келген жауапты мекемеге басшы болуға лайык адамдар істейтін. Мен қызмет істеген 18 ай ішінде облыстық әкімшіліктегі оннан астам аға инспектор, ондаған бөлім басшыларының бірде-біреуі жоғарылап көрмепті. Заманбекпен ілесе кеткен бірнеше орынбасар, бірнеше бөлім басшыларының орнына

сырттан адамдар әкелінді. Яғни, әкімшіліктің өз ішінде ел басқармак түгіл, ішкі бөлім жұмысын алып кетер ешкім болмағаны ғой. Әйтеуір иіліп-бүгіліп, ішкенге мәз, жегенге тоқ, көзге ғана көлгіситін, қасындағылардың әр сөзінен астар іздеп, күлкісінен қылмыс тапқысы келіп тұратын, өзге түгілі өздеріне сенбейтін секемшіл біреулер.

Құдай біледі деп айтайын ел-жұрттың жай-күйін ойладап бас қатыратын бірі жок, өз қалтасы, өз жағдайы ғана, аңдыған-бакқаны кайтсе бастыққа жағып, ағасы, баласы, інісі-тынысына сәл-пәл пайдалы жағдай жасауды ғана мұрат тұтып жүргендер.

Біреулері мұнда үлкен-үлкен лауазымды әке-шешесінің жен ұшынан жалғасуы арқылы келгендер. Бар мұраты – ертең ұлық болу, өсу, шен-шекпенді болу. “Со жерге жабысып қалған жоксын, анкета үшін, карьера үшін бірер жыл істеп кайт. Келісілген, бірдемені бұлдіріп алмасаң – саған ешкім кайдан келдің деп көз аларта қоймайды” деп “акыл үйретіп”, жолға салып, жөнге келтіріп отыратын “оқымыстылары” бар балалар. Құлық пен сұмдықтың да жеті атасын іштен үйреніп туғандар.

Екінші бір топ бар, майлы қазаннан шеттеген, енді канша тыраштанса да қолы билікке жетпеген, керек кезінде ешкімге өтпеген, бұл күнде қасындағысын жарға итеріп жіберсе де жұзі жана қоймайтын, нағыз екі шоқып, бір қарайтын сакқұлак, қойныконышы толған акпар, – “аса білгіштер”.

Үшінші топқа мұнда әйтеуір біреулердің желеуі, біреулердің демеуімен келіп қалған, бұдан басқа барап жер, басар тауы да жок, майлап берсең өтпейтін, желкелесен кетпейтіндер.

Бұл үшеуіне де өзінен басқаның керегі шамалы. Нағыз Абай айтқан: “Малға достың мұны жок малдан баскалар”.

15-18 мамыр аралығында, қасымда облыстық газет редакторы Жакыпжан Нұрғожаев бар, Көксу, Ескелді, Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарын аралап қайттым. Бұл аудандарды басқарып отырған азаматтар да кілен бір “сен тұр – мен атайын” дерліктей, сайдың тасы сияктанған жігіттер. Аз отырып, көп сынасак та, әйтеуір бәріне де разы көнілмен оралғанбыз.

23 мамыр, 2001 жыл.

Күн сәрсенбі еді. “Меридиан” телефоны дыз ете түсті де, мен тұтканы көтеріп үлгерер-үлгермesten “Кулмаханов говорит, зайдите срочно ко мне!” – деген ызғарлы дауыс естілді. Амандақ жок, саулық жок. Лауазымына мастанып, кеудесіне нан пісіп тұрған, өзінен басқа да бір адам бар-ау дегенді өзірге ескергісі де, көзге ілгісі де келмейтін данғой дағдының белгісі.

Кабинетімді жауып, дәлізге шыға бере осындағы бөлім бастығы Тельман Сауранбековпен бетпе-бет ұшырасып қалдым. “Апырай, – дедім оған, – Зәкен (Нұрқаділов) тым құрыса “Ассалаума-

ғалейкүм” деуші еді, мына бастық бағыныштыларына амандастын өзін артық әуре санайтын әкірендел қалған біреу болмаса неғылсын!”

“Бывает!” – деді ол да орысшалап.

Осыдан 4-5 күн бұрын, жұма күні Талдыкорған өнірінен іссапардан оралып едім, сенбінің танертенінде хатшы қызым телефон соғып: “Аға, әкім ауысып жатыр ғой, Құлмаханов деген кісі, келіп-кетпейсіз бе?” – деп сұрады. “Мен барғанда ауыстырмай ма екен?” – деп қалжындаимын. “О жағын білмеймін”, – деп Раушан да құледі. “Ендеше дүйсенбіде баармын”, – деп қоя салғанмын.

“Әкім ауысады екен” деген пыш-пыш сөз біраздан бері бар еді. Эртүрлі алып-қашпа өсек-аян, түрлі сипаттағы жорамал айтылып жүрген. Соның расқа шыққаны ғой.

Жексенбі күні таң алакеуімнен мені әкімшілікке шақырды. “Жаңа әкім барлық аудан, қала басшыларын, аппарат қызметкерлерін жинап жатыр, тез келіңіз!” – деді сондағы көп әйелдердің бірі.

Бардық. Көрдік. Таныстық. Жаңа әкім шетімізден жеке-жеке тұрғызып қойып, аты-жөнімізді айтып, танысып шыкты.

Содан дүйсенбі күні ол Талдыкорғанға алғашқы сапарын бастады. Маған да жүр деп, бір топ ақпарат құралдары өкілдерін алып барып, екі күн болып қайтқанбыз.

Енді, міне, сәрсенбінің сәті деп, таң атпай жатып тағы шақырды.

Бастықтың кабинетінде Долженков, Жібек, тағы біреулер бар екен. Мен отырып үлгерместен әкім: “Имандосов, сіздің орысшаныз қалай еді?” деп сұрады. “Қағазыныңға қарап алыңыз-шы алдымен, Имандосов емес болуы керек”, – дедім мен. Ол: “Ә, иә, И-ма-насов”, – деп фамилияның өзін бірнеше буынға бөліп, әзер оқып шыққан сияқтанды. Соншалық ауызға түсे бермес ауыр фамилия емес еді, кім білсін!

– Мен сізді танымаймын ғой.

– Танисыз, – дедім мен, – 1993 жылы ең алғаш тарап кететін Парламенттің депутаты ретінде соңғы сессиялар кезінде бірер ай катар отырғамыз.

Ол үнде меді. Жақын таныстырымыз жок, бас изесіп амандастып қана жүретінбіз. Ол да, мен де бір-бірімізге жік-жапар бола коймағанымыз да рас-тын.

– Орысшаға қалайсыз?

– Мен орысшаның түбін түсіретін адаммын ғой, – дедім мен, – көп жыл бұрын Мәскеудегі “Высшая партийная школа при ЦК КПСС” деген оку орнын да бітірген болатынмын.

Жібек сөзге араласып: “Жок, сіздің бітіргеніңіз әдебиет институты емес пе еді!” – деп қалды.

– Мен акыл-есім дұрыс кезде бітірдім ғой оқуды. Қайда оқып,

қайда қойғанымды сізден гөрі өзім жақсы білетін шығармын, — дедім.

— Сіздің жұмысыныз маған ұнамайды, — деді әкім.

— Екі-үш күнде не біле койдым деп едініз. Әлдекімдердің сөзін айтып, қайталап отырған боларсыз, — деп екі орынбасар бастыққа қарадым мен де міз бақпай. “Шешінген судан тайынбас, қаймығып қайтем бұлардан” деп те ойлад үлгердім.

— Бұл кісі сізге бағынышты емес пе, аппарат бастығының несі бар баспасөз қызметінде? — деп әкім Жібекке қарады. Ол “білмедім” дегендей иығын қиқандатып қойды.

— Жарайды, бара берініз, тағы сөйлесерміз, — деді әкім.

...Сол күні Жібек шакырды. “Сіз біздің жана бастыққа ұнамай қалыпсыз. Таңдықорғанға бекер-ақ бірге барғансыз ғой”, — деді маған аса “жаны ашып”.

— Мен оған ұнайтын-ұнамайтын бойжеткен қыз емеспін ғой. Оның үстіне өзінің де маған ұнап жарытып тұрғаны шамалы. Қызметті тек бір-біріне ұнаған адамдар ғана бірлесіп аткармайды ғой, тағысын тағы көре жатармын, — дедім мен.

— Кеткініз келмей ме?

— Кеткім келгенде қандай! Тек бұгін-ертең емес, сәл-пәл ойланып алудың қажет, — дедім.

— “Жетісу” газетінің редакциясына редактордың бірінші орынбасары болып барсаныз қайтеді? — деді ол.

— Онда Қадірбек деген ақын жігіт отыр ғой.

— Бәрін де бір-бір сатыдан төмендетеміз. Ол біздің шаруа, кам жеменіз, — деді.

— Жок, сол Қадірбекті менің орныма ма, басқа бір онды жерге ме, өз ықтиярымен ауыстырыныздар, содан кейін сөйлесейік.

Жібек колма-қол газет редакторы Жакыпжан Нұрғожаевты шакырды. Мен редактордың көзінше де әлгі сөзімді қайталап айтып: “Ал болды, ендігісін өздеріңіз ақылдаса берініздер!” — деп есікке беттедім. “Отыра тұрсанызышы, ақылдасайық!” деп болмады Жібек. “Мен айттарымды айтып болдым” деп шығып кеттім.

Бұдан кейінгі тағы бір дүйсенбідегі аппарат жиналысында әкімнің маған қараты айтқан бір сөзін естінкіремей қалып, қайталап сұрадым. Сонда Жібек екеуі “көрдің бе?” дегендей бір-біріне қарасып, ымдаса жымың ете түскендерін байқап қалдым.

Ендігөрі мұнда қала бергеннен мән шықпасы белгілі бола бастады. “Мені қойшы, деп ойладым оңашада, карьера жасап жатқан жокпын, қол-аяғым сау, ойым тұнық, бойым тік калпында тұрармын да кете берермін. Біраз ғана жүйкенің жұқарғаны болмаса, ұтылған да, үткан да ештеңем жок екен. Менен кейін осы жерден барқадар табам деп келетін отыз, қырық, тіпті елу мен алпыстың арасындағы ер-азамат жадау тірлік кеше жүріп, өз бейнесін, кіслік болмысын жоғалтып, аз жыл ішінде осыларға үксап шығады-ау, содан шошимын”.

Мұрат Мұсабаевтың орнына келген әкім аппаратының басшысы Нұрлан Сұлейменов деген азамат (олда сол 1993 жылы менімен бір мезгілде депутат болыпты, мені билетінін айтты): “Не алдыңыз?” деп сұрап еді менен.

— Жалакымды ғана алдым, өз мезгілінде кідіріссіз алып тұрдым, — деп күліп ем.

Ол, сірә, пәтер ме, жер ме, әйтеуір өз басыма қомакты бір дүние алып қалған шығар деп ойласа керек. Өйткені мұндағылардың “дұшпаннан тұқ тартсан да пайда” деген принципті берік ұстанып, өздерінің тұрақтап қалмайтынын жақсы біледі де, үзіп-жұлып болса да үлес алып қалуға тырысатыны да рас. Орыстың бір белгілі қайраткерлерінің: “Я не скажу, что все чиновники казнограды, но все казнограды чиновники, — это точно!” — дегені бареді. Сол сөздін де растығына көзім әбден жеткен. Өйткені мұнда келгенде әу дегеннен тонынды айналдырып кимесен, бетіне перде тұтып, бетперде кимесен — кіріге алмайсың, жат, бөтенсін. Өздеріне үқсамағанды олар да бауырына ала қоймайды екен.

Әкімшіліктегі өзім білетін жұзден астам адамның ішінде елдікті ойлап, ел мұддесі, жұрт мұраты деп қабырғасы қайысып жүргендері шамалы. Ертөнді күнге ешкандай сенімі жоқ, үркек, “сен бұл жерге лайықты емессің” деп біреуі болмаса біреуі айтып қала ма деген күдік пен күмән, сезік пен секемнен арылмай, бірінен бірі корқақтап, күн кешіп жүрген адамдар. Солардың қасында талант-талабыммен де, қарымды қаламыммен де ел мен жерге, мемлекетіме бір кісідей енбегім сініп келе жатқан адаммын-ау дегенді ойлаудың өзі көнілге медеу, дәтке қуат еді.

Осылардың бәрінен гөрі таза, бәрінен гөрі жоғары тұрғанымды сезінудің өзі бір бақыт еді. Әрине, бұлардың ішінде өз кәсібін менгерген, белгілі бір сала бойынша түсінік, түйсігі бар адам жоқ деп айтуға аузым бармас еді, бірақ интеллект, ой-өрісі, өресі, білгірлігі, біліктілігі жағынан біздің шенімізге де келетін бірі жоғына бәс тіге алар едім.

“Мавр сделал свое дело, Мавр может уходить”, — деген бар еді. Енді бізге қалған не бар мұнда?

... “Үлкен лауазым асыл адамның қадір-қасиетін одан әрі арттыра түседі де, ұсак пиғылдағы адамды тілтен төмендетіп жібереді”, — депті Ж.Лабрюнер.

Жаңа басшының түрін көріп, санамда сондай бір ойдың үшкіны жылт еткендей болған.

\* \* \*

... Бірер аптадан соң кезекті енбек демалысына шықтым да, облыс әкімшілігінің есігін қайтып ашқым келмеді.

\* \* \*

Бұл хикаятта менен біреу өдейілеп: “Кімнен қорлық, кімнен зорлық көрдің?”— деп сұрағандай-ақ, өзімнің әлдекімдермен ұғыса алмаған, шығыса алмағандығым жайында жазуын жазып алып, аптыр-ай, бүркіт қартайса тышкан аулайды дегендей, тым ұсактап, елдін бәрі біле беруі міндеп емес көр-жерді тізіп кеткен жокпын ба деп те ойланған едім. Бірақ жаман-жаксы он сегіз ай осы жерде қызмет істеппін. Үлкен-кішімен терезем тен араласып, бірсыныра шаруалардың басы-касында жүріппін. Сөйті тұра, әкімдердің маған деген қас-қабағынан қаймықты ма, жок басқа да мен анғармаған себептері болды ма, әйтеуір мені мұнда “келді” дегендер болғанымен, бірер қызы-келіншектен басқа “кеттін-ау” деген ешкім көрінбеді. Бәлки, “байтал түгілі бас қайғы, жаңа бастық келіп, кімнің кетерін, кімнің тұрактап қаларын білмей аласапыран болып жаткан кезде біреуі біліп, біреуі білмей қалды ма, әйтеуір ішімде өкпе сияқты, реніш сияқты бір дұдамал сезім құйындаі ұйтқып кете беріп еді. Оның не екенін (әйтеуір ыза, ашу, өкініш, құйініш емесі анық) өзім де білмеймін. Тіпті маған күн сайын бір бас сұғып, өтірік те болса халімді біліп, “артыныздан ерген бір жаман ініңзбін ғой” деп көпшік қойып жүрген жігіттерімнің өздері аузын буған өгіздей болып, енді көрместей үн-тұнсіз қала бергендеріне біртүрлі көңілің бұзылады екен.

Менін күнделігіме Заманбек Нұрқаділов жайындағы әрі-сәрі ойларым басқалардың бәрінен көбірек түсілті. Оның жөні де бар, өйткені әрбір апта басындағы жоспарлы жиналысты айтпағанда, бастапқы 7-8 айда менін ең көп жолығып, қызмет үстінде көп араласқан адамым Заманбек болған. Бойындағы барша қайшылығы, бәріміз сияқты кіслік кемшілігіне қарамастан маған оның жеке басы айрыкша ұнады. Әрине, мені жүрттан бөлек жарылқап тастағаны да, елден ерек “аялап-әллештегені” де шамалы. “Жарылқаймын” деген уәдесі де болған емес. Бар жасаған жақсылығы – осы араға қызметкө өзі шақырған. Ол шақырмаса да аштан өліп, көштен қалmas ем. Шақырды. Келдім. Онысына ракмет. Бірақ мен болмасам басқа біреу, бәлки, менен гөрі білімі де, білгірлігі де көп біреу істеуі де мүмкін еді ғой. Басқалардан ала бөтен ықылас білдіре қойған жок. Тиісті мөлшерде тағайындалған кесікті жалақымды ғана алып жүрдім. Жеке басыма бір нәрсе сұраған емеспін, өйткені өз бастағы болар-болмас бір өтінішімді орындауға салғырт қарады да, үлкен басымды төмөндөтіп алдына кайыра бармап едім.

Сөйті тұра, маған ұзынқұлақ арқылы жеткен акпар бойынша, талдықорғандық жерлестерімнің бүгін ат үстінде жүрген үлкен бір тобы: “Сәкен жаттай-тұрмай Заманбекті мактаймын деп жүріп, бар абырайынан біржола жүрдай болды-ау”, – деген әнгіме шығарыпты. Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды, ол сөз маған да жетпей қойсын ба, жетті. Ойландырды.

Барлық жұмыр басты пенделер сиякты Заманбекте де адами осалдық бар шығар. Бірак ел басқарып жүрген алаш азаматтары ішінде жаратылысы да, жөні де бөлек жігіт екені дау туғызбаса керек. Лықсып ілгері кетер, тартынып кейде кері сүйрер, артық айтар, кем түсер, әйтеуір карекетсіз қарап отырмайды, сол арсыгүрсі адудын мінезімен өзіне жау тауып та жүреді. Кей тұста қасындағылардың сөзіне еріп, ұрынбас жерге ұрынып та қалады. Ұлы Гетеңін: “Ел басқаратын адам ең алдымен өзіне өзі ие болуы керек”, – деген сөзі бар екен. Амал не, Заманбек баз-базда сол өзіне өзі ие бола алмай қалатынға ұқсайды.

Әйтпесе мәрттіктен де құралакан емес. Көнілі тұскенге көл бола алады, тұспегенге шөл бола қалады. Бір жиналыс үстінде маған: “Сәке, мен өрі кетсе 20-25 жазушыны білем, мына Тойбаев (орынбасары) үш-төртеуін білер. Ал осында отырған қалған жұрт жазушы дегеннің не істеп, не қоятынын да білмейді. Сондықтан о жағына бүтіндей өзініз бас-көз болып, назарда ұстаныз!” – деген. Фариза, Тұманбай, Шерхан, Әбіш, Әbdіжәміл сиякты әйгілі қаламгерлерге деген ықылас-ынтасы бөлек. Олардың әрбір жана шығармалары жайлы жұрт пікірін сұрастырып отырады. Өзі де газет, журналды қалт жібермей көп оқиды. Қай уақытта ұлгеретінін де білмеймін, таңертен жұмысқа келгенде: “Сәке, пәлен газеттегі түген материалды оқыдыныз ба?” – деп, мен: “жок” десем, “оқып шығып, пікірінізді айтыңызшы”, – деп жатады. Облыстық “Жетісу”, “Огни Алатау” газеттеріндегі материалдардың сапасын талдап айтуы өз алдына, әрбір шрифт, қаріп түріне дейін әнгімелеп, өндөтіп, жөндөтіп отырады.

Мен жұртқа азды-көпті оның осы қасиеттерін айтуға тырыстым. Аман жүрсек ол жайлы өлі де айтарым, жазарым бар.

Бірак, амал не, айналасы онбады. Ол да өз алдына арнайы сөз етуді керексінетін бір бөлек әнгіме, әрине.

Осы хикаяттың әр тұсындағы емеуріннен белгілі болғандай, біздін бұдан отыз жылдай бұрын облыстық партия комитетінде аз уақыт қызмет істегеніміз бар. Облыстық партия комитеті – билікті ешкіммен бөліспейтін бүгінгі әкімшіліктің атасы мен анасы іспеттес. Сол кезде де жершілдік, рушылдық, тамыр-таныстық жен ұшынан жалғасу деген дергітің бірде өршіп, бірде өшіп жататынын байкаушы ем. Бірак бүгінгідей шарықтау шегіне жетіп, әбден етек ала ен жайлай қоймаған кезі еді. Барлығы сескенетін бір құдірет бардай көрінетін де тұратын.

Қазір ол да жок. Қолына билік тиген адам білек сыйбанып шыға келеді. Эй дер әже, кой дер қожа деген жок. Әйтпесе қалғанының бәрі сол баяғыдай. Сол баяғы жалған марапат, өтірік көлгірсү, сол баяғы көзбояу, сол баяғы жағымпаздық, жәдігейлік. Солар тіпті өрттей қаулап өрши тұспесе, әзірге өше қояр сыңайы тағы байқалмайды. Өшірсем дейтін де ешкім жок сиякты.

Іштерінде жүрген сон, өзім көріп, көзім жеткен сон барып осыларды әдейі әңгімелеп бергім келгені де рас еді. Әйтеуір, әңгіменің жөні осы еken деп, бет алды лағып біреуге жала жаппадым. Арына, намысына тимеу жағын да ойлап, Қолым да, тілім де қиши тұра тартына бердім, өзімді барынша тежел ұстал, сөзімді босқа шығын етпеуге тырыстым. Қара бояуы қалың сияқтанып көрінсе, оған да айыпты мен емеспін...

Ендігісін оқырман жұрт айта жатар. Әзірge осы, ағайын!

*Шілде, 2001 жыл.*

## **Мазмұны**

Өзім туралы .....	3
«Жазушы» баспасындағы жиырма жыл .....	14
Күнделіктің кейбір беттері <i>немесе облыс әкімшілігінде откен он сегіз ай</i> .....	64

**Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған  
«ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ»  
сериясы бойынша мына ақын-жазушылардың  
кітабы шыгады.**

**«АНА ТІЛІ» баспасынан:**

- 1.. Эбілқасымұлы С. *Оспан батыр.*
2. Бәдіғұл Н. *Сыбага.*
3. Нәбиев Ә. *Шерулі жылдар.*
4. Ибраев А. Нарманов Т. *Қос қанат.*
5. Қанатбаев Б. *Тенізден ескен жесел.*
6. Момбекұлы — Түркістан Т. *Алысқа ұзатылған қызы.*
7. Мұхтарұлы С. *Қара шаңырақ,*
8. Толғанбаев А. *Катал тағдыр тәлкегі.*
9. Нәжімеденов Ж. *Мен — тамырмын*

**«ЖАЗУШЫ» баспасынан**

1. Бердалы Н. *Жаңбырлы тұн.*
2. Алаштуған Е. *Тақсыр, Құн!*
3. Байғұтов М. *Алмагайып.*
3. Жұнісов А. *Пәниден бақиға дейін.*
5. Қанатбаев Д. *Жатаган ымырт, биік таң.*
6. Камзин Т. *Аспан.*
7. Камшыгер С. *Сары гүл.*

8. Халиолла Б. *Жұмбақ қыздың жанары.*
9. Иманасов С. *Қалам мен заман.*
10. Ибашева Т. *Өмір — құйын құбылған.*
11. Исәділ А. *Жолдар, жолдар.*
12. Егеубай А. *Күлабыз.*
13. Есдәulet Р. *Бөрінама.*
14. Сабитова П. *Жүргегімде бір отым бар.*
15. Салықбаева Г. *Аспандагы аңсарым.*
16. Хан Дэ Ен. *Живой Будда.*
17. Шаваев Ш. *Біләл Назым.*
18. Шегебай А. *Алакеуім.*

**«ӨНЕР» баспасынан:**

1. Асқар О. *Тәуелсіздік тартулары.*
2. Әбдіраш Ж. *Алтын өзен.*
3. Жандыбаев Ф. *Ақ теңіз.*
4. Гұмар М. *Оқтаулы мылтық.*
5. Құлахметов Ф. *Үйірі жоқ көкжас.*
6. Нұрмағанбетов Т. *Айқай.*
7. Момышұлы Б. *Во имя отца.*
8. Серіккалиев З. *Алтын жасамбы.*

**«ЕЛОРДА» баспасынан:**

1. Айтболатұлы Б. *Көзмоншақ.*
2. Ақын-Бабақызы А. *Мен Алтайдан үшқан Ақсұңқар.*
3. Алдияров Б. *Қазығұрт.*
4. Әскербеккызы Ж. *Қаңтардагы қызыл гүл.*
5. Бабажанұлы Б. *Өлеңдер.*
6. Беделханұлы Б. *Көкемарал.*
7. Беріккажыұлы Д. *Қынаптан.*

8. Кемелбаева А. *Тобылғысай*.
9. Ершутегі М. *Жапырак гұмыр*.
10. Мырзабеков А. *Ақ жауын*.
11. Толқынқызы Т. *Біз таулықтыз*.
12. Рамазан Д. *Көкжал*.
13. Сәрсек Ж. *Жүргегімнің ішіндеғі жүргегім*.
14. Усенов Б. *Маңдайым жазылған мәңгілігім*.
15. Шаяхмет А. *Қыдыр және аяз*.

**«ӨЛКЕ» баспасынан:**

1. Алтай А. *Алтай новелласы*.
2. Ахмади Ж. *Зар-Зарауха*.
3. Аймақ Ә. *Алтын бесік*.
4. Антонов В. *Альфа мудrosti*.
5. Әлімбекұлы Т. *Ым-жым*.
6. Бегманов К. *Жыр кітабы*.
7. Балқыбек Ә. *Сынған сәуленің сынығы*.
8. Бөпежанова Ә. *Дүние иманы*.
9. Жакыпбеков Е. *Аяулым*.
10. Жайлыбаев Ғ. *Құсқанаты*.
11. Жакыпов Б. *Қолтаңба*.
12. Жұбатова Ш. *Гүлдегенде*.
13. Жұмаханұлы Қ. *Жүрек әні*.
14. Қаназов М. *Жангожса*.
15. Рыскелдиев Т. *Ұлы көш*.
16. Ильясов К. *Жұмсақ жұдырық*.
17. Уайдин Ү. *Аумин*.

**«БІЛІМ» баспасынан:**

1. Әбдікәрімов Ш. *Өлеңдер*.
2. Жандәulet Т. *Көксай мен құстар*.

3. Жылқышиев К. *Өлеңдер.*
4. Зұлпықаров М. *Көкжиек.*
5. Илахунова Х. *Ана жүртүм.*
6. Қайырбеков Ф. *Алыс та жақын жагалаулар.*
7. Тұрғынбеков С. *Кейкі батыр.*
8. Салықбаев Ә. *Білінбей откен ғұмыр.*
9. Сейілханова Р. *Өлеңдер.*
10. Токтаров Р. *Бітепу жара.*
11. Әмірбек А. *Матрица души.*

**«СӨЗДІК-СЛОВАРЬ» баспасынан:**

1. Дастанұлы Ә. *Мың сөз.*
2. Домбаев Е. *Болмаган оқига.*
3. Құзембаев К. *Наз бен наза.*
4. Қанапияұлы К. *Сарыала қаз-сагыныш.*
5. Нарымбетов Ә. *Қарлыгаштар.*
6. Ниязбек Р. *Тыңда мені, замана!*
7. Табылдиев Ә. *Жыр-әмір.*
8. Тұменбаев К. *Жасыл жанып тұрганда.*
9. Есламғалиұлы М. *Ғұмырнамалар мен гибратнамалар.*
10. Сопыбек А. *Күншуақ.*
11. Сергеев А. *Один шаг к победе.*
12. Әтегалиева С. *Әй, керім!*

**«ФОЛИАНТ» баспасынан:**

1. Әбіл К. *Жетпіс жетінің жігіттері.*
2. Жаппасұлы Е. *Қымсынбаши, қылыштым.*
3. Жұніс К. *Құба белдер.*
4. Күмісбайұлы Ш. *Атамның аманаты.*
5. Сарыбайұлы Т. *Дария - дәурен.*
6. Кошым-Ноғай Б. С. *Сам жасамыраган шақ.*
7. Шойбекова Г. *Тоты аралының тұргыны.*

**«ДАЙК ПРЕС» баспасынан:**

1. Т.И. Султанов. *Поднятые на белой кошме. Потомки Чингизхана.*
2. В.П. Юдин. *Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда.*
3. Е. Турсунов. *Древнетюркский фольклор: истоки и становление.*
4. «*Әділ сұлтан*» эпикалық жыры.
5. А.К. Күшкүмбаев. *Военное дело казахов в XVII-XVIII веках.*

**Иманасов Сәкен**

**ҚАЛАМ МЕН ЗАМАН**

Редакторы Б. Серікбаев  
Суретшілері Л. Тетенко, М. Эбжатұлы  
Көркемдеуші редакторы Б. Серікбаев  
Техникалық редакторы Г. Сұлтанова  
Компьютерде терген Ж. Құсмолданова  
Макетін жасаған А. Қасекеева

## ИБ №6105

Теруге 15.08.2001 жіберілді. Басуға 05.10.2001 қол қойылды. Қалыбы 84x108  $\frac{1}{32}$ . Қаріп түрі «Тип таймс». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 8,82. Шартты бояу көлемі 9,24. Есепті баспа табағы 8,56. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 545. Келісімді баға.

Казақстан Республикасы «Жазушы» баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.

Тапсырыс дайын диапозитивтерден басылды.



«Кітап» баспа үйі, 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.  
Тел.: 42-36-31, 42-07-90, [too\\_kitap@mail.ru](mailto:too_kitap@mail.ru)